

P2015  
159к

# АЙСҰЛУ ХАНЫМ

ШАСЫР-КҮЗ













Айсұлу  
ҚАДЫРБАЕВА

Шылт-жүз



“ҚАЗИФҮРТ”  
Алматы, 2015

ӘОЖ 821.512.122-1

КБЖ 84 (5Каз)-5

Қ 14

Қадырбаева А.

Қ 14 Шыңқұзы: Дастандар, толғаулар, өлеңдер, проза./ А. Қадырбаева – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2015. – 400 бет.  
ISBN 978-9965-22-496-6

Біз ақын Айсұлу ханым жөнінде сөзімізді бастанда, осыдан тастай он сегіз жыл бұрын жарық көрген «Барып қайт, балам, ауылга» атты өлеңдер жинағының алғысөзінде жазылған пікірдің басынан аттап кете алмадық. Онда: «Әдебиет әлеміне «Ақ мама» сынды лирикалық жыр-дастанымен қалың қоқырман қауымның жүрегін жаурай енген Айсұлу Қадырбаева заман ыргағындағы әртүрлі халықтық проблемаларды өзінің айтар ой-армандарына арқау ете отырып, шыгармашылығының шоқтығын мейлінше биіктете түскен», – делініпті.

Жасыратын несі бар, болып жатқан әртүрлі қоғамдық шаралардың үстінде, өскен ел, туған жерге деген сагынышымызды қоздатып, өзегімізді өртей орындалатын «Барып қайт, балам, ауылга» әнін естігенде гана, авторын еске алып: «Апымай, бұдан бақандай отыз төрт жыл бұрын мына өлең шыққан қоржында бұдан да басқа субелі нәрселердің жатуы мүмкін-ау», – деп елеңдеуші едік. Айсұлу ханымның таңдамалы жинағын шыгарудың сәті түсіп, төрт жұз беттік осы кітапты баспага даярлау барысында біз күткен сол үміт ақталды деп есептейміз.

Еліміздің тәуелсіздігі жолында Құдай берген дарын мен шыбын жанды шүбекке қоса түйіп, ел-жүртінің ары мен намысы үшін, тағдырын қауіп пен қатерге байлаган азамат ақын Айсұлу сонау 1991 жылғы еліміздің батыс өніріндегі территориялық тартистарда ер азаматтармен ишкі тіресе қатар жүрген-ди. Бізді қуантқаны – Айсұлу сол рухты жогарылатпаса, төмендетпепті. Оның: «Ну ішінде айналып қарагайға, асып туар әкеден бала қайда?! Гашық жардың ақылы нені айтады? – Ел намысын қорғарға Ер Тарғындей бір ұл тауып беруге жарамай ма?!» деген жанайқайы «Ұлт болам! Үрпақ өсірем!» деген қазақтың қай-қайсысының да жан-дүниесін сілкіп өтер.

Автор ұсынып отырган бұл кітаптың ішіндегі терең философиялық өлшеммен тарихи-тағылымдық деңгейде жазылған «Шыңғыс хан», «Бабыр», «Өсінетнама» жыр-дастандары – өзінің көтеріп тұрган идеялық салмағы жағынан, берісі – қазақ, әрісі – бүкіл түрік тұқымына дүние тұрганша қызмет ететін имани-ұлттық құндылықтар десек, артық айтқандық болмас...

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Каз)-5

00340624

ISBN 978-9965-22-496-6

© А. Қадырбаева, 2015

© «Қазығұрт» баспасы, 2015

## АҚБЕРЕН АҚЫН

Айсұлу ханым — қазақ поэзиясына азаматқа тән асқақ үн, жалынды жырларымен енген ақын. Оның қай шығармасын алғашқарасақ та, аңгаратынымыз — оның қоғамдық болмысымыздың бет-ажарын еш боямасыз табиғи қалпында баяндау арқылы, өз оқырмандарын адами қасиеттерге, имандылыққа, халқымыздың өткен өміріне көз тастап, оның тарихын зерттеп, зерделеуге үндеумен келе жатқандығы. Талантты сазгер марқұм Темірәлі Бақтыгереевтің жазған әуенімен майталман актер Тұңғышбай Жаманқұловтың орындаудында отыз төрт жыл бойы сахнамыздан түспей айттылып, жер бетінде тарыдай шашылып жүрген қазақ бауырларымыздың бейне бір әнұраныңдай боп кеткен «Барып қайт, балам, ауылға» атты толғауынан өз бастаудын алған бұл идея, ақынның осыдан аттай он бес жыл бұрын киелі Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына арнап жазған «Иманға жүгін, ей, пенде!» атты көлемді шығармасында өз биігіне жеткен секілді көрінеді бізге.

*«Құдай – жалғыз!..  
 Ал, Құран қолындағы –  
 бағдаршамын,  
 ақиқат жолындағы!!!  
 Алда-жалда,..  
 адасын, азат бассаң,  
 сұмендеғен  
 мына бір соңындағы*

*сүм Ібіліс – арылмас сорынқ дазы!!!*

*Шүбәң бар ма сөзіме?! –*

*Тұс, ендеше,*

*уысына! –*

*Содан соң дөңгелерсің*

*құыршағына айналып*

*қолындағы!!!*

*Дүл-дүл күнің ұшағ-ды көзден бұл-бұл! –*

*Сен тоғыңғұс*

*сайраған торындағы!!!*

*Сорынқ дазы!*

*Бұл – сенің*

*сорынқ дазы!.. –*

*Сор емей не,..*

*иманнан жаңылдырса?! –*

*Мінезіңді сайтандай қағындырса?!*

*Еліктеметін соңынан,*

*елеуреметін,..*

*Құдай орны*

*Тажалға табындырса!!!»*

Құрами қагидадан негіз тартқан осы бір өлең тармақтары оқырмандарды Алланың ақ жолына ұндең қана қоймай, әзәзілге ілескен жандардың тағдыры түбінде неге апарып соқтырарын ашық ескертіп отырган жоқ па?! Шындығында да, дәл қазір дәл осы көрініс біздің күнделікті өмір-түрмисымызға әбден орнығып алды! Араққа арын, ақшага тәнін сатқандар, есірткіге елітіп, адамдық кейіпін жоғалтқандар – осының бәрібәрі бүгінде қазақ қоғамының бет-бейнесіне айналып кетті. Бұған кінәлі кім?! Бұған да автор берер жауап тастай:

*«Тақылдауын қызыл тіл  
таңдайымда! –*

*Ниетімнің ісім жоқ қандайында!*

Әлімсақтан болмыстың Заны осылай:  
 Иманынан адасып азған елдің  
 қайты-қасірет жазулы  
 маңдағында!!!» -

десе, «Олай емес» дерге уәжіміз қайсы?! «Құдайын ұмытып, иманынан жаңылған адамның Алладан тартар жазасы өз ісіне лайықты болмағанда», қайтуші еді?! Ендеше, зіл қорғасын ой-лармен санаға салмақ тастап, түйсікте төңкеріс жасай келген бұл шығарманың «Иманға жүгін, ей, пенде!» деп аталуы да заңды деп есептейік.

Қазақ халқының қатарын сақтап, ғұмырлы болуының негі-зі, түптеп келгенде, жалпы түрік жұртының бір арнада бас қосып, тілек тоғыстыруында жатыр деген идеяны бойлай да алға тартып отыратын автор, осынау мақсат жолында бар ақыл-парасатын сарқа жұмсайды десек, сөзіміздің артықшылығы болmas еді. Бар жан даусымен елді ағайыншылыққа шақырып, ұлт басына төніп тұрган қауіпті жаны шырқырай отырып жеткізген автордың төмендегі шумақтары — осы айтқандарымыздың айғағы.

«Баба Тұрік!!!  
 Құлақ сал дауысыма!  
 Мен сөйлеймін бүгін күн тауысыла!

Болашағы атомның азығында,  
 дію-пері қаптаған жазығында.  
 Қазақ атты бел балан шырылдайды  
 байлап кеткен өзіңнің  
 қазығында!

Жанған оттың қакталып алауында,  
 алтын басы тігулі қарауылға!  
 Тұрік өфіен кіндік жер! -  
 Атамекен!

«Айналдырам тамүкқа!» – десе сені,  
дүштапаныңың ол даы  
қалауында!»

Иә, айтса айтқандай-ақ! Топырағына халқымыздың арғы-бергі тарихының сөлі сіңіп, бүткіл болмыс-бітімімен үлттық жәдігерімізге айналып кеткен Кәрі Семейді атомның қоламтасына қақтап, ар-ожданымыздың алдында бір өлсек, – көбігі аспанға шапшыған асқақ Аралымыздан айырылып, екі өлдік. Қайран қазақ, қайтеміз, бәріне шыдадық! Шыдап та келеміз! Тек, шыдамайтын ақын жаны ғана.

«Мандайда елдің қалың ед соғы қандай! –  
Күн туар деп кім күткен,  
о, мынандай!  
шырқырасам, жан даусым оятпас па,  
аруағын от кешкен Отаны үшін  
кос батырдың  
Алнамыс – Қобыландыдай? !»

Япырмая! Өткен ғасырларғы тарихтан талып жеткен бір әңгіме бар еді. «Мысырға қарсы аттанған бір Қолбасшы жер жаһанды жапырып, жалмап келе жатып, айтулы елдің шекарасына аяғы іліне бере кілт тоқтап, үреймен: «Тіпті, бұлардың өлі аруақтарына дейін көтерілді гой!» деп, әскерін кейін бұрып әкетіпте» деген әңгіме бар-ды. Сол айтқандай, Түрік Баба рұхына багышталған жогарыдағы шумақты оқығанда, денең түршігіп, санаңда сілкініс тұғандай болады еken! О, бір Алланың көзінің қиығында жатқан ұшы-қиырсыз ұлы дала! Қасиетінен айналайын сенің! Дін-иманың пір тұтып, «Аллаһу-акбарлап!» өткен талай-талай марғасқаларыңды қанатыңың астына алып, тал бесікше тербетіп жатырмысың үн-түнсіз!

Қараңызыны, толқыған көңіл байғусың жүрт аузында жүрген тагы бір аңызды еске түсіргенін. Иә, жүрт айтатын, «Сотысқа аттанған Есст, Бекет, Жанғожа, Райымбек секілді баба-

ларымыздың төбесінде, бейне бір үркердей боп, бұлт үйіріліп кетіп бара жатады еken!» — деп. Ал, мұны енді не дейміз, — ел шетіне жау тиіп, қасірет дабылы қағылған шақта, шыбын-дай жаны шырқырап, қалың әскермен қоса көтерілген бабалар рухы демегенде?! Және мұны бұдан артық қандай сөзben бей-нелеп беруге болады?! Не деген сес! Не деген айбар! Енде-ше, дүние біткеннің астан-кестені шығып, оның салқыны Ата-жұрттымыздың жанын оттай қарып жатқан мынандай бір алма-ғайып заманда ақын аузынан шыққан мына бір шумақ та, сірә, тылсымнан болар:

«Шыбын жаны – ақиқат құрбанында,  
 бұлт үйіріліп дұлыға бұлғағында,  
 қалтыратқан қабактен қалың қолды  
 қайран Бабам, қайдасың? !  
 Лә, Иллә Һә, ил Алла!!!  
 Қандай пері бізді әкеп мінгестірғен  
 «Жаңа қазақ» деген бұл құрматағыра? !»

Иә, бұл бір гана Айсұлудың басындағы сұрақ па еken?! Сөз жоқ, бәріміздің басымыздығы сұрақ – бұл! Халқымыздың салты мен дәстүрінен, ұлтымыздың әдеті мен ғұрпынан ада боп, әлгі «жаңа қазақ» дегеннің құйысқанына қыстырылып, қазақшалап айтқанда, «ат артында өңгерулі кетпейік» десек, олай демегенде не деуші едік?! Одан әріде автор:

«Біз жолықтық зорына  
 құбылыстың!  
 Желкемізде өзі отыр Iбілістің!  
 Бірін алып жатады, бірін салып,  
 Ұлтыма жат қоғамдық  
 құрылыстың! » –

дейді.

Астагіфир Алла! «Адамзат баласы біткенде шетінен аздырып, адастырып, ақырет күні Алла-Тағаланың алдына тозаққа сыймайтындағы етіп алып келемін!» — деген серт бар емес пе еді Ібілісте?! Ендеше, әр жазылған шығарманың танымы мен тағылымы — келешектің игілігі үшін деген өлшеммен қарасақ, жоғарыдағы жазылған жолдар келер үрпақты арамзалардың аз-ғыруынан сақтандырып тұрган жоқ па?! Одан әріде Айсұлу:

*«Ну ішінде айналып қарағайға,  
асып туар әкеден бала қайды? !  
Ғашық жағдың ақылы нені айтады? ! –  
Ел намысын қорғарға Ер Тарғындаій,  
бір ұл тауып беруге жағамай ма? !» –*

деп ширыгады.

Не дейміз?! Ақын бұл жерде Құдай-Тағаладан бетіне қарсы қелгенді жалпасынан түсіріп, ұрып құлататын жұдырығы тоқпақтай, жауырыны қақпақтай қара күштің иесі — Қара Дәу сұрап отырған жоқ, әрине, — «Халық» атты «Алтын Құрсаққа» елінің қамын ойлайтын, ерік-жігері мықты керемет бір ұл бітсе!» деп тілеп отыр!

Ақиқатқа жүгінсек, тәуелсіздік алғалы, тарихымызды тамтұмдап жинап, таразылап жатқанымыз рас. Жалпы, қазақ шежіресі, оның түп-төркіні — мұқым түркі тарихы — зерттеген адамға таптырмайтын қазына. Мұны кезінде белгілі түрколог Лев Гумилев те шегелеп тұрып айтып кеткен екен. Бұгінде бажайлап отырсақ, тарихи тақырыпқа қалам тербел жүргендер қатары едәуір молайып қалған секілді. Олардың арасында тыңнан түрен салушылар да жоқ емес. Алайда, шежірелер жағдайы қалай? Оны зерттеп, зерделеуде бауырымызды жазып кете алдық па бүгін? Мәселе, міне, осында жатыр.

Қазір бұл тақырыпқа қалам тартып, еңбектеніп жүргендердің қатары біртінде өсіп келеді. Бірі — талдау мақалаларымен, екіншісі — зерттеу кітаптарымен дегендей. Алайда, біздің заманғы ақындардың ішінде тарихи шежірені бастан-аяқ өлең-

мен өріп, толғап шыққандар бірен-саран-ақ. Кітаптағы «Шыңғыс» дастаны – біздің осы айтқанымыздың дәлелі болмақ. Енді, сол жөнінде бірер сөз.

Бұл орайда біз өткенімізге, яғни кезінде өзіміз өмір сүріп өткен кеңестік дәуірге көз қиығымызды сала кеткеніміз жән болар. Еш жасыратыны жоқ, ол кездер, жер көлемі жағынан тендессіз жұмһүрият құрып, қаһарымен жарты әлемді дірілдетіп уысында ұстаған Шыңғыс хан кім, оның шыққан тегі қай жақтан еді, – оны сұрауга ешбір пендениң жүргегі дауаламады. Дәлелдеуді керек етті деген күннің өзінде, бұзып-жарып шығып, өз бетімен сараптаудың құқықтық жолы жабық-ты. Қогамда қалыптастырылған жалғыз-ақ пікір бар, – «Шыңғыс хан – қан уыстап тутан жауыз!» Бұл – сол кезеңнің «аксиомасы».

Ал, енді, байқап отырсақ, сол заманның өзінде, Америка, Англия, Алмания, Франция, Ресей секілді ірі-ірі державалар бірінен соң бірі Шыңғыс хан жайында том-том кітап шыгарып, тоқсан тоғыз тарапқа толассыз таратып жатыпты. Әрине, олардың мұнысы Шыңғыс ханға бүйректері бұрып, емешектері үзіліп бара жатқандықтарынан емес, керісінше, аннан-мыннан жинақталған жалған жазбалар арқылы, тарих тегершігін кері айналдырып, халықты жадынан жақылдыру, мәңгүрттендіру, еш нәрсенің иісі мұрынына бармайтындей мигұла халге жеткізу. Ондайлар, сөз жоқ, жатының кім, жақынының кім екенін айырып біле алмайды, ақыр аяғында, бірі бірінің жағасына жармасып, жүлкыласатындей қасіретті жағдайға ұшырайды. Одан әріде ондай халықпен құресу де, ондай халықты басқаруда еш қындыққа соқтырмайды. Олай болса, дәл осы мақсатқа жету үшін, басқаны былай қойғанда, бір ғана Шыңғыс ханның тарихын кейінгі үрпағына кері оқытып, теріс қарай түсіндірсе, жетіп-ақ жатыр!

Алайда, «Шындық!» деген қасиетті үғым бар. Оны қанша-ма бүркемелегенмен, түбі ашылмай қоймайды. Дәл қазіргі таңда Шыңғыстың, әрісі – түрікке, берісі қазаққа қандайлықты қатыстығы бары айқындалып-ақ қалды десек болады. Осыдан аттай он жеті жыл бұрын:

«...Келер үрпак!!!  
Шегелеп және айтамын! –  
Таразыңның басында –  
Шыңғыс қаян!!! –  
Сол Шыңғыстан ізде сен, іздей қалсан,  
тепкілесен, үзілмес  
«қазақ» атты  
Тегеуріні темірдей  
тегімізді!!!  
Барша мұрат-мақсатың сол Бабаның  
жиюлы тұр бойында, сенің, ізgi!!!»

деген сөзді естігенде, селк ете түсетіндер, енді қазір, Шыңғыс десе, «Ой, бауырымдап!» оған қарай екі өкпесін қолына ала жүгрге-тіндей шүкіршілік жағдайға жетіппіз. Оны айтасыз, тіпті, оның иманына ара түсіп, мұсылман деп дәлелдеп, ғылыми еңбек жазғандардың да төбелері көріне бастады. Бұл да – игіліктің нышаны! Ендігі жерде, сірә, тәмендегі мына бір жолдарды да оқырман қауым жатырқай қоймас деп үміттенеміз:

«Ұшар дәурен басымнан жыл құсындаи!  
Келешиек тұр мылтықтың ұңысында-ай!  
Әттөн, дүние!  
Атой сап бар түрікті  
Мұсылманың жинайтын туы астында  
Тағы бір ұл туса-шы Шыңғысымдай!!!

...Қабағында қара бұлт күркіреғен,  
қалың әскер соңында дүркіреғен,  
ешбір пенде Шыңғыспен тен түсе алмас  
он сеіз мың ғаламның қагидасын  
астастыған тұқымы түркіменен!» –

Көңіл қуантарлығы – біз үшін құпия да жасырын жүрген небір жәйттердің сыры бүгінде жәйилап белгілі бола бастады. Көзі бітеліп, аңқамызды кептірген шежіре бұлақтарының

тығыны ашылып, жылгаланғалы бері, жылт еткен жаңалық естісек, елең етіп, соган құлақ түретін болдық. Енді, осы ниетпен, мына бір сөздерге де назар аудара кетелік:

«*Тағы тартсам алдыңа тосын жайды!* –  
 «*Қайдан табад, – дей көрме, – осындаиды*»:  
*Монголияң қазіргі – жонғар жүртү!*  
*Оу, сондықтан, Шыңғыстың «Бұл монгола»,*  
*үш қайнаса, соғпасы қосылмайды!!!*

*Шыңғыс тегін іздесен – «Ол монголда!» –  
 Дін мұсылман! – Иманы мол монголда!  
 Оғыз Бабам ізімен «Аллаңу акбарлап!» –  
 сап түзеген жауынгер қол монголда!!!  
 «Ол монголың» – түріктің бір бұтады! –  
 Қадір тұтып, қауымы  
 пір тұтады!!!  
 Ал, «мына монгол» жылмизан желкедеи –  
 атын жүтқан жонғарлар ертедеи!!!»*

Міне, ақын аузымен осыдан неше жыл бұрын айтылған бұл пікір де бүгінгі күні шындыққа айналуда. Қезінде, «Бұл тақырыпқа келгенде тарихшыларымыздың, зиялы қауымымыздың даусы неге шықпай жатыр?» – деп, күйінсек, қазіргі таңда көңіл орнына түскендей. Тіпті, зерттеушілер мен пайымдаушыларды былай қойғанда, қарапайым жандардың өзінің түйсігінде «Қазақстандағы қаптаған жер-су аттары мен адам есімдері – «Шыңғыс». Ал, мына Монголияңда неге олай емес?» деген сұрақтар туындаі бастады. Оны айтасыз, бас кезінде, Қытай мен Ішкі Монголия бірігіп түсірген Шыңғыс хан мен оның үрпақтары жайлы фильмге делебесі қозғандай болған қазақ, енді қазір: «Бұлар Шыңғыс ханды пүтқа табындырып қойыпты ғой! Тегі тәре болса, ол қалай пүтқа табынбақ? «Тәңір» сөзі – «Бір Құдай», «Бір Алла» дегенді үқтырмай ма?» – деп, Қытайы бар, Ішкі Монголиясы бар, Ресейі бар, –

қаншама қаражатты төгіп отырып жасаған фильмдердің өзі, шығып үлгермей жатып, дақпыртқа айналуда. Ал, «Құбылай» фильміндегі өлген адамды өртейтін көріністен, нағыз бір имансыз болмаса, жаны түршікпеген кім бар екен?!

«Жел сөзің мен ісім жоқ таласында!  
 Тубі ақиқат жеткізер қарасынға!  
 Сандырағы дүшпәнның неге керек? !  
 Ар-ұжданы Туріктің –  
 Жасыл Байрак  
 Отыз хан мен Шыңғыстың арасында!!!

Айтқан сөзі халқының зиянына,  
 қалды қандай қасиет зиялышада? !  
 «Шыңғыс» десе, қытайға жүгіреді! ..  
 Етек-жені дағылан қайран Бабам  
 қоржынына қытайдың сыйады ма? ! »

«Жазған тарих – тарих па, сұрастырып? ! –  
 Аннан-мыннан жоқ-барды құрастырып? !  
 «Шыңғыс» қылам десеніз Шыңғыс ханды,  
 түріктердің төніретін түрткілемей,  
 тұмас қара Алланың жолындағы  
 Мұсылмани күреспен ұластырып!!! » –

Иә, Шыңғыс ханның шыққан тегі мен өмір тарихын саралғанда, оның ақиқатына жету үшін, әлдекімдердің әзірлелеп қойған бұрынғы шиырына соқтықпай, түренді тыңдан тартуымыз және бұл жолда солқылдақтық жасамауымыз керек деп есептейміз.

Шыңғыс шежіресін Аллаһ жолындағы мұсылмани күреспен ұластыра зерттеуді қолға алып жатсақ, онда, ең әуелі, мұсылман елдерінің картографиясы құрастырылар. Және оның ауқымы қазіргіден әлдеқайда әріге, кеңге сілтенері және хақ.

Оңда:

«Шыңғыснама айналса қазығына,  
ғылымның да жетеді ол азығына!  
Құдай онда, бас қосса барша түрік,  
Ерігенекон Алтайдан бастау алған  
тартағ шеру жорығы мұсылмандың  
дешті Қыпшак, ұласып жазығына!!!» -

деп, жырда баяндалғандай, дешті Қыпшак даласы арқылы Еуропа – Мысыр асқан түрік дүниесі жорығының желісі құрылып, мақсаты ашылар?! Мүмкін, онда, мұсылмандықты емшек сүтімен қабылдаған баһадүріміз Оғыз хан мен оның сара жолын тұтынып, бүкіл түрік тұқымының басын он сегіз мың галамның қағидасына сай бір жаратқан иеміз Тәңір Туының астына біріктірген темірдей тәртіп, тегеурінді күштің иесі – Шыңғыс ханның және оның Орта Азия көлемінде мындаған мешіттер тұрғызып, мұсылман дінінің тұрақтануына барынша ықпал жасаған Шыңғыс үрім-бұтақтарының арасындағы үзіліп қалған керуен қайта жалғасын табар. Ондай атты күн туса, біз автордың:

«Қара қазан! Қалың ел ~ қафauында! –  
Дүниенің ісі жоқ талауында!  
«Құдай – жалғыз! Құран – шын!» – Құрамды сөз,  
жауға шапса, жарқ та жұрқ наизағайдай,  
жарқылдайды Шыңғыстың жалауында!!!» -

немесе:

«Бір Алла аты – Шыңғыстың Ұранында!  
Болат тәртіп! – Ол тәртіп – Құранында!  
«Аллаһу акбар! Аллаһу акбар! Аллаһу акбарлап!» –  
азандатқан дауысы Шыңғыс ханның  
үйқысынан оятын қалың жүрттый,  
азынайды дүниенің құлагында!»

деген байламдарын жатырқанбай қабылдайтын иғілікті күндерге де жетерміз! Бәлкім, тіпті,

«*Кәфіріңді жаңынан түңілдіріп,  
Бір Алланың алдында жүгіндіріп,  
Атой салған үрандан,  
Дін-Мұхаммед  
пайғамбардың Шыңғыстай хас сарбазын,  
уа, халаійық, жатырсың бүгін біліп!*» –

деп, дәл бүгінгі таңда автор аузынан біз үшін тосындау айтылған бұл пікірдің де келешек қолдаушысы болармыз. Оны алдағы күндердің үлесіне қалдыралық.

Айта-айта келе, көзіміз анық жеткен бір нәрсе бар, ол – Тұран Жұмһүрияттыныңabyroйын әлемдік деңгейге көтерген Шыңғыс баһадүрдің өзіне дейінгі және өзінен кейінгі шежірелер желісін барынша шатастырып, оның бет-бейнесін, өзге тұргай, өз ұрпағы танымастай етіп өзгертуге, жалпы Шыңғыс тұқымын кейінгі буынға құбыжық етіп көрсетіп, одан барынша бездруге бүкіл айла-шарғысын қолданып-ақ баққан залым әрекеттердің барлығы, айналып келгенде, жалпақдүниеге шашырай қонған түрік дүниесінің қайырылып согар түп қазығы, Атажұртмыз – Алтын Ордамызға бағытталған мылтықсыз майдан екенин келер үрпаққа ұғындырып, түсіндіру жолындағы қуресті біз бір сәтке де тоқтатпауымыз керек. Онда, бұл мәселеге байланысты ойымызды біз автордың мына бір сөздерімен түйіндесек:

«*Қамал тұтқан қалың ел қазырадай!  
Қойы кеткен қорадай қанырамай,  
«Болған іске болат бол!» – деуши ед Бабам,  
Кел, қанеки, жұмылып күш қылалық,  
жоқтау салып айнала жамырамай!*

*Көз жүгіртсек тарихқа, тегінде, біз  
іұмыр бойы майданың шебіндеміз!*

Ақиқаттың жолында үмтүлдың ба, –  
жарты қадам кейінгі шегінбенңіз!  
*Шегінбенңіз!*  
Біз майдан шебіндеміз!»

«Сөздің нем бар тумайтын қысырында, –  
Бейбағыс хан қайдан жүр Мисырында?!  
Батыс жаққа ұзартсам ұзымымды, –  
Болмас үміт қалдырсам Тұзырымды!  
Тарамады қай жаққа тамырымыз? –  
Үнді елінен не іздепті Бабырымыз?!

Сал осыны санаңның салмағына! –  
Жол табасың өзің-ак қалғанына!  
Не қасиет – Шыңғысқа дейінгіде, –  
Сол қасиет – Шыңғыстан кейінгіде!  
Тұраның да, дәулети Османың да –  
Шыңғыспен бір тарихтың тостағында!  
Түп шежірен шешілмек,

Шыңғыс хан мен  
аты аталған баһадүр батырлардың  
бір арнада бастағын қосқанында!

Бәйтеректің тамыры – түбірінде!  
Түбіріне зердемен үңіліңдер!  
Шыңғыс – ақыл!  
Шыңғыс – күш!  
Шыңғыс – батыр!  
Жалпақ әлем әскері, дүр Жиһангер  
Шыңғыс ханың алдында жүгініңдер!!!»

Жұрт болмашидан дардай жасап ала қояды. Ал, біз болсақ, барымызды бардай етіп көрсете алмаймыз. «Алтын Орданы қүйретіп, күлін көкке ұшырды Шыңғыс», – деп, жауымыз айтса – нандық, – ал, досымыз: «Шыңғыс Алтын Орданың қабыргасын қалап, шаңырагын көтерді!» – десе, оған айналып, арқамызды бердік. Ал, шындан келгенде, Шыңғыстан

безгеніміз – ажары айдай жарқыраган өн бойымыздагы ізгілігіміз бен иманымыздың айғагы – Алтын Ордамыздан безгеніміз, Алтын Ордадан безгеніміз – Шыңғыстан безгеніміз екенін түсінбедік. «Қара су теріс ақты» деген, міне, осы! Біз осы қасіретті басымыздан өткердік. Өкінішті-ақ, әрине!!!

Олай болса, біз, ендігі жерде, Шыңғысқа оралуды – бақыттымыздың басы, ұлттық жаңғыруымыздың негізі деп тануымыз керек секілді. Бәлкім, сонда гана жоғымыз табылып, бұлінгеніміз бүтінделер. «Өлі жебемей, тірі байымайды» деген сөзді бекер айтпаған шығар қазақ.

Айсұлу поэзиясының құндылығы – қара қылды қақ жарған шыншылдығы мен өткірлігінде, – өзі ұстанған позициясынан таймай, айтар ой, берер тұжырымдарын дәл жеткізуінде, – қай нәрсені болмасын, «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» дегендей, бұлталақтамай, ашық айтуында!

...Ақынның қабыргасына қатты батып, тұн үйқысын төрт бөлген және бір жағдаят – Бабыр баба тарихының бүрмалануы. Иіси Түрікке ортақ саналатын осынау ұлы адамның бітім-болмысын бүгінгі ұрпаққа дәйектеп жеткізіп бере алмай келе жатқан тарихшы-ғалымдарға деген ақын өкпесі қара қазандай. Бәлкім, бұл біздің жұмсартып айтқанымыз болар. Бабыр баһадүрдей алыптарымызды Ильминский сияқты суайттардың қанжығасына байладап, түріги болмыс, имани жорықтарымыздың бағын байлағанымыз біз үшін кешірілмес күнә деп есептейді Айсұлу ханым. Ақиқаттың көзін ашып, шындыққа қол жеткізу үшін, баршамызға сауга айтып, «Бабырнаманың» тұпнұскасын тауып беруді талап етеді. Ақынның:

*«Құнын жойып Бабырдай қадырымның,  
қаздың терең шұңқырын қабірімнің!  
Ей, ғалымдар! Ел соғын арқаламай!..  
Ғылымың да – өзіңе! Былдың да!!! –  
Тұрғанында қылмай тамырымның,  
Тұпнұскасын тауып бер  
«Бабыримның» !!!*

*Бабырың кім? !  
Иә, менің  
Бабырым кім? !  
Бабырым кім? !  
Бабырым кім? ! » -*

деп, өзегін өртеген өкініш-арманы аралас жанайғайы құлағына жеткеннің селк етіп шырт үйқысынан оянбасы болар ма екен, сірә?!

Иә, халқым!!! Мұсылман дүниесінің керегесін қеңейтіп, шаңырагын биіктеткен ұлы Могол дәулетінің Шыңғыстан ке-йінгі шарықтай қөтерілген жаңғырығы — сол — сонау ұнді топырағында Бабыр бабамыз құрган жұмһүриятимыз емес пе еді?!

Ендеше, ойланыңыз!!!

*Бабыр – Бабам,  
дүшиналым бас иетін  
бойымдағы бар асыл қасиетім!!!*

*«Бабырнамам» –  
Байрағы мұсылманның!!!  
Жап-жасыл түс!  
Келбеті ғұсыл-жаннның!!!*

*Ал,.. «Бабыр жорық!» – Бұл –  
бас қосу! –*

*Ұлы мақсат:  
жандарынан табылып қысылған күн,  
босағасын бекіту пұсырманнның!!!  
Лә илләһі ил Алла!!!  
Мұхамадан – расул Алла!!!»*

Бабыримыз — мақтанымыз, «Бабырнама» — байрағымыз, ал Бабыр жорығы — ұлы мақсатымыз болса, біздің ендіктеріміз бен бойлықтарымыз Ильминский өлшеміне қалай сыймақ?!

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні», айтуды ақын Ай-сұлу ханымның жогарыда аты аталған шыгармаларын оқып

шыққандағы ойға оралған кейір пайымдаулар, міне, осын-дай болды. Бір ғажабы, мұндай еңселі еңбектерді ақын бір-ақ демде жазып шыққандай әсер қалдырады. Міне, үлкен шабыт, терең толғаныстан туган шығарма осылардай болса керек-ті! Әділдікті тұра айтып, қызып түсер батылдық тек қана нағыз ақындардың қолынан келмек. Ал, бүгінде олар – санаулы ғана! Сол санаулылардың бірі Айсұлу ханым деп білеміз.

Негізі, тұра айтып, қызып түсер әділдік нағыз дарындардың гана қолынан келмек. Ал, кісілікке тән кішілік – ол да, сол нағыз дарындарға тән қасиет. Бұл ойымызға айғақты, алысқа бармай-ақ, Айсұлудың өз сөзінен келтірелік.

*«Иә! Жаратқан!  
Кеше іөр ақыныңды!  
Әрі-сәрі күй кешиген пакырыңды!!!  
Бетпердесін шындықтың ашамын дәп,  
алыстатьып алдым ба жақынымды? !  
Оңды-солды сілтелеп қаламымды,  
жерім бар ма жасқаған жағанымды? !  
Бәрі – өзіңе аманат! Не де болса,  
адалдықтан тайдырма табанымды!!!*

*Иә, Жаратқан!  
Қабыл ал тілеғімді!  
Рахым-нұғға толтырып жүреғімді,  
шафхатыңнан үздірме күдерімді!!!» –*

Иә, Құдай Тағала қай-қайсымыздың да жүрегімізге шафхат нұрын қүйып, ақиқатқа қарай бүрган ниетімізді қабыл еткей! Илләни әмин!!

*Темірхан Медетбек,  
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері*

## БІРІНШІ БӨЛІМ

# Бабамар ізшегі

Кім бар жеткен дүниенің баянына, –  
көңілім құлай берілдім  
баяғыға.

Бабам аты аузымнан түспей қойды-ау,  
айтқан сөзім –  
Алланың аяны ма ?!



## ШЫҢҒЫС ХАН (Дастан)

«Әкеден бала тумай ма?! –  
Аманың жолын қумай ма?!»

Америка, Алмания, Англия, Франция, Ресей секілді ірі-ірі мемлекеттердің Шыңғыс жайында том-том кітап жазып, оны тоқсан тоғыз тарапқа толассыз таратып жатқаны еріккеннің ермегі ме?! Иә болмаса, олардың Шыңғысқа бір әукеleрі түсіп, ет жүректері елжіrep бара жатыр ма еken?! Әрине, жоқ!

Бұл – керісінше, сонау әлмисақтан, яғни дүние жаратылғаннан бермен қарай, онына айналып келе жатқан түріги тарихтың дөңгелегін өздерінің жалған жазбалары арқылы, теріс айналдырып, халықты шатастыру, – жадынан айырып, мәңгүрттендіру, – жақынының кім, жатының кім еkenін сезбейтіндей, миғұла халге жеткізу. Одан әріде оларды іштей ірітіп, өзара қырқыстырудың, бір-бірінің жағасынан алып, кенірдегіне жармасатындай, қасіретті халге жеткізіп, әлсіретудің ешқындығы жоқ.

Осы бағытта жасалған қасақаналық әрекеттердің бірі және бірегейі – ол – кезінде, ислами талап, ислами тәртіптің шеңберінде қабыргасы қаланған түріги жұмһурият – қасиетті Тұранымыздың абыройын асқақтатып, әлемдік деңгейге дейін көтерген Шыңғыс хандай баһадурді мұсылман шежірелер желі-

сінің бел ортасынан, пышақпенен кескендей алып тастап, оған таңылған жалған ғұмырнамаменен, өзге түргай, өз үрпапы жатырқайтында кескінде пүтқа құлай табынған нағыз қанішер етіп көрсету болатын. Белгілі бір дәрежеде олар соган қол жеткізді де. Яғни, тұтаса жүріп, өзінің әскери күш, сәнсалтанатымен бүкіл әлемге ықпалын жүргізе бастаған түрік дүниесін діні мен ділінің тамыры жатқан қасиетті Атажұртына қайырылып қайта қона алмастай етіп бытыратып, Шыңғыснан айырып, бассыздандырды. Халқымыз қаншама ғасырлық уақыт бойына есептіреп, есін жыя алмаган қалыпта ғұмыр кешті?!

Ендеше, біздің ендігі жерде Шыңғыс ханнан безгеніміз – ұлт-ұлыстың басын қосып, халқымызды бір Тудың астына жинақтаған Ұлы Тұранның тұп тұғыры – қасиетті Алтын Ордадан безгеніміз екенін түсінетіндегі болдық емес пе?! Ал, Алтын Ордадан безгеніміз – өзімізден, – яғни, өзімізге «ХАЛЫҚ» деп мөр басып, ен таққан тарихымыздан безгеніміз дүр!!!

Жүрт жоқтан бар жасауға тырысады, ал, біз болсақ, барымызды бардай етіп көрсетуден қалып барамыз. Досымыз: «Шыңғыс хан мемлекетіндегі қабырғасын қалап, босағасын бекітті», – десе, оған сенбейміз. Ал, енді, қасымыз: «Шыңғыс хан мемлекетіндегі шаңырағын ортасына тұсіріп, күлін көкке ұшырган жауыз», – десе, онда ол сөзге құлай кетеміз. Өкінішті-ақ, әрине!

Иә! Жагалай жала, жагалай налаға толы, жау «шеберханасында» соқталанған арсыз тарих! Сен Шыңғыс ханды кімге теңемедің?! Ажалға да теңедің, Тажалға да теңедің!!! Алайда, сенің де бетпердеңнің сыпырылар уақыты таяу!!!

Ей, менің шіл боғында шашыраган бейнеті қалың қайран Түрігім! Ата жүртіна кіндігінен байланып, сол үшін, азап пен меҳнанттың небір түрін басынан өткерген сормаңдай Қазатым! Мына бір былыққан дүниенің ішінен адалдық ізден, маңдайынды ақиқатқа қарай бүргың келсе, осы айтылғандарды ескере жүргейсің де!!!

## **ШЫҢГЫС ХАН** *(Дастан)*

*«Әкеден бала тумай ма?! –  
Атанаң жолын қумай ма?!*

Америка, Алмания, Англия, Франция, Ресей секілді ірі-ірі мемлекеттердің Шыңғыс жайында том-том кітап жазып, оны тоқсан тоғыз тарапқа толассыз таратып жатқаны еріккеннің ермегі ме?! Иә болмаса, олардың Шыңғысқа бір әүкелері түсіп, ет жүректері елжіреп бара жатыр ма екен?! Әрине, жоқ!

Бұл – керісінше, сонау әлмисақтан, яғни дүние жаратылғаннан бермен қарай, онына айналып келе жатқан түріги тарихтың дөңгелегін өздерінің жалған жазбалары арқылы, теріс айналдырып, халықты шатастыру, – жадынан айырып, мәңгүрттендіру, – жақынының кім, жатының кім екенін сезбейтіндей, миғұла халге жеткізу. Одан әріде оларды іштей ірітіп, өзара қырқыстырудың, бір-бірінің жағасынан алып, кеңірдегіне жармасатындей, қасіретті халге жеткізіп, әлсіретудің ешқындығы жоқ.

Осы багытта жасалған қасақаналық әрекеттердің бірі және бірегейі – ол – кезінде, ислами талап, ислами тәртіптің шеңберінде қабырғасы қаланған түріги жұмһүрият – қасиетті Тұранымыздыңabyroyын асқақтатып, әлемдік деңгейге дейін көтерген Шыңғыс хандай баһадүрді мұсылман шежірелер желі-

сінің бел ортасынан, пышақпенен кескендей алғып тастап, оған таңылған жалған ғұмырнамаменен, өзге түрғай, өз үрпағы жатырқайтындағы кескінде пүтқа құлай табынған нағыз қанішер етіп көрсету болатын. Белгілі бір дәрежеде олар соган қол жеткізді де. Яғни, тұтаса жүріп, өзінің әскери күш, сәнсалтанатымен бүкіл әлемге ықпалын жүргізе бастаған түрік дүниесін діні мен ділінің тамыры жатқан қасиетті Атажұртына қайырылып қайта қона алмастай етіп бытыратып, Шыңғыснан айырып, бассыздандырыды. Халқымыз қаншама ғасырлық уақыт бойына есептіреп, есін жыя алмаған қалыпта ғұмыр кешті?!

Ендеше, біздің ендігі жерде Шыңғыс ханнан безгеніміз – ұлт-ұлыстың басын қосып, халқымызды бір Тудың астына жинақтаған Ұлы Тұранның тұп тұғыры – қасиетті Алтын Ордадан безгеніміз екенін түсінетіндегі болдық емес пе?! Ал, Алтын Ордадан безгеніміз – өзімізден, – яғни, өзімізге «ХАЛЫҚ» деп мөр басып, ен таққан тарихымыздан безгеніміз дүр!!!

Жүрт жоқтан бар жасауга тырысады, ал, біз болсақ, барымызды бардай етіп көрсетуден қалып барамыз. Досымыз: «Шыңғыс хан мемлекетінде қабырғасын қалап, босағасын бекітті», – десе, оған сенбейміз. Ал, енді, қасымыз: «Шыңғыс хан мемлекетінде шаңырағын ортасына түсіріп, күлін көкке ұшырған жауыз», – десе, онда ол сөзге құлай кетеміз. Өкінішті-ақ, әрине!

Иә! Жағалай жала, жағалай налаға толы, жау «шеберханасында» соқталанған арсыз тарих! Сен Шыңғыс ханды кімге теңемедің?! Ажалға да теңедің, Тажалға да теңедің!!! Алайда, сенің де бетпердеңнің сыпырылар уақыты таяу!!!

Ей, менің шіл боғындағы шашыраған бейнеті қалың қайран Түрігім! Ата жүртіна кіндігінен байланып, сол үшін, азап пен меҳнэттың небір түрін басынан өткерген сормандағай Қазағым! Мына бір былыққан дүниенің ішінен адалдық іздең, майдайынды ақиқатқа қарай бүрғың келсе, осы айтылғандарды ескере жүргейсің де!!!

Ұшар дәурен басымнан  
жыл құсындай!

Келешек түр мылтықтың ұңғысында-ай!  
Әттең дүние!

Атой сап, бар түрікті  
мұсылманның жинайтын Туы астында  
тағы бір үл туса-шы  
Шыңғысымдай!!!

Қабагында қара бұлт күркіреген,  
қалың әскер соңында дүркіреген,  
ешбір пенде

Шыңғыспен тең түсे алмас  
он сегіз мың ғаламның қағидасын  
астастырған  
тұқымы түркіменен!

Он сегіз мың ғаламым – Тәңірімнен!  
Тәңірімнің «Бол!» деген әмірінен!  
«Болма!» дей ме?! –  
Ғайыппызы,  
қас-қагымда! –  
дүние біткен қақырап жүре берер  
сөгітіліп жік-жігі  
әдібінен!!!

Сол дүниенің сен де бір тетігісің!  
Жүректегі иманың –  
бекінісің!  
Бекінісің барында  
саспа, мұмін! –  
келе жатқан үрпақтың қағырадай  
қамалы – сен!  
Тапжылмас кепілісің!!!

Жұмысым жоқ есеп пен қисабында! –  
Мендік мақсат –  
ақиқат мисалында!!!

Адам ата, Анамыз Хаяу анадан  
бермен қарай түзілген тұп шежірем  
қаттаулы тұр  
Құрани Исламымда!!!

Өлшенбейді иманың саныңменен, –  
жылжып аққан тамырда  
қаныңменен!

Қагидасы Құранның сол болады –  
бір анадан тусаң да, туыстық жоқ  
ардан безген  
Құдайсыз  
залымменен!!!

Әңгімемді қозгасам әріректен,  
«Тәурат», «Зәбүр», «Інжілді»  
тәлім еткен  
бір жұз дагы жиырма төрт мың пайғамбар,  
міне, осының бәріне жаббар ием:  
«Дін мұсылман – Антың!» – деп,  
әмір еткен!!!

Саңқылдаған дауысы  
сұңқардайын,  
жер тарпыған түяғы  
тұлпардайын,  
алып тұлға гұмыры – гибрат бізге,  
Хақ-Тағала жолында, ұран тастап,  
Тажалменен алысқан  
Зұлқарнайын!!!

Зұлқарнайын есімі – Тарихта!!!  
Аллаһ рақымын жаудыргай  
Ағиыққа!  
Насихаты – қаттаулы Құранымда!  
Өнегесі – өсиет Тұранымда!  
Жан иманым – түюлі Тұмарымда!  
Тұран,  
Тұмар,  
қолымда Құран тұрып,  
мен мойнымды  
өзгеге бұрарым ба?!

Иә, Алла!!!  
Иә, Алла!!!  
Иә, Алла!!!

Ғайса, Мұса, Дәуіт пен Исаларым  
Мұсылмандық жолында  
қиса жанын, –  
Нұх, Сұлеймен, Ибраһим, Смайылдай  
бабалардың, кім білмес, иман үшін  
еткен еңбек, тәккен тер –  
қиссаларын!

Тура тартып солардың жолыменен,  
Үдері көш –  
қаптаған қолыменен,  
қиқу салған дүшпанға Шыңғыс атты  
баһадүрге,  
не біліп, сорлы ағайын,  
жібімей жүр жүректің тоңы неден?!

Жауда кеткен әперіп кегіңізді, –  
тезге салып тентек пен теліңізді, –  
шекпен менен бүтіндең шеніңізді, –

алшандатып бекзада, бегінізді, –  
шиыршиқтай ширатып,  
ширықтырып,  
қайта тартып босаған белінізді, –  
«Халық» атты белгілеп енінізді, –  
жұдырықтай,  
бір жерде жұмылдырып,  
қосып кеткен қатарға елінізді –  
сол Шыңғыс хан! –  
Мойында-мойындама!!!

Шарпып өтіп шалғайы Шыңғыс ханың,  
айтшы, қане, қор болған жерінді?! —  
Ту көтеріп Шыңғыстан тапқан ұлың,  
дүр сілкінтекен жоқ па еді,  
тегі, бізді?!

Келер Үрпақ!!!  
Шегелеп  
мынаны айтам:  
Таразының басында – Шыңғыс Қаған! –  
Барша мұрат-мақсатың  
сол бабаңың  
жиюлы түр бойында сенің ізгі!  
Сол Шыңғыстан ізде сен,  
іздей қалсаң,  
тепкілесе үзілмес «Қазақ» атты  
тегеуріні темірдей  
тегімізді!!!

Қара қазан, қалың ел –  
қарауында! –  
Дүниенің ісі жоқ талауында!

«Құдай – жалғыз!» «Құран – шын!» –  
құрамды сөз –  
жауга шапса, жарқ та жүрк найзагайдай,  
жарқылдайды  
Шыңғыстың Жалауында!!!

Жел сөзің мен ісім жоқ  
таласында!  
Түбі ақиқат жеткізер қарасынға!  
Сандырағы дүшпанның неге керек?! –  
Ар-ұжданы Түріктің – Жасыл Байрақ  
Оғыз Хан мен Шыңғыстың  
арасында!!!

Айтқан сөзі халқының зиянына,  
қалды қандай қасиет зиялыда?!

«Шыңғыс!» – десе,  
Қытайға жүтіреді.. –  
етек-жені далиған қайран Бабам  
қоржынына Қытайдың сыйды ма?!

Жазған тарих тарих па сұрастырып,  
аннан - мыннан  
жоқ-барды құрастырып?! –  
«Шыңғыс!» қылам десеніз Шыңғыс ханды,  
түріктіктің төңірегін түрткілемей,  
тұтас қара

Алланың жолындағы  
мұсылмани құреспен ұластырып!!!

Бір Алла аты – Шыңғыстың Ұранында!  
Болат тәртіп! –  
Ол тәртіп – Құранында!

«Аллаһу акбар!  
 Аллаһу акбар!  
 Аллаһу акбарлап!»  
 азандатқан дауысы Шыңғыс ханның  
 үйқысынан оятып қалың жүртты,  
 азынайды дүниенің  
 құлағында!!!

Иә, Алла!  
 Иә, Алла!  
 Иә, Алла!!!

Жиылмайды, оу, жүртым, неге есіңіз?!

Кім не десе,

бас шұлғи бересіңіз!..

Қараңғылық шегі – сол –

бұл Шыңғысты:

«Пұтқа құлай табынған кәфір!» – десе,  
 аузыңды ашып,  
 оған да сенесіңіз!

Тарих – теңіз... –

Сұңгі өзің тереңіне.

Ілігерсің деректің керегіне.

«Түрік!» – десе, түрпідей жиырылып,  
 теріс қарай ағызар қара суды  
 ғылымыңың шетелдік  
 берері не?!

Үш үйіктасам, түсте жоқ Голланыңа,  
 Эмірика, Англия, Алманыңа,  
 Францияң, Қытайың, – қалғанына  
 менің тегім не керек, тінткілеп,  
 бір-ақ мақсат бәрінде, жалғыз-ақ шарт! –  
 Ол –

адастырып ақ жолдан біз сорлыны,  
қайткен күнде түсірмек  
қармағына!!!

Не гәп менің тәптіштеп қоймауымда, —  
қызыл сөзді ермек қып ойнауым ба?!  
О, жоқ, жұртым!

Санаңа салдым қозғау!.. —  
Қал қимылдап, —  
қазынаң тұнып жатыр  
мұсылмани Шыңғыстың қойнауында!!!

«Шыңғыснама» айналса қазығына,  
ғылымның да жетеді ол азығына!  
Құдай ондап,

бас қосса барша түрік,  
Ергенекон — Алтайдан бастау алған  
тартар шеру жорығы  
мұсылманның,  
Дешті - Қыпшақ ұласып жазығына!!!

Сөздің нем бар  
тумайтын  
қысырында! —  
Бейбарыс хан  
қайдан жур  
Мысырында?!

Батыс жаққа ұзатқан үғымымды  
болмас ұмыт қалдырысам  
Тұғырымды!

Тарамады қай жаққа тамырымыз,.. —  
Үнді елінен не іздепті  
Бабырымызы?!

Сал осыны санаңың салмагына,  
жол табасың өзің-ақ  
қалғанына. —  
Не қасиет — Шыңғысқа дейінгіде, —  
сол қасиет —  
Шыңғыстан кейінгіде!

Тұраның да,  
дәулети Османың да —  
Шыңғыспен бір тарихтың  
тостағында! —

Тұп шежірең шешілер Шыңғыс ханмен  
аты аталған баһадүр батырлардың  
бір арнада бастарын  
қосқанында!!!

...Бәйтеректің тамыры —  
түбірінде. —  
Түбіріне зердемен үңіліңдер!  
Шыңғыс — ақыл!  
Шыңғыс — күш!  
Шыңғыс — батыр!!! —  
Жалпақ әлем әскері,  
дүр-Жиһангер  
Шыңғыс ханның алдында жүгініңдер!  
Жүгініңдер!!!

Әңгімемнің зейін қой әрісіне, —  
Тұсінерсің сөзімнің  
мәнісіне!  
Құй санаң!  
Сал құлақ! —  
Мен айтамын:

Бұл дүниеде тең келер  
еш әдіс жоқ,  
Шыңғыс ханның соғысу әдісіне! –

Отқа түскен «Отан!» – деп, қарғадайдан,  
Шыңғыс баба,  
айналадым «Алғадайдан!»<sup>1</sup>  
Ақыл-қайрат Құдайдан дарымаса,  
шегірткедей қаптаған қара қытай  
сол заманда-ақ  
жер бетін жалмамай ма?!

Ана-жатыр жаралып қуысында,  
кеқ түйіліп  
темірдей уысында,  
жауда кеткен ақысын даулай туган  
бұл Шыңғысын –  
**Жалғыз ұл –**  
**Жалғыз тарлан**  
түрік деген тұқымның туысында!!!

Кең жаһанды Бабамыз  
қоныс қылған!  
Қоныс үшін қанқұйлы соғыс қылған!  
Шыбын жаннан түңілтіп қәфірлерді, –

<sup>1</sup> Элкисса... «Алғадай» – жау амалын алдын ала аңдау үшін, ұрысқа қосар, яғни қарсыласымен соғысқаннан гөрі, айла тастап аңдысқаны басым Шыңғыс хан әскерінің өңшең өрімдей жастардан құралған бір тобы. Ал, ұрысқа түсер негізгі қол – ол, әлгі, «Алғадай» салған «ойын-соғысты» сырттай бақылап, жау жақтың әдіс-тәсілін әбден зерделеп-зерттеп алғаннан кейін, тұтқылдан тап беретін болған. Шыңғыс хан соғыс барысында мұндай айланың сан түрін ойладап-тауып, бойлай алмастырып отырган деседі. Оның шағын әскермен жеңіске жетуінің бір сыры – осынысында болса керек.

дінін берік тұтынған мұсылмаммен  
ниет қосып,  
тілегін тоғыстырган!!!

Сөйлеп кетсем, өлең сөз жосыла ма?  
Аярлықтың бет-жүзі  
осыла ма?!  
Ақиқатқа соқпаса Бабам ісі,  
қол бастаған сан батыр басын иіп,  
өз еркімен  
Шыңғысқа қосыла ма?!

Кәфірінді  
жанынан тұңғілдіріп,  
бір Алланың алдында жүгіндіріп,  
атой салған ұрандап,  
Дін-Мұхаммед  
Пайғамбардың Шыңғыстай хас сарбазын,  
уа, халайық,  
жатырсың бүгін біліп!!!

Хабар беріп санаңа «Ақыреттен», —  
алысынды қиялмен  
жақын еткен  
ғалымдардың ғалымы — шоң ғұлама,  
күні ертең естисің  
Бабамыздың  
берік тұтқан Одағын Ахметпен!!!

Ахмед-құл-Йассауи! — Кемеңгерім!  
Сен  
акиқат жолында  
не көрмедің?!

Тұңғиық сыр болмаса тұнып жатқан,

Пайғамбардың жасында белді буып,  
қара жердің қойнына енер ме едің?!

Иә-ә-ә!  
Ол кездегі имани қалып күшті.  
Ата-Бабам ұстанған салт күшті.  
Әмірімен Алланың  
Қожа-Ахмет  
қалдырмаққа мәңгілік, сол мұраның  
тұп тамырын  
теренге алып тұсті.

Тұп тамырын теренге  
алып тұсті!  
«Аллаһу!  
Аллаһайлап!»  
зікірін салып тұсті.  
Қақ айырылып қара жер, –  
қойнауына  
Әулиемен ілесіп Йассаудей,  
көз қарыққан керемет  
жарық тұсті!

Жердің асты – мәңгілік тұнгі аймагым,  
жүре берді жарқырап,  
күнге айналып!!!  
Он сегіз мың галамым дөңгеленді,  
Құрани жол, Құдайы – пәрменменен,  
Қожа-Ахмет Йассауи –  
Күнді айналып!

Шашты Құнім әлемге шұғыласын,  
жазбай танып мүмінім  
Құбыласын!

Бабам орнын өзгеден бөлек қойсам, –  
оның сырын, ағайын, әңгімемнің  
желісінен  
өзің-ақ ұтынасың!!!

Алла берген осындай несіп болды! –  
Жердің асты  
ғаламат Мешіт болды!

Мінездегі айығып күліктікten,  
сол Мешітке ағылды  
тұрік біткен!!!

Маңдайымның жазылған еншісіне,  
жан-дүниемнің айналды ол  
емшісіне!

Бір жаратқан Алланың рахымыммен,  
Дін-Мұхаммед  
бекіткен Йассауді  
«Тұрік» атты әuletтің  
Елшісіне!!!

Бұған болмас, сірә, енді таласыңыз?!

Уәжімді айтқан  
акылға саласыңыз! –

Арқалатқан үмітті, «Құрма сыйлап»,  
Йассаудей бір Алам сүйген құлды  
Пайғамбардың  
ықыласты құшағынан  
қалай жұлып, япырм-ау, аласыңыз?!

Ахметтей бас иіп Бабамызға,  
сараптайық осыны  
санамызда.

00340624

«Қылуетке кеткені – неткені? – деп,  
Алла берген қызықты шеттеді!» – деп,  
жел сөзге ерген жан болса  
аралызда,  
«Қайт, – демекпіз, – райдан,  
Раббым өзі  
тұрғанында түсірмей сабаңызға!!!»

Ой – тұңғиық!  
Тұбіне  
ұңғлгенім! –  
бұктеңіліп аш белім,  
бұгілгенім!...  
Кәрі тарих көне көз!  
Сен не дедің?! –  
Әлденені айтқандай, еппенен кеп,  
құлағымның тұбінен  
күбірледің...  
Күбірледің! –  
Ішкі әлем  
дүр сілкінді! –  
Сірә,  
ми қабатым қақырап бүгін менің!!!  
Иә, Алла!  
Иә, Алла!  
Иә, Алла!!!

\* \* \*

Тағы тартсам  
алдыңа  
тосын жайды, —  
«Қайдан табад, —  
дей көрме, —  
осындайды?»:  
Монголияң қазіргі — жонғар жүртү!!!  
Оу, сондықтан,  
Шыңғыстың  
бұл монғолға  
үш қайнаса, сорпасы қосылмайды!!! —

Шыңғыс тегін іздесең, —  
ол монғолда! —  
Дін мұсылман —  
иманы мол монғолда!  
Оғыз-Бабам ізімен  
«Аллаһу акбарлап»,  
сап түзеген жауынгер қол монғолда!!!  
Ал,  
ол монғолың — түріктің бір бұтағы! —  
Қадір тұтып,  
қауымы пір тұтады!!!

Мына монгол, жылмиған желкедегі —  
бұл —  
атын жүтқан жонғарлар,  
ертедегі!!!

Ақиқатта кетпесе аласымыз,  
догарылсын осымен  
таласымыз!!!

Ие-е-е, шыт-шытырман  
өмірдің өрмегінде  
тұнып жатыр небір сыр! —  
Көрмедің бе?! —  
Шыңғыс ханның бабасы — Оғыз Қаган  
әмірімен Алланың, әлімдудиллаһи,  
иманына жүгінген, антын байлад,  
анасының сүтімен,  
жөргегінде!!!

Қалған жерде түкірдім шимағыңа!  
Қол жүтіртіп, дәніктің, жиғаныма!  
Бұққан сайын сұғасың, ей, кәzzаптар!  
Бұдан әрі үн-тұнсіз жата берсек,  
Шыңғыс емес,  
Шыңғыстың бабасының  
тиісетін түрің бар иманына!!!

Құдай үшін!  
Сөйлеме,  
білмегесін!  
Шежіре үнін  
құлаққа ілмегесін!  
Мені қалай боқтасаң, олай боқта! —  
Oy!

Қалай ғана шыдармын, Бабамыздың  
шыққан тегін

«Кәфір!» – деп тілдегесін!!!

Иншаллаh!!!

Тұбі сенем

таңымның атарына!

Қосылармын қайта елдің қатарына!

Бір Аллаға аманат – Баба рухы!

Рахым түссе Құдайдан,

Лә илләhә ил Алла!

Бас көтеріп, тіл бітер татарыма!!!

Тіл бітеді татардың

Малайына.

Жиыламыз Малайдың

маңайына!

Күндердің бір күндері сол Малайың

қойнауында гасырдың тұнып жатқан

қатпар-қатпар қаттаулы қазынаны

тарқатады тарих қып

талайыңа!

Көрерсің сен сол кезде

сөйлегенді, –

Шыңғыс жәйлі өй деген, бүй дегенді!

Сүйекте – дақ! –

Қорладың

аруақты!!!

Ақірет күн татарсың әлі азабын,..

өңшең азғын

тұсінбес

«Кой!» – дегенді!!!

Әңгімемді жөн еді созбаганым... —  
Бір ойды кеп бір ойдың қозғаганын!..  
Наламенен, қып-қызыл жаламенен,  
көрде тыныш жатқызбай, Бабалардың  
көргенімде рухын қозғаганын,  
жаным күйіп,  
ботадай боздағаным!!!

«Жаббар ием,  
сақта!» — деп,  
Жаратқанға  
жалынармыз,  
жан шығып  
баратқанда! —  
Өкініш сол —  
ол кезгі кештеу болмақ,..  
Құдай өзі жиып ап  
құл пендесін  
құзырына еріксіз қаратқанда!!!

Жантәсілім бүтінгі қысылған күн —  
Аллам өзі  
мүмкіндік ұсынған күн!!!  
Арашалап пәктігін ғұсыл жанның,  
Түн көтер ғалами мұсылманнның!!!  
Ақіретте Аллаға берер жауап —  
«Әлімдудилләһи, мұсылманмын!  
Әлімдудилләһи,  
мұсылманмын!  
Мұсылманмын!  
Мұсылманмын!!!»

\* \* \*

Кім бар жеткен дүниенің баянына!  
Көнгілім құлай берілдім  
баяғыға!

Бабам аты аузынан түспей қойды-ау! —  
Айтқан сөзім —  
Алланың аяны ма?!

Көз жасыма ұстаттым еркімді!  
Балқып сезім, ет-жүрек ерітілді!  
Біздің тамыр — әріде! Алданба, ұрпақ,  
Аннан-мыннан жыйып ап, әркімдердің  
айта салған сөзіне берітінгі!!!

Сөз салмағы —  
иманның  
қадірінде, —  
бас билігі —  
Алланың әмірінде!  
Тыныштығын бұзбаңыз!!!  
Шыңғыс бабаң  
үйиқтап жатыр, тыныстап,  
Лә илләһе ил Алла,  
Құбылаға бас беріп  
қабірінде!!!

Көзін ашып өлең-сөз бұлағымның,  
«Бисмилләһи!» — деп,  
қол жайып дүға қылдым!  
Бір өзіңе аманат, иә Жаратқан!  
Бейнет кешкен «Ел!», «Жер!» — деп,  
Бабаларга  
бұйырта гөр рахатын жұмағыңның!!!  
Лә илләһе ил Алла!  
Мұхаммадан —  
Расул Алла!  
Расул Алла!!!

*1997 жыл. Түркістан қаласы*



## БАБЫРЫМ КІМ МЕНИҢ?! (тарихи-тәнұымдық толғау)

Құдай – жалғыз!!! Ал, Құран қолындағы –  
багдаршамың,

акиқат жолындағы!!!

Алда-жалда,.. адасып, ағат бассаң,  
сүмендеген мына бір соңындағы  
сүм Ібіліс – арылмас сорың дағы!!!

Шүбәң бар ма сөзіме?! – Түс, ендеше,  
ұсынына! – Содан соң дөңгелерсің,  
қуыршағына айналып қолындағы!!!

Дүл-дүл күнің ұшар-ды көзден бұл-бұл! –  
Сен – тотықұс сайраған торындағы!!!  
Сорың дағы!

Бұл – сенің сорың дағы!.. –

Сор емей не,.. иманнан жаңылдырса?! –  
Мінезінді сайтандай қағындырса?! –  
Еліктетіп соңынан, елеуретіп,..  
Құдай орны

Тажалға табындырса?!

Ақыл-ой мен санаңа перде тұтып,  
көзің алдың сары ала сагым қылса?!! –

Сол сағымның соңынан қуаласаң,.. —  
өзінді-өзің нәпсіңмен дуаласаң!..  
Астагіфир Алла!!!

\* \* \*

Бір сүмдық жәйт бататын қабыргаға —  
тұпнұсқадан айрылды  
«Бабырнама!»

Ильминский қолынан шыққан кітап —  
ұрық шашып азғындық құрсағында,  
қайта туған

қызыл өрт —  
«Дабырнама!!!

Тоқтау бар ма суайт-сүм Ильминіңе, —  
Берген ерік аузына келгеніне!

Мейлі дағы, —  
жасай берсін дүшпаным дүшпандығын!  
Ал, қазақтың не дейсің ғылымының  
айтағына солардың ергеніне!!!

Сәуегейсіп, әркімге бал аштырып,  
көрер көзге үрпақты адастырып:  
«Бұдан бес жұз жыл бұрын мынау жәйтті  
Бабыр айтты», — дегенсіп,.. Алаш жәйлі  
мәселені қайта отыр қарастырып!

Мәселені қайта отыр қарастырып,  
дау-жанжалдың отынын қаластырып!  
Ең болмаса, Құдай-ау, айтқандарын  
тариҳына халқымның жүріп өткен,  
сәл де болса, қойса-шы жанастырып!

Жо-жо-жоқ!!!

Кайтеді оны шындыққа жанастырып, —  
Дүниені қазақпен санастырып!!!  
Одан дағы, қолында күш тұрғанда,  
жібермей ме быт-шыт қып! —

Жатсын сосын  
өзді-өзі қырқысып, бір-бірімен  
шешілмейтін түйінге талас қылып!!!

Мұндайлардан жөн еді сақтанғаның! —  
Масқараға қалды енді мақтандарың!!!  
Сорлы қазақ! Сезбесен, мен айтайын, —  
Ильмин жазған «Бабырдан» бермен қарай,  
«Алты Алаштың» аруагы — ақталусыз,  
қасірет жұтып, ах үрган ақтаңдағың!!!

Ақтаңдағың!!!

**Сал құлақты**

әңгімем арғысына:

Алты Алашты байладап ел қарғысына,  
Ильмин сұмың қап-қара әріптермен,  
өмір бойы бояуы өшпестей қып,  
жазып қойды тарихтың Жарғысына!!!

**О! Мынандай кім көрген ылаңыңды?!**

**Бұл найсапқа**

қыл енді қыларыңды!!

Тартып мініп астымда пырагымды,  
қылышымды қынымнан сурып ап,  
бос қалдырды-ау белдегі қынабымды?!!

**Жалпаң қағып,**

**жалпылдап,**

жақтағансып, —

**Жаза басса,**

жанын сап, ақтағансып, —

теспей сорып  
талайдың қанын ішкен,  
небір пері арада жүрді-ау сонда,  
қағып қойып арқадан  
мақтағансып!!!

Байқадың ба?!

Жок, әлде,.. байқамадың  
тұнығынды осылар шайқағанын?!  
«Ғалым!» – дейді-ау, сендерді,  
о бейшара,.. –  
дүшпандарың нені айтса, соның сөзін  
есің кетіп,  
есіре қайталадың!!!

Не сыр жатқан жасырын астарында,  
сәл ойланып,  
құпиясын ашпадың ба?!

Арам пиғыл, жымысқы әрекетін  
беттеріне шылжғырып  
баспадың ба?!

Қаперіңе кірмей ме сонда сенің,  
Ильмин сөзін қостасаң,

Алашыңың  
қылмыскер бол шығарын қас-қағымда?!

«Кісі өлтірген кісіні «Алаш!» – дейді, –  
қалмақтарда,  
нанбасаң, мынау тұрган  
Бабыр айтқан дерекке қараш», – дейді.

Иә!!!

«Алаш» сөзі болсын-ақ қалмағында, –  
«кісі өлтіру» магиналық салмағында!

Ал, алайда, Алаштай алты арыстың  
атын қою билігін берер ме едім,  
өліп кетсем, қалмақтай  
жарымғырға?!

Тас төбемнен қара аспан төңкеріліп,  
милығымнан қысады,  
көмкеріліп!.. —

О! Қос байтақ! Қос алып! —  
Алаш — Бабыр!

Көрінгенге былғатып абырайынды,  
қорлығына дұшпанның көніп келген,  
мендегі бұл

не деген көнтерілік?!!

Шаруам не әңгіме ұсағында?! —  
Қу надандық!

Аяқты тұсадың ба?!! —  
Кім ойлапты, —  
тұр-тұрі болады деп  
ішке тұскен қайғы мен құсаның да!!! —  
Мен

ұяттан тұншығып өліп барам  
жиырма да бірінші ғасырымның  
тастай қатқан

қайырымсыз құшағында!!!

Иә, Алла!

Иә, Алла!

Иә, Алла!!!

Естімесем бұл сөзді, тұңілер ме ем?!

Бүктетіліп аш белім,  
бүгілер ме ем?!

Тұнгі үйқымды төрт бөліп, дөңбекшимін,

Бабам үні жеткенде құлагыма,  
дүшпән жапқан жалаға шыдай алмай,  
көрде жатып күні - түн  
куңіренген!!!

Тұз құйылып  
жүректің жарасына,  
ойран түсті  
ойымның санасына!  
Жалбарындым өзіңе, иә, Жаратқан!  
Бүйирта көр адаспай жетер жолды  
Бабырым мен  
алты алып – Алашыма?!!  
Алашыма!!!

\* \* \*

Тарих – меніз!  
Сүңгі өзің  
тереніне!  
Ілігерсің  
деректің керегіне!  
«Түрік!» – десе, түрпідей жиырылып,  
қара суды азызар теріс қарай  
шылымыңның шетелдік берері не?!

Үш үйықтасам, түсте жок Голланыңа,  
Америкаң, Ресейің, Алманыңа,  
Францияң, Қытайың – қалғанына  
менің тегім не керек, тінктілен? ! –  
Бір-ақ мақсат – бәрінде, жалыз-ақ шарт –  
ол –  
адастырып ақ жолдан біз сорлыны,  
қайткен күнде түсірмек кармағына!

Ал, әйтпесе,  
қатысы не ед  
қалмақтың қазағыма?!

Бұл солардың жымысқы мазагы да!  
Кейінгі үрпақ:  
«Мынаны неге айттымен?»  
сақалына жармасып Бабалардың,  
жатсын дейді  
өзді-өзі қырылысып,  
батсын дейді дүниенің азабына!!!  
Бұл да – аманат Құдайға!  
Біз не делік  
ардан безген бұл мұндар  
кәzzәбыңа?!!  
Кәzzәбыңа?!!

«Бабыр!» «Бабырнамалап!» –  
бәйектеген

Ильмин сұмың ұсынған дәйектемен –  
міне, осы! –  
Қаларсың, қаламассың! –  
Сен, әйтеуір, осы іске  
араластың!!!

Бабыр салған сара жол сайрап жатып,  
айдың-құннің, апырмау, аманында  
Ильмин сұмға ілесіп,  
қара бастың!  
Қара бастың!!!

Тұншықтырған

тарихты қауызында,  
мысқал иман қалса-шы  
жауызында!

«Алашымды» «Палашқа» айналдырып,  
азган елдің, –  
Аллаға жазған елдің

Үкімі тұр, көрдің бе, Ильмин сүмның  
қаламының ұшымен сүйкей салған  
Бабыр бабам дуалы ауызында!..

Тілді осылай дүшпанның байлағаны!  
Қарсы қояр  
амал не?! Айла қані?!!

Өзімізді айдал сап өзімізге,  
ұймелетті көк шыбын  
көзімізге!

Көкбөріден сүт емген көкжал қазақ,  
қаңғып жүрген көлденең көк аттыны  
басымыздан секіртіп, аттатардай,  
ел намысын аяққа таптатардай,  
не көрінді?!

Не болды,  
осы, бізге?!

Бірде мақтап өткенді, бірде даттап,  
соңымыздан ілескен жас буынды  
сендерміз қай айтқан  
сөзімізге?!!

Еш нәрсенің, бармаймыз байыбына... –  
Байқап тұрсақ, бар кінә – өзімізде!

Өзімізде!!!

«Тең келер жоқ Алашқа!  
Мықты», – дедік! –  
«Қабагынан қара бұлт ықты», – дедік!  
«Алқа топтың алдында айбынымен  
талайлардың меселін жықты», – дедік.  
Ал, бүгін күн Ильминнің сөзіне еріп,  
арқасүйер асқар тау – сол Алашты  
«Қанішер боп қадімгі шықты», – дедік!..

О, несі бар?! –  
 Қырса қазақ, дұшпанын қырған шығар! –  
 Θз қылғанын  
     өзіне қылған шығар!  
 Кесірінен солардың, ел ішінде  
 ауып кетіп баратқан иман көшін  
 найза ұшымен  
     оң жаққа бұрган шығар!!!

Сөйтіп, жұртты бағытқа салған шығар!  
 Қанға қылыш сол үшін малған шығар!  
 Аузын ашса, жүрегі көрінетін,  
 нұр жүзінен иманы тәгілетін  
 мына қазақ  
     «Қапысыз, қалың елді  
 қан жылатты!» деген сөз  
     жалған шығар!!!  
     Жалған шығар!!!

\* \* \*

Корлап жатса, бас салып,  
     Бабырымды,  
 Қалай сақтап отырам  
     сабырымды?!  
 Ильмин жазып қалдырған «Бабырнама» –  
 кілең өсек, өтірік!!! Сонысымен  
 жасөспірім үрпақтың санасына  
 Бабыр жәйлы сінірмек  
     жала үгымды!!!

Ал, енді өзің  
 ар жағын  
     ойлап қара! –

Пиғылы не?!

Түбіне

бойлап қара! –

Қалың қазақ есептен шығарылып, –

айтуынша Ильминнің, Алты Алашқа

баға беріп, ат қойған –

ойрат қана!!!

Ойрат қана!!!

Деген осы – «От басар ойнақтаған!..»

Не қалды енді әңгімем ар жағына!

Іліктіріп қазақты

қармағына,

дарияның тұбінда бұққан жайын –

тастай сапты жемтіктей, қалмағыңа!!! –

Ей, агайын!

Одан әрі сен менен сұрап жүрме,

«Шіл боғындей шашылып,

шашыраңдай,

кім жеткізді бізді, – деп, – халға мына?!»

Небір, небір тағдырлар өтті бастан

нардың белі шыдамас салмағына!

Дүниенің қой айтып жалғанына,

арттым үміт «Аллалап!» алдағыға!

Серпілетін күн бүтін!

Сілкін, халқым!

Жоғын жоқтап, өткеннің, арын арлап

жетем десең бабалар

арманына!!!

Алқымынан алармыз қас дүшпанды! –

Бізде осыдан

басқа амал қалмады да!

Қалмады да!!!

\* \* \*

Адамшылық өзгертіп қалыбынды,  
өшірген соң

Бабырдай жарығынды,  
жердің жүзін жалмаган жалмауызға  
адастыру қын ба, қараңғыда,  
жол таба алмай,  
шатасқан халығынды!

Астагіфир Алла!!!

Койып өзін

Құдайдың орынына,  
қосылды олар Ібіліс жорығына!  
Сандырағын солардың кепілге алып,  
дәйек түйген ғылымда Бабыр жайлышы,  
ей, ғалымдар, не дейін  
порымыңа?!

Шиберіні, дәніккен өлексе жеп,  
неге жақындатасың бабалардың  
ару тұтқан аппақ нұр

Қорымына?!

Жемтік көрсөң, ентелеп, емінгенің! –  
О, қу жendet! Осынша

жебір ме едің?!

Аруағынан қорқу жоқ, – көрде жатқан  
марқұмдардың қол салып мүрдесіне,  
үстіндегі сыптырдың

кебіндерін!

Астагіфир Алла!!!

Жұпардай-ақ, сіміріп өлік демін,  
көкжиегін бейіттің  
сөгіткенің! –

Ата-бабаң салтында о бастағы

жер қойнынан адамды о дүниелік  
қайта алғанды сұрып  
көріп пе едің?!

Өлгенінді осы ма тірілткенің?!  
Саудыратып,  
мүшесін жіліктедің!  
«Мынау – басы,.. мынаусы – басқасы», – деп,  
төрт жұз қырық төрт сүйек, –  
әрқайсысын  
топқа бөліп, жік-жікпен іріктедің!  
Астагіфир Алла!!!

Біреулердің назары –  
бармағында, –  
бармақтагы айшықты балдағында!  
Енді бірі жармасар иықтағы  
алтын тонға, япырмау, жолыққандай  
ғұмыр бойғы көксеген  
арманына!!!

Бірі сұгар аяқты  
кебісіне,  
ұлтанының таң қалып елісіне!  
Сыбағадан құр қалған енді бірі,  
талақтайын, тарс етіп жарылардай,  
сыймай кетіп барады  
терісіне!  
Астагіфир Алла!!!

Қашан көрсөң, әркімнің мазагында! –  
Құн бар ма осы ес жияр  
қазагымда?!.  
Хан базарын қыздырып дүшпан отыр,  
үрпақтары тәу етіп, басын иер

бабасының тас қорған –  
мазарында!!!  
Астагіфир Алла!!!

Зұлымдығы дүниені қайран қылып,  
құлқыны мен нәпсісін майландырып, –  
көр қойнынан көтерген қазынасын,  
сатырлатып,  
қояды шотқа соғып,  
қып-қызыл өрт – ақшага айналдырып!!!  
Астагіфир Алла!!!

Әңгімені жөн еді созбаганым, –  
бір қылмыстан  
бір қылмыс қоздағанын!..  
Наламенен,  
қып-қызыл жаламенен,  
көрде тыныш жатқызбай, бабалардың  
көргенімде  
рухын қозғаганын,  
жаным күйіп, ботадай боздағаным!!!

Үрпақ қайда бұл жәйтті ескеретін, –  
егжейі мен тегжейін тексеретін?!  
Құдай сөзі – «Інжілге» қол көтерген,  
кәфіріңе  
Бабыр кім сескенетін?!

Иә-ә-ә!  
Құнын жойып Бабырдай қадырымның,  
қаздың терең шұңқырын қабірімнің!  
Ей, ғалымдар!  
Ел сорын арқаламай, –  
(Ғылымың да – өзіңе, былығың да!)  
тұрғанында қылмай тамырымның,  
тұпнұсқасын тауып бер Бабырымның!!!

Бабырым кім?!

Иә, менің

Бабырым кім?!

Бабырым кім?!!

Бабырым кім?!!

Бабыр – бабам!!!

Дүшпаным бас иетін

бойымдағы

бар асыл қасиетім!!!

«Бабырнамам» –

Байрағы

мұсылманның!!!

Жап-жасыл тұс –

келбеті ғұсыл жаннның!!!

Ал, «Бабыр жорық!» Бұл –  
бас қосу! Ұлы мақсат! –

Жандарынан табылып қысылған күн,  
босағасын бекіту

бұсырманнаның!!!

Лә илләһе ил Алла!

Мұхаммадун – расул Алла!!!

Жасыл Байрак!

Жасыл тұс –

«Бабырнамам!!!»

Алтын жебем –

атылған

адырнадан!!!

Рахым түссе Алладан, әлі талай  
қадаларсың дүшпанға

қабыргадан!!!

«Бабырнамам!!!»

О, менің

«Бабырнамам!!!»

«Бабырнамам!!!»

\* \* \*

Алты қарыс азуы арландарым!  
 Жіптей тізіп қайтемін қалғандарын!  
 Аруағыңнан айналдым, беу, бабалар!  
 Қаһармандық жолында біз – Сіздердің  
 өшкен уміт, жоғалған армандарың!!!

Осыны ойлап,  
 батамын  
 уайымға!  
 Зор бәйтерек! –  
 Гұрс етіп  
 құлайым ба?! –  
 Болар – болды!!!  
 Лажым жоқ! –  
 Мен бір ғаріп! –  
 Тағдыр еркі –  
 жалғыз-ақ  
 Құдайымда!!!  
 Иә, Алла  
 Иә, Алла!  
 Иә, Алла!!!

\* \* \*

Иә, Жаратқан!  
 Кеше гөр ақыныңды!  
 Әрі-сәрі күй кешкен  
 пақырыңды!  
 Бетпердесін шындықтың ашамын деп,  
 алыстатып алдым ба жақынымды?!

Оңды-солды сілтелеп қаламымды,  
 жерім бар ма жасқаған жаранымды?! –  
 Бәрі – өзіңе аманат!  
 Не де болса,  
 ададықтың тайдырма табанымды!!!

Иә, Жаратқан!  
Қабыл ал тілегімді!  
Рахым-нұрға толтырып жүрегімді,  
шафхатындан үздірме күдерімді!!!

Тәртіп айқын қасиетті Құрандағы!  
Құран ұстап, басымыз құралмады!  
Ол жоқ жерде, айтқан сөз –  
бәрі бекер!  
Өзін-өзі бұл пенден құр алдады!!!

Құран сөзі –  
Құдайдың бүйірғаны!  
Бүйірғаны –  
санама құйылғаны!!!  
Зердесізге не дейін?!  
Зерделісі  
айтқан ғибратнамаға үйыр дағы!

Құран сөзі –  
жүгіну Жаратқанға!  
Әр аятын,  
пәрман – сол,  
таратқанда!  
«Шайтан, – дейді, – үмітсіз!» –  
Арман қайсы  
иман болса жолдасың, дем таусылып,  
Құбылаға жүзінді  
қаратқанда!!!  
Лә илләһе ил Алла!  
Мұхаммадун – расул Алла!!!  
Аллаһу акбар!  
Аллаһу акбар!  
Аллаһу акбар!!!

Айсұлу Қадырбаеваның «Шыңғыс» дастаны осыдан 18 жыл бұрын жазылса да, тарихи-танымдық һәм жаңашылдық жағынан өте күрделі бүл шыгарманмен қалың жүртшылық әлі күнгө дейін жете таныс емес. Сондықтан, оны оқыған кезде оқырман қауым тосылып қалмай, шыгарма табиғатына бірден кіріп кетуі үшін, осы дастаның қыр-сырын жан-жакты зерттеп, ашып беру мақсатында жазылған Зәмзә Конырдың макаласын да енізгенде дұрыс көрдік.

Зәмзә Коныр

## ШЫҢҒЫС ХАН – ӘЛЕМДІК ТҰЛҒА

(Зерттегі)

«Тұмайды адамзатта Шыңғыстай ер,  
Даныштан тұңғышық ой, болат жігер.  
Шыңғыстай арыстанның құр аты да  
Адамның жүреғіне жігер берер».

*Мағжан ЖҰМАБАЕВ*

Күнде жасып жүргеніе,  
Көздегі шерлі жас келсін.  
Корлықпен өмір сүргеніе,  
Қанжыгада бас кетсін!..

*Сарышолак*

Шыңғыс хан тақырыбына қалам тербегенде алдымен назар аударатын бір жайт: «Шыңғыс хан күйбен тіршілігіндегі қара басының қамын ел-жұртының тағдырынан, ар-ожданынан жоғары қоятын арамзаларды «қара сүйек» деп, ал, алысты болжайтын, әріден ойлайтын, елін, жерін сүйген, «жаным – арымның садағасы» деп, ұлы мақсаты үшін қара басын құрбан етуден тайынбайтын мәрт тұлғаларды «ақ сүйек» деп бөліп қараган. Шыңғыс хан дәүіріндегі «ақ сүйек» үгымы

хан тұқымынан шыққан деген ұғымға айналған қазіргідей түрі емес, елін, жерін сүйген қажырлылар («пассионарлар») деген ұғымды береді. Қысқаша айтқанда, Шыңғыс хан ұғымындағы «қара сүйектілер» – қара басын гана ойлайтын қара ниеттілер де, ал, «ақ сүйектілер» ел қамын ойлайтын ақ ниеттілер болып шығады. Ұлы қаған «қара сүйектерді», хан нәсілі болса да, ел билігіне араластырмagan. Ал, «ақ сүйектік» қасиетін байқаса, қарапайым нәсілден шыққан жауынгерге ел билетіп, өз қасында ұстап, ақыл-кеңесіне құлақ қойған», – дейді Эренжек Хара-Даван, Н.С.Трубецкойдың «Шыңғыс хан мұралары» еңбегіне сүйене отырып. Мұны Э.Хара-Даванның «Қолбасшы Шыңғыс хан және оның мұралары» кітабына пікір жазған әйгілі ғалымдар **Лев Гумилев** пен **Вячеслав Ермолаев** та айрықша атап көрсетеді.

Бұл қағида – Теміршіні әлемдік тұлға Шыңғыс хан дәрежесіне көтерген қаған өмірінің негізгі өзегі екені өзінің өсиеттерінде де, ол туралы өміrbаяндық жазбаларда да алтын арқау секілді негізгі желі болып отырады.

Біз де, Шыңғыс ханша бағаласақ, осы үдеден шығатын халқымыздың «ақ сүйек» ұл-қыздары – ғалым-жазушылары Хасен Әдібаев, Мұхтар Мағаундердің, айтулы ақындары Мұхтар Шаханов, Айсұлу ханым Қадырбаева, Әмірхан Балқыбек, әрқайсысын өз биігінде бағалай отырып, айтысқандардың ауанымен кете бермей, тарихқа өзімізше барлау жасап, тарихи жазба мұраларды өз көзімізben оқып, санамызда саралауды үйгардық. Үйгардық та, бағдаршам ретінде осы айтыс-тартыстан бұрын Түркістан қаласының 1500 жылдық мерекесіне орай жазылып, 2000 жылы жарық көрген, Шыңғыс хан туралы қалыптасқан таптаурын пікірлерден мұлде бөлек пайымдауымен, батыл байламдарымен кесек-кесек тың да тұжырымды ой тастаған Айсұлу ханым Қадырбаеваның «Иманға жүгін, ей, пенде!» атты кітабының «Шыңғыс хан» бөлімін алып, өзге пікірлерді де ескере отырып, тарих тереңінен суыртпақтап, әр сөзінің түп негізін табуға тырыстық. Бұл өзі, қызығы қызын-

дығынан асып түскен, көңілдегі қай сұрағыңа да, «соқырга таяқ ұстатқандай», дәл жауап алатындаі жемісті жұмыс болды. Кезінде бағаланып, хатқа жазылып қалдырылған тарихи оқиғалардың түбірінен тартып, салыстыра зерттегенімізде, деректердің соншалықты бүрмаланып, теріс түсіндіріліп келгенніне көзсіз сене бергенімізді түсіндік.

### **Айсұлу:**

«Айтқан сөзі – халқының зиянына,  
қалды қандай қасиет зиялышада? !  
«Шыңғыс! » – десе, қытайга жүгіреді! ..  
Етек-жені далиған қайран Бабам  
қоржынына қытадың сияды ма? !

Тарих – меніз! Сүңгі өзің тереңіне!  
Ілігерсің деректің керегіне!  
«Түрік» – десе, түрпідей жиырылып,  
теріс қарай азызар қара суды  
тылымыңың шетелдік берері не? !

Үш үйіктасам, түсте жок Голланыңа,  
Әмірика, Ресей, Алманыңа,  
Францияң, Қытайың – қалғанына  
менің тегім не керек, тінктілеп? ! –  
Бір-ақ мақсат – бәрінде,  
жалғыз-ақ шарт:

ол – адастырып ақ жолдан  
біз соғлыны,  
қайткен күнде түсірмек қармазына!!! » –

деп ширатады ойын. Енді ақынның осы сөздеріне барлау жасап көрейік.

Лев Гумилев: «Еуропа елдері» тарихының қаңқасы болып табылатын, әбден тексеріліп, даталары қойылған оқиғалар жина-

ғы, өкінішке орай, Азия елдері үшін әлі күнге дейін құрылып, жасалмаған. Мәселен, бастаухаттарды зерттеу әдісі. Тақырыптың күрделілігі және көпқырлылығы бізді тарихтық сын мен тарихтық талдауга мейлінше мұқият қарауга мәжбүр етеді. Ең толық бастаухат Қытайдың әулеттік шежіресі болғандықтан да, Н.Я.Бичурин, Ст.Жюльян, Э.Шаванн мен Лю Мао-Цзай, анда-санда грек және араб-парсы мәліметтерін қосып, тек соларға ғана сүйенген. Мұндай ынғайлану түп-тура бір ғана нәтижеге апарып соғады — осынау зерттеушілердің еңбектеріне арқау болып, өздерінің еркінен тыс, орта гасырдағы қытайлық тарихи дәстүр бағыты тартылып жатады. Алайда, тарихи сын-сынаққа салғаннан кейін, бұл бағыт мұлде жалған болып шығады, ендеше, жалпы алғанда, бір халықтың тарихын тек қана оның дүшпанының көзқарасы тұрғысынан зерттеуге болмайды» («Көне түріктегі», 86 б.).

«Осы орайда А.Н.Бернштамның көзқарасын біз әлі сынаймыз», — дей келіп, Л.Гумилев: «Осы мәселені жаңа қырынан зерттеу талабы Е.Прицактың жұмысынан көрінеді», — дейді де, әрі қарай оны да сынайды. Лев Гумилев кейбір ғалымдардың еңбектерін саясаттың салқыны тиген субъективті пікір деп қатты сынга алса, Грумм-Гржимайло сияқты этнографиялық, этнологиялық, хронологиялық, сонымен бірге, тарихи-географиялық тұрғыдан да жан-жақты зерттеген ғалымдардың еңбектерін жогары бағалайды. Демек, тарихтағы кейбір солақай саясаттың қолшоқпary болған ғалымдардың, ұлы дала тарихын кері оқыту ниетімен бүрмаланған фактілер қатып қалған догма емес. Ұлы дала тарихына сәуле түсіру — «Ұлттым!» деп согар үлкен жүректі ғалымдарымыздың қасиетті парызы. Әрберден соң, өзгелер өзімізді өзімізге кері дәлелдеуге тырысқан Ұлы дала тарихына байланысты әрбір он деректі жинай жүру, әрбір қатені көрген жерде түзете жүру — әрқайсымыздың міндеттіміз. Ұлтқа қызмет ету, ұлттық рухты көтеру, оның тағдырына немқұрайлы қарамау — шындық жолында шырылап жүріп, бар ғұмырын өткізген талай саңлақтарымыздың қол

жеткізсек деген мұраты болатын. Аллаға шүкір, біз Айсұлу ханым шығармасынан бұл мұратқа үндестік тапқан секілдіміз.

*«Сөйлем кетсем, өлең-сөз жосыла ма?  
Аярлықтың бет-жүзі осыла ма?!  
Ақиқатқа соқпаса Бабам ісі,  
қол бастаған сан Батыр басын иіп,  
өз еркімен Шыңғысқа қосыла ма?!» –*

дейді ақын. Бұл орайда тарихшылар не айтар екен, соған тоқталайық.

Э.Хара-Даванның «Қолбасшы Шыңғыс хан және оның мұралары» атты кітabyна жазған пікірінде Лев Гумилев пен Вячеслав Ермолаев: «XIII-XIV ғасырларда орыс тілінде «ИГО» сөзі – «ұстемдік», «еэгі» деген магынада қолданылмаған. Ол кездегі орыстар үшін «иго» – «скрепление» – «бекіту» («иго» для русичей тех времен обозначало то, чем скрепляет узду или хомут) деген магынада қолданылған. Ең бірінші рет бұл «иго» сөзі «ұстемдік», «еэгі» магынасында Запорожье казактарының жазбаларында («с немалой жалостью под игом московского царя вздыхают»), яғни Петр заманында қолданылған.

Шыңғыс хан ешқашан да әлемдік ұстемдікке ұмтылмаған. Оның көкейтесті мұддесі – Ұлы Дағаны ен жайланаған ұсақ тайпалардың басын біріктіріп, көрші елдер арасында бейбітшілік орнатып, бір тәртіпке бағынып, сыртқы жаудан ұйымдасып қорғануды жолға қою болды. Оның бұл мақсаты, жауларының көзқарасы тұрғысынан қараганда, әлемдік билікке ұмтылудың алғышарты болып көрінді. Ал, басқадай қатты қактығыс, қан төгіске соқтырған соғыстар Шыңғыс ханның еркінен тыс оқиғалар тізбегінің әсерінен болып отырды. Жеңілген елдерде Шыңғыс хан қолданған саясат Наполеон, Гитлер сияқты қолбасшылардың басқыншылық саясатынан мұлде бөлек болды», – дейді.

Э.Хара-Даван да Марко Полоның: «Ол жаулап алған елдерінің меншігіне, дініне, салт-дәстүріне құрметпен қаралды. Оның осындай адамгершілік қасиетін көріп, сыртқы жауларынан қорғайтынына көздері жеткеннен кейін, бұрын оны жау санағандар енді жан-тәнімен берілген сенімді серіктеріне айналады. Осыны көрген көптеген көршілес елдер өздері келіп қосылады», — деген сөзіне жүгінеді. Әйгілі жиһангердің бұл айтқандарын Шыңғыс ханның бүкіл ғұмыр тарихы дәлелдеп береді.

Кешегі ата-бабаңнан, салт-санаңнан, алтын діңгегің – дінің мен діліңнен бездіретін, өзінді өзіңе құбыжық етіп көрсететін қызыл империялық идеологиямен айықпастай уланған зерттеушісімактар тарихи деректердің астары мен тысын, арқауы мен тінін айырып алмай, **жау елдер тарихшыларының көкірегімізді басып, рухымызды жасыту үшін жасақтаған жазбаларын оқып, таныса сала, әрі қарай зерттеуге мойындары жар бермей, – мойындары жар бермей де емес-ау, кеңестік кезеңдің дәстүрлі тәрбиесі бойынша, алдын ала белгіленген өзіне тиімді межеге көрсетілген жолмен ғана жетуге үйретілген дағдыны бұзып-жарап жігердің жоқтығынан, көрер көзге жалған қорытынды жасай салғандарына қынжылмасқа шара жоқ.** Ал, өз биліктері өз қолдарына тиген дәл бүтінгідей күні, сол олқылықтардың орнын толтырып, «Осы қалай?» деп ойланып, бастарын қатырып, әуреге түскілері келмейді. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген – осы.

Шыңғысты біреулер Македонский, Наполеонмен теңестіріп жатады, кейбіреулері, тіпті, Гитлерге теңеп қорламақшы. Македонский, Наполеон, Гитлерлерде жесе де, жемесе де, тамақтай беретін қорқау қасқырдай тек басқыншылық ниет қана болды. Бұлардың ешқайсысы да бағындырған елдеріне қанды қырғыннан басқа ештеңе берген жоқ. Олардың шектен шыққан езгісі жергілікті халықтың ашу-ызасын қанасынан асырып жіберді де, жаулап алған жерлерінде тұрақтап қала алмады. Македонскийдің өзі өлген соң, әскерінің тамтығы сұл-

дерін сүйретіп, еліне әзер жетті. Наполеон мен Гитлер көзінің тірісінде-ақ, қүйрей жеңіліп, басып алған елдерінен бұралқы иттей қуылып тасталынды. Бұл екеуін жеңілген соң-ақ, өз елі де мойындаудан қалды. Ал, Шыңғыс хан болса, алдымен өзінің де, көршілерінің де ата жауы Қытайды тәубесіне келтірді. Қытай сол Шыңғыс хан тойтарғаннан бері, өзінен де зор шығуы мүмкін екендігін түсініп, әлі күнге дейін, көршілерінен аяғын тарта жүретіндей жағдайга жетті. Екіншіден, Шыңғыс ханның мақсаты басқыншылық емес, ағайындастас ұсақ тайпаларды біріктіріп, іргелі ел ету болды.

Шыңғыс ханның ақ ниетін, Алланың қолдауымен орындалған осы Ұлы арманын ұрпақтарына қалдырган төмендегідей өситет сөздерінен анық аңгаруга болад:

*«Жан-тәнімді тыныш етсем,  
жамағатым жарлы болар.  
Қара басты тыныш етсем,  
қазанатым соғлы болар.  
Жан мен тәнім шаршаса да,  
жамағатым азбасын.  
Қара басым қажыса да,  
қазанатым тозбасын!  
Атар тұстан батар тұсқа созылған  
алыс елдің адамдарын жинадым.  
Соншама көп бөтенді  
бауыр еткен мен едім.  
Соншама көп бастағды  
біріктірғен мен едім.  
Арам ойдан жалыққандар – ол.  
Арам көңілден тарыққандар – ол.  
Ұрпақтарым менің – сіздер,  
Ойдан еш жалықпаңдар!  
Көңілден еш тарықпандар!»*

*Хан жақсыда – қара да мәз.*

*Хан иенің бакыты –*

*қасиетті тағында.*

*Қара адамның бакыты –*

*хан иенің затында.*

*Ашулы кек, арам жүрек –*

*арсыз көңілден өткен жау болмас!*

*Дүлей күшті епке сап,*

*даналық қып жұмсаса,*

*дүниені билерсің.*

*Асқақ ұлыс елінде,*

*абыраймен ұстандар!*

*Артта қалағ атынды,*

*асыл заттай қорғандар!»*

«Інілерім, ұлдарым, қалың қауымым, сіздер өз бастарыңызды ұмытып, ұлыс үшін әркез үлкен насихат қылыш тұрыңыздар, білім-ғылымды игерген адам тапсаныздар, өздеріңнен алыстатпаңдар, оның сендерге шарапат-шапагаты көп болады. Мениң азаппен жинаған елімді қорғап, қолдандар! Осы аманатты орында масандар, бәрі бүлінеді. Орнату – қыын, оны қорғау – одан да қыын. Ұлы шабытпен ойланған біліндер!».

Міне, өзінің осындай өмірлік қағидасын берік ұстанған дана Шыңғыс хан көршілес елдерді бейбіт жолмен бағын-лыруға тырысты. Соғыспен алуға тұра келген күнде де, аса зәбір көрсетпей, өз қоластындағы елінің тағдырына аса жауапкершілікпен қарап, дінін, тілін сыйласп, оларды сыртқы жаула-рынан қорғай отырып алды. Шыңғыс ханның осы саясатының гәтижесінде Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, мәскеулік орыстар (орыстардың атын әлемге паш еткен тегі түркі, әйгілі ақын-жазушылар, ғалымдар) дүниеге келді. Және оны төрт ғасыр

бойы Шыңғыс хан үрпақтары билеп тұрды. Сөзімізді тағы да ғалымдардың пікірлерімен астастыра отырып дәлелдесек: «Шыңғыс хан бағындырган елдердің ішінде тек парсылар ғана жаулат алынған ел есебінде хандардың билеуінде болды да, қалған Еуразия елдері өз еріктерімен қосылған ел деп есептeliнді. Жаулат алған елдерінің дініне, тіліне құрметінің арқасында орыстың православие дініне сіңіп кеткен мәскеулік орыстар пайда болды», – дейді Л.Гумилев. Ал, Айсұлу ақын:

«Ана-жатыр – жафалып қуысында,  
кек туїліп темірдей ұысында,  
жауда кеткен ақысын даулай тұған  
бұл Шыңғысын – жалғыз ұл, –  
жалғыз тарлан  
түрік деген тұқымның тұысында!!!» –

Одан әрі:

«Жауда кеткен әнеріп келіңізді, –  
тезге салып тентек пен теліңізді, –  
қайта тартып босаған беліңізді, –  
«Халық» атты белгілеп еніңізді, –  
жұдырықтай бір жерде жұмылдырып,  
қосып кеткен қатарға еліңізді, –  
сол Шыңғыс хан! – Мойында –  
мойында ма!!!» –

деп ширығады. Ақын айтып отыргандай, әкеден жастай жеттім қалып, небір қыындықты бастан кешіріп, теперішті көп көрген Шыңғыс хан ендігі жерде өзі құрган мемлекетінің көрегесін кеңейтіп, іргесін берік ұстамаса, Отанын өрт шалып, халқы қанауга, малы талауга түсетінін жақсы білді. Ол, қандай жағдайда да, шегінудің өліммен тең екендігіне әбден көзі жеткендіктен, түйген тәжірибесін даналықпен іске асы-

ра білді. Шыңғыс хан сабак алған Ақадемия – өзінің ауыр тағдыры! Жеңіске жетелеген құш – Алла берген сұңғыла ақыл, асқақ рух еді. Ол ақыл-айла мен қаруды тең ұстап, өзінің өсиетінде айтқанында, бір сәт те белін босатпай, соңына ерген елін тек жеңіспен ауыздандырып, жауынгерлерінің жігерін шар болаттай шындалап отырды. Бірін ақылмен, бірін күшпен бағындырған елі мен «жер көлемі жөнінен тарихта теңдесі жоқ, Сары теңізден Адриат теңізіне дейінгі аралықты алып жатқан, көне дүниенің географиялық өлшемімен есептегендеге, жер шарының бестен төрт бөлігін біріктірген алып Монгол империясын құрды» (Э.Хара-Даван 17 б.).

### Айсулу ақын:

«Қара қазан! Қалың ел – қарауында! –  
Дүниенің ісі жоқ талауында!!!, –

немесе:

Бір Алла аты – Шыңғыстың ұранында!!!  
Болат тәртіп!!! – Ол тәртіп –  
Құранында!!!» –

десе, ол да дәлелсіз болмас, сірә.

Иә, Шыңғыс хан өмір бойғы жеңісінің жемісі – қоластына біріктірген қалың елді ғасырлар бойы үрпақтарының үрпағы билеп тұра алатында етіп, қогамның барлық топтары мен бүкіл әскери қызметшілерге де ортақ, қай істе де темірдей тәртіпті талап ететін қатал да әділ «Жасақ» атты Заңын жазып қалдырыды.

Шыңғыс ханға бүйрекі бұра бермейтін, «еуроцентристік» көзқарасты ұстанған Э.Хара-Даван, жоғарыдағы мысалдардан да байқағанымыздай, оның даналығы мен данышпандығын әбден мойындағанын жасыра алмай: «Законы Чингис-хана не были одной теорией, он умел дать им силу и заставить исполн-

нять их. Этого он достиг строгостью и уменьем выбирать людей, так законность пускает в народе корни лишь тогда, когда он видит, что закон обязывает не только «меньшую братию», но и ее правителей. В этом отношении сам верховный правитель представлял живое воплощение безусловного подчинения изданным им самим законам:

«Этот, не умевший ни читать, ни писать деспот, – говорит о нем подполковник РЭНК, – исповедовал культ писанного закона. Не было государя, который соблюдал бы более добросовестно договор, заключенный между ним и государством. Среди самых ужасных репрессий, к которым он прибегал, его самые заклятые враги не могли указать ни на малейший каприз с его стороны».

Не подлежит сомнению, что такой пример, подаваемый самим ханом, должен был оказать благотворное влияние на нравы всей монгольской администрации и магистратуры, что, в свою очередь, воспитывало народ в духе строгой законности», – дейді.

Бейбарыс сұлтанның тұсында Шыңғыс ханның болат қаңылтырға жазылған «Жасақ», «Жаса» Заңы Мысыр мамлюктеріне де заң болды.

Шыңғыс хан барлық халықтар мен барлық замандар тарихында әлемнің ең Ұлы қолбасшысы болып танылды.

Ғалым-жазушы Хасен Әдібаев «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қара күйе жақпайық, Отырады сақтайық» деген мақаласында: «Бес-алты жыл бұрын АҚШ-тың «Вашингтон пост» газеті халықтан сұрау салып, мың жылдың ең құдіретті тұлғасының тізбегін шығарды. Осынау ұзақ дәуірдің ең ірі марқасқасы деп Шыңғыс хан аталыпты», – дейді. Әділ баға! Халық берген баға!

Осы орайда Теміршінің Шыңғыс хан аталуына да тоқтала кеткен артық болмас. С.Г.Кляшторный мен Т.И.Султанов: «По мнению ряда востоковедов, титул Чингиз происходит от тюркского слова тенгиз – море, океан, а композит Чингиз

хан соответственно означает «Океан-хан», т.е., «Всемирный хан» («Казахстан. Летопись трех тысячелетий», стр.172), – дейді. Жоғарыдағы пікірге сүйенсек, дәлірек алғанда Шыңғыс хан деген – «Мұхиттай терең сұңғыла, ақылы асқан дария, көреген дана, немесе, шыңдай биік асқақ рухты хан» деген мағынаны береді. Бұл қастерлі атақты Шыңғыс хан ақтық демі біткенше ақтап өтті.

\* \* \*

Шыңғыс хан туралы әңгіме қозғаган соң, оған айып ретінде таңылып жүрген мына бір оқигаларға да тоқтала кетпесек болмас. Біріншісі – «**Ұлкен ұлы Жошыны үшінші ұлы Өгедейді** тақ мұрагері ету үшін өлтіртті» делінетін жайт. Мұның аққарасын өз сөзімізбен дәлелдеп әуре болмай-ақ, Монголдың «Құпия шежіресіндегі» (176-181 бб.) анық баянын келтірсек жетеді. Шыңғыс қаған сартауыл (Ортазиялық Түркістан) еліне жіберген Ұқына бастаған жұз елшісі өлтірілгенін естігенде: «Алтын арқанымызды сартауылға қидырып, қол қусырып отырамыз ба? Егеске қысас істеп, сартауылдармен шайқаса-йық», – деп дереу аттанғанда, Есүй ханым:

*«Қаған-ау, Ұлы асудан асарада,  
ұлы өзеннен өтерде,  
ұзак жолға шыгарда,  
елін қайтіп билеуді,  
өтер өсімет алдымен.*

*Тұған дene солатын,  
толған ғұл де онатын,  
барша әлем кезегін,  
батыл ойла алдымен.*

*Пана тұтар дененіз,  
пәни кетсе, көнеміз.*

*Қасиетті тұныңды  
кім ұстар де сенеміз?*

*Ауызыңыздан сұрайық,  
айтпай қайтып тұрайық.  
Тұылған төрт ұлыңың  
таққа кімі лайық?» –*

дегенде, Шыңғыс қаған: «Қатын болса да, Есүй тым орынды айтты. Бауырларым мен ұлдарым, сендердің бірде-біріндің есіңе бұл сөз тұспеді. Мен де өмірдің кезегін ұмытып кетіппін. Ұлымның үлкені Жошы еді. Кәне не айтасың? Сен айт!» – дейді. Жошыдан бұрын сөзге Шагатай араласады. «Жошыға сөз сөйле деп, оны неге нұсқағалы отырсың? Біз меркіттің қоқсығына бағынбақпыз ба? (Анасы Бөрте меркіттерге қолға тұсіп, Жошы сол тартыстан кейін дүниеге келген бала болғандықтан, солай деп отыр) – дегенде, Жошы қарғып тұрып, Шагатайдың алқымынан ала тұсіп: «Мені қаған әкем бөтен көрмегенде, сен неге мені шеттетіп отырсың? Сен тек долышарқоялығыңмен ғана артық шыгарсың?» – дейді. Соңда Шыңғыс хаған: «Жошыны шеттеуге бола ма? Ұлдарымның үлкені Жошы емес пе? Бұдан соң өйтпендер», – дегенде, Шагатай тұрып, Жошының күштілігі мен адамшылығын айтпастан:

*«Кешірімді еді Өгедей,  
қаған таққа лайық.  
Кәдірмен әке жанынан  
қалдырмай оны тұрайық.  
Қарқара тұмак күзін,  
қадыл болуын сұрайық», –*

дейді. Сөйтіп Шыңғыс қаған: «Жошы не айттар екен, айтсың?» – дегенде, Жошы: «Шагатай екеуміз күш қосып жәр-

демдесейік. Өгедейді ұлық тұтайық», – дейді. Сонда Шыңғыс қаған: «Бірігу деген не? Жер-ана кең, Өзен-көл көп қой. Бөгде елдерді бодан етіп, жеке-жеке болындар. Өз иеліктерінді кеңеите беріңдер. Ал, Жошы мен Шағатай екеуің айтқандарыңа жетіндер. Досқа қулкі, дүшпанға таба болмай, ынтымақтасып жүріңдер. Ал, Өгедей, сен не айтасың? Айт!» – дейді. Өгедей: «Не аитарымды білмей тұрмын. Істей алмаймын деп қайтіп айтамын, істеуге тырысайын», – дейді. Сонда Шыңғыс хаган: «Өгедей мұндай сөз айтқан соң, болды. Ал, Толұй не дер екен? Айтсын!» – дейді. Толұй: «Мен қаған әкей атаған ағайдың жанында болып: «Алысқа жорытса – серігі, жақынға жорытса – сойылы болайын», – дегенде, Шыңғыс қаған риза болып: «Оның балалары Қасарға, Алшыдайға, Омшыға, Белгітейге мұрагер болсын», – дейді. Міне, осылайша, Шыңғыс хан Жошының өлімінен 5 жыл бұрын, 1219 жылы балаларының өздерінің үйғарымы бойынша тақтың мұрагерін белгілеп, еншілерін бөліп берген-ді. Моңгол жұртының, Шыңғыс хан тарихының жылнамасын мүмкіндігінше боямасыз көрсеткен монголдың «Құпия шежіресі» мен «Алтын шежіресінің» баянына жүгінген орынды.

Белгілі тұлғалар тәңірегінде әртүрлі аңыздар тудырып, әсірелеп көрсететін батыс менталитетті тарихи-көркем шығармалардағы «түбі шикі ұлдан құтылу керек болды» дейтін лақапта негіз жоқ. Тіпті, солай болған күнде де, жұрт ауызына ілінбей тұрып, жас кезінде көзін құрттар еді ғой. Оның үстіне Бөрте меркіттерге қолды болғанға дейін де, Шыңғыспен ерлі-зайыпты өмір кешкенін, демек, тұтқынға тұскенше жүкті болуы әбден мүмкін екенін де, ақылды да сұлу, некелі үш әйелі бола тұрып, Бөртеге ешқашан көнілі суымағанын, мұрагерлікке Бөртеден туган төрт ұлды лайықтағанын неге ескермейміз? Оның бер жағында Шыңғыс хан: «**Жошы қаршадайдан қатар жүріп мемлекетті құрысты**» («Алтын шежіре», 134 б.), – дейді. Бұл – Хан ауызымен тұлға болған азаматқа берілген баға. Ал, оны солдайлықты дәрежеге жеткізіп, тәрбиелеген сол Шыңғыс

хан. Міне, Шыңғыс ханның үзеңгі қағысып, қатар жүріп, мемлекетті құрысқан тұңғыш ұлы Жошыменен екеуінің ара-қатынасы осындай. Ендеше, өзі тірек тұтқан қадырлы ұлы тұргай, жорық жолында өзіне шын берілген қаруластарының өздеріне, одан қала берді, тұқым-тұқиянына адал көңілмен қарап, достықтан айнымайтын тектілігіне қанық шын зиялны жоғарыда айтылған қаңқу сөз иландыра алмайды. Яғни, бұл лақап, тіпті, қисынға келмейді деп білеміз.

Екіншісі – «Теміршіннің өзімен әкесі бір, шешесі өзге Бектер бауырын өлтіруін» Лев Гумилев Моңголдың «Құпия шежіресіндегі» осы оқиғаны баяндайтын нұсқаға әртүрлі қырынан мәтіндік, логикалық талдау жасай келіп: «Бектер Теміршіннің елді біріктіру ойына тыңшылық жүргізіп, ішкі сырды сыртқа тасыған болса керек» деген байlamға келеді. Қазірге дейін «Құпия шежіренің» мәтініне талдау жасаған жалғыз ғалым Лев Гумилев еkenін ескерсек, біздің де осы байlamға тоқтағанымыз дұрыс. «Бектердің Теміршінді сатқандығы күмән тудырмайды. Ал, Сатқынға қашан да өлім лайық», – дейді, «Шыңғыс хан жайлы шындық неге біржақты бейнеленуге тиіс?» («ҚӘ» 25.05.01) деген мақаласында Әмірхан Балқыбек. Бұл оқиға туралы біз де осы пікірдеміз. Сатқындықтары үшін өз балаларын өз қолымен өлтірген Тарас Бульбаны україндықтар – «Ұлттық батыр» деп, ал үнді әйелді үнділер «Бүкіл Индияның анасы» деп қастерлесе, дәл осыған үқсас жағдай спартандықтар, жауырынынан оқ тиген жауынгерді «Қорқақ ұл өсіргені үшін» деп, өзінің анасына өлтіртіп, және оны иғлікті нәтиже беретін патриоттық тәрбиенің негізі деп танып жатса, және де ол әрдайым «оң нәтиже» беріп отыргандай болса («300 спартандықтар»), әрине, қазақ халқы – бізде де мұндай шешімдер болды. Айталақ, жаудың қызын сүйіп, онымен оның жағына өтіп кетпек болған жалғыз інісін, басқаларға сабак үшін, өзі өлтірген батыр Баян туралы дастан жазып, кино түсіріп дәріптеп, «Елімді, жерімді сақтау үшін көп қан төгуге тұра келді», – деп мойындаған Абылай ханымыз –

ды ардақтаумен келе жатырымыз. Иә, ендеше, тарихта ел мұддесі, – Шыңғысша айтқанда, «ақ сүйектік» – осындай ауыр құрбандықтарды талап ететін кездер аз болмаған. Бір бабамызды қастерлеткен «қаталдықты», ел үшін істеген бірдей құрбандықты екіншісіне айып қып тақсақ, әділдігіміз, білгеніміз қайсы, **екіжүзді** болып шықпаймыз ба, кейінгіге қандай үлгі қалдырамыз?! Аталарымыздың өзін даттасақ, әлемдік тарихқа қалай әділ төрелік айта аламыз? Өзімізде, сөзімізде қандай пәтуа болмақ?! Бұл орайда **Айсұлу ақын**: «Бірде мақтап өткенді, бірде даттап, соңымыздан ілескен жас буынды сендереміз қай айтқан сөзімізге?!» – дейді.

Енді Лев Гумилев пен Вячеслав Ермолаевтың «Шыңғыс хан ешқашан да әлемдік үстемдікке үмтүлмаған. Оның көкейтесті мақсаты – Ұлы Дағаны ен жайланаған ұсақ тайпалардың басын біріктіріп, сыртқы жаудан үйымдасып қорғануды жолға қою еді. Ал, басқадай қатты қақтығыс, қантөгіске соқтырған соғыстар Шыңғыс ханның еркінен тыс оқиғалар тізбегінің әсерінен болып отырды» – дегені мен Айсұлудың:

*«Өлишенбейді иманың санынменен! –  
Жылжыл аққан тамырда қанынменен!  
Қазидасы Құранның сол болады –  
бір анадан тусаң да, туыстық жок  
ардан безіген Құдайсыз залымменен!!!»*

дейтін жолдарының байыбын барлап көрейік.

«Шыңғыс хан батысқа қарай үдерे қашқан ата жауы меркіттерді біржолата талқандау үшін 1216 жылы Жошы бастаған әскерін жіберген еді. **Торғай өнірінде**, Үргыздың маңында меркіттерді ойсырата жеңіп, жолы болып келе жатқан Жошыға қыпшақтармен соғысуға сайланып шыққан Мұхаммед сұлтан хорезмшахтың 60 мың әскері қарсы жолығып қалады. Жошы: «Бізді меркіттерді талқандауга жіберген. Сіздермен соғысуға

рүқсат жоқ», — деп қанша жалтарса да, хорезмшах көнбей, соғысуға мәжбүр етеді. Кескілескен шайқаста моңголдар тең, кейде, басым түсіп, тіпті, хорезмшахтың өзі моңголдардың қолына түсіп қала жаздайды. Сұлтанды бұл қатерден қас-қағым сәтте шешімді батыл қимыл көрсеткен ұлы Жалаладдин құтқарады. Құні бойы шайқасып, жеңісі алмай, кешке қоналқага тоқтайды. Түн қараңғысын пайдаланып, моңголдар әр жерден лаулата от жағып, өздері тез кері қайтып кетеді. Таңертен бұл құлық сұлтанға белгілі болған кезде олар қуып жете алмастай ұзап кеткен еді. Хорезмшахтың ұлы Жалаладдиннің хатшысы Аннасаудың айтуынша: «Хорезмшах моңголдардың ерлігіне тәнті болып, қару жұмсаудағы шеберлігін айта жүреді еken» — дейді С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов («*Казахстан. Летопись трех тысячелетий*, стр.173).

Шыңғыс ханның еркінен тыс болған соғыс дегенде **атышулы** **Отырар** оқиғасын айтпай кету мүмкін емес. Шыңғыс ханның Қытайдағы жеңістері Орта Азияға аңыз боп таралған түс еді. Мұндай дақпырттың шындығына көз жеткізу үшін хорезмшах Монғолияга елші жіберді. Шыңғыс хан да өз кезегінде батыстағы көршісіне хорезмдік Махмуд, бұхарлық Әмір мен отырарлық Жұсіп Ханқа секілді үш мұсылман бастаған елшілерін аттандырды. Хорезмшах 1218 жылы Шыңғыс ханның тарту-таралғысы мен мемлекетаралық бейбіт сауда қатынасын орнату және сауда керуендерінің қауіпсіздігіне кеппілдік беру жөнінде келісім-шарт жасасу туралы хатын, «Құдай тағала маган машырықтан сенің уәлаятыңа шейінгі халықты берді. Енді сен де маган бағынып, менің балам бол, сөйтіп, мұсылман елінің тыныштығын сақтағайсың» деген сәлемін әкелген монгол елшілерін Бұхарда қабылдады. Сұлтан Мұхаммед монгол әміршісінің бұл келісім-шартына толық қосылатынын білдірді.

Елшілері Сұлтан Мұхаммедтің жауабын әкелген соң, Сұлтан Мұхаммедпен тіл табысқанына Шыңғыс хан шынайы разы болып, Сұлтан Мұхаммедтің бұған жамашылық жасамайтын-

нына және өзінің де ондайға бармайтынына сенімді болды. Дәл сол кезде Бағдаттың халифы Насыр Шыңғыс ханға елші жіберіп, Сұлтан Мұхаммедтің үстіне бірігіп аттанайық деп ұсыныс жасап еді, оған, жасасқан шартты бұзғысы келмей, жағымды жауап бермеді. Сөйтіп, Шыңғыс хан Орта Азияға Омар хажы Отырари, Жамал Мараги, Фаҳр-ад-Дин Жизаки Бухари, Әлмин ад-Дин Харави бастаған сауда керуенін жіберді. Алтын-күміс бұйымдары, тай-тай жібек маталары, бұлғын, құндыз, т.б. бағалы аң терілерін 500 түйеге артқан, арасында барлаушылары да бар 450 адамнан тұратын бұл керуен Отырарға 1218 жылдың орта шенінде жетті. Отырардың билеушісі Айналшық Сұлтан Мұхаммедтің туысы еді, оған Қайырхан деген лақапты берген де Мұхаммед хорезмшах болатын. Саудагерлер Қайырханның қабылдауында болған кезде Айналшықты танитын біреуі Қайырхан демей, «Айналшық», – деп қалды. Ол бұған ашууланып, саудагерлердің барлығын қамауға алуды бұйырды. Өзі Сұлтан Мұхаммедке кісі жіберіп, біrnеше адам жансыз болып келіпті деп хабарлады. Сұлтан Мұхаммед ол сөздің растығын тексермей, барлығын қырып, әкелгендерін талап алыңдар деп бұйрық берді. Қайырхан саудагерлер мен елшілерді түгел өлтіріп, мұліктерін талап алды. Керуеншілерден бір-ақ адам қашып шығып, болған жайды Шыңғыс ханға жеткізді. Шыңғыс хан құнықері «Айналшық» Қайырханды ұстап берсе, арада болған бейбіт келісімді бұзбайтынын айтып, хорезмшахқа тағы да Ибн Кафраж бастаған елшісін аттандырды. Шыңғыс хан бәрібір соғыспай қоймайды деп есептеді ме, әлде, Қайырханды ұстап берсе, өзінің де болған іске қатысы барын айтып қояды деді ме, хорезмшах бұл талапты орындау былай тұрсын, тағы да бейкунә елшілерді өлтіруге бұйырды.

«Дегенмен, Шыңғыс хан мұсылман елдеріне жорық жасауга үлкен мән беріп, аса мұқият дайындалғаны сондай, «Отырар ойранын» көзімен көрген мұсылмандардың өздері соғыс хорезмшахтың кінәсінен boldы деп түсінген еді», – дейді бұл туралы аш-Насауи.

Шыңғыс хан қолға түскен Қайырханның ел арасын бұлдіріп, соғысқа себеп болған ашқөз, дүниеқоңыздығы үшін, құлағы мен көзіне балқыған құміс құйып өлтіруге әмір етеді». (С.Г.Кляшторный, Т.И.Султанов. «Казахстан: летопись трех тысячелетий», стр.174-178), Әбілғазы Баһадүр, «Түрік шежіресі» (67-170 бб.).

Осылайша, Қайырханның кінәмшілдігі – елшіні өлтіру деңеген сүмдық бұрын-соңды тарихында болмаған елді қанды қыргынға душар етті. Ал, Шыңғыс хан өзіне: «Алтын ханың жарлығын тізерлеп тұрып тыңда!» – деп өктем сөйлеген Қытай елшісін де өлтірмей, еліне аман-есен қайтарып, дәл сол кезде Қытаймен соғысуга әзірлігі болмағандықтан, елді аранда-тып алармын деп, қауіп-қатерден сақтанып, өз жеке басын қорлатқан жағдайға да көнді. Өзінің «Ақ сүйектік» қагидасты бойынша, ең үлкен намыс соғысқа дайын емес елді шайқасқа салып, қыргызып, сағын сындырып алмау деп білді. Кейін, әбден дайындалып, күші басымдығына сенімді болған кезде, Алтын ханга «Маган бағынып, Ұлы патша деп танысын» деңеген талаппен елші жіберді. Әрине, көкірегі көш жердегі Алтын хан бұл өктемдікті мойындағысы келмей, шайқасқа шығады. Соғыста оңбай жеңілген ол Шыңғыс ханға өзінің әлі балиғатқа толмаған қызын сый-сияптының басы етіп жіберіп, жанына сауға сұрайды. Шыңғыс хан «иілген басты қылыш кеспейді» дегендей, Алтын ханың өтінішін қабылдап, кешірім береді («Алтын шежіре» 143-144бб., Әбілғазы Баһадүр, «Түрік шежіресі» 62-64бб., Исаид Калашиников, «Жестокий век» 541 б.).

«Шыңғыс хан соғыспауга мүмкіндік болмағанда гана соғысқа кірді» дейтін сөздің дәлелі – осы. Енді:

«Кең жаһанды Бабамыз қоныс қылған!  
Қоныс үшін қанқұйлы соғыс қылған!  
Шыбын жаннан тұңқілтіп кәфірлерді, –  
дінін берік тұтынған мұсылманмен  
ниет қосып, тілеғін тоғыстырыған!!!»

деген ақын сөздерінде не гәп жатыр, — соны барлап көре-йік.

Қытайдың Алтын ханына «Ұлы патшам деп мойында!» деген бүйрық райдағы сөзben елші жіберген Шыңғыс хан Сұлтан Мұхаммедке келгенде, ол оның айдалада кездесіп қалған әскеріне тиіспіл, олармен соғысса да, үлкен кеңшілік, ерекше жылылықпен «Балам бол, бірігіп, тізе қосайық» деген сәлеммен жібереді елшісін. Тіпті, одан кейінгі жағдайда, екі рет жіберген елшісін өлтіріп, өзін соғысқа мәжбүрлесе де, «Құныкерімді шығарып берсең, әлі де бейбіт келісімді бұзбаймын», — деп, оның алдынан үш рет өтеді. Және жіберген елшілерінің бәрі де — түркілер арасында мұсылман дінін уағызыдаушы болып табылатын мұсылман қожалар. Мұны бір делік те, одан әрі мына бір шумақтарға назар аударайық:

«Жылмайды, оу, Жұртым, неге есініз?!

Кім не десе, бас шұлғи бересініз!

Қараңғылық шегі сол – бұл Шыңғысты

«Пұтқа құлай табынған кәфір», – десе,  
аузынды ашып, оған да сенесініз!!!

Жазған тарих тарих па, сұрастырып?! –

Аннан-мыннан жоқ-барды құрастырып?!

«Шыңғыс!» қылам десеніз

Шыңғыс ханды,

Түріктіктиң төңіреғін түрткілемей,

тұмас қара, Алланың жолындағы

мұсылмани күреспен ұластырып!!!

Шыт-шытырман өмірдің өрмегінде

тұннып жатыр не бір сыр! –

Көрмедин бе?! –

Шыңғыс ханның Бабасы – Отыз қаган

өмірімен Алланың, әлімдүлиллани,

*иманына жүгінген, антын байлан,  
анасының сұтімен, жөрлөгінде!!!*

*Не іәп менің тәптіштеп қоймауымда, –  
қызыл сөзді ермек қып ойнауым ба?!  
О, жок, жұртым!!!*

*Санаңа салдым қозғау!  
Кал қимылдан! Қазына тұнып жатыр  
мұсылмани Шыңғыстың қойнауында!*

*Қалған жерде түкірдім шимағынча!  
Қол жүгіртпін дәніктің жиғаныма!  
Бұдан әрі үн-тұнсіз жата берсек,  
Шыңғыс емес, Шыңғыстың бабасының  
тиісетін түрің бар Иманына!!!» –*

деп шамырқанады. Хош! Енді біз осы бір алапат сезім, нық сенімнің негізі қайдан бастау алды еken, – бабалар жазып қалдырган шежіре ізімен өткен тарихымыздың беттерін тағы бір ақтарып көрейікші.

Әңгімені әуелі Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресі» кітабынан бастайық. Әбілғазы – Шыңғыс ханның Жошыдан тарайтын он бірінші үрпағы. Әбілғазы үш нәрсені жетік меңгерген. Біріншісі – әскери өнер; екіншісі – ақындық өнер және көп тіл білуі; үшіншісі – тарихи оқигалар мен ертеде болған хандардың, жер-су аттарын жатқа білуі. Әбілғазы «Моңгол ханның үлкен ұлы Қара ханға дейінгі ата-бабаларының бәрі мұсылман екенін» баяндай келіп: «Қара хан атасынан кейін бүкіл елге патша болды. Қазіргі Ұлытау және Қішітау дегендерді ол кезде Ертағы және Кертағы деп атайдын. Ол жазда тауларды жайлайтын, қыста Қарақұм мен Сырды қыстар еді. Қара хан заманында жұрттың бәрі кәфір болып, бірде бір мұсылман қалмады. Осы кезде Қара хан үлкен әйелінен біл үл көрді. Ол үш тәулік анасын ембеді. Анасының түсіне

кіріп: «Ей, ана! Мұсылман бол. Әйтпесе, өлсем де сүтінді ембеймін» дейді (Халық ауыз әдебиетіндегі бұл аңызды бала кезден естіп өскенбіз. – З.Қоңыр). Уақыт өте келе, Қара хан баласының мұсылман болғанын біліп, оны өлтірмек болады. Ақыры, әкелі-балалы екеуі согысып, Оғыз хан жеңіп, өзі хан болған соң қайтадан халықты мұсылман дініне кіргізеді. Сөйтіп, **Оғыз ханның ұрпақтары Шыңғысқа дейін де, Шыңғыс пен Шыңғыс хан ұрпақтары да мұсылман дінінде болды»,** – дейді. Сенеміз. Себебі: Бисмиллахир – Рахманир – Рахим. Мейірімді, рахымды Алла атымен бастаймыз. Құран-Кәрімнің 283-бетіндегі 17-ші Ісрә сүресінің 15-парасында «Біз бір пайгамбар (ягни, елші. – З.Қоңыр) жібермейінше, ешкімге азап қылмаймыз!» – десе, Шыңғыс хан да осы Құраны қағиданы берік ұстанған. Өзі бағындырығысы келген елге алдымен елші жіберіп, бейбіт жолмен бағынуды ұсынған, көп жағдайда бұл әдіс оң нәтиже беріп, біраз ұлыстар Шыңғыс ханның қоластына өз еріктерімен кірген. Және осы Ісрә сүресінде айтылғандай, ол сарбаздарына: «Егер әскери нояндар ағат кетсе, өз білгенінді қылма. Тыйып тастауды ойлап тұрсаң да, әуелі менің тапсырмамды (өсиетімді) сұрау керек. Егер мен болмаған күндерде барлығың қеңескеннен кейін барып, жаза жарлық беруге болады. Қалай да ашу-ыза кернеген шақта өз беттеріңмен кетуге болмайды.

Егер де кімде-кім менің өсиет тапсырмамды орындаңаса, екі жолы айыптаپ, ескертіп, үшінші рет айдалаға, ащылы аймаққа жер аударындар. Айыпталған уақыты толып, қайта оралған соң да, өсиетіме адал болмаса ғана, абақтыға қамаңдар. Сөйте тұра, өкініп, өрге жүрмесе, түгел отырып кеңесіп, дәстүр бойынша тыңдар», – деп тәртіп береді.

Шыңғыстың діні тәңіршілдік дейді. Олай болса, түріктің діні туралы Лев Гумилев: «Көк тәңіріне табыну, сол сияқты, Орхон жазуларында да бәдізделген. «Биікте – көк тәңірі, төменде қара жер жараптанды, екеуінің арасында адам баласы жараптанды. Көк тәңірі (Көк аспан) – ол кәдімгі көзге көрінетін

аспанға қарама-қарсы қойылатын заттық аспан емес. Аспанға құрбандық шалу салты, тіпті, XIX ғ. аяқ кезінде қрәшіндер арасында да болғаны байқалған. Ол «Тығыр тайың» деп аталған, бұл әдет бойынша құллі қауым тәңірге жалбарынып, оның құрметіне қойды құрбандыққа шалады, қымыз, айран, сұт, сорпа судай ағылады. Мейрамға жақын ауылдардан еркектер жиналады. Әйелдер мен бақсы-балгерлер оған жіберілмейді. (Мұсылмандар Анапа тауында Алланың әмірімен құрбандыққа тек қой шалады. Қазақта да жоғарыдағы мейрамға ұқсас тасаттық беру, құрбандыққа тек қой шалу, яғни Құдай жолы жасау әлі күнге бар. – З.Қоңыр). Мұндағы екі жайтты айрықша атап өткен жөн. Біріншіден, бақсы бұл мейрамға жіберілмейтін болған. Екіншіден, құрбандық шалудың мақсаты «Жарықтың» шапағат мейіріміне ие болу. Осынау екі жайттың екеуі де маңызды. Бақсыны жолатпауына қарғанда, бұл табыну өлілер аруағына немесе хроникалық «байыргы аруақтарға» бағытталмайды, басқа жүйедегі құдіретке арналатын сияқты» – дейді («Көне тұрғықтер». 75-б.). Бұдан шығатын қорытынды: біреулер тәңіршілдік деп бөліп қарап жүрген дініңіз – Аллаға серік қоспайтын, бір Аллаға ғана табынатын нағыз мұсылман дінінің өзі.

Мына бір жайтты да еске ала кеткен жөн болар. Ата-баба дініне баулытын әкеден жастай қалған Шыңғыс өзі хан тағына отырғаннан кейін, Бұқараға кісі салып, оларға: «Білікті молдасын жіберсін, бірер сөз сұрайын деп едім», – дейді. Бұқаралықтар ханға Ашраф атты қази мен уағызшысын жібереді. Шыңғыс хан олардан: «Мұсылман деген не сөз?» – деп сұрайды. «Мұсылман – Құдайдың құлы деген сөз, Құдай – жалғыз, ол ешкімге ұқсамайды, оның тұр-тұлғасы жоқ», – деп жауап берді. Шыңғыс хан: «Оны мен де білемін», – деді. Дін иелері тағы да: «Пайғамбар – Тәңірімнің елшісі. Тәңірі тағала оны өзінің әмірі мен насихаттарын пенделерге жеткізу үшін жіберген». Шыңғыс хан бұл сөзді де құптады. Одан кейін дінбасылары: «Біз күніне бес рет намаз оқу арқылы оған құл-

шылық етеміз», – деп еді. Шыңғыс хан мұны мақтады. Одан әрі дінбасылары: «Жыл ішіндегі он бір айда біз асты қай уақытта ішкіміз келсе, сол уақытта ішеміз, ал, бір ай күндіз ішпей, тек кешке ішеміз», – деді. Хан мұны да мақұл көрді. Одан соң: «Құдайдың Мекке атты үйі бар, егер күш-қуатымыз жетсе, оған барамыз», – деді. Шыңғыс хан бұттан: «Дүниежүзінің бәрі Алланың үйі емес пе? Бір жерге барудың қажеті не?» – деді.

Бұқара дінбасылары Шыңғыс ханнан өздерін қорғайтын жарлық берілуін сұрады, хан мейірімділікпен жарлық берді» (Әбілгазы. «Түрік шежіресі», 90-б.).

Сондай-ақ, А.Гумилев: «Қытай империясының ашқарақ сұрқия саясаты соғдылықтарды арабтардың құшагына біржола итерді. 751 ж. шілдеде Талас өзені маңындағы Атлах деген жерде болған кескілескен шайқастың нәтижесінде имперліктер (қытайлықтар) күл-талқаны шыға жеңілді. Талас шайқасы мұсылман мәдениетінің басқадан басым екендігі жөніндегі мәселені шешті деген пікір болды», – дейді («Көне түріктегі», 369-б.). Нәтижесінде мұрагерлік жолымен таққа отырган Сатықтың ұлы Мұса мұсылман дінін 955 ж. Жетісу аймағының мемлекеттік діні деп жариялағаны мәлім. Осы ретте Шыңғыстың әкесі Есукеі түріктің жетісулық Жалайыр тайпасының қызын алғанын, Шыңғыстың өзі Қоңыраттың қызын алғанын, бұл кезде Орта Азияда мұсылман діні әбден қалыптасқанын, ал, мұсылмандағылар өзге діндегілерге қызы бермейтінін ескерсек, бұттан Шыңғыстың мұсылман заңына сай некелі төрт әйелі ғана болғанын, Құланды алғанда, тоғыз кеңесшісінің бірін жіберіп, бәйбішесі Бөртеден рұқсат сұрағанын, Бөртенің:

«Әйел алсан үстіне,  
әйел қоса ал, демей ме?  
Артық болса, несі жаман?  
Кемдік етсе, несі жақсы?  
Қабат шапан тоңдырмас!  
Қабат арқан тоздырмас!» –

деп рұқсат бергенін қоссақ («Алтын шежіре», 130 б.), Шыңғыстың мұсылман екені күмән қалдырмайды.

### Айсұлу ханым:

«Иә!!! Тағы тартсам алдыңа тосын жайды:  
«Қайдан табад, – дей көрме, –  
осындаиды».

Монғолияң қазірі – жонғар жүртты!  
Оу, сондықтан, Шыңғыстың  
бұл монғолға  
үші қайнаса, сорпасы қосылмайды!!!

Шыңғыс тегін іздесен – ол монғолда! –  
Дін мұсылман! – иманы мол монғолда!  
Оғыз бабам ізімен «Аллаңу акбарлап!» –  
Сап түзеген жауынгер қол монғолда!!!  
«Ол монғолың» – түріктің бір бұтағы! –  
Қадір тұтып, қауымы пір тұтады!!!  
Ал, «мына монғол» жылмиян желкедегі  
атын жұтқан жонғарлар  
ертедегі!!!

Ақиқатқа кетпесе аласымыз,  
доғарылсын осымен таласымыз!» –

деп, қадап тұрып айтып, Шыңғыстың тегіне тереңірек бойлауды нұсқайды. Мұны да зерделеп көрейік.

Шыңғыстың тегі түрік дегенде, әрине, алдымен жүгінеріміз – тағы да Әбілғазы Баһадурдің «Түрік шежіресі». Бұл кітапты академик Х.Френ «Шығыстану ғылымының даңқын шығаратын үлкен іс» деп бағалаған. Әбілғазының «Түрік шежіресі» қазақ тіліне бұрын-соңды аударылған емес. Оның себебі – шығарма тілінің басқа түрік халықтарынан гөрі, қазақ тіліне жақындығы. «Шежіренің алғашқы аудармашысы

Г.С.Каблуковтың айтуы бойынша, еңбек Хиуаның сол тұстағы сөйлеу тілінде жазылған. Ол тіл басқа тілдермен көп араласпай, таза сақталған көне түркі тілі еді, ол тіл қазіргі қазақ, башқұрт, Орынбор татарларының тіліне жақын. Мұндай пікірді Әбілғазы шығармаларының тілін зерттеген А.Н.Кононов, С.Н.Иванов, Т.Р.Қордабаев сияқты ғалымдар да айтады», – дейді осы кітаптың аудармашысы, филология ғылымдарының докторы Б.Әбілқасымов.

Әбілғазы Шыңғысқа дейінгі және кейінгі ата-бабаларының шежіресін жаза отырып, өздерін түріктің бір бұтағымыз деп дәлелдейді. «Иафестің сегіз ұлының ұлкені Түріктің алтыншы үрпағы Алынша ханның егіз тұған екі ұлы бар еді, бірі – татар, бірі – монгол. Монгол сөзі «Мұң» және «Ол» деген сөздерден шыққан, келе-кеle, – «Мұғұл» деп кеткен. «Мұң»-ның мағынасы қайғы екенін барша түрік біледі, ал, «ол»-дың мағынасы да қайғыга жақын, тұнерген дегенге келеді. Сонда монгол дегеніміз тұнерген қайғылы деген болады», – дейді Әбілғазы. Демек, монгол сөзінің тұп-төркіні түрік сөзінен шыққан.

Лев Гумилев: «Бекзаттардың» үңгірге барып, құрбандық шалатын ата-бабаларының кімдер болғанын анықтау үшін, түріктердің шыққан тегі жөніндегі аңызға айналған материалды талдауымыз керек. «Сүйшуде» Ашин ордасының шыққан тегі туралы тарихи анықтамамен бірге мифке негізделген бір аңыз келтіріледі (қар. 23-б.). Ашиндер жазық далага шығып, жужандарга бағынғанға, яғни VI г. басына дейін «үңгірде» тіршілік еткен.

Қасқырдың қаншығы барып тығылған үңгірді сипаттап жазғанының өзі қызық. «Сенгір Тауда бір үңгір бар, сол үңгірдің ішінде айналасы жүздеген мильге созылып жатқан, көкорай шалғынды жазық бар. Үңгірдің төрт құбыласын түгелдей таулар қоршап жатыр». Бір ғажабы, нағыз тау алқабы «Сүйшуде» үңгір деп аталған. Мұндай «агаттыққа» таң қалып қою аз, шамасы, біз мұнда бір аңызға екі сюжет, яғни мифологиялық (бөрінің қаншығынан шығу) және тарихи (түріктердің бір

бөлігінің аргы аталарының Алтай тау алқаптарына қашып ба-  
руы) сюжеттер келіп тоғысқан деп жорамал жасай аламыз.

Шынында да, тарихи сюжет мұсылман авторлары Рашид-ад-Диннің, Хондемир мен Әбілгазының шығармаларында то-  
лық қүйінде келтіріледі және тау алқабы Ергене Қон-Құлама  
беткей деген белгілі атқа ие болады. Бәлкім, біз бұдан ежелгі  
бір оқиғаның нышанын – теріскей хундарының жеңіліске ұшы-  
раганнан кейін, 93 ж. Тарбағатай өткелі арқылы тау асып кет-  
кенін, олардың бір бөлігінің Алтай өңіріне қоныстанып қалга-  
нын көретін шығармыз», – дейді.

Л.Гумилев сілтеп отырган осы аңызды Әбілгазы былай ба-  
яндайды: «Оғыз ханның немересі Елханның ұлдары көп еді,  
баршасы соғыста өлді. Қиян атты кенже ұлы мен Елханның  
інісінің Нұқұз атты ұлын сол жылы үйлендіріп еді. Екеудің бір  
қостағы кісілердің қолына түсіп, он күн дегенде бір кеште екеуді  
әйелдерімен қашып шықты. Өздерінің жұртына келсе, соғыстың  
алатопалаңынан ығып шығып, жиналып қалған төрт түлік  
малдың тұр-тұрінен көп мал бар екен. Екеудің кеңесіп: «Егер  
жұртта отырсақ, жүрген-тұрганың көзіне түспей тұрмаспаз,  
одан да таудың ішінен кез келгенниң аяғы жетпейтіндегі бір  
жер табалық», – деп шешті. Малдарын айдалап таудың етегіне  
барды. Арқардың салған ізімен (мүмкін, тұріктер «көк бөрі»  
деп қастерлейтін қасқырдың жымы болар. – З.Қоңыр) таудың  
үстіне көтерілді. Келген жолдары аяғын қия басса, жар-  
дан ұшып кетерліктей, тек түйе мен жылқы әрең өтетін қызын  
соқпақ еді. Басқа жол жоқ. Таудың үстінде айнала ағып жатқан  
су, шөбі шүйгін, жеміс-жидегі мол, аң-кұсы да көп ұлken бір  
жазық жер бар екен. Мұны көргеннен кейін тәңіріге шүкіршілік  
етіп, қоныс тепті. Ол жерге Еркіне қон деп ат қойды. Еркіненің  
мағынасы – таудың кемері, қонның мағынасы – өткір деген  
болады.

Бұл екеуінен бала-шага көп болды. Қиян әuletін қият дер  
еді, Нұқұз әuletіне екі ат қойды, бірнешеуін – нұқұздер, бір-  
нешеуін – дәрлікен деді.

Олар төрт жүз жылдай Еркіне қонда отырды. Мал мен басы көбейіп, бір жерге сыймады. Сондықтан, жиналып кеңес құрды. «Тау ішінен жол тауып көшіп шығалық. Кім бізге дос-пын десе — онымен көріселік, кім дүшпандық ойласа — оны-мен соғыласық». Осы сөзді мақұл көріп, таудан шығатын жол іздеді, таппады. Іштерінде біреуі темірші еді, сол айтты: «Пәлен жерде бір темір кені бар, соны ерітсе, жол болар еді». Ол жерді барып көріп, теміршінің айтқанын мақұллады. Таудың кең жеріне ағаш пен көмірді үйіп, жетпіс теріден көрік жа-сап, жетпіс жерге құрды. Көрікті бәрі бірігіп басты. Құдайдың құдіретімен от күшті жанғаннан соң, тау темір болып аға берді. Жұкті түйе шыққандай жол болды. Бірнеше күнде таудан шықты. Сол шыққан күнін той етіп тойлау монголдың дәстүріне айналды. Ол күні бір кесек темірді отқа салып, қызарған кезде оны қышқашпен алып, төстің ұстіне қойып, әуелі ханы, одан кейін бектері балғамен ұрар еді. Бұл күнді тар қапастан шығып, ата жұртына келген күніміз деп құрмет тұтар еді», — дейді. Түріктерде жыл сайын мамыр айының үшінші жүлдизында тойланатын түрік көсемдерін еске алу мейрамында темір соғу дәстүрі әлі күнге дейін сақталған. Қазақта да «Тескен тау асып кетсең де» деген сез бар. Ендеше, аңыз түбінде **Шың-ғыс** тегінің түрік екендігі туралы ақиқат жатыр.

Әбілғазы баһадүр өзінің «Шежіре-и-түрк» атты осы кіта-бының жазылу себебін: «Моңгол, түрік жүрттарының тегін, аттары мен лақаптарын — «Жамиғ-ат-тауарихты» жазған адам — қызу Йаңлы қожа Рашид. Сол Рашид-ад-Дин тарихы қазір менің алдында жатыр. Бұдан басқа да Шыңғыс тарихы жазылған он жеті кітап қолымда. Осы кітаптардың керек жерінен көшіріп, осы шежірені жазып отырмын. Рашид-ад-Диннен бермен қарай үш жүз жетпіс екі жыл бойы көшірмеші-лер бір кітаптан бір кітапқа көшірген сайын, жазылған тарихтың үштен бірін, немесе, жартысын бұзып бұлдірген. Шежіредегі таулардың, өзен-сулардың, адамдардың аттары монгол не тү-рік тілінде. Ал, көшірмешілер көбінесе парсылық, не тәжік бол-

**ғандықтан, не монғол тілін, не түрік тілін білмейді.** Ол, сонда, қайтіп монғол сөзін дұрыс жазады? Құдай тағала маған түрік және парсы тілін, оның астарлы сөздерінің мағынасына дейін білуді жазды. Бұл заманда түрік пен тәжіктің ішінде ол тілдерді менің білгенімдей билетін кісі жоқ. Бұл тарихты барша жүрт білсін деп **түркі тілімен жаздым»**, – деп түсіндіреді.

Біз бұдан, Шыңғыстан бастап оның он екінші үрпағына дейінгі аралықта жазылған бас-аяғы он сегіз кітаптан тұратын хандар шежіресін зерттеп-зерделеу ісінде, Әбілгазы Баһадүрдің, оны өзі билетін әңгіме-жағдаяттармен салыстыра, сараптай отырып, жылнамашылар мен көшірмешілердің жауапсыздығы һәм сауатсыздығы салдарынан әбден былығып, қордаланып қалған кезіндегі жалған малұматтар мен жаңсақ дәйектемелердің ішінен халыққа керекті деген шындықты үлкен табандылықпен аршып алып шыққанын анық аңгарамыз. Алайда, Әбілгазыдан бермен қарайғы бақандай 340 жыл бойғы әлгі көшірмешілердің кемшілігінен кеткен (мейлі, ол қандайлықты болмасын) қателіктер тарих бетінде таңбаланып жатыр ғой, міне, солардан, сондай-ақ, әңгімеміздің бас жағында сөз еткеніміздей, Л.Гумилевтің: «Бір елдің тарихын оның жауларының көзқарасы тұрғысынан жазуга болмайды», – дегеніндей, жаулар жаққан күйеден тазарту керектігін күн тәртібінен әлі де түсіруге болмайды деп есептейміз. Және де бізге бұл орайда аса мұқияттылық керек. Өйткені, көне түрік тарихын зерттеушілердің қай-қайсысы да Шыңғысқа соқпай кетпейді. Демек, олардың не айтпағына немқұрайдылықпен қаруға болмайды. Шындал ойлансақ, ақиқат анық. Айтальық, монғолдар бүкіл Еуразияны билеп, ең көрнекті тайпа болып тұрған кезде Шыңғыстың тікелей үрпағы Әбілгазы Баһадүр хан неге түріктің бір бұтагымыз деп емешегі езіліп, жүрегін үзіп берердей болып отырады? Әрине, тегі шындығында да түрік болғандықтан. – «**Біз монғолдармыз, өз алдына бөлек жұртпыш**» деген сөз ол қалдырған жазбаларда жоқ. Неге?! Олай десе, оның аузына кім қақпақ болар еді?! Ешкім де!

Демек, олай демегені – оның тегінің түрік болғандығы! Міне, ақиқатыңыз – осы! Қысқасы, ол кезгі монғолды зерттеу, Шыңғысты зерттеу – айналып келгенде, бір жоқты іздеу. Ол жоқ – түрік дүниесі, және оны қазақтан бөліп қарауга келмейді. Міне, шежіре сүрлеуінде сайрап жатқан ру-тайпа аттары бізді бүгін осы ақиқатқа жеткізді. Сондай-ақ, Шыңғыс ханның некелі төрт әйелі де – әлі күнге дейін аттары сақталған түрік тайпаларының қыздары. Бұл аз десеңіз, Мысырды билеп тұрган Бейбарыс сұлтан тегі бір болмаса, жердің түбінен келіп, Шыңғыс ханның үрпағы Беркенің қызын айттырар ма еді? Мысырда да діні бір, сұлу да текті қыз табылар еді ғой. Эрине, шыққан тегінен қол үзбей, сүйек жаңғыртқысы келгендейктен. Тіпті, бүгінгі күнге келсек, Монголиядағы қазақтар туралы бейнефильм түсіріп келген журналист Б.Кәкібала: «Баян-Өлгей қазақтарынан естігеніміз, монғолдар қазақтарды іш тартады. Оларға біз бәріміз түркіден тараймыз десе, мақтанып риза болып қалады. Шыңғыс ханның үрпағымыз дегендегі үстемдік оларда жоқ деседі», – дейді. Олай болса, өз басынан өткерген қорлық-зорлықты үрпағы көрмес үшін аттан түспей, елінің абырайын арттырып: «**Өзіңен кейін де өмір бар екенін, сенің үрпағыңда да ішім-жем, қоныс керек екенін ұмытпа**», – (*Шыңғыстың «Ұлы Жарғысынан»*) деп, үрпағының үрпағына атар тұстан батар тұсқа созылған ұлан-гайыр жерді, қанына қарамай, бөтенсің деп бөлектемей, бауыр тұтқан, өзінің ғана емес, үрпақтарының да билігін бұлтақсыз мойындаған байтақ елді мұрағып кеткен, бүкіл әлем Мыңжылдықтың Ұлы тұлғасы деп таныған данышпан **Шыңғыс ханның тегі түрік екендігі – ақиқат!**

### **Айсұлу ханым:**

*«Келер үрпак!!!*

*Шегелеп және айтамын! –*

*Таразыңың басында –*

*Шыңғыс қаган!!!*

*Сол Шыңғыстан ізде сен, іздей қалсан,*  
*тепкілесен, үзілмес «Қазак» атты*

*тегеуіріні темірдей тегімізді!!!*

*Барша мұрат-мақсатың сол Бабаңың  
жиюлы тұр бойында сенің ізгі!!!» –*

деп, тарихи санада сілкініс тудырыпты. Ендеше, ақынның тұрік тайпаларының ішінде Шыңғыс ханның тегі қазаққа жақынырақ деген сөзінің түп төркінін іздестіріп көрейік.

Неміс ғалымы А.Мессершмидт ертедегі тұрік жазуының нұсқасын Енисей (Енесай) жазығынан тапқан-ды. Ал, ортағасырлардың басындағы екінші Тұрік қаганаты дәуіріне жатын, тасқа қашап жазылған тұркі тіліндегі жазулар Солтүстік Монғолияның Орхон, Толы, Селенга өзендерінің бойынан табылғаны баршага аян. Бұл жазулардың ең көрнектілері 716 ж. – Тоныкекке, 732-735 жж. – Білге-қаган мен Құлтегінге орнатылған алып тас ескерткіштердегі жазулар. Бұл жазуларды зерттең, әріптерінің кілтін тауып оқыған ғалымдар В.Томсен мен В.В.Радлов ескерткіштегі **жазулардың тілі тұркі тілдес халықтардың ішінде қазақ тіліне өте жақындығын** анықтайды. Сондықтан да, басқа тұркі халықтары ешқандай талассыз Тоныкек, Білге-қаган, Құлтегінді қазақтардың ата-бабалары деп мойындағы. Монголдар да біздің жерімізде табылған, демек, бізге жақын деп таласпай, ол ескерткіштерді қазақтардың қолына берді. Бұл мысалдан көретініміз – Монғолия жұрты қазақтардың аргы тегінің ортақ Ата жұрты болып отырғаны. Ал, Шыңғыс хан көне дүниенің 4/5 бөлігін қоластында ұстап отырса да, балаларына Ата жұрт деп бөлген жерлері – Орхон-Онон аймағы мен Қыпшақ даласы, Шу өңірі болатын. Ендеше, аргы бабаларымыз деп өзегімізді үзіп берердей болып жүрген Тоныкек, Білге-қаган, Құлтегіннің ұрпаққа хаты қалған Орхон мен Қыпшақ даласы, Шу өңірі негізгі қонысы болса, Шыңғыс хан қыпшақ даласының төл баласы, біздің төл бабамыз болып шығады.

*«Ұшағ дәурен басымнан жыл құсында!*

*Келешек тұр мұлтықтың үңғысында-ай!*

*Уа, дарига!!!*

*Атой сап, бар түрікті*

*Мұсылманның жинайтын Туы астына  
тағы бір үл туса-шы*

*Шыңғысындаи!!!*

*Қырық ру! – Қырық жүрт! –*

*Бәйтегеім!!!*

*Тамырыннан үзілсөң, қайтер едім?!!*

*Өткен үшін салауат!!!*

*Ей, Тұғандар!!!*

*Шын ойласаң тағдырын Атажүрттың,  
көтеріндер рухымды*

*қайта менің!!!» –*

дегеніндегі ақынның, Айсұлу ханымның, темірдей тегеурінді әр сөзінің ақиқатын іздеп, Шыңғыс хан туралы жазылған бар-ша жазбаларды түгел дерлік елеп-екшеп, байыппен бағамдап, Шыңғыс ханды әлемдік тұлға дәрежесіне көтерген тарихи алғы-шарттарды санамызда салмақтап, ғылыми негізін тауыш, қисынына келетініне жүгініп, қорыта түйгенімізді ортага салғандағы біздің де діттеген мақсатымыз – кешегі көне дүниенің 4/5 бөлігін, қазіргі географиялық көлем бойынша жарты әлемді түгел ау-зына қаратып, Тұранның туын тіккен түрік үлдары – Шыңғыс хан, Бейбарыс, Бабыр билеген елдерді бүтіндей ислам содыр-лары деп ат қойып, айдар тағып, тұқыртып, рухсызданды-рып, жер бетінен біржолата жойып жіберу әрекетіндегі батыстық идеология белең алыш отырған тұста, «Қорланып өмір сүргендердің – қуануга қақысы жоқ», – деп, Олжас Сүлей-менов айтқандай, үш жұз жыл бойғы бодандықта езілген еңсені көтеру үшін, жас буынның намысын қайрап, жігерін жану, ба-балар рухының алауынан жүрек отын тұтату еди.

2003 жыл

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

# Шашқа жүгін, ең, пегде

Ду көтеріп дауылдай шұымызды,  
заман бар ма түлетер нұымызды?  
Арқа тұттым рухын Ер Қорқыттың,  
Құдай оңдан, бас қосса барша түрік,  
ешкім біздің жыға алмас

Тұымызды!

## ОРАЛ ТУРАЛЫ ЖЫР, НЕМЕСЕ, НАР ҚАЛА

Халқымыздың ежелгі ғұн - сақ - түрік дәуірі мен орта ғасырлар аralығындағы отырықшылық мәдениетінің ізіне түсіп, оны тынымсыз зерттеген, әсіресе, Батыс Қазақстан өніріндегі топырақ асты жоғалып кеткен қалалар мен елдімекендерді қазып алғып, тарих бетіне қайта түсірген археолог ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, аяулы ағамыз, марқұм Гаяз Вәлиұлы Кушаевтың аруағына бағыштады.

Хош келіпсің, Бауырым,  
Оралым!  
Айқара ашық құшағым қонағыма!  
Тыңдар болсаң, шертейін,  
шежірем бар  
тарихтағы орынын мына өлкемнің  
бір көтеріп тастардай  
жогарыға!

Аңсағанға бұл Орал – арман қала!  
Санасында жұлдыз боп  
жанған қала!  
Тұтқылдан жау тисе, атой тастап,  
қас дүшпанға қиқуды  
салған қала!

Тегін қала емес бұл! –  
 Қамал қала!  
 Жұмақ қонған жанына  
     жамал қала!  
 Өрлік пенен ерліктің мұсініндей,  
 аппақ ордам,  
     көрдің бе,  
     бүтін, міне,  
 бұрды өмірдің ырғағын жаңа арнаға!

Байсал қала!  
 Бір мін жоқ  
     бағасында!!!  
 Сұлу Жайық  
     толықсыр сабасында!  
 Ағайыны алдында ақ жарылып,  
 мына отырган халайық сол Жайықтың  
 тағы бір той жасамақ  
     жағасында!

Қайыстырып белінен нарымызды,  
 шықтық алып алдыңнан  
     барымызды!

Кел, Қонағым!  
 Төрге шық,  
     кім де болсаң! –  
 Достық барда,  
 береке-бірлік барда  
 кір шалмайды  
     иман мен арымызды.

Салсаң құлақ Жайығым ағысына,  
 ұқсар, бәлкім,  
     домбырам қагысына!

Бір-бірінен айырып аларым жоқ! —  
Алдыңдағы ағайын —  
бәрі батыр  
табыс қосып шалқытқан табысына!

Жалын атып жастардың жанарында,  
қарттарымның  
кулкі ойнар қабағында!  
Бұлбұл түгіл, бүтін күн күміс көмей,  
шегірткем де шырылдап ән салып жүр,  
тербетіліп бидайық  
сабағында!

Жетті дүбір:  
«Қайдасың, Атыраулап?!»  
«Атырауым!  
Үрпагың батыр-аулап!»  
Тәгзым етіп қоялық рухына! —  
Ер Исатай — Махамбет аруағы  
кәміл, бүтін  
орнынан жатыр аунап!

Атырауым!  
Бар ма екен  
өріс сендей?!

Шаттығынды бейне бір бөліскендей,  
берсем кезек «Айдайға»,  
даусын естіп,  
Мұхит бабам өзімен сахнада  
төс қагысып,  
боларсыз көріскендей!

Құдіреті күйінің дауылында!  
Сатырлаган жойқын күш —  
жауынында!

Сенбей тұрсаң сөзіме, түрші құлак,  
дүр сілкініп дүние жатыр, әне,  
Құрманғазы бабамның да ауылында!!!

Жауым болмай жүрген бір айтақ қойып,  
досым болсаң,  
көңілің қайтад тойып!  
Тағы бір сыр ангартсам, Оу, Қонағым!  
куй төгілтіп Дина әжем отырғандай  
көрінбей ме көзіңе, басындағы  
қағырадай жаулығын  
шайқап қойып?!

... Тарихынан текті жұрт бас тартар ма?!

Әңгіме сол,  
жиылсақ дастарханга.  
Біле отырсаң мынаны да артық болмас:  
кіндік қаны бабамның бабасының  
тамған жері –  
ата жұрт – Астарханда!

Жақын жүрсең тарихпен, қолың – молда!.. –  
«О, Тәңірім, – деп тіле, –  
жолымды оңда!»  
Ай отырып ақтарсан, тауыса алмайтын  
шежіресі сарқылмас қазынасы  
қаттаулы тұр халқымның  
Орынборда!

Және бір сыр шертейін,  
нанасың ба? –  
Ата жұрты – көзіңің шарасында,  
елең етіп көрінген қарасынға,

кезіп жүрген – елесі Ер Тарғынның  
Еділ менен  
Жайықтың арасында!

Байлап қоймай тірлікке кемдігүнгі,  
берген Құдай өлшеусіз  
«кенәдігімді!»...

«Несие боп кезінде кете барған, –  
деседі жүрт, –  
сол жерлер ағайынмен  
сақтау үшін арада елдігімді!»...

Салмағына кез келген шыдамайтын  
секілді ме тағдырым  
бұлағай тым?!

Сонда да мен «мирас» қып жалғап келем  
Ата-Бабам қалдырган мәрттігімді,  
беріп қойған нәрсесін ағайыннан  
енди қайтып  
қолқалап сұрамайтын!...

\* \* \*

Бастан кешкен тағдырдың талай сынын,  
іште жатыр шер болып, сан-ай сырым»..  
Ырду-дырду Ағайын!

Сен не аңгардың?!  
Дауыл соқса, Бабаң боп күніренбей ме,  
қара жердің астынан  
Сары-Айшығың!..

Той-думанның желікпей дүбіріне,  
түрші құлақ  
тарихтың күбіріне!

Деп айтады ол: «Басталды қасіретің  
сол бір күннен

қас дұшпан балта шапқан  
Сары-Айшықтай шаһардың түбіріне!»

Айлам менен таусқан амалымды,  
қара мына маңдайда таланымды!  
«Нәлет жауғыр қалың қол!

Абайсызда,  
қанын судай ағызып ел-жұртымның,  
бұзып кірген, — дейді ме, —  
қамалымды?!»

Тұншықтырып көмейде  
үнімізді,  
көкке ұшырмак болған ба  
құлімізді?!  
Иә!!!

Дәл осынау мақсатпен үмтүлған жау  
жалмап келе жатыпты, жалмап келе  
қала, дала — қалдырмай  
түгімізді!!!

Иманынан жұртымды жаңылдыртып,  
«Тәңірмін!» — деп,  
өзіне табындырып,  
аңғал-саңғал халқымды қамсыз жатқан  
басып ала қоямын деп ойлапты,  
бір-ақ күнде  
кушпенен бағындырып!

Жаудың қолы жармасып жағамызға,  
ес қалмапты  
ханың мен қарамызда!

Құдайыма мың шүкір! –  
Осы бір сәт  
арыстандай атылып «Аттандаган!»  
Батыр Бабам,  
алысып Әжданамен,  
ұрыс сапты қанқұйлы, даламызда!!!

Бойда ашуын бурадай бүркүратып,  
шыбын жанын  
«Отан!» – деп, шырқүратып,  
аңдаусызда бас салған қалың жауды  
атой салып, Ер Бабам шекарадан  
айдап шыққан көрінеді, тырқыратып!!!

Кол тигізсең тарихтың  
көдесіне,  
кезігерсің не бір сыр көнеспіне... –  
Мынау дерек нені айтар:  
«Сол Бабамыз  
қолда – Құран, Алласы – аузында,  
Алтай, Орал, Қап –  
білік қаузында, –  
өтті, – дей ме, – өмірден, тік көтеріп  
мұсылманның Көк Туын  
төбесіне?!»

Бұлғыр, мұңғыл, қазақ пен ногайыца, –  
жалпы түрік жүртүнің нобайына  
алтын бесік атанған  
Алтын ордам!  
Бақ үшқан соң басыңдан, бабың тайып,  
айналдың ба  
оыйнның оқайына?!

Иә, Алла!

\* \* \*

Басты бүгін боз тұман санамызды! —  
Адастық та,  
азайттық арамызды!  
Енді, міне,  
көріңіз жүгіндіріп,  
«Қарға тамыр қазактың тұп қазығы  
түрік екен» дегенге,  
өзге түгіл,  
көкірекінің көзі ашық данаңызды»...

Иә-ә-ә!  
Аңызагы азынаған даламыздың —  
бізге жеткен зары де  
Анамыздың?!

Шырыл қаққан бозторғай өзі — бәлкім,  
қып-қызыл өрт ішінде шырқыраган  
бесіктегі бейқұнә  
баламыздың?!

Ал,  
қойнауынан ғасырдың кім көтерер,  
салыстырса, сәuletі Үрімді озған  
қаңқаларын  
сандаған қаламыздың?!

«Өткен — өтті, дегенмен, — кеткен кетті», —  
еске түссе осылар,  
жүректегі,  
тұз қүйғандай ашытар, әлі құнгі,  
жазылмаған орынын  
жарамыздың!!!

Беу, дүние-ай!!!  
Шежіремнен шежірем өріледі!

Көмейімнен

күй болып төгіледі!

Тағы да бір аударсам тарих бетін, –  
осы Оралдың астында

Алып қала

нардай шөгіп жатырган көрінеді!!!

Мына жәйттің

көңілімді налытқаны!

Жоқ қасиет еш те бір халықтағы:  
басқа жерден салар жер таппағандай,  
бұл Оралды неткені –

шөгіп жатқан

Нар қаламның үстіне арытқаны?!!

Мұны істеген не дейін

шұнағыңа!

Жетті-ау, сірә, ежелгі мұрадына!  
Алла ғана құдай-ау!

Бабалардың

даусы екен гой алыстан талып жеткен,  
ботасынан айырылған Боз інгендей,  
жүрегімді сыздатып, әлсін, әлсін,  
боздаған үн келуші ед

құлағыма!!!

Иә, Алла!

Иә, Алла!

Иә, Алла!!!

\* \* \*

Осынау тұста Наргалам шөгіп жатыр! –  
Бабам болып, көз жасын төгіп жатыр!  
Тағым ету орнына,

Есер-Заман,  
енді қайтып еңсесін көтертпестей,  
қабырғасын қаусатып  
сөгіп жатыр!

Бұл Оралдың астында қала жатыр!  
Тарқатылмай, шер менен нала жатыр!  
Куәдүр көз не көрдің?!

Қаскөй уақыт  
сыр-шежірем – Бабамның моласының  
құлпытасын қылтиған суырып ап,  
айдалаға сүйретіп  
бара жатыр!  
Бара жатыр!

Бұл Оралдың астында қала жатыр!  
Халқым үшін орыны дара жатыр!!!

Айтпақ менің ой жоқ-ты Гасырнама, –  
Өттім шолып тарихтың  
басын ғана.

Білгің келсе, оу, жүртүм, мен айтайын:  
Наргалама толады сегіз гасыр, –  
тастан берік сүегі,  
асыл қала!!!

Мұның сырьы сыймайды жасырғанға!  
Баба қала – иіліп бас үрганға!!!

Елдік үшін жаралған Аппак Ордам  
шежіресін арқалап қазағымның  
гасырлардан асады

гасырларға!

Гасырларға!!!

Илләһи әмин!!!

*1990 жыл, Орал қаласы*



## **АРМЫСЫҢ, НАУРЫЗ!** *(Толғау)*

Салтымен Ата-Бабаның  
жаңғырды жаңа заманым!  
Тіршілік басы, о, Наурыз!  
Қайырлы болгай қадамың!

Бұлдасам басым пұлысың!  
Қасиетімнің үлттық құнысың!  
Өзіңсіз мынау қазақтың  
көрген де күні құрысың!

Аңсап бір күтсем ардағым!  
Қолымды созсам арманым!  
Тұманды тұндер қапыда  
көз жазып сенен қалғаным!

Откен де күннің шатағы  
батады жанга!  
Батады!  
«Тарқады Наурыз!» – деген күн  
шағылып тауы Бабамың  
жуылды-ау жаспен сақалы!

Заман да заман! Заман-ай!  
Дау салып қайтем саган-ай!

Қамшысы қолда шолтаңдал  
халқымның қалған сорыңа  
шолақ белсендінің жаманы-ай!

Ентелеп үйге ене алмай,  
ұлкенге сәлем бере алмай...  
көрісе келген көршімнің  
ұсынған қолын сан қақтым,  
шын беріп түр деп сене алмай!

Арыстан сынды өр кеуде  
сұлап та тұстің көлбеуге!  
Көріспек қайда,  
кеш, бауырым! –  
Наурыз күн сенің жүзінді  
тырысып бақтым көрмеуге!

Көзімнің алды мұнар-ды...  
Ұмыта алмаспын мен бұларды!  
Наурызсыз өтті қанша жыл,  
тарқата алмай бір құмарды!

Таусылып барып амалым,  
қақырай жаздап қамалым,  
дегенге, сірә, кім сенген  
«Наурызым! Сені табамын!»

Наурызым! Байлық, берекем!  
Өзіңмен ғана ел екем!  
Береке, байлық сен жоқта  
бойым жетпейтүгін жер екен!

Ақтарыла айтам ағымнан:  
«Айырылдым ба, – деп –  
бағымнан!?»  
аңыраған шакта сен жеттің!

Мереке басы – о, Наурыз!  
Сен келген күнің – ырыс, құт, –  
ақ түйем қарны жарылған!

Көңілім – дария шалқыған!  
Корғасын жаным балқыған!  
Сарғая күткен өзінді  
сәлем ал қазақ халқынан!

Сындырып сенсіз сағымды,  
байлаптын қолдан бағымды!  
Аңғалдау халық бұл қазақ...  
Кешірген болсан,  
төрге шық,  
берейін түсіп тағымды!!!

Салтымен Ата-Бабамың  
жаңғырды қайта заманым!  
Тіршілік басы, о, Наурыз,  
қайырлы болгай  
қадамың!!!

*1987 жыл*



## **ТҮРІК БАБА, ҚҰЛАҚ САЛ ДАУЫСЫМА!**

*(Толғай)*

*Түрік халқы – батыр халық! Түрік халқы – арыстан ер халық! «Кімнен таяқ жегендей біздің түрік баласы? ! Алдырып жүргін дүшина аузының аласы! ». Бұл нақыл сөзді біз ұмытпауымыз керек! Бәріміз бір болсақ, женбейтүгін жауымыз жоқ!*

**Мұстафа ШОҚАЙ**

*Қазақ жеріне бүкіл әлемнен, атап айтқанда, Америка, Англия, Франция, Жапония, Ресей секілді ірі державалардан аса жоғары дәрежедегі улы ядролық, химиялық қалдықтарды әкеліп көмуге, сондай-ақ, Семей, Өскемен, Жезқазған, Жамбыл, Алматы, Балқаш секілді территориялардан бұзылмайтындығы жөнінде еш кепілдік жоқ. Чернобыль тиитес алты бірдей Атом электр станцияларын салуға, сойтіп, атамекеніміз Қазақстанды айналға өлім себетін айықпас радиация аймағына айналдыруға мен үзілді-кесілді қарсымын! Ал, жер сату саясаты – барып тұрған опа-сыздық!*

Жоғарыдағы жоспарлардың қай-қайсысы да, түптеп келгенде, бүкіл түрік дүниесі баба шаңырағының тұтқасын ұстап отырған қазак халқының тамырына балта шабу!

Бұган жол беріп қойып қарап отыру – қылмыс!!!

*Автор*

Мына заман қай заман?! Азған заман!

Өз көрімізді өзіміз қазған заман!

Шұрық тесік кеудесі жер дүниенің  
басқа түскен оймауыт таздан жаман!

Мына заман қай заман?! Құрбан заман!

Жайдың оғы тәбеден ұрган заман!

Алла жар боп, өзі амал үйгармаса,  
түбірімен жұлынып түрік біткен

құрып кету  
қаупінде тұрган заман!

Арман заман – бұл заман! Жалған заман!

Ел тағдырын тәлекекке салған заман!

Мал менен жан жем болып ит пен құсқа,  
атажұртым адыра қалған заман!

Жын ойнаққа айналып мекеніміз,  
басымызга түрілді етегіміз!

Ар-ұждан – пұл!

Нәпсі – құл!

Абырой – тұл!

Тарта берсек осылай, айдан да анық  
шыңырау түбі шым батып кетеріміз!

Құдай берген құрытып тілімізді,  
табанга сап, таптадық дінімізді!

Сүйекте жоқ қасиет,—  
сайқалдықпен,

сақ-сақ күліп аузына Әждаһаның  
біріміз кеп тастадық бірімізді!

Көзін тігіп қорғасын, қоласына,  
түрен тартқан бабаның моласына  
қас дүшпанға табындық,

Тәңір тұтып! —

Кекке жетті төбеміз, соның, егер,  
иті орнына байлансақ қорасына!

Тепкілетіп тезектей тегімізді,  
жау қолында қалдырық кегімізді!  
Хан алдында қарадай қорғалаған,  
Кімі келіп сұраса, сонысына  
бөліп бердік тулақ қып жерімізді!

Аласартып кеудеде өрімізді,  
көрінгенге ұсындық төрімізді!  
Құлан жортқан сар далам!

Енді өзіңнен,  
өлген күні, мың шүкір, бір жапырақ  
қазатұғын жер тапсақ көрімізді!

Бір-ақ күнде шашылып жиғанымыз,  
ойран болды, ой емес, мидағымыз!  
Беті жаман уақыттың, ниеті жаман! —  
Ақырзаман біз үшін осы деп біл —  
бұйырмаса Алладан

иманымыз!

Досымыз бен айырмай қасымызды,  
у аралас шайнаймыз асымызды!  
Ұрпақ азды!

Ел тозды!

Жер бұлінді!

Қасіретке тұншығып, өксігенде,  
кім құрғатар көздегі жасымызды?!

Баба Тұрік!!!  
Құлақ сал  
дауысыма!  
Мен сөйлеймін  
бүгін күн  
тауысыла!

Болашағы атомның азығында,  
Дию, пері қаптаған жазығында, —  
қазақ атты бел балаң шырылдайды  
байладап кеткен өзінің  
қазығында!

Жанған оттың қақталып алауында,  
алтын басы тігулі қарауылға!  
Тұрік өрген кіндік жер —  
Атамекен,  
«Айналдырам тамүққа!» — десе сені,  
дүшпаныңың ол дағы қалауында!

Топшысынан қанатым қайырылып,  
шөкті кеудем, намысым майырылып!  
Негып шыдап жатырсың, Баба аруақ?! —  
Қос бүйірім таянып, мен боздаймын,  
Арал,  
Балқаш,  
Семейден айырылып!!!

Буындағы у алып қуатымды,  
боркемік боп сүйегім уатылды!  
Баба Тұрік! —  
Айбарым Айга атылған!

Бір өзіңе сүйендім тарыққан құн, —  
артта қалған қолдай гөр мұратыңды!

Маңдайда елдің қалың ед соры қандай?!

Құн болар деп кім күткен, о, мынандай!

Шырқырасам, жан даусым оятпас па  
аруағын от кешкен Отаны үшін  
қос батырдаң Алпамыс, Қобыландай?!!

Ну ішінде айналып қарағайға,  
асып туар әкеден бала қайдада?!

Ғашық жардың ақылы нені айтады, —  
ел намысын қорғарға Ер Тарғындай  
бір ұл тауып беруге жарамай ма?!

Ду көтеріп дауылдай шуымызды,  
заман бар ма түлетер нұымызды?!

Арқа тұттым рухын Ер Қорқыттың, —  
Құдай ондал, бас қосса барша түрік,  
ешкім біздің жыға алмас

Тұымызды!!!

1992 жыл, Алматы



**ШЫБЫНДАЙ ЖАНЫМ ШЫРҚЫРАП  
НЕМЕСЕ  
ЖАНДАУЫС**

(Толғау)

«Менен, Қазақстанға барған сапарымда, бір бауырым: «Түркиянызда қанша қазақ тұрады?» – деп сұрады. Мен озан: «Түркияда 60 миллион халық бар, соның бәрі де – қазақ», – деп жауап бердім. Шынында да, шығар тек, құяр жеріміз бір болған соң, Түркияның әлгі айтқан 60 миллион тұрғынының қазақ десеніз – қазақ, – түрік десеніз – түрік емес не? Оларды бөліп-жаратын несі бар», – деген еди Түркияның бұрынны президенті марқұм Тұрғыт Өзал Дүниежүзі түрік халықтарының Құрылтайында сөйлеген сөзінде (1993, наурыз, Анталия қаласы).

*Ишаллан!* Ендеше, бүкіл әлемдегі 160 миллион түрік ұлсысы бір түптен тілек тоғыстырып, біргей күшике айналса, абзал емес не еди?!

Алайда, бұған имансыз халде, құр әништейін, түріи көкірек, жалаң айтаймен қол жеткіземіз деу – далбаса!

Құрани тәртіппен мұсылмын дүниесінің көкжиеғін көңейте беруді Алла-Тағалам баршамызға нәсіт еткей! Илләни амин!!!

Автор

«Көрінген жок байтак жүрт  
қараусыз малмен тен болар».  
*Әбубекір Кердеғі*

Барша адамзат –  
хат жаздым  
бауырыма!  
Қалай қарап бауырым  
қауымына!!!  
Арыған соң аргымақ, арқадағы  
ер-тоқым батады  
жауырына!!!

Үрей тұнып көзінің шарасында,  
шошынулы ел:  
«Жетсем! – деп, – қарасынға!»  
Домалатты доптайын басымызды,  
қара дауыл  
Жер мен Қек арасында!

Кірпік ілмей атқызып таңымызды,  
қалай сақтау мүң болды  
жанымызды.

Айырбасқа ақша үшін базар барып,  
қорадағы  
тауыстық малымызды!

Аштық жылғы оралып баяғымыз,  
қолымызда шошайды таяғымыз.  
Індет жапты ел ішін,  
қалт-құлт етер,  
шалынысып, басқанда аяғымыз.

Жара қаптап жағалай тәнімізді,  
адамшылық кетірдік сәнімізді.  
«Егемендік!»

«Еркіндік!» дегендердің  
жеткізгені үшпаққа қані бізді?!

Сүйретіліп кеудеде сұлдеріміз,  
кешегі өткен мұң болды күндеріміз!  
Ел – қайыршы!

Не оқу, не тоқу жоқ! –  
Енді кіммен басамыз ілгері біз?!

Кесіп тастап мақсат пен мұратымды,  
қауқитамын «Қазақ!» – деп, құр атымды.  
Кім жүктейді обалын?!

Бесіктегі  
сәбиімнің ішегі бұратылды!

Көмекейде өшіріп үнімізді,  
тұралатар мына жәйт түбі бізді!  
Заман өтер!

Көшерміз, әр төбенің  
бұрқыратып басынан құлімізді!!!

Бұл ғасырғы айналып Отырарға,  
тұншығармыз құм басқан шоқыларда!..  
Азған үрпақ не іздесін тарихыңдан! –  
Әр төбенің басында,  
боғын шұқып,..  
ауызынан сұы ағып отырар да!!!

Міне, халің!  
Батпай гәр  
уайымға!!!

Күшті екен ғой құдырет Құдайымда!!!  
Иман болса сүйенер,  
мен осылай  
құз басынан құлдилап құлайым ба?!  
**Иә, Алла!**  
**Иә, Алла!**  
**Иә, Алла!!!**

Күстәналап біріміз бірімізді,  
мінбелерден bezейміз тілімізді!!!  
**Адам емес, —**  
Алладан келмек қузыр!  
Дүние-білік бөлісер қақымыз жоқ,  
тапташ тұрып табанда Дінімізді!!!  
**Астагіфир Алла!!!**

Желке жүні арландай құдірейіп,  
әттің, Баба!!!  
Мен — мынау, — сүмірейіп!..  
Алмай қоймас түбінде аңдыған жау! —  
Тәңрегім — қаптаған қалың дүшпан! —  
Аузын ашса, «Азия! Азиялап!!!» —  
көмекейі көрінед үңірейіп!!!

Қарс арылар, күрсінsem, көкірегім! —  
Тас қараңғы қамауда отыр елім!  
**Жаңым қайтіп шыдасын,**  
шырқырамай,  
жер дүниені жайлаган жын-шайтанның  
ұятымды шарпыды оты менің!!!

Қорымаган Ана ма балапанын?!

Ойтамаган Ата ма бала камын?!

Азамат деп не керек,  
Отан үшін  
алас ұрып атпаса ала таңың?!

Өкінермін, іш күйіп өткеніме! –  
Жетер ме қол,  
созғанмен көктегіге?!

Атажұрттан айырып,  
жерді алғаны –  
қабыргамды қаусатып сөккені де!!!

Қай жақта жүр бұл елдің тектілері?!  
Көкірегімнен қас дүшпан тепкіледі!  
Мені менен сені қой! –  
Келер үрпақ,  
жері кеткесін, талғажау етті нені?!

Ізім-қайым жоғалған жорғалары!  
Жайдың оғы төбемнен соргалады! –  
Іңгәлаған сәбидің жөргегінде  
зәрін шашып,  
сүр жылан жорғалады!!!

Көзімнің алды – Шөп-шалам, Шөңгелері! –  
Ағайынның қайда жүр өңгелері?!

Қызығыштайын қорыған  
қайран Жүртүм  
жат қолында үршықтайын дөңгеледі!

Күш-қайраттың шағы бұл тауысылған! –  
Тасқа шауып, көnlімнің тауы сынған!  
Арызыңды,  
туган жер,  
кімге айтайын?!

Амиратаи синапиң даңғылданад!!!

Үні жеті боздаган Қара нардың! –  
Аруагы қозғалды-ау Бабалардың!!!  
Ана құшақ!!!

Көл үзсем енді, сенен, –  
қайда барып, мен кімді паналармын!?

Құлдір-құлдір кеуденде өрдендерің! –  
Жеткілікті еді өмірден көргендерің! –  
Қауқылдаган қалың қарт!

қаптап жүріп,  
қара жерден айырсаң қазағынды, –  
ар алдында

тірідей өлгендерің!!!

Қалың жауга қасқайып қарсы шапқан  
Баба рухын

біржола көмгендерің!!!

Мен Зарламай, ендеше, кім зарлайды,  
Ұлыс болып,

Ұлт болып,

Халық болып,

осы болса шырагым сөнген жерім?!!

Астагіфир Алла!!!

Әрі қарай кімге айтам «Аттанымды?!!»  
Баба мұрам –

ырыс-құт ақтарылды!!!

Табыс кені сарқылмыс Қазақстан! –

Көрдің бе, әне?! –

Ойдан-қырдан құйылған өңшең Құзғын  
құж-құж «Құжат», сан түрлі «Келісіммен»  
алып кетіп барады

«Ақпарымды!»

кілтін тауып аша алмай, мен отырмын,  
қолда – кісен,

аяқта – қақпанымды!!!

Ал, қимылда!!!  
 Көрейін,  
 сенің дағы  
 қақпаныңмен қаншалық шапқаныңды!!!  
 Шапқаныңды,  
 және не тапқаныңды!!!

Бас байлауда!  
 Қашан да –  
 құрықтамын!  
 өңшең төбет – жан-жақтан ұлытқаным!!!  
 Бұған дейінгі аздайын, жерді,  
 жаппай,  
 кім көрінген қолына «жалға» ұстасам,  
 онда, өзімді  
 біржола құрытқаным!!!

Албастыға ақылды алдырганым! –  
 Алқымымнан шеңгелді салдырганым.  
 «Ол!» – деп, «Бұл» – деп,  
 баладай алдарқатып,  
 ел-халқымды есінен тандырганым!!! –  
 Қош айтысып, кіндік қан тамған жермен,  
 Атажуртты  
 адыра қалдырганым!!! –  
 Ортасына түсіріп шаңырағымды,  
 Ақ Ордамның қақпасын  
 қан қылғаным! –  
 Аққу көлге қайырылып қона алмастай,  
 бітпейтүғын артымды  
 лаң қылғаным! –  
 Қарақшыға айналып,..  
 қарғыс атқыр! –  
 басым ауган жағымға қаңғырғаным.  
 Астағіфир Алла!!!

Жер – киелі!  
Жер – алтын бесігіміз!  
Құдай берген  
    ақ-адал несібіміз!  
Несібінен айырып, бесігінен  
уа, жиылған жамағат, сезермісің,  
тигелі тұр Ұрпаққа  
    кесіріміз!!!  
Тигеннен соң ұрпаққа кесіріміз,  
келе жатқан Гасырдың маңдайына  
«Кім?» – деп, «Қалай?» жазылмақ  
    Есіміміз?!

Тәуекелсіз қайтейін күресінді! –  
Қүйді жаным!  
    Шыдамым түгесілді!  
Қазынам тұсті талауга!  
    немерем жүр,  
шалғайыма оралып, шыр-шыр етіп:  
«Келешектен әпер, – деп, – үлесімді!!!»  
«Жерсіз, сусыз  
    біз қайтіп көгереміз?!!» –  
деп зарлайды шөпшек пен шөбереміз!!!  
Несібесін ұрпақтың дауға салып,  
ақылынан адасқан біз секілді,  
агалы да інілі – қос бейшара –  
керуенімізді осы жерде шөгереміз!!!  
Бір Аллаға – аманат – қалған гұмыр! –  
Ақырет күн... –  
    алдында не көреміз?!

Белшемізден былыққа батып тұрып,  
Жаратқанға  
    жауапқа не береміз?!

Иә, Алла!!!

Тақылдауын қызыл тіл таңдайымда! –  
 Ниетімнің ісім жоқ қандайында!  
 Әлімсақтың болмыстың Заңы осылай:  
 Иманынан адасып азған елдің  
 қайғы - қасірет жазулы маңдайында!!!  
 Иә, Алла!!!

Иә, Алла!!!

Иә, Алла!!!

Жау жолында жығылған жапырылып,  
 жайын қара мына елдің пақырының!  
 Мықты ма деп қалып ем маңғаздарды!.. –  
 Тығылды ма қойнына  
 қатынының?!!

Бас шүлгумен Өкімет Жарғысына,  
 Санамызды сұңгітпей аргысына,  
 айырылып иманнан

түбекейлі

қалдық па біз Құдайдың қарғысына?!!

Төбемізде тайрандап тажалымыз,  
 бұзылып түр біржола ажарымыз!  
 Түрі – мынау дүниенің!

Түбі – жылау! –

Бұйырмас па адалдан ажалымыз?!!

Астагіфир Алла!!!

«Құдайға – құл!  
 Мұхаммед үмбетіміз!!!» –  
 дейміз! – Қане мұсілім міндетіміз?! –  
 Баламызды піштіріп,  
 арақпенен  
 думан құру – арылмас індетіміз!

Шаригаттың ішінде біз ұстанған,  
бей, бейшара,  
осы ма «Сұндетіміз?!»

Бей, бейшара!  
Осы де сұннетіміз!  
Надандыққа үйренген, мұлде, етіміз! –  
Етінен ет кесіп ап нәрестенін,  
деген бар ма  
«Пошымын ұлгі етініz?!»

Не тұр сенің шелтиген  
мұсініңде,  
еш қылығың жатпаса мұсілімге?!

Алла берген жаңды адал сақтау үшін  
қажеті жоқ түрдің де, түсіңің де! –  
Байлық, мансап, бойдағы күшіңің де!!!  
Түсіндің бе,  
ей, пенде,  
түсіндің бе?!

Оясыздық жетті, әбден түбімізге!  
Кеше көрген зар болдық күнімізге!  
«Сұндет» тойда шараппен шомылдырған,..  
көзіңді аш та,  
қара, әне,  
қорс-қорс етіп  
аунап жатқан сол баллар күлімізде!

Бір өтірік бар ма осы сөзімізде?!

Үймеледі көк шыбын көзімізге!

Пәк денесін сәбидің боққа тықтық, –  
Құдай алды  
бар күнә өзімізде!!!

Мықты болсаң, ал, енді, күресіңіз!  
 Қуреспесең, ..  
     және өзің білесіңіз!  
 Бір нәрсе – хақ, әйтеуір, –  
     ар-ұждансыз  
 бұл дүниеден болмайды еш үлесіміз!!!

Сал санаң!  
     Үз одан үмітінді!  
 «Иман!» деп біл уайымың құні-тұнгі!  
 О дүниеңіз бөлмейді, бай-кедейге. –  
 Көр қойнында денеміз –  
     үгітінді...

Алтын бастың Қара Жер жастанбағы. –  
 Құлпы орнайды, шошайып, тастан тағы.  
 Қағырадай қайқайтып мола соғар,  
 дәулет тасып, қатардан асқандары...

Болмас, бірақ, тырп етер дәрменіміз.  
 Бітті біздің осымен пәрменіміз!..  
 Жамбаста – сыз! Бауыр – мұз! –  
     Бірі ілеспес  
 тіршілікте жиганмен әрнені біз!!!

Ажал – ортақ, жасымыз, кәрімізге.  
 Бөле соққан белгі жоқ тәнімізде.  
 Неге келдік?!

Барамыз неге кетіп?! –  
 Мұның мәні жетпеген әлі бізге!

Жеткен болса, мынау не – қылығымыз:  
 Бірі асады бірінен былығымыз!

Дүние қуып,  
айналдық боққоңызға, –  
Ерік кетті! Нәпсіде – ырығымыз!!!

Бақылаусыз, бағдарсыз алдағыға,  
қоржынына әркім мәз салғанына!  
Жаумен де ауыз жаласып, жеуге келсек,  
қу құлқынның ілікті қармағына!!!

Ұрыменен сыйбаймыз, қарыменен!  
Есеп қайсы бұқара зарыменен!  
Қағып жатыр қақпақты  
ауыздарға! –  
Мұның арты тынады тағы немен?!

Сүт бетінде қалқыған қаймақтарым! –  
Өткен ғұмырнамама айғақтарым!  
Арқа тұттым өзінді, «Асқар тау» – деп! –  
Сен құласаң,  
сорымды қайнатқаның!!!

Ел сүйегін еңселі Емендерім!  
Қайда еменді  
«Иілмейді!» – дегендерің?  
Дедек қағып алдында дүшпанымның, –  
істеп жатқан сол емен дегендерін!!!

Біз жолықтық зорына құбылыстың!  
Желкемізде өзі отыр  
Ібілістің! –  
Бірін алыш жатады, бірін салып,  
ұлтыма жат қоғамдық құрылыстың!!!

«Ұмытсын, – деп – дәстүрді  
ғұрыптағы» –  
Міне, өнерді біржола құрытқаны!!!

«Сарыарқаны» сарайға тас бекітіп,  
саҳнада «Рокты» ұлытқаны!!!

Қос емшегін сыздатып қымыраны,  
түйем шөгіп барады  
ыңыранып!

Желілерден үзілген мама бием... —  
«Құрдым» жақта  
іздері шұбырады!!!

Есіттің бе дауысын?! —  
Кой қорыған  
ұясымен қасқыр жүр ұлып, әні!!!

Нем бар менің жоқтау сап өңгесіне! —  
Көзім жетті  
ісімнің өнбесіне!

Не тапсам да — өзімнің пигылымнан! —  
Құдай жазды! —  
шарам жоқ —  
көнбесіме!!!  
Иә, Алла!!!

Бастан ұшты бұлбұлдай баяғымыз!  
Қайда өкшесін тірейді аяғымыз?!  
Корада — үрей!  
Состиып шыға келдік,  
қолымызда шошайып  
таяғымыз!!!

Сонда дағы күйіміз басылмайды! —  
Тұртқілейд те тұрады  
қаяғымыз?!

Жагамды ұстап, үйірдім иманымды!  
Жел әкетті гұмырлық жиганымды!

Бостандық па дегенім –  
бейбастақтық!

Ал, қанекей, көрейін шағым айтып,  
бұл басталған нәубетті  
тыйғаныңды!

Жер – Аукционда! –  
Талай сүм талтаңдарсың,  
қалтаңдағы қампитып шиланыңды!!!

Сорғалатып көздегі сорамызды,  
жау қопарды қоргасын, қоламызды!  
Батыс,

Шығыс,  
Солтүстік,  
Оңтүстігің –

түгел жаттың қолында!!! – Сіз бенен біз,  
ажал жетіп Алладан, өлген күні  
қайдан қазар еkenбіз

моламызды!!!

Астагіфир Алла!!!

Қайдан маза болсын-ау бүгін менде...

Қасірет-қайғым жетеді –  
үңілгенге!

Ойран салып жазықсыз мүміндерге,  
зар қақсатқан халықты қас дүшпанға  
«Лағнет жаудыр, иә, Алла!» – деп тіледім,  
айлам бітіп,  
амалдан түнілгенде!

Кім бар сені сүйейтін,  
сүрінгенде?!

Қуат кетіп, беліңнен бүгілгенде?!

Тый құлқінді!

Жи есті!

Ойлан, халқым!

Ақ пен қара егесер ертеңгі күн –  
күрделірек сен үшін, бүгіннен де!!!

Бір-бірімен Дүшпанның ымы қандай?! –

Қыл өтпестей арадан, жымы қандай»?!!

«Көкбөріден сүт емген

Көкжал!» – деуші ед!.. –

Бұл қазақтың неткені,..

енді,.. бүгін,..

кімді көрсе – жалпылда, дымы қалмай?!!

Арғымағын ойнатқан тақымында

осы қазақ емес пе ед

батырың да?!!

Ертеңім де өзі еді! – Тентегім де! –

Жаудың иісі сезілсе, тулас қоя

беретүғын анасы жатырында!!!

Шыбын жаны – ақиқат құрбанында,

бұлт үйіріліп дулыға бұлғағында,

қалтыратқан қабақпен қалың қолды

қайран Бабам, қайдасың?!

Лә илләһә ил Алла!!!

Қандай пері бізді әкеп мінгестірген

«Жаңа қазақ» деген бұл

құрмағырға?!!

Дүнияда мен бұлай күйерім бе?! –

Қара таңба басулы сүйегімде!!!

Не, ішкенге – тойым жоқ! Не, жегенге!

Жайлап барад ел ішін Сасықбайлар  
бұғып жатқан пәлекет бүйенінде!!! —  
Шап-шақ бола қалады  
өңшең сайқал  
биенің де көтіне, түйенің де!!!

Өзіңіздің лайықтап ниетіңізге,  
бұлтақтамай,

тіке айттым бетіңізге!

Арлан ғұрлы үйірін игере алмай,  
жазған ерек!

Ақылдан азған ерек!

Көтермесең сөзімді,

жарылып кет! —

Обалың жоқ! Өңшең ез — шетіңізден!!!

Немерең мен шөберең арасында  
жарамадың сен сорлы қарасынға!..  
«Менде не тұр?!» — демейсің?! —

Сен секілді

көп мылқаудың бармағы басулы жүр  
ел ырысын айнала шашу үшін  
белгіленген

Өкімет Шарасында!!!

Егеменді ел аяқта тұрмай ма нық?! —  
Қалтылдатқан халқымды

бұл — қай «Нарық?!»

Жұдырықтай жұмылған Жұмһүрият ем!.. —  
Жұлым-жұлым — борбайым!

Ілым-сылым,..

кетіп барам құлқындық құлға айналып!

Дабыл қақтың: «Одағым тарады», — деп,  
«Өз байлығым өзімде қалады», — деп.

Ал, қайсының бар, ағайын,  
уайым күткен  
«Жан-жағым жау жағалай жалақтаған, —  
абайсызыда

алқымнан алады, — деп, —  
қайнап жатқан қазақтың қазанында  
қазынасына

шеңгелді салады, — деп, —  
мемлекеттік билікті қолға тиген  
ат үстінен аударып,..  
аттаттырмай,  
айналып кеп, аяқтан шалады», — деп?!  
Жоқ!!!

Оны ойлаган бірің жоқ!!! —

Күнде — думан!  
Күнде — той! —  
Лепірдіңіз!!!

Тіршіліктің қадірін кетірдіңіз!!!  
Қиқу салып, ат қосып, бәйге шауып,  
аспанға атып бөркінді,  
секірдіңіз!!!

Қас дүшпанмен қай ойын ойнағаның?!

Мәніне істің  
ертерек бойламадың!  
Егеменді ел болып, іргемізді  
бекітудің орнына,  
ерек біткен  
парламентке жабыла арыз жолдал,  
қос қатынның қамы болды ойлаганың!!!

Шетіңізден қос қатын аларсыңыз! —  
Айқастырып аяқты саларсыңыз!

Не, елің жоқ сүйейтін!

Не, жерің жоқ! –

Қосағында – қос қатын! Аш-жалаңаш,..  
қол ұстасып,

қай жаққа баарсыңыз?!

Таусылмады елтең мен селтеңіңіз! –

Дау қуалап,

лаң болар ертеңіңіз!

Алып шығар халықты тығырықтан  
ебелек боп кеткен бе Еркегіміз?!!

Сырқырайды сай сүйек зарлағанда,  
екі көзден қанды жас парлағанда!

Ию-қиу – ел іші, ұрыс-жанжал! –  
Кім алады,

бізді жау алмағанда?!

Кім алады, бізді жау алмағанда?! –

Қара саннан

қылбұрау салмағанда?!

Көресіні көрерміз, жерімізben  
өзімізді қоса ертең жалмағанда!!!

Астағіфир Алла!!!

Астағіфир Алла!!!

Астағіфир Алла!!!

Қырық ру! –

қырық жүрт! –

Бәйтерегім!!!

Тамырыңдан үзілсең, қайтер едім?!!!

Өткен үшін – салауат!!!

Ей Тұғандар!!!

Шын ойласаң тағдырын Атажұрттың,  
көтеріндер рухымды

қайта менің!!!

Иә, Алла!!!

Иә, Алла!!!

Иә, Алла!!!

«Сарайшық!» — деп,

«Сауран!» — деп,

«Отыrap!» — деп! —

«Осыларды жайлап Софылар!» — деп! —...

шүқыламай өткенді, ермек үшін,

шын жүгінсек Шындыққа,

бүгінгі күн

он үш миллион қазақты жүз алпыс

миллионнан

бір қайырып,

па, шіркін,

отырап ма ек!!!

Тек іздесек, — қазақ не, түрігің не?!

Бар мәселе — бір түптен бірігуде!

Қабыл болып ақ тілек,

Құдай жазса,

бір жүз алпыс миллион түрік жұрты,

дін-мұсылман жолымен,

келе жатқан

Жиырма да Бірінші ғасырыңың

үмітсіз бе ек

көшіне ілігүгे?!

Иә, Алла!!!

Бас құрасақ, жүз алпыс мол емес пе ед?!

Жер қайысқан ғажайып қол емес пе ед?!

«Аллаху акбарлап!» – аттансақ, жауға қарсы,  
«Жиһад» жолы  
шын күрес сол емес пе ед?!

Парыз да осы болмай ма мұсылманга?!  
Дақ түсе ме ондайда ғұсыл-жанга?!  
Қағидаға жүгінсек Құрандағы:  
«Ақиқаттың жолында Алла өзі  
қуат беред, – демей ме, –  
қысылғанға?!

Қамал тұтқан, қалың ел, қағырадай,  
қойы кеткен қорадай, қаңырамай...  
«Болған іске болат бол!» – деуші ед Бабам!  
Кел! Қанекей!  
Жұмылып күш қылалық,  
жоқтау салып айнала,  
жамырамай!!!

Көз жүгіртсек Тарихқа,  
тегінде,.. біз –  
ғұмыр бойы майданның шебіндеміз!!!  
Ақиқаттың жолында ұмтылдың ба?! –  
Жарты қадам  
кеінгे шегінбеңіз!!!  
Шегінбеңіз!!!

Біз –  
Майдан шебіндеміз!!!  
Шегінбеңіз!!!  
Шегінбеңіз!!!

Көрсет, халқым, бойдагы қауқарынды!!!  
Ел – Жер дауы  
көтермес науқанынды!!!

Санамызды жаңғыртып Ұранменен,  
бекітілік жүректі

Құранменен!!!

Біз бекітсек жүректі Құранменен,  
нұрға оранып,

имани құрамменен

алға асармыз! Шеруде жалғасармыз  
түбірі бір

түріги Тұранменен!!!

Асыл тұған арыстың арманы осы ед  
Мағжан,

Ахмет,

Мұстафа,

Тұрар деген!!!

Біз де ұзбелік ұмітті «Тұбі халқым  
жақсылыққа маңдайын бұрап!» – деген!!!

Лә илләһе ил Алла!!!

Мұхаммадан – расул Алла!!!

Аллаһу акбар!!!

Аллаһу акбар!!!

Аллаһу акбар!!!



## **АРМАН-АЙ!**

*(Халық батыры Бауыржан Момышұлын жоктау)*

**1986 жыл! Мемлекет билігі жат қолында екендігін дәлелдеп, бүкіл дүниежүзі алдында «Қазақстан – Ресей империясының отары» деген саяси шындықты ашық жария еткен «Қанды желтоқсанның» қаралы күндері!**

Қолдарында – үран, Орталық Комитеттен еліміздің еркіндігі мен егемендігін талап етіп, бейбіт шеруге шыққан қазақтың жауқазын жастарын аузынан от шашқан аждана ажал – Брежнев алаңы, жалмап барады! Алға шығып, ақыл айтып, араша түсіп, басу айттар ақсақалдарымыздың демі аузынан шықпай жатып-ақ өшкен!!! Шырақтарын сөндіріп, көз алдарындағы қан сасығын қызыл ала қырғынды көрдей қараңғы бөлмелердің үнірейген үрейлі терезелерінен үнсіз ғана бақылап тұрған қат-қабат зәулім үйлер – олардың да тілі байлаулы!!!

Жағалай шеп құрып, алаңды айнала қоршауға алған қарулы қолдың құрсауында, дауылды күнгі теңіздей, ерсілі-қарсылы толқыған халық, қалай қарай лықсыса да, жалпақ дүниені табанының астына салып, таптап келе жатқан бронды техника мен арсылдаған қабаған иттерін алдына оздыра, лек-легімен, екпіндей ұмтылған жазалаушы әскердің қаһарына ұрынып, баудай жапырылуда!!!

Иә! Құдайым! «Елім!», «Жерім!» – деп, шыбындај жа-  
нын шүберекке түйіп, тұтқылдан құйылған қарақшы-құзғын-  
дарға арыстандай айбармен қарсы атыла, айбат көрсеткен  
жанкешті жас буынға батыр бабаларымыздың рухын берे  
гөр!!! Аллаһу акбар!!! Аллаһу акбар!!! Аллаһу акбар!!!

О! Бәuke!

Қарагайсыз ну бола ма?!

Жел соқпай, дауыл ұрмай,  
шу бола ма?!

Атой сап, ұран тастап, қол бастамай,  
бүк түсіп,

нағып жатсың қу молада?!

Балаған көздің ақ пен қарасына  
ұрпағың

қалды дүшпан жаласына!

Дірілдеп тілерсегім әзер жеттім  
сен жатқан Алатаудың саласына!

Дабылы қасіреттің қағылып түр!

Халқыңа «Ұлтшыл!» айып тағылып түр!

Өзіңе осынау жәйттен хабар салмай,  
мелшиіп, меніреу дүнием нағылып түр?!

Қар жауып қара аспанның қабагынан,  
қанша гүл

сынып түсті сабагынан!

Құтырган көктөбеті «Желтоқсанның»,  
о, Бәuke, көрмеймісің, қазагыңың  
арсылдап алып жатыр тамағынан?!

Сырқырап сай сүйегің зарлаганда,  
қанды жас екі көзден парлаганда!

Тұншығып, тұңғиыққа ел батып барад,  
қолына тал да ілікпей, қармағанда!

Иман жоқ, ар-ұят жоқ жауызында?  
Таптады ұл-қызынды қауызында!  
«Елім!» – деп еңіреген ерлерінің  
домалап,  
басы кетті ауызында!

Күркіреп, таудан төмен аспаймысың?!

Дүшпанның көкірегін баспаймысың?!

Қаптаған қалың жұртың – қазагынды

Қаулаган

өрт ішінде тастаймысың?!

О! Бәуке!

Қарағайсыз ну бола ма?!

Жел соқпай, дауыл үрмай,

шу бола ма?!

Арызым тасқа барып жаңғырад,

шыныңмен айналдың ба қу молага?!

Бәукем-ау!

Бәукем-ау!

Бәукем-ау!!!

1986 жыл



Иман жоқ, ар-ұят жоқ жауызында?  
Таптады ұл-қызында қауызында!  
«Елім!» – деп еңіреген ерлеріңнің  
домалап,  
басы кетті ауызында!

Күркіреп, таудан төмен аспаймысың?!

Дүшпанның көкірегін баспаймысың?!

Қаптаған қалың жұртың – қазагынды  
Қаулаған  
өрт ішінде тастаймысың?!

О! Бәуке!  
Қарағайсыз ну бола ма?!

Жел соқпай, дауыл ұрмай,  
шу бола ма?!

Арызым тасқа барып жаңғырад,  
шыныңмен айналдың ба қу молага?!

Бәукем-ау!  
Бәукем-ау!  
Бәукем-ау!!!

1986 жыл



## ҚАЙТАЛАНБАС ТҰЛАҒА

*(Толғау)*

Халқымыздың шынайы тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін бел шеше курескен белгілі қоғам қайраткері, көрнекті журналист әрі әдебиеттанушы ғалым Батырхан Дәрімбеттің де ортамыздан кеткеніне биыл бақандай алты жыл болды. Таудың алыстаған сайын биіктей түсетіні секілді, Батырхан бейнесі де араға жыл салып, уақыт ұзаган сайын, тұлғаланып барады. Не жасыратыны бар, бүгінгідей қымқұыт шақта елімізде болып жатқан небір кесек-кесек ұқыялардың ішінде күрестің көрігін қыздырып, Бәкендей қолбасы азаматтымыз жүрсе, басқаша болар ма еди.

Өткен күндердің тарихын актарын, оқиғаларын бағамдасақ, Бәкен бастаған істің аяқсыз қалатыны болмайтын. Ол – жұмысты нөкерімен жұмыла жүріп жасайтын көпшіл адам-тұғын.

Казақстанның Республикалық азаматтық «Азат» қозғалысының Туы іспеттес болған «Азат» газетін дүниеге әкеліп, оны жалпы ел мойындаған үлкен басылымға ай-

наалдырды. Кейбір басылымдар оны мен солына қарап, қоғамдасты жағдайдың ақ-қарасын айырып болғанша, Бәкен-нің «Азат» газеті көтерілген мәселені пісіріп-түсіріп, бәтуасымен қоса, халқының қолына жеткізіп үлгеретін. Ол кездегі азаттыл оқырмандардың белсенділігі мен біліктілігі, бәлкім, осылай қалыптасты.

Ал, енді, Батырханның «Азаттық» радиосына сінірген еңбегіне келсек, оны қозам өміріне енген өз алдына бір бөлек құбылыс деп қараса боларлық. «Эфирде Батырхан шығады» дегенді естігенде, оның тыңдармандары радио корабының алдында қаққан қазықтай қатып-ақ қалуышы еди. Хабарының бас-аязы қолмен жонғандай жүп-жұмыр болып келетін. Бір ауыз қоспасыз, ақиқат пен шындықты паш еткен қорғасын салмақ қоңыр үн, өлсөң, құлағынан кетпестей әсер қалдыратын. Эттен, не керек, сол үн ерте үзілді. Батырхан бауырымыз сұрағы көп жұмбак жағдайда жол апатынан қаза тапты. У-запыран жүреімізді өртеп, біз сорлы артында аңырап қала бардық.

Тағдырға не шара! Батырхан қайтқаннан кейін, араға үш жыл сала бере, журналист ретінде, жастаболса, халық-қа кеңінен танымал бол үлгерген оның үлкен ұлы Аскар – ол да ауыр науқастан дүние салды. Қайтеміз, «Орнында бар оналар» деген, «Батырхан!» – дегендеге, оның әулетінен екінші ұлы Әнуар мен марқұм Аскардан қалған Нәйла атты қызалақ баланы көңілге медеу тұтамызы. Алла тағала, келер күндерде солардың көгеріп, көктеп, жапырақ жаюына жазсын! Әрине, «Тас түскен жеріне ауыр!» Батырхандай жарды, Аскардай үлды жоғалтып, көңілі жарымданған Гүлишара мен бауырларынан айырылып, тауы шағылған түгандуыстағына және Аскардай асыл жарынан көз жазып, көңілі жудеген Назираш келінгіе қиындыққа мойымай, иыққа түскен ауыртпалықты көтеріп кеткендері үшін алтыстан басқа айтаратымыз жок. Аман болсын!

Батырханның зерттеуши ғалым ғетіндеи үстенімшесінің өзі ешкімде үқсамайтын. Ол халыққа тарих қойнауында жатқан қазына байлықтың сүйн сызып, сөлін ғана үсіннатын. Оның шыгармаларының ішіндеи танымдық, тағылымдық жағынан деңгейінің биігі – қазақтың майталман ұлы Мұстафа Шокайға қатысты жазылған еңбектері еді. Батырхан Дәрімбет дүние салғалы бері, Шокайдың Батырхан құрған «Шокай Қоры» арқылы өз кезінде қайтадан жаңырып, жандана бастаған үмітнамасындағы кез келгеннің дәті барып айта алмайтындаи сан сырлы штрафтар біртін-біртін көмеккіленип, жоғалып бара жатқанға үқсайды. Мұстафа мұралының қатысты бүгінгі күннің қам-қарекеті, сонау замандағы, дүниенің апшысын қуырып, үйітқи соққан рефлексиялық науқандағдың құрбаны болған сандаян ақтаңдақтар тізімінің ішінде әншнейін ғана атын атап кетуден әріе аса алмауда. Былай айтқанда, Мұстафа Шокай еңбектерін өз алдына бөлек жеке бір ілім деп қабылдан, оны қоғамдық әміріміздің белгілі бір қозғаушы күші есебінде санамызға сіңіргүе кеңділіміз жетпей отыр. Ал, Бәкен болса, Мұстафа мен бүгінгі күн арасындағы бір ғасырға жуық қашықтықты жылдастырып жіберіп, Мұстафаны, бейне бір, дәл осы қазір қасымызда жүргіен, өзімізben ойы ортак, мақсаты бір азамат ғетінде бұқара жадына орнықтыра бастап еді. Бәлкім, сол себептен болар, Батырхан қолға алған қай іс, қай мәселе болмасын, оның басы-қасында Мұстафа Шокай түріндай сезілетін. Кім біліпті, «Өлі жебемей, тірі байымайды» деген, Батырхан бойындағы батырлық пен қайсаrlықтың негізінде, Алланың әмірі – өлі мен тірі арасындағы байланыстан туындағын ғажап бір сыр жатқан шыгар... Қалай айтсақ та, біз, әйттеуір, Батырханды, оның өзінің тірі кезінде-ак, Мұстафа Шокайменен айырылмастай бірлікті мойындағанбыз. Енді, міне, бүгінгі күні, яғни Батырхан Дәрімбет те бұл дүниеліктен озып, о дүниелік болған

шакта, «Елім!» «Жерім!» – деп еңіреп жүргіп, дүниеден баз кешкен Қос Рухқа біз бағыштар үй тілек имандары жолдас, жандары жәннатта болғай!!!

**Автор**

## **САҒЫНДЫМ СЕНІ, ЖАН ДОСЫМ!**

Сән қандай!

Сана қандай!

Ақыл қандай!

Жан болмас халқын сүйген Батырхандай!

Бауырына басушы еді дүйім жүртты,  
жатсынбай,

ешқайсысын жатырқанбай!!!

Ақ пейіл, адал көніл досым қайда!?

Езілер ет жүрегім осындайда!

Жарқ етіп, найзагайдай, болдың гайып! –  
Не шара сен жолықсан

тосын жайға!!!

Елінді не күтіп түр алда, мына?!?

Жөн сілтер өзің едің бағдарына!

Қапыда кеттің шейіт, –

бұқарамды

жеткізем деп жүргенде арманына!

Жақынға жанарымен жайды үқтырып,  
дүшпанды

қабағыңмен қаймықтырып,  
тартып келе жатырган Қара нарым,  
қара тұнді бүркеніп, қара жолда  
мертіктірген өзінді

қай мықтылық?!

Қай мықтылық, анасы жатырынан  
азып туып,  
адасқан ақылынан?!

Басқа тұрғай, әйтпесе, дүшпанның да  
дәті бармас іс-ті бұл,  
қазагымды

Батырхандай айыру батырынан!!!

Бақ қонақтап, салпыерін жалагына,  
жаман менен  
жал бітті жабагыға!

«Әй!» дейтуғын әже жоқ, «Қой!» дер қожа, —  
қазынасын халқыңың шашып жатыр  
қарга менен  
құзғынның тамағына!

Сен бардағы абырой асқақтаған  
аласарып,  
бізден бақ қашқақтаған!  
Өзің бас боп құраган сарбаздарың —  
оның-дағы сөгілді қабырғасы,  
кеудең тосып,  
ешкімге жасқатпаған!

Жарқылдатып бет пenen бедерімді,  
Ту қып көкке көтердің беделімді!  
Болса өмірде бір адам саған қарыз, —  
ол — менмін! —

Білсін қауым, түсінсін — жүрт,  
менің бүтін сен жәйлі  
не дерімді!

Сен — Арал, —  
мен Оралдың еркесі едік!  
Алқа жиын топ бастар серкесі едік!

Бекіскенмен бекістік! –

Шекіскенмен

ат құйрығын кесіскең келтесі едік!

Берген бойға күш-қуат Аллам қандай! –

Талап қандай!

Байлам мен талғам қандай!!!

«Әпереміз елге, – деп, – еркіндікті!» –

кірпік ілмей, құні-тұн мәслихат құрып,

армандарды жалғаушы ек армандарга-ай!!!

Қарсы бұтақ қайқайған қарағайда, –

Енді өзіндей

қазақقا бала қайда?!

Апырмау, сен кеткелі, мына дүние

толды да кетті кілең

Шалабайға!..

Шыгара алмай біз журміз басымызды,

салып қойып

дау менен даламайға!

Досым-ау! Сен бардағы сонау кезгі

салқын ақыл, саф көңіл

сана қайда?!

Оңға бұрып тіршілік тегершігін

алға бастар қауымын дана қайда?!

Дана қайда?!

Зарықтым «Қайда?! Қайда?! Қайдаменен?!

Сен жоқсың! –

Елге қандай пайда менен?!!

Қоғам мынау бықсыған, дүниең – тұлқі, –

аттатпайды аяқты жалғыз қадам,

орагытып алды-артты

айламенен!

Үзіліп сағағынан адырнасы,  
халқыңың қайысулы  
қабыргасы!  
Бас жібінен босаған мына Заман, —  
енді бізге белгілі  
бағынбасы!

Істе мән,  
бәтуа жоқ сөзімізде! —  
Білмеймін не болғанын өзі бізге!..  
Бір нәрсе бар ақиқат —  
сен кеттің де,  
үймеледі көк шыбын көзімізге!!!

Дос қайсы, айыра алмай, — қасымыз кім, —  
көр, міне,  
дал болғанын басымыздың!  
Сен барда бәрі орнында тұрушы еді, —  
кәрі қайда, —  
ортада жасымыз кім?

Үлкенді қоятынсың «Агалатып!»  
Алтынға

газиз басын бағалатып!  
Күн туды бүтін, міне, байқаймысың,  
ардақ тұтқан  
ақсақал Абыздардың  
ит қосатын артынан абалатып!

Көргенді, көрегенді халқым қайда?!

Салмақты, салиқалы қалпым қайда?!

Атойлап, алқа топта ат оздырып,  
жалқыға жал бітірген  
жалпым қайда?!

Ат та шап, — айнала кіл әпербақан, —  
опырмау, мыналарың, ең болмаса,  
Ар мен үят алдында тартынбай ма?!

Ерісп, әркіммен бір ерегесіп,  
кетірдік мына өмірдің берекесін!..  
Бұл қоғам

өзің барда жіптіктеј ед, —  
байқасам, жиып алып бар тентекті,  
тәртіпке салып жүрген  
сен екенсің!!!

Алысты жақынменен жабыстырып,  
қоюшы ең

жатты жатпен табыстырып.

Ал, мына сайқалдардың ісін қара, —  
айдап сап, агайынды агайынмен  
атыстырып бітті, әбден, шабыстырып!..

Сен барда

күн ерекше бататұғын, —  
арайлап таң да ерекше ататұғын! —  
Сапырып тайқазанын ырыс-құттың,  
па, шіркін,  
қайнап өмір жататұғын!!!

Керуенмен кернейлетіп көшетінбіз!

Бір белестен

бір белес, —  
өсетінбіз!

Жұмылып жұдырықтай, небір жәйттің  
түйінін қатар жүріп шешетінбіз!!!

Гұмырды бағалаушы ек

күреспенен, —  
дүнияуи қаперде жоқ үлес деген!

Небір-небір дәкей бар – соларыңнан  
бізбенен

кім қалды осы  
тіреспеген?!

Алышсақ, –  
амал қандай,  
айла қандай?!

Сиқырмен жынның көзін байлагандай!  
Алдына жан салмайтын

өңшең саңдақ,  
жарыса сұңқылдаушы ек, сұнқардайын,  
жамағат жайын айтып,  
сайраганда-ай!!!

Қауымды сөйлер сөзге шандырганбыз, –  
құлақтың

құрыш етін қандырганбыз, –  
қаптаған қалың қолды соңға ертіш,  
«Аттандал!»

аруақ қозғап, жаңғырганбыз, –  
көпке тізе батырган талайларды  
«Аһылатып!»

есінен тандырганбыз, –  
арам жиган абыройын  
судай шашып,  
қақпасының ауызын  
шаң қылғанбыз!!!

Жер қайысқан қалың қол тас түйліш,  
дүйім жүртты тамсантып,  
таң қылғанбыз!

Япырмау! Біз осындай гажап едік!  
Апайтөс,  
қайтпас,  
қайсар қазақ елік!

Дос көрсек, құшақ жайып, –  
ал, дүшпанға  
жанынан түңілдірер азап едік!!!  
Иә, Бәке! Біз осындай ғажап едік!  
Ғажап едік!  
Ғажап едік!!!

2010 жыл, қараша



1992 жыл. Түркия. Азаттықтар – Түркия милләтшіл партиясының бастыры Алытарыслан Түркештің қабылдауында. Сол жақтан бірінші қатарда – Советқазы Ақатаев, Камал Ормантаев, Алытарыслан Түркеш, Айсұлу Қадырбаева, сол жақтан екінші қатарда – Жасарал Қуанышәлин, Батырхан Дәрімбет, Атабай Қылышбай

## ӨСИЕТНАМА

### Бірінші сыр

Әлди, әлди!  
 Ақ бөпем!  
 Ақ бесікке жат, бөпем!  
 Ақ бесігің – Ақ отау, –  
 шамшырағын жақ, бөпем!

Шамшырағы жағылсын, –  
 іші нұрга малынсын!  
 Жаныңа не керектің  
 бәрі содан табылсын!

Ақ отауың – Ақ бесік, –  
 сәндейін, кел,  
 үкілеп! –  
 «Басқа қонған бақ!» – десіп,  
 дүғамды айтып,  
 «Сүфілеп!»

Ақ бесіктен үгарсың  
 жылуулық не екенін, –  
 сымдай тартқан сымбат пен  
 сұлулық не екенін.

Сап-сары ала саф алтын –  
ақ бөпемнің  
жөргегі, –  
соның жұпар иісінен  
рахат тапқан  
көр мені!

Соның жұпар иісінен  
рахат тапқан көр мені!  
Кең сарайдай ашылды  
көкірекімнің өңмені!



Кел!!!  
Кел, бөпем!  
Келе ғой,  
құндағына орайын.  
Есендігің жолында  
құрбандығың болайын!

Бал татыған  
балғыным!  
Садағаң-ақ кетейін!  
Сені берген Құдайға  
мың шүкірлік етейін!

Отпен аптап маңайын,  
кел,  
бесікке салайын.  
Тәтті үйқынды күзетсін,  
айылдарын таңайын.

Айылдарын таңайын,  
қимылынды  
бағайын.

Сен де көзді іліп ал,  
мен де  
сәл дем алайын.



Ғұмыр жолы бұлың-ды,.. —  
кімдер білген  
құнымды!

Саған айтсам  
мұнымды:  
айып етпе мұнымды, —

Әр бекетте —  
бір зекет, —  
құрды тағдыр  
өрмегін...  
Бұл жалғанда Әжепнің  
аз болған жоқ  
көргені.

Бұл жалғанда Әжепнің  
аз болған жоқ  
көргені. —  
Кім сүйремед есікке  
алтын басын  
төрдегі.

Қарыстырып жагымды,  
сындырмаққа сағымды,

қинамады кімдер кеп  
шыбындейын  
жанымды.

Айналдырып бастағы  
ақ жаулықты  
шұлғауга,  
қардай аппақ ар-үздан –  
кім үмтүлмад  
былғауга.

Қара аспанды төбемнен  
қара бұлттай  
төндіріп,  
еңкеймеген еңсемді  
еңкейтуге  
көндіріп.

Еңкеймеген еңсемді  
еңкейтуге көндіріп,  
маздай қалса үмітім,  
сол бойда оны  
сөндіріп.

Самай шашым – қырауда, –  
қос жанарым бұлауда! –  
Сен болмасаң,  
құлдығым,  
қалған екем құлауга!..



Кел!!!  
 Кел, бөпем!  
     Келе ғой,  
 бесігіңнен алайын.  
 Желбіреген жібектей  
 тұлымынды  
     тарайын.

Талаптанып, талпынып,  
 қанатты ертең  
     қағарсың!  
 Еркін басып аяқты,  
 айналаңа  
     қарапсың.

Кең жазира далана  
 жіберерсің  
     көзінді,  
 қиырына жетсем деп,  
 тауысарсың  
     төзімді.

Қиырына жетсем деп,  
 тауысарсың төзімді!  
 Шың басында  
     шынардай  
 сезінерсің өзінді!

Құйындаілын құйғытып,  
 қиял ойнап ойында, —  
 бір тылсым күш осы сәт  
 дүр сілкінер  
     бойында!

Қырандайын қалықтап,  
 үмтыйларсың үшпаққа!

Ай – Жұлдызды кең әлем –  
айқара кеп  
құшпаққа!

Жаббар ием!  
Күнімнің  
ықыласын демей гөр!  
Ғайып-Ерен,  
Қырық Шілтен,  
қолтығынан  
демей гөр!

Аруағы бабамның  
аялай гөр  
балаңды!  
Қара жерге, қазықтай,  
нық қадасын  
қадамды!

Қара жерге,  
қазықтай,  
нық қадасын қадамды!  
Сол күнге бір ілікsem,  
мен де  
азайтам аланды.



Аттай қойшы,  
құлышым!  
Қаз бастырып қарайын! —  
«Жүріп кетер ме екен», — деп,  
елендең тұр  
маңайым.

Қане! Қане!  
Қанеки! —  
Қадамыңды санайын!!!  
Ақ жіп пенен  
қара жіп, —  
тепе-тең қып алайын. —

Ақ жіп пенен  
қара жіп, —  
тепе-тең қып алайын, —  
қосып еспекке екеуін,  
басын түйіп алайын.

Басын түйіп алайын, —  
байқап,  
тартып қарайын.  
Нық байланса, ширатып,  
алақанга салайын.



Кел!

Кел, бәпем!

Келе гой,  
бесігіңен шешейін.  
Алақанда — ала жіп,  
шып-шымыр қып  
есейін.

Ширақ болсын жүрісің,  
өскенінде есейіп, —  
тұсауынды, ырымдал,  
осы жіппен  
кесейін.

Тұсауынды,  
ырымдал,  
осы жіппен кесейін.

Қане, жүртый, жиылып:  
«Тәй-тәй!» «Қаз-қаз!» — десейік!!!

Ақ жіппенен қара жіп —  
қосып ессек —  
ала жіп.

Ала жібім — жіптердің  
ішіндегі

дара жіп. —  
Білгің келіп, күнім, сен,  
тереңірек үңілсең,  
бұл ала жіп дегенің —  
«адал», «арам» арасын  
ажыратар  
ара жік.

Адалдықтың белгісі —  
ала жіптен  
аттамау, —

бетке шіркеу тұсіріп,  
ар-ұятты  
дақтамау!



Ала баған, көрдің бе,  
шекарада  
тұр, әні! —  
Не бір сырды шертеді,  
сұрап болсақ,  
бұл, әлі.

Біз тыңдалық, көнілдің  
қанғанынша  
құмары, —  
ағытылсын талайғы  
шежіренің  
бұлагы.

Ағытылсын талайғы  
шежіренің бұлагы. —  
Айтсын ала бағаның  
неге бұл жер  
тұрағы?

Санамыздың сондағы  
мынау болсын  
ұтары:

біріншіден,  
бұл баған  
ұлан - байтақ жеріңің,

қазақ деген елінің  
қасиетін айқындаپ,  
шекарасын бекітер  
ең маңызды  
құралы;

екіншіден,  
бұл баған –  
жер қорыған хас батыр  
қылышының  
қынабы;  
қанға біткен қайыспас  
қайсаrlықтың  
сыңары;  
қатар қонса екі жүргт,  
көршіліктің қақымен,  
ант ішіп, серт байласқан  
Құдай алды  
сынағы.

Бабаларың,  
аяусыз,  
сол сынақтан аттаған  
талай - талай сатқынды  
ар отына  
қақтаған!

Табанында жаныштап,  
тезектейін  
таптаған!

Антын бұзған азғындар  
шырқыраған жандарын  
коярға жер  
таппаған!!!

Мидың қозғап қабатын,  
сәл ойлансан,   
қанатым,  
Бабаң өткен ғұмырдан  
ғибрат көп алатын.

Ғибрат көп  
алатын, —  
жаның азық табатын!..  
Келешекте,  
а, бәлкім,..  
жалпақ жүртқа жар салып,  
небір  
құнды дүниені  
сен боларсың  
жазатын?!!

Расында да, балашым,  
Мынау жәйтті  
қарашы:  
Дешті Қыпшақ даласы,  
Алтай — Мысыр арасы —  
ендіктер мен  
бойлықтар, —  
бейне, көздің қарасы!!! —  
Соның бәрін  
Бабамыз  
уысында ұстаса, —  
баста болса санасы  
кімнің болмақ  
таласы?!!

Дәл бүгінгі тарихтың  
Осы жерде —  
шаласы!

Теріс қарай ағызып  
қара суды, ғылымда  
Бұлдіргені дүшпанның  
жеткілікті-ау, шамасы!!!

...Бозінгендей боздаған  
боз далам  
шер қозғаған.

Шер қозғалса, санамда  
жыр – шежірем  
қоздаған.

Бір Алланың аяны –  
әңгімемнің  
баяны!

Отыз тістен шыққан сөз  
баянды  
елге жаяды.

Баянды елге жаяды,  
Аңыздайын  
баяғы.

Бір жалғандық қосылса,  
құрдым болмақ  
аяғы.

Заман!  
Заман!  
Замандар!!! –  
Небір сыр бар – алаңдар!  
Ер жетіп ес жиған соң,  
түбін зерттеп  
қараңдар!

Зерттің түбі –  
 сақтықта! –  
 Ақиқатқа жақтықта!  
 Жетем десең шындыққа,  
 асықпа,  
 тек,  
 аптықпа.

Халқың үшін азат күн –  
 шын тарихы  
 қазақтың!  
 Сонда, күлі қекке үшпак  
 бүгін көрген  
 азаптың!

Білгің келсе,  
 Құлдығым,  
 ең маңызды іс –  
 бұл бүгін!  
 Салшы көзді айнала, –  
 маңып жатқан айдала:  
 «Шертілмеген сырмын!» – деп,  
 Саған шағып  
 түр мұңын!..

Мынау жатқан далиып  
 далаң – тұнған тарих!!!



Тағдыр жолы —  
бұлаң-ды,  
дауаң болмас бұған-ды!  
Сапарыңа сәт тілеп,  
бағыштайын  
дүғамды!



Кел!  
Кел, бөпем!  
Келе гой!  
Көтеріп-ақ алайын!  
«Тұсаукесер» қашан?» — деп,  
асырып тұр  
ағайын.

Сөздің созам несін мен, —  
Қане  
ала жіп есілген?!

Тілеулес бол,  
Ақ бесік,  
әбзел-бауы шешілген.  
Сен де, күнім, шыгарма  
Ақ бесікті  
есіңмен!

Кел!  
Алтыным!  
Келе гой!!!  
Аяққа нық басайық.

Өткізуге ала жіп  
екі тізен арасын,  
қане,  
сәл-пәл ашайық. —

Қос тірсектің тұсынан,  
айқыш-ұйқыш өткізіп,  
бір сегіздік жасайық!

Екі аяқта — сегіздік. —  
Сегіз —

төрт жұп, — егіздік.

Мұны халқым  
өсімге  
ниеттеген негіз қып:

«Ешкің тусын  
егізден,  
қойың тусын сегізден, —  
деп тілейік, —  
шын дәулет  
бастау алсын теңізден!»

Кел!!!  
Кел, бөпем!  
Келе гой,  
тұргызайын аяққа!  
Күміс теңге тастайын  
шашу салған аяққа!  
Ала жіпті  
кесетін,  
ақ бөпемнің матаған  
қадымдарын  
шешетін  
қайшыларым қаяқта?

Айналайын,  
Ақ бесік!  
Ақ бесігің – бақ бесік!  
Ендігі тірек – екі аяқ, –  
Ақ бесігің – Ақ отау, –  
қош айтысып,  
жапты есік.

Екі аяғың – тірегің.  
Көмекшің –  
екі білегің.  
Бір тұрарсың, бір құлап,  
сескенбесін  
жүрегің!



Болмас жақсы, жамансыз. –  
Айлаң – жетім,  
амалсыз.  
Ел шетіне жау тисе,  
болып жүрме табансыз!

Буырқанып, бұрқанып,  
мұздай темір құрсанып,  
дүшпаныңа қарсы атыл,  
«Шабысам!» – деп  
тұрса анық!  
Ер бол туып не керек,  
ел қадірін  
білмесең, –  
кіндік қаның тамызған  
жер қадірін  
білмесең, –

тагдыры үшін солардың  
қолға қару  
ілмесең, —  
қалың топпен қиқулап,  
жау шебіне  
кірмесең!!!

Ер боп туып  
не керек,  
осы айтқанның барлығын  
өздігінен білмесең, —  
айдаса да желкелеп,  
көткеншектеп  
жүрмесең!

Бойында — күш толағай! —  
Түсе алмасаң

додага-ай, —  
ойындағысы әжеңнің  
орындалғаны  
бала ма-ай?!

Ертеден шауып, кешке озбай,  
қиядан шауып,  
тәске озбай,  
арманына ер жігіт  
оп-ондай жетпек,  
о, қалай?!

Демеймін саған,  
құлдығым:  
«Үйітпе де бүйітпе!» —  
Мақсат еттің  
қай істі, —  
межең болсын биіктे!

Картайғанда,  
әженді  
қалдыра көрме күйікке!



Оу!!!  
Халайық!  
Халайық!!!  
Қане, бермен қарайық!  
Аяқтағы тұсауға  
қайшы жүзін  
салайық!

«Бисмилләһи!» — десейік!  
Ала жіпті  
кесейік!  
Алға аттасын ақ ботам,  
қадымдарын  
шешейік!

Қадамдарын  
санайық! —  
Әудем жерге барайық!  
Одан әрі қайтеді, —  
оны  
өзіне салайық!



Кел!!!  
Бөпешім!  
Келе ғой!  
Бізге ерікті бере ғой!  
Тұсауынды кесейік, —  
желмаядай  
желе ғой!!!

Тек, Тәңірім  
бөпемді  
сүріндіре көрмесін!  
Бәле-жәле дегенге  
іліндіре көрмесін!

Іліндіре көрмесін!  
Сүріндіре көрмесін!  
Бұл жалғанда  
не жаман, —  
бірін біле көрмесін!!!

Жас қосылып жасына,  
бақыт қонсын  
басына!  
Жайсандар мен жампозды  
үйір етсін  
қасына!

Артық пенен кемісті,  
саралтап  
оң-терісті,  
ақиқатпен алға озсын,  
таң қалдырып  
тегісті!

Ер жігіттің басына  
таусылады қайда сын?.. —  
Серік етсін қасына  
ақылы мен айласын!

Бұлбұлдайын сайрасын,  
шын сөзінен  
таймасын!  
Шарға тұскен болаттай,  
бойында  
күш қайнасын!

Алайда, бөпем, алайда,  
үніл ішкі  
сарайға! —  
Көкіректік дегенді  
жақыннатпа  
маңайға!

Істің байқап сыңайын,  
соңын ойла ылайым.  
«Ұлық болсан,

кішік бол!» —  
тауфих берсін Құдайым!!!

Астамшылық  
жасама, —  
болма жасық аса да!  
Сын сағаттар тұскенде,  
Қалып қойма  
тасада!

Ақ пен қара егессе,  
өмір заңы емес пе?!

Мынау дүние,  
шарам жоқ,  
содан тұрад демеске.

Сондай болмақ күресің. —  
Күресте бар —  
үлесің.  
Түйғындаіын шүйіліп,  
сыбаганды  
ілесің.

Адал болсын  
алғаның, —  
қанжығаң салғаның.  
«Қой көтерер, — деген бар, —  
семіздіктің  
салмағын».

Мейірлі бол  
халқыңа!  
Зейінді бол жалпыға!  
Қылдай қылау түсірме  
ата-бабаң  
салтына!  
Құлақ ассаң, құлдығым,  
бұл айтқаның бәрі — өлшем  
азаматтық  
қалпыңа!

Адам адам болғасын,  
Ақыл - кеңес —  
ол да — сын.  
Ақ күн туып алдыңнан,  
Әулие - Әмбием  
қолдасын!  
Қыдыр болсын жолдасың!!!

Нениң болсын,  
шешімі  
бір Алланың қолында!  
Ғазиз басым —  
садага  
құдірет-күші жолында!  
Аттың жалы,  
түйенің  
өтті өмірім қомында!..

Тәй-тәй басып, қаз тұрып,  
қалып барад соңымда!.. —  
Құлынымның тағдыры  
бір Аллаға  
аманат!!!

Жақсы менен жаманды  
таластырган —  
бір Алла!  
Ақыл менен айланы  
санастырган —  
бір Алла!  
Шапағат пен мейірді  
жарастырган —  
бір Алла!  
Шыгар жерді тұйықтан  
қарастырган —  
бір Алла!  
Ел-халқымның тағдыры  
бір Аллаға  
аманат!!!

Дүние — бұткіл болмысты  
біріктірген —  
бір Алла! —

Топырақтың иімен  
кіріктірген —  
бір Алла!  
Жанды мұрын ұшына  
іліктірген —  
бір Алла!  
Ақырет күн өлтіріп  
тірілттірген —  
бір Алла!  
Құл пен демнің тағдыры  
бір Аллаға  
аманат!!!

Он сегіз мың ғаламды  
ұйыстырган —  
бір Алла!  
Бір қауыздың ішіне  
жизыстырган —  
бір Алла!  
Галаматтай үйлесім —  
қиыстырган —  
бір Алла!  
Соның бәрін санаға  
сиыстырган —  
бір Алла!  
Таңбаланған маңдайда  
екі дүние тағдыры  
бір Аллаға  
аманат!!!



## ӨСИЕТНАМА Екінші сыр

Қайда бұрсам жүзімді,  
аңдысқан жау —  
айналам.

Тығырықтан халқымды  
шығарар күш  
қайда бар?

Ел тағдыры — тепкіде!  
Жер тұтқасы — ептіде!  
Тұқымдық жоқ — тектіге!  
Діннің кілті —  
«Сектіде!»

Құзғын қаптап көгімді,  
көк қабаты  
сөгілді!  
Дию-пері, жын-жыбыр,  
түгел  
жерге төгілді!

Айлаға сап астарлы,  
су ми қылды  
бастарды!

Желіктіріп, желпінтіп,  
соңына ертті  
жастарды!  
Сынаптайын сырғыған,  
көз тоқтатып, көзіне,  
бір қарауга мұң болдық! —  
Кім түсінсін  
сөзіне!!!

Іс қылам деп  
жоспарлы,  
соғып жатыр жоқ-барды.  
Қарсы келсең, маңдайдан  
салып қалад  
шоқпарды!

Небір, небір білімді  
тырнағына ілінді!  
Көрсөң, көзге —  
Құбыжық! —  
«Айтпа, — дейді, — мінімді!»

«Егер, айтсаң мінімді,  
көкке ұшырып құлінді,  
құрытамын, — деп отыр, —  
үрім-бұтақ,  
тұбінді!»

Он сегіз мың галамның  
өзіндей-ақ иесі! —  
Соғып кетер демейді  
дүниенің  
киесі!

Адамзаттың тағдырын,  
солар ғана  
шешіп жүр!  
Көзден аққан қанды жас  
белуардан  
кешіп жүр!

Шаруасы жоқ, мұлде,  
сауап пенен обалда!  
Бір Құдайдан болмаса,  
тосқауыл жоқ  
бұларға!

Сиқыр жолы  
қыын-ды, —  
айналдырды миымды.  
Азаматтық ұғым —  
тұл, —  
арман қылдық тиынды.

Етек-жені салпылдап,  
әркімге бір жалпылдап,  
кешегі кербез қазагым  
атанды бүтін  
«Тарқылдақ!»

Есі-дерті — базарда, —  
қарау қалды  
ажарға.

Ызғырықтың өтімен  
тенгенің қуып көтінен,  
өз көрін өзі қазар ма?!

Бір істі алса қолына,  
кедергі дайын жолына.

Бірді бірге андытып,  
тіміскі салды  
соңына.

Жазықсыз батып жалага,  
көкірек толды налага!  
Жармасқанды қайтерсің,  
әртүрлі айла-шарғымен,  
бастағы  
баспанага!

Күйінді жаным, күйінді!  
Кетірдің, қазақ,  
күйінді!  
Опырылды шаңырақ, —  
үйің болды  
үйінді!

Жетім-жесір жемін жер,  
айналам —  
толған жебірлер!  
Секілді, құдды арам шөп, —  
бірін жұлсаң, біреуі  
тамырдан  
қайта тебіндер!

Қампиып шилан қойында,  
«Казино» деген ойынға  
құмарын тәкті  
жігіттер! —  
Көтеріп елдің дәuletін,  
келістіріп сәuletін,  
бұқараға дем беру  
бірінің жоқ  
ойында!

Мойнымдағы бұғалық —  
құрып кеткір  
бұ «Нарық!»  
сілжінгенде, әншейін,  
түсे қалса, құба-құп!

Жасырамын несіне,  
елге келген  
«Несие!» —  
ахіретке жеткенше  
жыылмайтын несібе!

Ұлkenі осы —  
қайғының!  
Ұшты желге байлығым!  
Көрінгеннің қолында —  
байлық түгіл,  
шәйлышым!

Байлық түгіл, шәйлышым,  
арман болды айлығым!  
Санамда үміт жылт етсе,  
көкіректегі  
шайды мұн!

«Жаны — арынан садаға!»  
Ерлерім қылған  
іс қайда?!

Арландайын ақсиган  
аузудағы тіс қайда?!

Саңқылдаған сұңқарым!  
Жер тарпыған тұлпарым! —

Ғайып болып,  
діңкемді,  
кім біліпті құрттарын!!!  
Жең ұшынан жалғаныс. —  
Шыбын жан үшін  
қарманыс.

Қай жаққа қарай бет бұрсам,  
тірелер жерім —  
жар қамыс.

Жар қамыстың ішінде  
шырқырайды  
ар-намыс! —

Шырт тұтанса, — қалың өрт! —  
Белгілі болмақ  
қалған іс!..

Төбеден түсті тосын жай!  
Қазақтың күйі —  
осындаі!  
Бытырап кетіп барады ел,  
бір жерде  
басы қосылмай!

Толастап Заман дауылы! —  
Қара да нөсер жауыны  
құйып бір кетіп,  
Құдай-ая,  
дүр ете түсер күн бар ма  
қараша қазақ ауылы?!

Қақсып та жатқан қуарып  
тамырын елдің суарып,  
жаңарап ма еді  
мына өмір,  
көзінен Құннің нұр алып?!

Әкеден бала тумай ма!?  
Атанаң жолын қумай ма?!  
Дүркіреткен дүниені  
Бабадан қалған  
                          ду қайда?!

Бабадан қалған ду қайда?!

Ол көтерген  
                          Ту қайда?!

Түбірі түрік тұтасқан  
қара ормандай  
                          ну қайда?!

Қара ормандай ну қайда?!

Белді бекем  
                          бумай ма?!

Енді қайтып бұл құрсақ,  
жер-дүниені меңгерген,  
ақ-қараны теңгерген,  
еңіреп жүрген еліне  
алақанынан  
                          жем берген

Шыңғыстай ұл  
                          тумай ма?

Шыңғыстай ұл тумай ма?!

Шыңылдатып, құлаққа  
Шыңғыс құйған  
                          шу қайда?!..



Мен де бір күн өтермін! –  
Дәм таусылса,  
не етермін?! –  
Өзегімді өртеп өкініш,  
жер қойнына жетермін!

Жер қойнына жетермін!.. –  
Нендей  
амал етермін?!  
Қисайғанды тұзетпей,  
құйрық-жалын құзетпей,  
кете барсам өмірден,  
қуыс кеуде, бос белбеу,  
мен де – әншайін  
бекермін!

Болып жатқан бұл жәйтқа  
менің де бар ма-ау үлесім?!  
Менің де болса үлесім, –  
өткізген өмір –  
күресін!!!

Откізген өмір – күресін! –  
Рухым қайтіп тұлесін?!  
Осыны ойлап күні-түн,  
қартайғанда, мен сорлың,  
күйзеліп,  
жаны жүдесін!

Дүшпанда кеткен есенің  
сұраса Құдай есебін,  
не дермін, жаным?!  
Мұндайда,  
қалтырап бойым үрейден,

шығып та кетед,  
жүдә, есім!  
Әңгімемнің түгендер  
қайтесің бүге - шігесін!..

Керіліп жатқан кең - байтак,  
көрдің бе, мына  
өлкеңнің  
тағдыры бүгін талқыда! –  
Жағдайы – жұмбақ  
ертеңнің!

Жига келмей етегі,  
далиып жатқан мекенің  
қуырылып барад!  
Білмеймін  
шын себеп бұган  
не екенін?!

Ерсіл де қарсыл, әйтеуір,  
сабылып жүрген бір халық, –  
бастары қатып, есінен  
жанылып жүрген бір халық.

Корыс қып қазып,  
тапқанын  
толассыз тасып отарба,  
әкетіп жатыр шетелге! –  
Айналдық нағыз  
отарға!!!

Киқулап үшқан  
аққу - қаз,  
көтеріліп көгіне,  
қона алмайтындей көрінед,

қайта айналыш,  
көліне!

Айналайын құлдығым,  
осында заман тап болды,  
қайтейін,  
сенің шебіңе!!!

Жасырып сенен бұл сырды,  
Амалым қайсы айтпасқа?! —  
Тіршілік кетті теріске, —  
айналды беті  
қайтпасқа!..

Қос жанарам сүзілді, —  
көзден

моншақ үзілді!..  
Мінәжәт етіп Аллаға,  
құбылаға бұрдым  
жүзімді!  
Өткен өмір, көшкен күн  
ой түбінде  
түзілді!..

Менің айтқан баяным —  
кішкентай содан үзінді.

Езіліп еңсем, ерте-кеш  
жылаганнан  
не пайда?!

Көзімнің жасын көлдетіп,  
бұлаганнан  
не пайда?!

Онсыз да жүқарған  
бар болғыр мына жүйкенің  
қылдырықтай пернесін

шырқыратып - шыңғыртып,  
бұраганнан  
не пайда?!

Көмекейде қызыл тіл, —  
сүирендетіп, сөз теріп,  
ішектей созып бұл жырды  
құраганнан  
не пайда?!

Болмайтынды «Болдыр», — дәп,  
жалбарынып, Құдайдан  
сұраганнан  
не пайда?!

Нениң де болса шешімі —  
бір Алланың  
қолында!

Ғазиз басым — садага  
құдірет - күші  
жолында!

Аттың жалы,  
түйенің

өтті өмірім қомында!..

Тәй-тәй басып,  
қаз тұрып,  
қалып барад соңымда, —  
құлыншагымның тағдыры  
бір Аллаға  
аманат!!!

Жақсы менен жаманды  
таластырған —  
бір Алла!

Ақыл менен айланы  
 санастырған —  
     бір Алла!  
 Шапагат пен мейірді  
 жарастырған —  
     бір Алла!  
 Шығар жерді тұйықтан  
 қаастырған —  
     бір Алла!  
 Ел-халқымның тағдыры  
 бір Аллаға  
     аманат!!!

Дүние — бұткіл болмысты  
 біріктірген —  
     бір Алла! —  
 Топырақтың иімен  
 кіріктірген —  
     бір Алла!  
 Жанды мұрын ұшына  
 іліктірген —  
     бір Алла!  
 Ақырет күн өлтіріп  
 тірілттірген —  
     бір Алла!  
 Құл пандемнің тағдыры  
 бір Аллаға  
     аманат!!!

Он сегіз мың ғаламды  
 үйистырған —  
     бір Алла!  
 Бір қауыздың ішіне  
 жиыстырған —  
     бір Алла!

Галаматтай үйлесім –  
қыыстырган – бір Алла!  
Соның бәрін санаға  
сыйыстырган – бір Алла!  
Таңбаланған маңдайда  
екі дүние тағдыры  
бір Аллаға  
аманат!!!

Жатқыза гөр,  
жан Алла!  
Тұргыза гөр,  
жан Алла!  
Тұргызбастай күн туса,  
Лә Илләһә ил Алла!  
Мұхаммадан – расул Алла!!!

*Алматы, 2014 жыл*



## ҰШІНШІ БӨЛІМ

# Дарын қалып, бадаш, ауында

Сүйемін тұган халқымды!

Сүйемін,

шексіз сүйемін!

Салмагы түссе тірліктің,  
басымды соған сүйедім.

Тоқтатпа мені!

Көшімнің

маңдайын бүрдым ел жаққа.

Өле де кетсем дем бітіп,  
қалсынышы сонда

сүйегім!

Сүйемін тұган халқымды!

Сүйемін,

шексіз сүйемін!



**АҚ МАМА**  
*(Лирикалық дастан)*

**Бірінші сыр**

«Екеуара жалғыз ермектері болғасын да ма, – Көкем мен Мамам мені еркелеу өсіріп, ер балаша тәрбиеледі. «Балама аナンЫң қызын алып берем», «Балама мынаның қызын алып берем», – деп, менің көзімше, жүртқа құда ту-сетін де жататын. Қайран балалығым-ай! Мен соган имандай сенүши едім-ау. Тіпті, «Ертеңгі күні келіншек алғанда, келіншегіміз екеуміз сендерді былай бағамыз, олай бағамыз», – деп, алдарында бөсетінімді қайтерсіз!...

Көкемнің мінезі қызық адам еді. Білмеймін, неғе екенін... кішкене бір қасына жанап кетсе-ақ болды, басқа ермек таппагандай, Мамамды мүйізден ала жөнеледі. Мен, парықсыз неме, елпен өтіп, ондайда Көкеме қосыла кетем үй! Бір күні, шәй үстінде, Көкем құлагыма сыйырлап: «Аянжан, Мамана қара қатын деші», – демесін бе. Нені де болса қаяып алып, айта салуға әбден дағыланған басым, Көкем әлгі сөзді айтып аузын жиганша: «Қара қатын!» – деп, қойып кеп қалыттын. Мамам: «Мынау қайтеді-еї?» – дегендей, жалт қарады ма-ған. О, құдырыт! Сонда ғана аңғардым – менің Мамам аппак екен үй! Иә, Мамам аппак екен!!!

Сасқанымнан ба, қалбалактап барып, Көкемнің кеудесіне құлай кеттім. Сөйттім де, оған деген өкпемді жасыра алмай, жәймен, құлағына сыйырлап: «Көке-ау, Мамама не-и қара қатын дедік? Аппак қой», – дедім. Әкем марқұм менің әлгі айтқан сөзіме ішегі түйілгение күлді.

Мұндаидай әзіл-қалжынан Мамам да құралакан емес еді. Әлі есімде, жаз шықса болды, артынып-тартынып, жайлайға көшетінбіз. О! Мен үшін нағыз бір қызық дәүрөн дегеніңіз сол болатын-ды! Көкем қолының аз-мұз шеберлігі бар кісі. Қоныстанағ жерімізді әбден белгілеп алғаннан кейін, иісі бүркыраған жас талдан тоқып күркे жасай қояды. Қиіз үй дегенінің не екенін біз өсе келе көрдік, онда да, некен-саяқ. Жаңалықшыл шолақ белсенділер бәрін, «Бұл – ескінің қалдығы», – деп, сыйырып-сиырып, жоқ қылған. Қөлік дегеніңізден, қыста – шана, жазда – арба, – екі аяктысы бар, шөп таситын төрт аяқты ырдуаны бар... Әлі есімде, «Біреудің атасынан қалған тағантасы бар екен, соны шығарып, құрастырып алыпты» дегенді естіп, тайлытаяғымыз қалмай, сонда барып, әлгіні ертеден қара кешке дейін, өлеरдей қызықтағанбыз... Ой, заман-ай десенізші!.. Қойши, не керек,.. сонымен, бір күні, әлгі Көкем құрган күркенің ішінде, қаннен-қаперсіз, асырап алған кішкентай ғана ала мысығымыз екеуіміз ойнап отырғанбыз, сыртта түскі шәйдің қамымен жүрген мамам табалдырықтан аттап кіріп, қолындағы екі иінінен дем алып, буы бүркыраған са-маурынын жаюлы тұрған дастарқаның шетіне қоя салды да, салмақты қоныр даусымен, маған қарап: «Аянтай-ай, сыртқа шызып, Көкенді қарап кел-дағы, келе жатқан жоқ па екен? Үйдің іші жап-жарық болып кетті гой, сірә, осы сәуле сол Көкенің сәулесі болмағай», – десін. Далаға атып шықтым. Айтқандай, Көкем үйге құрық тастамдай-ақ қалған екен. Соны көреген мен: «Мама-ау! Ау, Мама! Сенің айтқаның ғас болды. Көкем келе жатыр екен!» – деп, бар дауысыммен айқайлап жіберіппін! Құдай-ау. сонда

қайыстай қатқан қап-қара Қөкем қай сәулесін түсіре қояды дедім екен үйе! Ие-е-е, бұған да екеудің шәй үстінде отырып біраз күлісін алды.

Мамам марқұм уайымшылдау болатын-ды. Бастағы қосыла қалған жерде өздерінің тұстастарына: «Е-е-е, бұл дүниенің баяны бар ма... Осы бір қариямды он төртіне іліктіріп, өз қолын өз аузына жеткізіп кетсем, арманым болмас еді-ау» – дейтін-ди кілең. Сәбілігім де, сонда, «Он төрті неси екен бұл?» – демеппін. Сөйтсем, ол кіслердің тұсындағы он төрт біздің тұсымыздайы он төрттен өзгешелеу болады екен... Ол кіслердің он төртіндегі үл өз алдына бөлек тігілген отау үйдің діңдей бір неси екен де, ал қыз он төртін толтығанда, сол отаудың босағасына еніп, оның ошағының басына берекесі бол орнызып жатады екен.

Енді ғана аңғарып жүрмін, – қайран менің ақ Мамам сол кездердің өзінде-ақ: «Осы бір балапанымның алдындағы аналық парызымды о дүниеге арқалап кетпесем жарал еді-ау!» – деп, уайым етеді екен. «Он төртіне іліктірсем» деген әліп сөз –арыса, алдында арқа сүйер ағасы, – талса, артында тіреніш етер інісі жоқ мен секілді соғлынды өз қолымнан ұзатып, құтты орнына қондырып қайтсам дегені екен үй! Не керек! Ол арманына жетпей кетті, марқұм!!!

\* \* \*

Тұнде, осы бұғін,  
тұсімде келіп,  
Ақ Мамам,  
шақырып жүрсің:  
«Сыбагам бар, – деп сақтаған!»

...Жүрісің сұыт, —  
асығыс жанға үқсайсың...  
тізенді бүгіп,  
жөнінді айт маған... —  
тентегің болып ақтабан,  
он бес жыл іздең таппаған!

Он бес жыл іздең таппаған  
асылым менің — Ақ Мамам!  
Табанды тасқа тілдіріп,  
арқамды күнге қақтағам!  
Ақ Мамам!  
Айдай Ақ Мамам!  
Домалап жүріп, зар қағып,  
қалмады да есік қақпаган!  
Ақ Мамам!  
Ақ Мамам!  
Ақ Мамам!

\* \* \*

Ие...  
Бүтін тұн осы...  
тұсімде келіп  
Ақ Мамам,  
шақырып жүрдің,  
«Сыбагам бар, — деп, —  
сақтаған».

...Амандық болса,  
бір барып қайтар  
тентегің, —

аңсараймы ап жүр сар қымыз  
мен үшін бөлек баптаған!..

Сосын-шы, Мама-ау,  
келдектен түйген тарыңның  
талқанын аппақ сагындым!  
Май шайқап,  
қаймақ жиып па ең?  
Ірімшік-құртты нағылдың?  
О! Шалабы-ай қайран қарынның!!!

Ойым бар кетпек  
апталап емес,  
ай жатып,  
Көкеме айтып,  
Шағырды қойшы байлатып.  
Талсайға сонау  
қүйгітып барып қайтпақпын,  
ауыздығын бір шайнатып.

Айтқандай, Мама-ау,  
ауыл-ел, тегіс аман ба?!

Бала күндергі  
достарды, барсам,  
табам ба?  
Кім еді,.. әлгі,..  
бар болғыр,.. —  
келіншек алыш берді ме,  
көрші үйдегі әлгі «жаманга?»

Ол-дағы қазір  
бастағы бөркін дүзетіп,  
жүретін шығар  
қыздардың ауылын күзетіп?

...Байқадың ба екен  
ұрланып, көзін сол «жаман»  
тентегің жаққа  
әлсін де әлсін сүзетін...

...Армандал кетсем,  
балалық базар баяғы  
періштем болып,  
қанатын  
қайта жаяды.  
Еркіне соның  
ілесе берсем,  
Ақ Мама-ау,  
маңдайға мынау тірліктің  
сарт ете түсед таяғы!  
Кейде-ші, кейде,  
өзінді жоқтап жабығып,  
жылап та алам,  
көзімнің жасы ағылып.

...Қайдан да, Мама-ау,  
қашықтап кеттім сендерден,  
Тып-тыныш қана  
жайыма журмей...  
қағынып...

Жарысқан желмен  
ерке елігі едім даланың!  
Құдая! Мына  
бүйрығын қара  
қаланың!.. —  
Жүргегім, жаным  
сендерде қалса,  
Ақ Мама-ау,

өзімді өзім бұл жақта  
азапқа неге саламын!?

У-шуга мына  
бір сілтеп қазір  
қолымды,  
тартып бір кетсем,  
кім бөгер менің жолымды?!  
Шаңқай бір түсте  
тербетер ме еді  
ақ сағым,  
арсалаң қағып аңызак,  
түгендеп жүрер  
жоғымды!  
Сені де шексіз  
қуантар едім,  
Ақ Мама-ау!..  
Басқа ойың болса,  
ойласып, қане, көрелік, —  
ортага салшы  
оныңды!?

Деуші едің маған:  
«Алыстан жазып таланың,  
арманды қуып,  
аулақтап кетсөң,  
қарағым,  
алаңдай көрме!  
Азғырам-дағы әкеңді,  
апай да топай  
бір күнде көшіп барамын!»

Үзіліп жолга,  
көзімді сүзем  
қырға да!..

Үн-түнсіз ағып  
жатады бұлақ,  
жылғада...  
Хабарды кімнен жібердің екен?  
Көшеде  
ақ Мамаларын  
жетектеп жүрген бір бала...  
Жападан жалғыз  
жаутаңдайтын, байқасам,  
мен екем, Мама-ау,  
бір ғана!

Сездің де-ау деймін  
мұң шарпығанын ойымды, —  
түсімде жүрсің,  
«Бір жазып кет, — деп, —  
бойынды!»  
...Қапамды қойшы...  
ұзатар күні агайын  
өзіңсіз менің  
өткізді неге  
тойымды?!

Жиналды халық!  
Ішінде — кәрі,  
жас та бар.  
Беташар бітіп,  
дегенде думан басталар,  
ізетпен келіп,  
орныңа сениң  
Ақ Мама-ау,  
отырып жатты-ау басқалар!..

Сол кезде менің  
шыңылдаپ, шулап құлағым!

Көлдетіп көзім  
ағытты дерсің бұлағын.  
Не болып жатыр, –  
төңірегімменен ісім жоқ,  
еркімді билер  
бойымда титтей күшім жоқ,..  
орныңды сенің  
үнірейтіп қойған тағдырға  
«Қайдалап Мамам?!» –  
жауды да кетті сұрағым!

Алдыманан, кенет!  
Жарқ ете түсті  
бір бейне!  
Аңырап келіп,  
алдына соның құладым!!!

«Мама-шы! Мама-ау!  
Жүрші енді, – деймін, –  
тойыма!  
Ағайын бар ғой! –  
көз болар солар қойында.  
...Арманың еді  
бір кезде мені ұзату...  
Қараши?!

Мынау ақ көйлек  
жарасып тұр ма бойыма?!

Жүрші енді, – деймін, –  
қалғаның келмей, неткенің?!  
Өкпелімісің?...  
Осынша  
неге шеттедің?!

Есінде бар ма.  
 көршінді,  
 қызы кетерде:  
 «Жалғыздың тойын көрсем», — деп,  
 құшақтап,  
 дауыс еткенің?!

Тауымды менің  
 көрген де жоқ ең қайтарып...  
 Керуен тартып  
 жасаумен жетші шайқалып!  
 Әйтпесе, Мама-ая,  
 алдымнан шығып қайын енем:  
 «Құдаги қайда?» — деп жатса,  
 немді айтамын?

...Алдауга-дағы  
 болмайтын шығар ондайда.  
 Ондайда маған  
 таптырар амал, жол қайда?!

...Қолыңдан өзің  
 жетектеп әкеп, енeme  
 табысталп кетсең, болмай ма?!!

Ақ Мама-ая!  
 Сенің  
 салмағы бар ғой  
 сөзіңдің! —  
 «Сақтаңдар! — деші, —  
 Қарашиғы еді көзімнің!»  
 ...Шошайып, жалғыз  
 қалдым да бардым ортада!  
 Өзім кім менің?!

Сөзім кім?!

Екеуміз қатар  
отырсақ Мама-ау, не керек?  
Осынау тойдың  
келтіріп сәнін кетер ек!  
Даладан тапқан  
секілді жетім қошақан,  
көрдің бе, міне,  
барады біреу жетелеп?!

\* \* \*

Иә-ә-ә!!!  
Көп болды-ау, Мама!  
Көзіме қойдың  
көрінбей!  
Қобырап шашым,  
бұрымым жүрді  
өрілмей...  
Өзіңнің сонау  
жетектеп өткен беліңден  
таба алмай қайттым!  
Қабыргам қайтсін  
сөгілмей!  
Сөйттің-ау, Мама!  
Көрінбей қойдың  
көзіме!  
«Құлыным!» деген  
зар болым  
жалғыз сөзіңе!  
... Таудай да таудай  
талайлар отыр тойымда!  
Ме-е-ен үшін, бірақ,  
кім жеткен  
сенің өзіңе!

Жүре қойшы, енді,  
отыршы келіп  
қасыма!  
«Келін!» — деп, желек  
салып та қойды  
басыма!

...Алдында жүрттың  
жалтақтап қалды-ау тентегің  
жүгіріп жүрген  
ақ бантік байлап  
шашына!

Жүрші енді, Мама-ау,  
нөсерін төгіп тілеудің,  
бетінен сүйші,  
ажарын көріп  
куйеудің!

Ашуы қысып,  
аптыққан кезде,  
сүйенер  
ескеріп жүрсін  
артымда барын біреудің!!!

Бопты ғой деймін  
дәм-тұзым кетсе  
жарасып!..

Ақылым мені  
осыған қосты  
бал ашып.

Жөнінді сілтер  
болмадың да өзің... —  
бір күні  
кеше гөр, енді,  
алдыңа келсем  
таласып...

Жүр деймін, Мама!  
Қақпашы менің  
қолымды!  
Батаңды беріп,  
«Оңғара көр!» – де  
жолымды!  
Әттең-ай! Әттең!  
Етерсің енді кімді ермек?!

Көтере алар ма екенсің менің  
жоғымды?!

\* \* \*

Тоқташы, Мама!  
Тоқташы!  
Қайда барасың?  
Жалғызды тастап,  
береке  
кімнен табасың?!

Тентегің әлі  
сол тентек болса  
Ақ Мама-ау,  
адасқан жерде  
жолға да талай саласың!

Айыра қояр  
жақсы мен жаман  
арасын  
ақылдың менде  
топшылап па едің  
шамасын?

Тентегің әлі  
сол тентек болса  
Ақ Мама-ау,

адасқан жерде  
жолға да талай саласың!!!

Тоқташы!  
Мама!  
Тоқташы!  
Қайда барасың?!  
Жалғызды тастап,  
қызықты  
қайдан табасың?!  
Ерке етіп мені  
өсірген — өзің, о баста...  
Ендігі жерде  
булуың керек қарасын!!!» —

\* \* \*

Сол тойда, Мама-ау,  
өзің боп келген  
Елесің  
деді де: «Қарғам!  
Бір Алла қолдап,  
демесін!» —  
гайып боп кетті!..  
Ботадай боздал  
мен қалдым!  
Қаумалаған жүрт  
не десін!..

Салайыншы еске:  
қоңырқай ғана  
күз еді.

Қоңырқай бұлттар  
ауылға  
көзін сүзеді.  
Мәз-мәйрам болып,  
шапқылап жүргем,  
бе-е-еу, кімнің  
басына келген  
кулкімді  
кімнің үзері...

Бір әжей, менің  
жасқана жетіп  
жаныма,  
жетектеп ала  
жөнелді үйім жағыма.  
Ойынды қимай,  
қиналып қалғам, —  
әжейде  
бар еken кәмпіт «бағыма»...

Көрдім де соны  
томпаңдал ала жөнелдім.  
(Балалық жазған!  
Қайтіп те сені  
сөгермін?!) —  
Қойдық та кеттік  
әлгі бір әжей екеуміз  
ортасын ала  
жиналып алған  
көп елдің.

Сол еken!  
Женгем  
еніреп тұрган  
төменде:

«Қанатын қатпай,  
қалдың ба жетім, Төрем!» – деп,  
құшақтай алды!  
Шырқырап даусым  
мен кеттім:  
«Қайда-шы Мамам?!  
Көрем!» – деп.

Жабылып жүртый,  
жұбатып жатыр  
қаумалап.

Ышқынам келіп,  
домалап жерге  
аунап ап.

Тастай сап мені,  
жаңағы аңқау жеңешем  
өз басын кетті  
саугалап!..

...Көңілімді, Мама-ау,  
алдай да салдым  
де менің!

...Қайда еді: «Қарғам,  
«жазылып қалдым!» –  
дегенің?!

Алаңсыз едім,  
бақытты-ақ едім,  
сен барда,  
кеттің де қалдың,  
нағыз бір шақта  
керегің!..

...Тұнде,  
осы бүгін,  
түсімде келіп, Ақ Мамам,

шақырып жүрдің:  
«Сыбагам бар, — деп сақтаған».

Тұсті де шелпек,  
бұлқілдеп ала жөнелді  
өзіңнен қалған ак қазан...  
Ақ мамам!  
Ақ мамам!  
Ақ мамам!!!

*1979 жыл*



**АҚ МАМА**  
**(Лирикалық дастан)**

**Екінші сыр**

«Ой-хой, уақыт! Түгел жүрсө төрт көзің, қандай ба-  
 қыт!».

Япырмай! Осы бір жалғыз ауыз сөз жандуниемді төң-  
 керді де кетті-ау менің! Жазылмады да, қоймады. Жан  
 жарасы дегеніңіз – бітеужара екен үй үл!

Иә... Сөйтіп, менің асыл анам сол бір жылдың қоңыр  
 күзінде дүниеден қайтты. Көз жұмар күні көрши үйде бір  
 Мамамменabyсын-ажындаи сыйласып жүретін шешей  
 бар болатын-ды, соған: «Пәленешеке! Анау сандықтың сол  
 жақ қанатында ахыреттік киімім жатыр. Аш та, алып,  
 шығарып қойышы соны. Оң жақ қанаттағысына тимес-  
 сің, ол – отағасынікі. Шамамды байқап жатырмын, мен үл  
 дүниеліктен кеткен шығармын, сірә. Елді шулатып ал-  
 мандарап. Алғалы келген ажала араша тусу қолдарынан  
 келмес, түге», – дегені Мамамның.

«Мамам бүгін сәйлеп жатыр», – деп, мәз-мәйрам бол  
 жүрген сорлы басым, мына сөзді естігенімде, төбемнен жай  
 түскендей болдым. Ай мен күндей жарқыраған Ақ Мамам,  
 араның ашқан Ажал атты аждаһаның аузына торғайдай  
 домаланып, әне-миңе түсіп бара жатқандай сезіндім. Алып

қалам дедім бе, соғлы басым, шырқырап келіп, Ақ Мамамның үстіне құлайын!..

Қазір ойлан қарасам, бейшағаның жаңын соншама қи-  
наптын үй... «Алда ғана Құдай-ау, сен бар екенсің үй. Е,  
сандырақтаған адам не демейді, әншетін, не қылар екен  
деп айтамын да мыналарға. Эйтпесе, сені тастап, қайда  
барам... Қоя үй, құлыным! Қоя үйши енді... Мамаңды  
шаршаттың үй, күні!... Қормеймісің, міне, сен қасыма  
келгесін, кішкене жазылып та қалдым... Тек сен жыламасаң  
болды, қарашиғым!» – деп, – маган, «Апыштау, сендер не  
баян отыр едіңдер!» – деп, – айналадағыларына, әйтеп-  
тір, не керек, әбігерге түсті де қалды жазған! Мен ақыламақ,  
несін айтасыздар, ақыретке аттанағ алды Ақ Мамамның  
аузына бір қасық сусын тамызудың орнына, бір ауыз өтірік  
салыптын...

Қойши, сонымен не керек, дәл сол күні кіши бесін кезінде  
Мамам бұл дүниеден жүріп кетті. Не ішетін, не киетіні  
жок, алақанға салып, әлпештеп өсіріп отырған бір үйдің  
жалтыз баласы, қайтерсің, жетімдікке көндіге алмай көп  
жүрдім. Біреудің сөзінен сыз, қабағынан ызғар байқасам,  
қағы көрмей, ерке өскен соғлы басым, еніреп кеп жылап  
қоя беретінмін. Кімде барып мұнымды шағарымды, қайда  
барып пана табарымды білмей, дағдарған да талай күн-  
дерім болды-ау менің! Болмай да қайтеді... Мамам мар-  
құмның дүниеден озғанына жыл айналмай жатып, біздің  
үйге «жанға» мама келді. Соғлы әкем азып-тозып кетеміз  
деді ме, қайдан білейін, со кісіні алып келді үй, әйтептір.

Әліі кісіден Ақ Мамамның тұтынған заты тұрғай,  
басып кеткен ізін қызғанып, жарылып кете жаздаушы  
едім!.. Оның үстіне ол кісі де «Осы баланың жаңы жарым-  
ау, бауырыма тарта қояйыны», – демеді.

Қайтерсіз! Менің мұным күннен-күнгө қалыңдай берді,  
қалыңдай берді.

Тағдыр басқа жетімдік салмасын да  
 Берекесін басыңың алмасын да.  
 Жетім қалдым дегенше, кетті дей бер,  
 ырыздығым әркімнің қалтасында!

Ай-ай, достым!  
 Сыр айтайын,  
 кішкене ермек болсын...

Шайқалды да біздің үй шаңырағы,  
 қабыргасы Мамамсыз қаңырады.  
 Әкелі де балалы – екі жетім,  
 жылағанда, даусымыз жамырады.

Екі гарып!  
 Іште дерпті басармыз  
 қайда барып?!

Кептеліп тұр бір өксік көмейімде,  
 Запыранын жүректің төгейін де.  
 Мейірім мен махаббат болмайды екен,  
 кешіріндер, шешелер, өгейінде!

Ай-ай, елім!  
 Қабыргамнан жел соғад  
 кейде менің!

Қапамды жұрт сөзімнен андасын да,  
 Анаң кетсе, басты бұлт шалмасын ба!  
 Маған арнап жасаған құстөсегі  
 жатыр кімнің бүркүрап жамбасында?!

Күйді-ау жаным!  
 Басылар ма көз жаспен  
 іште жалын!

Жиегіне өрнектеп гүл ыстатып,  
«Жалғызға» деп соқтырган күміс қасық. —  
Бұл жалғанда арманым болмас еді,  
алып кетсе, қолыма бір ұстатып!

Күйесіз де!  
Кімдер қожа болмайды  
иесізге?!

Қалай қоям, сөзді бір бастағасын, —  
жүгіменен жоғалды-ау жастағашым.  
Үкілеткен домбырам — ол да кетті,  
күндіз-түні «Мамалап!» қақсағасын.

Ай-ай, керім!  
Айғай салсам, тарқар ма  
іште шерім?!

Жібек шарқат басымда бөрітпелі  
онан сайын жүзімді көріктеді.  
Өтей шешем үлеске, ең болмаса,  
сол шарқатты салмаса өліп пе еді?!

Ай-ай, әрім!  
Іште қайтіп сыйғызам  
мұның бәрін?!

Сөз бастадым,.. — несіне тартынайын.  
Шамам келсе, жеткізіп — артылайын.  
Өтей шеше дегеннің, балаң үшін,  
әрбір айтқан сөзінің арты — уайым.

Тіліменен тілгілеп жүрегімді,  
үздім талай өмірден  
күдерімді!!!

Мазаңды алсам, Ақ Мама-ау, кешір мені!  
 Бір уақыға әлі күнге есімде еді...  
 Әлденеге даурыққан өгей шешем:  
 «Тұлдыры жоқ қу жетім!» – десін мені.

Өкіргенім!  
 Келгеніме өмірге  
 өкінгенім!!!

...Солқылдадым, сүйеніп құба талға-ай!  
 Ақ Көкем жүр бәйек боп, жұбата алмай...  
 Өгей шешем долданды талымызбен  
 қоса бізді қопарып құлатардай!

Қылдың гарып!  
 Арызымды айтартмын  
 кімге барып!

Ай-ай, досым!  
 Ақ Көкеме ол  
 мамамдай қайдан болсын!

Жүзі қайда Көкемнің жарқыраган?  
 Айбатынан да айырылды-ау арқыраган.  
 Әлдекімнің алдында, жазықтыдай,  
 жалтаңдаған батты гой қалпы маган!

Жазған Көкем!  
 Батырлығы Мамамның  
 барында екен!

Есінде ме, Ақ Мама-ау, ажарымыз?!

Өзің болсаң тарқар ма еді базарымыз?!

Көрдің бе енді, алдында бөтен жанның  
 қысқа күнде мың сынды назарымыз!

Ай-ай, көмей!  
Мейірімсізді не дейді,  
өгей демей!

Өзің барда шаһзада қүйге жетіп,  
отырушы ек көңілді қүймелетіп.  
Тастап кеткен неткенің екеумізді,  
көзімізге көк шыбын үймелетіп?!

Болдық гарып!  
Мұңымызды шағармыз,  
кімге барып?!

...Көріп Көкем мал жаққа ұзаганын,  
тартып тұрдым зиратқа, шыдамадым!  
Аңырап кеп, Ақ Мама-ау, бейітінің  
құлпытасын құшақтап, құлағаным!

Бебеу қағып,  
Қара жерге аунадым  
ішім жанып!

Арызым бар, Ақ Мама-ау, айтайын ба?!

Құлақ асар ма екенсің, байқайын да!  
Зарықтырдың қанша жыл, қойныңды ашшы,  
ең болмаса, бір түнеп қайтайын да!

Алла-ау, Мама-ай!  
Қайтарарсың жалғыздың  
тауын қалай?!

Нағып жатсың, Ақ Мама-ау,  
тұрмаймысың?!

Бермен қарай мойының бұрмаймысың?!

Соғып біттім тау-тасқа жазған басты,  
ақылыңды жалғызға бұлдаймысың?!

Ойбой, жұртым!  
Қыз баланың шешесіз  
күні құрсын!..

...Кенет!!! Біреу: «Аянжан! Тұр-тұрлады».  
Көз алдымда ақ бейнең бұлдырлады.  
Аша бердің, Ақ Мама-ау, құшагыңды,  
маган біраз үціліп тұрдың-дағы.

Ай-ай, Мама-ай!  
Ышқынып кеп үмтылдым  
саған қарай!

Бауырыңа тығылды балапаның!  
Баяғы сол жұп-жұмсақ алақаның...  
Қара жердің қойнына тыгар болса,  
адамды осы несіне жаратады?

Құлдық, Құдай!  
Сының қатты болар ма  
сонша бұлай?!

...Жылап-жылап, мауқымды бастым деймін,  
көзімді әрең тас болған аштым деймін...  
Сен дегенім, қарасам, көрші кемпір,  
Зәрем қалмай әлгіден, састым деймін!

Алданғаным!  
Әлі күнгі, Ақ Мама-ау,  
армандамын!

Намыс шіркін болар ма пақырында...  
көндім үйге қайтуға, ақырында.

Қарауытып бейітің қалып барад,  
шақырымдар қосылып шақырымға.  
Ай-ай, Мама-ай,  
Құр сұлдерім жылжыдым  
үйге қарай.

Жеттік үйге тор бие омыраулап,  
құлыншағы қасында қоңыраулап.  
Әкем байғұс жүгірді алдымыздан,  
Ақ сақалын жас жуып омырауда!

Алда пақыр!  
Қинармын ба Қекемді,  
болса ақыл?!

Жазған әкем!  
Әлгі әжейді арага  
салған екен...

...Ашылайын, Ақ Мама-ау, шашылайын!  
Аруағың алдында бас ұрайын!  
Көрсетпедім Қекеме жалғыз қызық,  
күлбілтелеп, несіне жасырайын!

Қайран әкем!  
Үрза болмай жалғызға  
кеттің бе екен?!

Оқығаным немді алған, тоқығаным.  
Қиыр шеттен дән теріп шоқығаным.  
Қызықты айтам! Ақ Мама-ау, Ақ Қекеме  
бүйірмады бір уыс топырағым!

Ай-ай, жалған!  
Орны толмас ғұмырда  
болды-ау арман!!!

Халқым айтса, әр сөзі нақыл екен,  
 Түсінгенге нақылы ақыл екен —  
 Жазмыштан да! Әкейдің мен келгенде,  
 топырагы томпайып жатыр екен!

Ай-ай, Мама-ай!  
 Бұл салмақты көтеріп  
 жүрдім қалай?!

Көз жасымның көл болып ағылғаны —  
 жалғызыңың саған кеп шағынғаны.  
 «Оң мен солың танитын күнге жетіп, —  
 дей көрмеші, — қарғамның нағылғаны?!

Асыл анам!  
 Тең келмейді дүниеде  
 ешкім саған!

Бармақтай бақ — немерен, мәндайымда!  
 Осыменен қөңілімді алдайым да...  
 ...Жас тамызып алдым ба жылап жүріп,  
 бар секілді бір кермек таңдайында.

Ай-ай, бөпем!  
 Бұл да өсіп,  
 азамат болар ма екен?!

Кейбіреудің жел есіп шоқтығынан.  
 секіреді қөңілі тоқтығынан...  
 ...Кемпір көрсе, жармасад: «Әжетайлап!»  
 Қалай «сенің, — демейін, — жоқтығыңнан!»

Ай-ай Мамам!  
 Сенің жоғың батар ма  
 жалғыз маған?!

Тағдырының жолықса дауылына,  
арқа сүйер біреулер бауырына.  
Тұртінектеп мен сорлы келе бердім,  
жетім қозы секілді ауылымы...

Жаны – дарқан!  
Ауылым артпай назымды  
кіміме артам?!

Пана болған, ық болған жаманыңа,  
өкпемді айтар орным жоқ заманымы.  
Қаумалап кеп ағайын, ақ батамен  
таудай тұлпар мінгізсе талабымы!!! –

Жұбанбаган  
нем қалушы ед  
баладай қуанбаган!!!

Ойхой, уақыт!  
Түтел жүрсе төрт көзің,  
қандай бақыт!!!  
Қандай бақыт!!!

*1984 жыл*



**ӘКЕ**  
*(Толғай)*

Әкем байғұс  
қабагында тұман тұнып,  
тұнжырап,  
өксүменен жүрген дейді,  
қысқа күнде  
мың жылап...

Біреу ұлын  
әлдеқалай иіскей қалса,  
құсадан  
құлап кете жаздайды екен  
құздан төмен  
құлдырап...

Қысы-жазы белін шешпей,  
қара құрық  
қолында,  
теңселүмен күні өтіпті  
қалың жылқы  
соңында...

Кейде, бәлкім,..  
қалың ойдың құрсауында  
тырп етпей,  
ескерткіштей

қалар қатып,  
жалғыздыққа  
соғылған!

...Дәл осылай жылжыпты өмір...  
Жыл артынан  
жыл өтті.

Онсыз да жүдеу жанды  
онан сайын  
жүдедті!..

Қара шал мен Қара кемпір  
қараша үйдің түтінін  
жалғай берді,  
Тәнірінен  
жалғыз түяқ тілеп бір...

...Күндердің бір күндерінде,  
арай тұнып  
ақ таңда,  
ақ нұрымен дүниені  
ақ шұғыла  
жапқанда,  
тас төбеме тіршілікті  
тік көтеріп  
өмірге  
мен жетіппін, ел үйқыдан  
жаңа оянып  
жатқанда!

Қайтсін! Әкем,  
қуанғаннан,  
асып-сасып, аптығып,  
тоқсан тоғыз тарапқа атты  
жіберіпті- ау  
шаптырып.

Ақ көңілі – ақ дастарқан,  
 тойын жасап көл-көсір,  
 ат қойыпты  
     бесігіме  
 сәндеп үкі тақтырып.

Содан бермен жаңағы айтқан  
 қараша үйде аласа  
 терлең-тепшіп шәй ішетін  
 болған десед  
     Қара шал!  
 Көшін де өрге сүйреп ала  
 жөнеліппін келе сап! –  
 Боп жүр екен бір сағаты  
 бір ғасырға  
     пара-пар...

Өтті жылдар!  
 Енді, міне,  
 еркетайын кекілді  
 әкем марқұм рухымен  
 іздейтүгін  
     секілді...

Алыс кетіп Ақ Көкемнен,.. –  
 көрмеймісің  
     сорымды?!

Ауыл жаққа, оу, ағайын,  
 бір түсірмей  
     жолымды,..  
 қу тіршілік, тас қып ұстап,  
 байлад отыр  
     қолымды!..

Кім бар менде?! –  
Тұгендейтін өздерің ғой  
жоғымды!..  
...Ұмытпаған шыгарсындар  
Алакөлдің жанында  
көне жүрттан қалған сонау  
Көкем қонған  
қорымды?!  
Әлдеқалай, өтер болсаң  
сол қорымның үстінен,  
көлігіңің басын бұрып,  
бейітіне  
бара сал?! –  
Аунап түсер орнынан  
қайран әкем –  
**Қара-Шал!!!**

*1978 жыл*



## ПАРЫЗ

*(Толғау)*

*Бірде,.. күтпеген жерден, Алматыға қыдырыстып келіп, қызықтап қала аралап жүрген ауылдас ағайынымыздың біріне жолыға қалғаным. Шұрыныраса амандасып, жағдай сұрасып болғаннан кейін, екеуміз біздің үй жаққа қарай аяңдадық. Келе, шәй қойып, дастарқаның оны-мұнысын әзірлеғенде дейін, біраз әңгіменің басы қайырылды. Өткенді айттық, кеткенді айттық, – кімдер қалды, кімдер қойды, – біраз нәрсенің басын түгендескендейміз.*

*Мен, шәй келіп, дастарқан басына орныққаннан кейін, манадан бері, ойымда болғанымен, қандай жауап аламын деп, сұрай салуға бірден дәтім барыңқырамай қорылақ-таңқыраған, мен ес білгелі Ақ Қекемнің қасынан көріп, үй ішімізбен екі жақ тұған-туыстарай бол, мидай араласып кеткен Құттыбай ағайдың жағдайын білмекке, ол кісінің атын аузыма ала бергенім сол еді, қонағым: «Бар, бар. Ол кісі бар. Үлкейді дегенмен, ескі сүйектерден емес не, әлі тың», – деп, менің алдыымды орай жауап берді. Сөйтті де, сәл іркіліп барып: «Ерекемнің әрі ұлы, әрі қызы Әйекен жалғыз баласы еді үй. Оқимын деп, алысқа кетті. Артынан ізден бара қоятын да ешкімі болмады байиғс балалың», – деп, өзінді жана шырлықпен бойлай есіне алып отырады», – деді, менің көңілімді жұбатқандай, ерекше бір жум-*

сак, биязы унмен. Сөйтті де, менің толқығанымды байқамағандай бол, іле, әңгімесін әрмен қарай жалғастыра: «Анада бір кездесіп қалғанымызда: «Ерекеш аға түсіме енді, өңі жабығынқылау. Тірісінде де, нағыз бір,.. шешіле сөйлеп кеткен кездерінде болмаса, әңгімелеге түйүк, салмақты кісі еді үй. Мұнда да дәл сол қалпы... Қоңырлау дауыспен баяу ғана, маган: «Айнам, мен тоңазынқырап жүрмін, төңіреғімді қымтапқырап қоймасан», – дегені. Құдды өңімдегідей, апанық. Алладан аян деп үқтыйм. Тіріде сыйласқан ағайын өліде үмымт болса, адамишылығымыз қайсы? ! «Бислмилләһиlep! » дерекү көршиі-көлеміе жеті шелпек тараттырғым. Ат-көлігімді сайлатып, сол күннің ертеңіне-ақ, басына барып, құран оқып қайттым. Бейіті Ақтайдан он сеіз шақырым Алакөл шағылының ішінде еді үй. «Өлі жебемей, тірі байымайды», – деген, қандай еді шіркінің! ... Қайтерсің! Төбешіктей бол, томтайып қана жатыр... Көз жасымды бір сыйып алдым да, «Қош! » – деп, кері қайттым. Иығымнан жук түскендей, женілденіп қалдым өзім де. Тіршілікпен ар-палысып жүріп, біз пенде нени аңғарыппыз. Эйтпесе, бәріміздің де барада жеріміз сол үй. Тек, иман бүйіріп, жөнімізбен аттансақ», – деді, жасынқырай сөйлеп. Қалың жүртшылыққа айтарын қабағымен үқтывіран қапсағай денелі қайсағ ағаның жуасығанын тұнғыш көруім, не айтарымды білмей абдыраңқырап қалдым. Қайран үақыт-ай десенізші! .. Қанталында сұырыла шапқан қос тазы, – ол кісі аң соңына түскенде, тұз тағысының небір желаяғына бауыр жаздыр маушы еді-ау! Сөйткен Құтыбай ағалағдан күнозып, қуат таяды дегене кім сенер! » – деді қонағым, қалың ойдың құрсауында отырғандай, салмақты унмен.

Иә-ә-ә,.. ауыл ажағы асыл ағалағымның аман-түгелін баяндаған ол кісінің әңгіме желісі үзілер ме еді, жок па еді, егер де менің қыстыға шыққан өксікті үнім жазатайым ол кісінің құлағына шалынбағанда... Не керек, сөйтіп, елден хабар әкеліп, мәз қылым отырған періште көңіл ағайыным, мені

жұбата алмай, аяқ астынан әбігерге түсті. Менің көз алдында Алакөл шағылындағы айдау жолдың бойында өлі аруақтың рухын күзетіп үнсіз жатқан ескі қорым, сол қорымның шығыс жағын ала қонған Ақ Көкемнің бейіті.... Өкініштен ішім өртепеңіп, сағыныши шіркін жүргегімді сыйдатып барады, – қайтейін?!

Бұл оқиғадан біраз кейін, «Ел жақ» дегенде, арқа сүйеп, ес тұтар әлгі Құттыбай ағатайым да дүниеден озды... «Әкен өлсе де, әкенің көзін көрғен өлмесін!» – деген, ендің жерде еле барысымыздың жөні біз үшін бөлектеу болатын шығар... Ие-е-е, қайран да менің жаны жайсан әрдәқтыларым-ай!!! Алла Тағала шапағатына бөлеп, рахым нұрын жаудырсын өздерінізге!!!

Кел-дағы бермен,  
құлақ сал сөзге,  
бауырым!  
Әркімнің айтқан  
керегі қанша  
дауының!  
«Ер – туган жерге!» –  
дейді екен Бабам,  
садан ба, –  
алыста жүріп,  
алаңдайтыным, әйтеуір,  
өзімнің  
құттай ауылым!

Аңсаймын тентек  
желі мен  
нөсер жауының!  
Төпеп бір соққан  
әумесер  
қара дауылын!

Жұғіріп барып,  
аударып алсам қайтер-ді,  
арқага батқан  
жүгінің болса  
ауырын?!

Туган жер менің  
айналып  
аппақ Мамама,  
Ақ жаулығымен  
сінді де кетті  
санама!  
Содан да болар –  
шыбын да жанын,  
шырқырап,  
жүргені со бір  
аңызақ соққан  
далада.

Байқаймын! Мына  
жүрек те  
соган байлаулы!  
Ақ көңілім мен  
тілек те  
соган байлаулы!  
Қиялға мініп,  
мың рет шықтым айналып,  
сонау бір жылғы  
Ақ Көкем қонған  
жайлалауды!

Оho-оу! Орнында бәрі!  
Өзені жатыр  
өріліп!

Күні тұр көкте  
көзінен  
кулқі төгіліп!  
Зымырап, сэтте  
бардым да қайттым! –  
Сол жайлау  
уайым боп жүрген,  
жеткізбейтіндей-ақ  
көрініп!

Қанғанша жұтып  
ауаның  
таңғы саумалын,  
домалап айдай,  
көк шалғынында  
аунадым!

Сенбейсіңдер ғой,  
«Айналып кетіп балаға, –  
десем, – шоршытып,  
көлшіктен  
шабақ ауладым!»

Ие-е-е!  
Ауылға сөйтіп...  
бір барып келсем  
деп жүрмін,  
аунап та қунап,  
мауқымды басып  
қайтарға...

Апырмай, сәті  
бір тұспей қойды-ау  
кешегі

қарттарға қайтқан  
қайыр да болсын  
айтарға.

Е-е-е, ендігі барыс  
ауырлау болар,  
байқаймын, –  
көбі жоқ көзін  
көрген шалдардың  
Көкемнің...  
қауқылдаң бәрі  
қарсы алушы еді,  
барғанда!..  
Ендігі жүртқа – бөтенмін!!!

Бөтенмін енді!  
Бөтенмін! –  
Несін жасырам!?  
Қайтушы ед мені  
ауылдың  
өңшең жастары!  
Мықтағанда – бір  
бұрылыш қарап  
мен жаққа,  
қоқия қонып  
құлақшындары  
бастағы.

Қасымнан жанап  
өте де шығар  
сонан соң,  
аман мен саулық  
болатын ба еді  
оларда!

Ғұмырда кісі  
көрмеген жандай осқырып,  
жаныңа сенің  
жолар ма?!

Оу! Тоқтай тұршы өзі,  
кішкентай  
сол бір күшіктер  
құйттай күнінде  
әуп етіп,  
талай жұбатқан  
өзімнің сонау  
«боқмұрындарым» болар ма?!

Е, болсыншы, мейлі!  
Солар-ақ болсын...  
Қайтесің!  
Реті келсе,  
тани да жатар  
артынан...

Шыбын да жаным  
садаға ғана кетпес пе,  
қазағым исі бүрқырап,  
қалқайып тұрган  
қалпынан.

Ауылға тағы  
бір барып келсем  
деп журмін,  
топырағына аунап,  
мауқымды басып  
қайтарға!  
Мамамның қозін  
көргендер қалса,  
жиып ал,

ақтарып іште мұңымды,  
сырымды  
жырғып айтарға!

...Көзінің жасын  
бір сығып алғып шешейлер,  
отырап ма еді  
Мамамды  
менімен бірге жоқтасып!  
Даладай дарқан  
кеңдігін айтып,  
біреуі,  
кербездігіне тоқтасып.

Дариға-ай, шіркін!..  
Жалғанда мына  
таусылған кімнің  
арманы?!

Мендеңі тілек –  
есен де аман жүрсінші  
әкем мен шешем марқұмның  
көзкөргендерінің  
қалғаны!

*1984 жыл*



## ТУГАН ЖЕР

*(Tolqay)*

Туган өлкем!

Мен саған ел деп келдім!  
 Кіндік кескен баяғы жер деп келдім!  
 Ақ көкем мен жоқтатпас Ақ Мамамды,  
 «Құлыным-ау кішкентай!» – дер деп келдім!!!  
 Туган өлкем!  
 Мен саған ел деп келдім!  
 Ел деп келдім!!!

\* \* \*

Мұндалап мені туган жер  
 шақырып жатқан  
 секілді!

Сарғая күтіп, таңды әзер  
 атырып жатқан  
 секілді!

«Қарғам! – деп, – кеттің хабарсыз!» –  
 ах ұрып жатқан  
 секілді!

Дауылды құнгі теңіздей,  
 астан да кестен көңілін  
 сапырып жатқан  
 секілді!

Ах ұрып жатқан секілді!!!

Секілді, кейде, жанарын  
қадайтын жолға  
талдырып.

Елеңдер, бәлкім, дауысым  
жетердей менің  
жаңғырып!..

Бар-ды бір елде Ақсақал,..  
«Көріпкел», — деуші еді жүрт, —  
Анам боп барып алдына,  
әуреге түсіп, құмалақ  
жүр ме екен соган  
салдырып?!

Дегей-ді оған  
сонда қарт:  
«Маңдайы ашық балаңның.  
Талабын қара, — демей ме, —  
титімдей болған  
жаманның!» —

Толғанса сосын тебіреніп,  
тутан жер түссе есіме,  
ойымның онга, сан мыңға  
бөлінетінін  
санамның!!!

...Не дейді-ей, қартың?!  
«Қиялдың ойнап жалында,  
құйғытып туган ауылға  
келіп те қайтып жүр», — дей ме?!

«Қырмызы гүлден қыр тұнған  
толтырып қүйттай құшагын  
теріп те қайтып жүр», — дей ме?!

«Жүр, — дей ме, — бұла балдәурен  
базарын өткен  
аралап?!

Көбелек қып, сайларды  
бара ма екем  
жағалап?!.

Не дейді қартың  
бал ашып?! –

«Жағалық ойнап жүр, – дей ме,..  
шұбыртып нөкер соңымнан,  
талай кеп, өзім шомылған  
Алшынбай көлдің толқынын  
қанатымменен сабалап?!.

Иә,.. не десе дағы...  
Өлеңім, жырым өзі боп  
өріліп отыр дегей-ді!  
Сағынып, маржан көзінен  
төгіліп отыр дегей-ді!

Дарига-ай, шіркін!  
Екеуі  
сырыма, сөйтіп, бойласа!  
Шиыршық атып тағдырым  
ортада біраз  
ойнаса!..

Оу!!!  
«Ойнаса!» – деппін мен бейбақ! –  
Аңғалдық жасап, Ақсақал,  
құлағын тосып, қалқып,  
отырган жанға  
аңқиып:  
«Десем де, бақыт – қүшқаны,  
аңдыған бар, – деп, – дүшпаны!» –  
бытырап қойдай шашылған,  
құмалақтардың ашылған  
ақтарып сырны  
қоймаса!!!

Бей, дүние-ай!!! Анам  
о, сонда  
көз жасын, ойхой, бұлар-ды!  
«Құтқара гөр, – деп, – қарғамды!» –  
Жалбарынып, Құдайдан,  
жалынып,  
сауға сұрап-ды!!!

Ақ шашын жайып, аңырап,  
тауға да барып  
асылар!  
Тогайды кезер, бүр іздең,  
жанымды менің  
жасырап!  
Еңіреп келіп, ерте-кеш,  
Жайыққа шағар  
бар мұңын!  
Самалға да айтар, желге айтар  
ізімді менің аңдыған  
дүшпандарымның  
барлығын!!!

Ай-Күні бірдей тұтылып,  
тұтігер ме екен  
аспаны?!  
Құрбан да шалар жолыма,  
ұмытар менен  
басқаны!..  
Әлгіндей десе әлгі қарт,  
әйтпегенде, енді  
нагылар?!

Ұзіле жаздал үміті,  
тауаны  
тасқа шағылар!!!

Жоқ, әлде, бәлкім,..  
 бұл болып, тастай түйіліп,  
 дүшпаным жаққа шүйіліп,  
 тапқызбай тесік кірерге,  
 жасыннан өрген қамшымен  
 жонынан таспа тілерге,  
 апыл да ғұпты асығыс  
 аттанып бара жатар ма?!

Белесің,  
 белің  
 бауырында  
 тапталып бара жатар ма?!

Мұндалап мені туган жер  
 шақырып жатқан  
 секілді!

«Қарғам! – деп, – кеттің хабарсыз!» –  
 ал ұрып жатқан  
 секілді!

Ойдан ой өріп, басында,  
 қоздайтын-дағы  
 секілді!

Айналып күні ғасырға  
 озбайтын-дағы  
 секілді!

«Бота!» – деп, Аруанадай,  
 боздайтын-дағы  
 секілді!

Мұң менен шерді іштегі  
 қозғайтын-дағы секілді!  
 Қозғайтын-дағы секілді!!!

1984 жыл

## **БАРЫП ҚАЙТ, БАЛАМ, АУЫЛҒА** *(Толғау)*

Барып қайт, балам,  
ауылға туған

барып қайт!

Шалғынына аунап,  
құмында ойнақ

салып қайт!

Өр болып келед

біз жақтың азаматтары,  
намысты соның

көкірегіне жанып қайт!

Барып қайт, балам,  
ауылға туған

барып қайт!

Белесі, белі...  
жоқ әлде,

мидай дала ма, —  
қарама, жаным,  
қалдырмай, бәрін арала.  
Шомыла барсан,  
байқарсың, құміс қөліңе, —

іздерім жатқан  
секілді менің  
жағада...

Қарама, жаным,  
қалдырмай, бәрін арала,  
орман ба,  
тау ма,  
дала ма!..

«Болад, – деп, – қандай?» –  
сүрайтын едің жайлауды...  
Сыбагаң үшін  
бір тоқты сонда  
байлаулы.

Аңқылдаپ келіп  
арғымақ тартар ағайын  
алтынды - зерлі  
ер - тұрмандары  
сайлаулы...

Несіне саған  
тәптіштей берем, құлымын,  
көзіңмен өзің  
қайтарсың көріп  
жайлауды.

Ауылың жайлышы  
қиялың менен елесің  
айналып шынға,  
гажайып күйге  
енесің!

Атаң мен марқұм  
әженің сонда –  
бейіті, –  
сога кел, қалқам,

«Елемей кетті-ау», —  
демесін!..

Қайдан да білдің,  
сипаса самал маңдайдан,  
солардың жұмсақ  
алақандары  
емесін!..

Басына барсаң,  
тұс ауып кетпей,  
ерте бар.

Қасыңа, жаным,  
жөн білер біреу  
еріте бар.

Атымнан менің  
топырақ таста иіліп,  
шешеңдің және  
сағыныш күйін  
шерте бар!

Шерте бар, күнім,  
шерте бар!

Ертелі-кешті  
қуалай бермей ойынды,  
бір ауық, қарғам,  
арманға жүздір  
ойынды,

Көпшілік көзі  
сынағыш келед мұндайда...  
абайлап басып,  
түзетіп ұста  
бойынды!

Барып қайт, балам,  
ауылға туган  
барып қайт!

Шалғынына аунап,  
құмында ойнақ  
салып қайт!  
Біз жақтың қызы  
ибалы келед, құлымын! —  
От болып жанып,  
жанарын  
шоқтай қарып қайт!  
Барып қайт, балам,  
Ауылға туган  
барып қайт!  
Барып қайт!!!

*1981 жыл, Алматы*



**БЕЛІНДІ БУ, БЕКЕМ БОЛ, БАЛАМ!**  
*(Толғау)*

*Балаларымның әкесі –  
марқұм Салауат Қалдыбайұлының  
аруағына бағыштадым*

Келші бермен,  
кішкентай құлыным - ау!  
Сымдай тартқан арқада  
жұлыным - ау!  
Қала бардың ба артында ақ Қекеннің,  
мандайында желбіреп  
тұлымың - ау?!

Балапаным!  
Балауса балдырғаным!  
Иіскегенде,  
мейірім қандырғаным!  
Қара таппай сүйенер, қамыққанда,  
ішімізді от көрерсің  
жандырғанын!

Шыныменен  
Ақ Қекең кеткені ме?!

Бақ-дәурені басынан өткені ме?!

Зобалацын салды де  
тагы тағдыр...  
бұған дейін көнбеп ек неткеніне?!

Буындарым балбырап бойымдағы,  
орындалмай, ойранмын  
ойымдағы! —

Киял тартсам алдағы көрер күннен,  
келе-дағы қалушы ед көз алдыма  
жарқ-жүрқ еткен келбеті Ақ Қекеңнің  
сенің, қалқам,  
үйлену тойыңдағы. —

Тілек айтып, сөз сөйлеп тұратұғын,  
онды-солды мойнын бұратұғын...  
Алла гана құдай-ау,  
мен не дейін, —  
қыршынынан қыылып, қырық толмай,  
үзілерін кім білген мұратының?!

Бал жаласам, у татыр  
таңдайыма!  
Біз жолықтық тағдырдың қандайына?!

Ай мен Қунге балаған Аппақ Қекең  
сыймай кетті, қайтейін,  
мандаіыңа!..

Бақ пен сордың арасы —  
қарыс-тагы!..  
Осы болды жағымыз  
қарысқаны!  
Асу бермес арада асқар тау бар! —  
Ақ Қекеңнің ауылы  
алыстады!..

Күлкі қалды көміліп тасамызда,  
жылап-жылап,  
мауқымыз басамыз да!  
Сағынғанда әкенді, қол ұстасып,  
сол асқардан  
әрі қарай асамыз ба?!

Аңырап кеп,  
бейітке құлаймыз ба?!

Ағыл-тегіл көз жасын бұлаймыз ба?!

«Көтере гәр басыңды,  
біз келдік», — деп,  
Құлпытасын құшақтап жылаймыз ба?!

Айтқан сөзге ол құлақ асар ма екен?!

Бас көтеріп,  
ілтифат жасар ма екен?!

«Әрі-сәрі күй кешкен бейбақтар», — деп,  
шапағатын шуақ қып  
шашар ма екен?!

Қалтыраймын, —  
бойымды қайғы алды ма?

Беу, тіршілік, қызығың жай қалды ма!

Ақ ботамды жетектеп,  
барып қайтар  
өрісіме қу мола айналды ма?!

Еңіресем жас толып етегіме,  
қүніренумен  
күндерім өтеді ме?!

Жаутаң-жаутаң қарайсың шешен жаққа,  
жазған ботам, қайтайін,  
әкең болса,  
кетпес пе едің ілесіп жетегіне?..

Неге керек ботадай боздағаным?

Аннан - мыннан

әңгіме қозғаганым.

Шыбын жанына араша түсे алмадық,

Құдірет - қүштің жазмыштан озбағанын!..

Көзім жасы көл болып ағылғаны

айғыз - айғыз

бетіме жағылғаны!..

Барымыз да сол еді,

нарымыз да, —

алып кеткені ажалдың нағылғаны?!

Көңіл шіркін түсер ме

сабасына,

теңіз тұнды көзімнің шарасына!..

Тойын күтіп жүргендер,

арысымның

жиналдың ба азалы қарасына?!

Ой-хой, дүние-ай!

Бұйырган жер

құм ба екен, тақыр ма екен?

Зенгір аспан басында шатыр ма екен?

Айбарынан адасқан арыстаным,

төбешік боп

томпайып жатыр ма екен?!

Тіршіліктен тынысын тыйды ма екен?!

Жарық күннің сәулесін қиды ма екен?!

«Жалпақ әлем — тар», — деуші ед,

бұқтетілмей,

көр қойнында лақатқа сыйды ма екен?!

Екі көзім бұлаудай – жылаганға,  
берсе құдай тілекті, сұраганда.  
Бәйтеректің басына шығып алып,  
нең қалушы ед,  
құлдилап құлаганда?!

**Мылжа-мылжа**

жүргім езілгені!  
Жазылмастай жарасы сезілгені.  
Қош! Аяулым!  
Бақи бол!..  
Не айтпағынды  
оқи да алмай қалдым мен көзіндегі.

Жан сырымыз – құпия,  
ашылмады, –  
жария боп,

ешкімге шашылмады...  
Озмыш бар ма жазмыштан?

Алла-оу, дүние-ай,  
ең болмаса, бір іскеп мандайындан,  
мауқым-дағы, қайтейін,  
басылмады...

Жан сырласым!  
Балдәурен – балалығым!  
Еске түссе,  
көнілімді шалады мұн.

Барып қайттым ауылға...  
Біз шомылған  
«Аткеткен» мен әлі күн «Қарасуда»,  
балалығың ойнап жүр «жағалығын».

Сөзге аударып тілде бар өрнегімді,  
жыр қып айттым  
естіген - көргенімді.

Аяқасты, жаным-ау, бұл неткенің?  
 «Жазылады», — деп кеткем  
                   кеше жүртқа,  
 бүгін не деп естіртем өлгеніңді?!

Дүрілдесті ел, атынды  
                   мақтан қылып,  
 ағытылды іште сыр жатқан бұғып.  
 «Ала кел», — деп, достарың  
                   көп тапсырған,  
 қалай айтам мен сені, алтыным-оу,  
 «О дүниеге келдім, — деп —  
                   аттандырып?!»

Көп еken ғой көргеннен көрмегенім! —  
 Шақ отырмын,  
                   болмаса өлмегенім.  
 Жүрегімді жұлып ап, жерге тықты,  
 осы еken ғой қатігез  
                   көр дегенің?!

Ие!..  
 Жеткізбестей айналған белесіме,  
 ауық-ауық қол создым елесіңде!  
 Бетін шымшып...  
                   кім кепіл, ағайынның:  
 «Айрылышып тіріде,  
                   өлгеннен соң,  
 жоқтап отыр несіне», — демесіне!..

Сенер болса,  
 шақ жүрмін сүйретіліп...  
 Шөкті кеудем,  
                   қабыргам күйретіліп!...

Арыстаным!  
Айбарлым!  
Асыл жарым!  
Сенсіз кешкен ғұмырдың сәні құрсын,  
табанымда шөңгесі  
түйретіліп!..

Ешкімді де қақым жоқ  
жазғырагра,  
«Кінәлі жан – осы!» деп, азғырагра.  
Дәм-тұзымыз бөлінсе,  
нендей шара?!

«Тәңір ісі осылай болад, – деуші ед,  
базарыңдан айырып, баз қыларда...»

...Көреді де пендесі Тәңірінен  
Кім құтылған Тәңірдің әмірінен?!  
Эттең, дүние-ай!  
Елеңдеумен жүруші ем, келер ме деп,  
енди іздейтін болдым ба-ау  
қабірінен!!!

\* \* \*

Келші бермен, кішкентай  
құлыным-оу!  
Сымдай тартқан арқада жұлыным-оу!  
Қала бардың артында ақ Қекеннің,  
манғайында желбіреп тұлымың-оу?!

Таусылған соң айла мен амалымыз,  
жылау болды-ау қосылып табарымыз!  
Белінді бу!  
Бекем бол!  
Екеуміздің  
қагырадай құлады қамалымыз!

Кім бар жеткен көксеген арманына?!

Біз де көндік

тағдырдың салғанына.

Ауыр тартты арқада екі есе жүк, —

Сынып кетіп журмейік

салмағына!

Қайғы салған анаңың реңінде

әжімі мен

жара жүр жүрегінде!!

Жалғыз мен бе? — Құлыным, әuletіңнің

тұтас жатыр тірлігі, байқаймысың,

сенің мынау

майысқан білегінде?!

Не табармыз еңіреп,

жылағанда?!

Ағыл-тегіл көз жасын булағанда?!

Бұл дүниеге келген соң, парыз, балам,

тағдыр жүтін көтеру бұл адамға!

Келісім айту қындау

алдағыға,

Санаң жүгірт енді өзің қалғанына!

Сен азамат атансан,

әкең марқұм

есептей бер жетті деп арманына!

Көзіңді сал айнала

қара мына! —

Көп ішінде жабы жүр, жабағы да...

«Тұлпарым!» — деп тапқан-ды анаң сені,

бағың өрлең,

гүл бітсін қадамыңа!

Өмір – ұзак!  
Алдыңда –  
арай дала!  
Үйде сені тұсармын қалай ғана?!  
Батам міне!  
Қолың жай!  
Жолың болсын!!!  
«Анам бар, – деп, – артымда!» –  
қарайлама!

Ұғын, балам, сөздегі астарымды, –  
Қалай саган жүктермін  
бас қамымды!..  
Қара жолдың бойында шиырлама!  
Бар!!!  
Қыран болып шарлап қайт аспаныңды!  
Бір аунасын орнынан  
әкең марқұм,  
сенің алған сезініп асқарыңды!

Тарт, құлышым!  
Алды-артқа  
алаңдама!  
Үй күшік бол күйбендер жаман ғана!  
Үмітім – сен!  
Әuletтің келешегін  
тапсырамын сеніп мен саган ғана!

Мейірлі бол бауыр мен ауылыңа!  
Бейілді бол  
халқың мен қауымыңа!  
Әсірекызыл не керек?!

Сүм дүниенің  
жеткізбейді түбіне дауы мына!..

Калдыратын және сол сорға, балам! —  
Кү күлкүнның құлдығы  
болжа, балам!

Бір тиындық құны жоқ көтермекке,  
алқалы да қалталы талайлардың  
басы жатыр домалап  
орда, балам!

Баба дала жетеді – барасыға!  
Баба дала жетеді – аласыға!

«Ұлық болу –  
ұлылық екен», – деме! –  
Ырылдасқан сүйек пен саяқ үшін,  
араласпа  
иттердің таласына!!!

Саналы сөз танытар парықынды!  
Топ ішінде жоғалтпа  
нарықынды,  
Бойда жігер,  
қайнасын қанда қуат!!  
Аналық ақ сүтімді бұлданап тұрып,  
мен  
өзіңе тапсырдым халықымды!

«Қос көрінед, – дейді жұрт, –  
корыққанда»,  
қыындыққа тарықпа, жолыққанда!  
Нар тәуекел!  
Тапсырдым бір Құдайға!  
Жолың болсың, құлыным,  
жорытқанда!  
Илдәни әмин!!!

Шырқырайды жан даусым «Аллалаган!».  
Бұлінгеннен  
бұлдіргі алма, балам!  
Ескерусіз, есепсіз ешнәрсе жок!  
Шүкір дей гөр қолдағы  
барға, балам!

Қара нөсер – көз жасым  
қүйылғанда!  
Қайыр түбі –  
Құдайдан бүйірганда!  
Бұл пенденің фәниде арманы жок, –  
иман болса жас-кәрі жүгінері,  
«Аллаһу ақбарлап!»  
жамағат жиылғанда!

«Иман күші – жиылған жамағатта!  
Жүрек мекен –  
Қәлима шаһадатқа!»

Бұл жалғанда мәңгілік еш пенде жок! –  
Әлгі сөзді шыгарма әсте есіңнен!  
Ол – Бабадан қалған сөз аманатқа!!!  
Лә илләһи ил Алла!  
Мұхамадун – расул Алла!!!



## АҚ ТІЛЕУ

Оу, құлыным!  
 Айналдым ақылыңнан!  
 Артық дәulet адамға  
     көрегі не?!

Бұ құрғырың тұңғыық теңізбен тең,  
 тартып ала жөнелер  
     тереңіне!

Деніміз сау,  
 басымыз аман болса,  
 халқымыздың  
     қалмаспаз қатарынан.  
 Ер жетерсің сен де ертең!  
 Ер жігіттің  
 ырыздығы —  
     жол тартқан сапарынан!...

Ие-е-е,  
 сапарыңнан  
 тосармын мен де сені,  
 көлөгейлеп  
     көзімді жолға сүзіп,  
 жаман шешең мақтанар кемпірлерге  
 сен әкелген жарқылдаң  
     қолда жүзік!

Коржындағы базарлық кәмпитеттерің  
тәмпіш танау шашылар  
балаларға.

Иілерсің алдында ізетпенен,  
сәлем беріп жасы үлкен  
агаларға.

Сылқым күліп,  
сәнімен сыңғырлатып  
шашбауына байлаған теңгелерін,  
жастық қойып жатқай да, жантайсын деп,  
шаршап жетсең, жол соғып,  
женғелерің!..

Сөйтші, алтыным!  
Тезірек жігіт бол да,  
келін әкеп қондыршы  
алақанға!  
Кызыққа бір батайын! –  
Төңірегім  
үпір-шүпір толсыншы балапанға!

Бірін иіскеп мандаидан,  
бірін сүйіп  
агал-жагал тәмпиген танауынан, –  
мың құбылып, па, шіркін,  
отырар ма ем,  
артық қойып мынауын  
анауынан!!!

Немерем мен келінім арасында  
куырдақ боп журсем-ау, қуырылып.  
Жетіп жатыр мен үшін:  
«Біз әжениң  
баласымыз!» – дегені сурылып!

Үйдің ішін, сөйт, күнім, балалардың  
айналдырышы  
базарлы бақшасына!  
Ұйықтатайын, әлдилеп өлеңіммен!  
Ертегі айтып берейін  
бас-басына!

Қайтер дейсің!  
Көп болса, қалбаң қағып,  
келін балам алдында  
жалпылдармын.

Менің үшін керегі – амандығы  
торсық шеке кішкентай  
алтындардың!

...Беу, не дерсің!... –  
Атаң менен әжеңнің сен, құлдығым,  
арманы едің  
көрсек деп қиялдаған...  
Шеберені айтам-ау! Дүниеде  
қыын екен  
немере сүйе алмаған!!!

1984 жыл



## **ҒҰМЫРЫМНЫҢ ЖАЛГАСЫ**

Пай, пай-па-а-ай, шіркін!!!

Көркем ед қандай  
тұған да жердің

көктемі!!!

Бойжеткен қыздай

жасана қапты-ей

көк белі!

Ойнақтап келіп,

күн-сұлу еркеш,

көрдің бе,

бір құшақ нұрды

шашты да кетті

көктегі!

Ауылымды мұлдем

танимай қалдым

бүгін мен!

Бөтен боп барад

ұңілген сайын,

ұңілген!

Ана үйге қарааш:

жаулығын түзеп, бір Әжей

шуаққа шықты, —

жазбақ та белін  
бүгілген...

Немере ме екен?!

Жоқ...

Шөбере, бәлкім, болды ма,  
жанындағы анау  
домалақ қара,

құдай-ay,  
тойған қозыдай,  
томпаң да томпаң жүгірген?!

Ие-е-е...

Сол қара бала –  
ертеңгі күннің жалғасы!  
Құрап ма құнын  
мыңғыртып жиған

мал басы?!

Оларсыз мынау  
үжымдақ қонған өнірдің  
баршамызға аян  
бақырлық

құны қалмасы!!!

Солардың бұзып  
алмасақ болды  
оыйнын!

Таралып өскен  
сымбатын көрсек  
бойының!

Құда боп, әйдәй,  
құдағи болып қауқылдал,  
ішінде жүрсек  
келіншек алған  
тойының!

Оу, жұртым!  
Бар ма ед  
осыдан асқан  
арманың?!

Баламен өлше  
басыңың жұмыр  
салмағын!

Жалпы ма, мейлі,  
жалқы ма, мейлі, —  
сол болса,  
«Ошақта жанган  
отымды, — дей бер, —  
жалгадым!!!»

*1984 жыл*



## ТЕНТЕГІМ

*Ұзақ жылдар бойы көрши отырып,  
жанұямыздың бір мүшесіндей болып кеткен  
марқұм Клавдия Кузьмақызына арнаймын*

Опырмау, Апа!  
Көнділіңдің босын-ой!  
Қойыңыз да енді,  
тастармыз жүртқа  
тосын ой!

...Жадыңызда екен:  
жер-көкке мені тұргызбай,  
сүйрейтін-дағы жүретін,  
сондағы тентек  
осы ғой!

Осы ғой, Апа-ау!  
Осы ғой.

...Сәл тайса көзден,  
төңірек біткен  
жабылып,  
іздейтін едік  
сабылып.

Осы бір тентек  
әуреге бізді көп салған  
жоғалып,  
қайта табылып...

Ол кездер,.. қайда-а-а,  
тіршілік – өзге;  
күй – бөлек;  
Көбелек жаным – күйгелек.  
Күндіз де түні  
арадай талап жататын  
ой біткен баста  
үймелеп.

Бұ тентек менің  
онымды қайтсын, ой, пәлі,..  
жағасы – жайлай,  
бейтаныс жаны – жетекте,  
томпаңдаپ талай жеткен-ді:  
«Апайка! Мама!  
Әкелдім қонақ  
үйге», – деп.

Біз болсақ жайды  
ұн-түнсіз едік ұтатын,  
Дастарқан  
дәмге тұнатын.

Ал мына тентек  
өзі ертіп келген қонаққа  
«Қаскыр», – деп  
қақпан құратын...

...Кейде бір өзі,  
сілтідей тұнып айнала,  
қалқитын көкте  
ай гана.

Сонда осы маган,  
ұңліп қарап үреймен:  
«Мама-шы! Мама!  
Кім тесіп қойған аспанды?» —  
дейтүгін еді,  
жай ғана...

Ұқтырмақ болып, әдетте,  
жатқаным түсіп әлекке.

...Қоймайтын мұның  
болмайтын бізге сұрағы,  
қалқайып қалқан құлағы.  
«Күн қайдан шықты,  
қай жаққа кетіп барады,  
қайда оның, — дейтін —  
тұрағы?»

О!  
Сонда менің  
«Айдын да аспан мекені,  
күннің де аспан мекені!»  
дегенді мұның миына  
құя алмай, мазам  
кетеді!..

Көңілге бұл да қарамай,  
сөзімді тастап далага-ай,  
«Ападан сұрау керек!» — деп  
жөннейтін сізге дедектеп,  
далпылдап тонның етегі, —  
бәрі де соның —  
кешегі!

Екі үйдің ортақ базары,  
көп болды-ау мұның гажабы!

...Қайтерсіз, кейде,  
Әкесін көріп біреудің  
шагылып тасқа назары,  
қайтатын сынып  
ажары...

Ондайда бұған не дерсің,..  
мұң болып келіп күн мен түн  
жанымды  
талай қажады...

Сол кез де менен  
көзінің жасын төкті де,  
өтті де кетті-ау!

Өтті де!

Ал мына тентек  
құйғытып жетті бүгінге,  
айдардан самал  
өпті де.

Шынымен сол күн өтті ме?!

Өтті де!

Ой-хой,  
өтті де!!!



## АГАЙЫННАН АЙРЫЛМА

Агайын-жұрт,

ел деген —

осы болар!

Бұл айтқанға не сөз бар қосып-алар?!

Қуанышыңа ортақ боп,

қындықты

бірге жүріп өзіңмен тосып алар! —

Агайын-жұрт,

ел деген —

осы болар!

Осы болар!!!

Әкең менен шешеңнің

көз көргені! —

Жақсылықтан басқа ол

көздер нені?!

Пайдаң тиіп жатыр ма, жатқан жоқ па, —

сол баяғы қалыбы!

Саган деген

мүмкін емес пейілі өзгермелі!!!

Бал тамызған  
сен десе,  
тіл де — бөлек!  
Ет-жүректен езілген  
діл де бөлек!  
Айтшы, сенің кім болып, кім болмағың  
ағайыннан басқаға  
кімге керек?!

Айтарым — сол,  
Құлдығым,  
ағайыннан  
сала көрме ешуақыт  
ірге бөлек!!!  
Ірге бөлек!!!



## БІЗ НЕ ОЙЛАДЫҚ?

Бұл ғұмыр  
мәңгі деймісің?!  
Өтерміз біз де бір күні!  
Иықта тұрған!  
    Әйтпесе,  
қауқиған мына сорлы бас  
қақпақыл қағып ойнайтын  
тағдырың екен  
    шүлдігі.

Иә-ә-ә...  
Қозы да Қөрпеш, Баяндай  
еңіреп жүріп,  
    табыстық!  
Табысқанымыз да бар болсын!  
Қозыке сенің не теңің!  
Ақ Баян  
    менің не теңім!

Ата бір кекті жандардай,  
айнала беріп аяқтан  
бір-бірімізді андып,  
    шалыстық!

Еркегін сыйлау  
менде жоқ!  
Әйелін сыйлау сенде жоқ!  
Ертелі-кешті,  
даң да дұң,  
айдай кеп сөзбен жарыстық!  
Қызынған аттай бәйгеде,  
ауыздығымызбен алыстық!!!


Не түсті содан?!  
Араша таппай жанына,  
будақ та будақ түяқтың  
бүркүрап үшқан шаңына  
көміліп мәңгі қалды, әне,  
махаббатымыз  
бар ыстық!!!  
Иә!  
Махаббатымыз бар ыстық!!!

Онымен тағы қоймадық!  
Күнәға  
терең бойладық! –  
Соңынан ерген Бабаның  
қылтиған құйттай қараның –  
өзгенің де емес, иә, дүние-ай...  
өзіміз тапқан баланың,  
өзегін өртеп от қылыш,  
бейкүнә басын байғустың  
тауга да тасқа соқтырып,  
тепкілеп,  
доп қып ойнадық!

Біз сорлы сонда  
не ойладық?!

Иә-ә-ә!  
Біз сорлы  
сонда  
не ойладық?!  
Не ойладық?!

*1981 жыл*



\* \* \*

Кел, күнім!  
Жақын отыр  
жаюлы дастарқанга!  
Көңілде кірбің жатса,  
алдыңа  
Бас тартам ба?!

Мен сені түбінде бір  
келер деп,  
тосып жүргем.  
Жыл сайын сыбағана  
сыбаға  
қосып жүргем.

Сағыныш сазын қозғап,  
бір өткен шақтардан мың,  
мұңдастым — қара түнге  
талай сыр  
ақтарғанмын...

Арманды ақ үмітпен  
желідей  
жалгайтынмын.

Жүректе бар жырымды  
өзіңе  
арнайтынмын...

Кел, күнім!  
Жақын отыр  
жаюлы дастарқанға,  
көңілде кіrbің жатса,  
алдыңа  
Бас тартам ба?!

*1979 жыл*



\* \* \*

Қарс айырылып  
көкірек,  
күрсінгенде,  
сыр толғаумен  
мен жәйлі  
жүрсің бе елге?!

Көз жасымды,  
кел,..  
мен де ағытайын,  
мына отырған халайық  
сенен басқа  
жақынымның жоқтығын  
білсін менде!..

Жылап алмай,  
көңілім  
басылар ма!  
Бұлт қабагы  
құн жаумай, ашылар ма?  
Домаланған көзімнің жасыменен  
сары алтындей  
сақтаған  
қайран сырым  
айналаға айналды-ау  
шашыларға!..

*1983 жыл*

\* \* \*

Тұн бесігін тербетіп,  
ұйқымның  
әрі қашқалы  
көп болды-ау, қалқам, түнеріп,  
қабақты  
кірбің басқалы...  
...Қанатыменен құс жүрек  
сабалағанда кеудемді,  
ақылдың бәрі  
быт-шыт боп,  
бытырап кетед бастағы!

Жылайды жаным,  
жалғаннан  
араша таба алмай бір.  
Сүреңсіз ойлар сүмендеп,  
қыр соңымнан  
қалмай жүр.

...Жапа бір жалғыз жатқанда,  
жапа-тармагай  
жан-жақтан  
бас салады үреді, мендегі  
ежелден кегі  
бардай бір...

...Орнында бәрі тірліктің,  
көргендей өзің,  
досым-ай.

Тек қана...  
Менің кей түнім  
тынышымды алад осылай!..

1979 жыл

\* \* \*

Мен сені  
бүгін тағы  
түсімде көрдім!..  
Жарқырап,  
аплақ нұр  
ішінде көрдім!  
Аршын төс,  
арыстан жал,  
жазық маңдай —  
өзім ғашық  
болған  
мұсінде көрдім!  
Мен сені  
бүгін тағы  
түсімде көрдім!  
Түсімде көрдім!!!



## ӨТКЕН КҮНГЕ НАЗ

Өткенім менің!  
 Өткен күндерім —  
     өткелім!  
 Өзіңде айтар  
     өкпе- назым  
         көп менің:  
 ...Маган деген  
     сыбагаңның өзін сен  
     өзгелерге  
     бөліп берген  
         жоқ па едің?!

Мен шарлаған  
     сонау шатқал,  
     белестер  
     бейнетіме  
     бөлген еншің  
         емес пе ед?!

Талай жықтың!  
 Ұшып тұрдым —  
     ұмтылдым:  
 «Бұл өмірдің  
     өзі осындай  
         егес», — деп.

Дедің бе екен  
     қорғаныссыз,  
     қамалсыз, —  
 Қалтыраттың!  
 Қойнауың — мұз,  
     жағаң — сыз!..

Енді, міне,  
жастығымды ап,  
артымда  
қалып бара  
жатырмысың  
алаңсыз?!

Откенім менің!  
Откен өмірім –  
откелім!  
Өзіңе айтар  
өкпе-назым  
көп менің...

*1977 жыл*



\* \* \*

Ақысы бардай  
сабалап жаңбыр  
мамырды,  
жөңкілді бұлттар,  
ерсіл де қарсыл  
ағылды...

...Тағы да, міне,  
тып-тыныш тұрган дүние  
астан да кестен  
аяқ астынан  
қағынды!

Жармасып дауыл,  
емендер киген  
сеңсенді  
жұлқылап жатыр!  
Қарағай басы  
тенселді...  
Менің де мына  
әйнектен тәнген  
қара бұлт  
көтертер емес  
еңсемді!..



\* \* \*

Сарғайған  
ақ қайыңың жапырағы  
жанымды  
менің мұнға  
батырады...

Көрдің бе-ей!  
Өші бардай, өршелене,  
бәз біреу  
ысқырып,  
жел шақырады...

Шақырады!  
Қара бұлт  
қайың жаққа,  
құнжың қағып,  
япырмау, әлденеден  
құр қап бара жатқандай,  
асыгады...

Асыгады!  
...Не болды!  
Қазір жерге  
алтын жапырақ  
сау етіп шашылады!!!

Шашылады! –  
Ақ қайың  
ашынады!  
Өзін-өзі  
тәмпештеп тас төбеден,  
додаланып,  
долданып  
басылады...

Басылады! –  
Сүйретіп шыбын жанын,  
қара тұннің  
мойнына асылады...  
Ал, қара тұн  
ұшымен пердесінің  
ақ қайыңның  
көз жасын  
жасырады...  
**Жасырады!!!**

*1983 жыл*



## АҚҚУЛЫ КӨЛГЕ БАРДЫҢ БА?!

Шыққалы көктем,  
аққулы көлге  
бардың ба, жаным?

Бардың ба?!

Бөлектеу жүзсе  
керек бір аққу,  
ойқастап сенің  
алдыңда.

Үркітіп алмай,  
абайлап соның  
қасына жақын  
баргайсың...

Оң қанатына  
хат байлап едім,  
еппенен шешіп алгайсың...

Бұл сорлы бастың  
қаншама бейнет  
шеккенін

өзің үшін де  
үгарсың сонан!.. —  
Жан сырым менің —  
жалғыз парақтың ішінде!

Оқырсың хатты,..  
 әр сөзден менің  
 мүң шалған кейпім  
 көрінер.

Шарага сыймай,  
 көзімнің жасы  
 бүршақтап келіп  
 төгілер!..

Бұктең сап хатты,  
 сен маган қарай  
 үшарсың сонда!  
 Үшарсың!!!

Арайлап атқан  
 аппақ таңымның  
 аппақ нұры боп  
 құшарсың!!!

Тәңірдің көзі  
 қиятын болса,  
 о, маган ондай  
 бақытты,  
 дүниеде, сірә,  
 болмас-ты ешкім  
 дәл мына мендей  
 бақытты!  
 О, жоқ, жаным!

Тосыннан соқса,  
 қуаныш толқын,  
 жарылып кетіп  
 жүрегім,  
 мен бейбақ, тағы,  
 өзінді бітпес  
 әуреге салып жүрерім!.. —

Келмей-ақ та ғой!  
Ермей-ақ та ғой  
хаттағы менің  
сөзіме!  
Жетеді сезсең  
махаббатымның  
шексіз екенін  
өзіңе!!!

*1985 жыл, Алматы*



\* \* \*

Әнге құмар едім-ау, бала жастан,  
салмағыма, сәніме қарамастан.  
О, құдірет! Қандай жан назымды үрлап,  
арманымды аулаққа  
ала қашқан?!

Келер күннің шарпыған белестерін,  
жаны – жалын, кеудесі от емес пе ем?!  
...Дария – өмір!  
Сен айтшы қайығымның  
қайда,  
қалай қалдырғам  
мен ескегін?!

...Ой – жолдасым, серігім – елес менің!  
Құмбірлеген қеудем де  
емес тегін!..  
Жолға шықсам ба екен-ау!..  
«Мұратына  
іздегендер жетеді», – деп есітемін»..

1977 жыл

\* \* \*

Базарында асыр сап балалықтың,  
бақыттымның бағасын  
шала да үқтый.

Тауға-тасқа соққылап жазған басты  
досқа күлкі,  
дүшпанға таба қыппын...

Қақым да жоқ өкпе айтар өткендерге,  
өткендерге —

қым-қиғаш өткелдерге.  
«Адасқанның алды — жөн!»  
Үлесім бар  
келер күнде,  
келесі көктемдерде!

Жалыным бар бойымда,  
жігерім бар!

Жүргегім бар —  
темірдей тірегім бар!  
Мынау айдай әлемді әсем әнмен  
тербетермін деген де  
тілегім бар!

Мендік үміт биікке үшқандарда!  
Басымды ие қоймаспын  
дүшпандарға!

Иманымды жалау қып жетем бір күн  
шын бақытты  
армансыз құшқандарға!

*1977 жыл*

\* \* \*

Сүйегіне дақ, тастап намысымның,  
мен алдыңда,  
көрдің бе,  
тағы сындым!  
Бұлақ едім, бурадай, буырқанған...  
Сап тыйылдым!  
Сап-салқын ішкі дүнием!  
Бағдарынан да айырылдым  
ағысымның!

Бөкендейін адасқан айдалада,  
жаутаң-жаутаң  
қараймын айналама...

...Қабағынан қар жауған қап-қара бұлт  
менің гана төбемде  
айнала ма?!

Үміт шіркін үқсайды  
үзілерге...  
У-запыран жүректе түзілер де!!!  
...Ұзап кетіп баратқан көлеңкеңнің  
екі көзім соынан  
сүзілер ме, Жаным!?

*1985 жыл*

## **СЕН МАҒАН ҚАРАЙЛАМА!**

Сен  
мені  
сүймейсің ғой,  
күнім?!

Тек қана  
ойланбай айт!!!  
О бастан жауабынды  
даярлап  
қойғандай айт!!!

Қарама көңіліме,  
«Құзынан құлайды-ау», – деп!  
«Өкпе айтып өміріне,  
бұл сорлың,  
жылайды-ау», – деп!

Қарама!  
Жауар құндей,  
түнеріп  
қас-қабагым,  
әжіммен маңдайымды  
айғыздап  
жатса-дағың!..

Қара аспан төңкөріліп,  
тәбемнен төнсін,  
мейлі!

Шаңырақ шайқатылып,  
шырағдан сөнсін,  
мейлі!

Қарама!  
Шерге толып,  
шерменде  
көкірегің,  
журегің әлдекімді  
жоқтаса...  
Өтінемін?! –

Тарта бер!!!  
Саған кімнің  
бергенін қалай баға,  
қайтесің,  
алды-артыңа  
алаң боп қарайлама!  
Қарайлама!!!

...Құлдырап, құрақ ұшып,  
жолыңды  
бөгер бұлак!  
Асқар тау аласарып,  
алдыңа  
шөгер құлап!

Тынысы тіршіліктің  
біржола  
тынар, бәлкім!

Қара орман  
шашын жайып,  
қорлана  
жылар, бәлкім!

Ерке жел  
еңіреп кеп, оралар етегіңе!..  
Сен бірақ  
ере көрме  
ешкімнің жетегіне!

Айқай сап ар-ұятың,  
қарамай  
басы-көзге,  
төпер де,  
жалғыз ауыз  
келтірмей  
қарсы сөзге!

Намысың атып тұрып,  
жармасар  
бұрымыңа!  
Сүйретер ақылды ашу  
іліп ап  
құрығына!

...Басыңа батпан ойды  
артатын  
тұндер туар!..  
Өзінді өзің сотқа  
тартатын  
күндер туар!..

Дос-жаран кетісер де,  
жаныңды  
ғұмыры үқпай!..

Тек...  
сонда...  
аман қалсын  
жүрегің жұдырықтай!  
**Жаным!!!**

*1977 жыл*



\* \* \*

Ие-е!  
Солай де, жаным!  
Бізге де  
қоштасар уақыт  
жетті де!  
Басымыздагы бақ құсын  
үркітіп дауыл  
кетті де!..

Кетті де дауыл ойрандап,  
тіршілігіміздің  
аспанын!  
Оралды дей бер қайтадан  
көңілге — нала,  
басқа — мұн!..

Қайтерміз енді!  
Қайқаң да қағып,  
тағдырдың  
арқада жүгін артармыз.  
Артармыз-дағы,  
«Қош!» — десіп,  
жән-жәнімізге тартармыз!..

Жетегіне алып,  
 сүм жалған  
 бізді әлі талай сүйретер!  
 Амалың менен айлаңың  
 алуан жолын  
 үйретер!..

О, асықпа жаным, сен бірақ!  
 Мен – сені,  
 ал,  
 сен мені іздең,  
 сабылар сагат  
 алда-дүр!  
 Жолымыз тосып, қарақшы  
 қайғымыз біздің алда жұр!

Қалбалаң қағып,  
 оның да,  
 түсерміз бір күн торына!  
 О!  
 Сорыма біткен жансың – Сен!!!  
 Мен  
 сенің біткем сорыңа!!!

*1981 жыл*



## АРЫМА ХАТ

Сен мені алып кет, жаным,  
ақыл-еркімнің сүйылған  
шагында,

думан-жыиннан!

Музыкаға да қарама  
қүйындата кеп

қүйылған!

Есерлерден де, езден де  
жолымды тосып,

қыылған!

Алып кет, жаным, алып кет,  
қас-қағым сәтке қалдырма,  
дүрбелең мынау

жыиннан!!!

Сен мені  
алып кет, жаным,  
перілер менен

жындардан!

Айрылған сыннан-сындардан  
малғұн мынау

мұндардан!

Лауазымдының алдында  
құржалаң қаққан  
құлдардан!  
Мен қандай опа таппақпын  
шұбырып жүрген  
мына бір  
сілекейі аққан сұмдардан?!

Сен мені алыш кет, жаным!  
Қарайлай көрме,  
құлашым жазып,  
шалқып бір кеткен  
шагыма!  
Сайраным менің  
өйтіп те көрген  
адыра қалсын,  
адыра!!!

*1983 жыл*



\* \* \*

Жамылып тұнді,  
бесігін ойдың  
тербетем...  
Байқасам,..  
бақыт  
қолым жетпейтүғын  
жерде екен!..  
Сабыр ет, көңілім! –  
Баянсыз мынау жалғанда  
еңіреп жүрген  
бейбағың жалғыз  
мен бе екем?!

\* \* \*

Мен де бір! –  
Меніреу далада  
мертіккен марал,  
сен де бір!  
Сенде жүр  
менің қасіретім!  
Қасіретің сенің  
менде жүр!  
Басыңнан үшқан бақытың –  
бақытым, бәлкім, менің де!..  
О, күрсіне көрмеш!..  
Демімнің  
дерті жүр екен демінде!..

\* \* \*

Мінез бар менде  
ешкімге бас үрмайтын!  
Арға тисе,  
бастан сөз асырмайтын!  
Лап тұтансам,  
қаулаган қалың өртпін,  
көл төңкерсөң де үстіме,  
басылмайтын!

\* \* \*

О! Сабыр! Сабыр!  
Сабаңа тұс, көңілім!  
Асығыстық істеріңің  
түбі шикі  
көбінің!  
Айналаңа алақтамай,  
аяғыңды аңдал бас!  
Жетегінде келе жатқан  
менің  
бүтін өмірім!  
Сабыр!  
Сабыр!  
Сабаңа тұс, көңілім!!!

*1981 жыл*

## **ҚЫЗДАР-АЙ**

Бірің – апа,  
бірің – сіңлі,  
бірің – құрбы,  
қыздар-ай!

Қызыныңмен  
әңгіменің  
көрігінің  
қызғаны-ай!

Қанша жүрек  
кеуделерде  
лапылдайды  
от болып! –

Арктика  
тас емес қой, –  
ерімесін

мұз қалай?!!

Мұзды мұхит –  
Арктика  
ерісінші!

Ерісін!!!

Жан жылуы –  
қан тамыры, –  
араласын  
ел ішін!!!

Дейді: «Жұмак –  
аналардың  
табанының  
астында!»

Олай болса,  
тіршіліктің  
бізбіз жалғар  
желісін!

Бас құрасып  
сіз бен біз,  
қолға алмасақ,  
қыздар-ау,  
бұл дүниенің  
кім айырмақ  
оны менен  
терісін?!

«Алдыңғы арба  
қайдан жүрсе,  
соңғы арба да –  
сол жолда!»

деген сөздің  
төркінінде  
терең сыр бар,  
тегі, шын!

«Берекенің  
басы – бірлік,  
өзді-өзі  
келісім!» –

Ал, онсыз  
кім еңбектің  
көре алмақшы  
жемісін?!

Бізбіз – үлгі! –

Кейінгі ұрпақ  
соңымыздан  
ілесіп,  
төңіректі  
түрткілеген  
жамандықтан  
жерісін!!!

Қозғап қара  
тарихың  
әрісі мен  
берісін, —  
қыздан мақтан  
кім бар екен  
Қазақ деген  
ел үшін?!  
Әлия — Мәншүк  
қан майданда  
Басын тікті  
Жер үшін!!!  
«Пай-пай, шіркін!  
Бұл халықтың  
қыздарын-ай!» —  
дер үшін!!!



## КӨКШЕТАУ

Бір кездер менің  
арманым едің ...  
Арманым едің,  
                  Көкшетау!  
Барасың ба енді  
сагынышыма айналып?!.

Дәл қазір мынау  
айлы бір тұнде,  
Оқжетпес шыңың басына  
қанатын жайып ақша бұлт  
қонақтап жатыр  
                  жәй барып?!

Үркериң жүр ме,  
                  үйіріліп,  
жаныңнан үзап шыға алмай,  
көбелегіңе айналып?!

Тамашаңды тауса алмай,  
айналып басы кәусарға-ай,  
дөңгелейді ме тұнгі аспан,  
Темірқазығыңа  
                  байланып?!

Арманым едің!  
Арманым едің,  
Көкшетау!  
Барасың ба енді  
сағынышыма айналып?!

Айтқандай, әлі,..  
желкемді күндер,..  
бұрала билеп ақ қайың,  
қарағайлы орман  
шулай ма?!

Ақысы кеткен жандайын,  
жартасқа соғып маңдайын,  
Шортанды көлің  
тулай ма?!

Шортанды көлің тулай ма?!

Төсінде жүзген  
қу қайдада?!

Ару боп еліп ақ таңда,  
ақ маржан шатып аспанға,  
ақша бір бетін  
жумай ма?!

Ақша бір бетін жумай ма?!

Толқынды толқын  
кумай ма?!



## **ҚАЗАҚТЫҢ ҚӨШІ**

*Нешеме ондаған өтізді қосақтай жегіп, ырдуан арба  
үстіне Ақ Ордасын өңгере, жапан дүзде үдерек көшип келе  
жатқан Шыңғыс хан жұрттының суреттегі көрінісінен  
туған көңіл толқыны*

Көзге ілікпес  
жалғыз тұп,  
қарасынға  
Тұранымның  
далиған  
даласында! —

Қасиетіннен  
айналдым  
Шыңғыс жұрты —  
жалғыз Тарлан  
жер мен көк  
арасында!

Жалпақ әлем —  
сананың  
шарасында, —  
Ақ Орданды  
арбаңа  
артып алып,

батыс жаққа  
бет бұрып  
барасың ба?!

«Тарихында  
еш елдің  
мұнданай амал  
болмад», — десем,  
сөзіме  
нанаңың ба?!

Қарап тұрып,  
қалайша  
таң қалмассың  
керуен тартып  
шұбалған  
жарасымға?!

Таңдай қагып  
қараймын  
ғажабыңа!  
Үйін жығып,  
қалмай-ақ  
азабына,  
тұтасымен  
арбаға  
таңа салған  
айлалыда  
кім жеткен  
қазағыма?!

Сол арбаның  
үстінде, —  
керек десен,  
Хан-сарайың,  
Сауда-кент —  
базарың да!

Иен далада  
 жалпақ жүрт  
     көшіп барад, —  
 көрер күні —  
 бір Алла  
     назарында!!!

Қаншама өгіз —  
     қосақта, —  
         митыңдатып, —  
 Ордам көшіп  
     барады  
         типыңдатып.  
 Көшкеннен соң,  
     дәл солай  
         көшу керек, —  
     ағып - тамып  
     нағылад,  
         қиқымдатып, —  
     жалғыз - жарым  
     көлікпен  
         шипыңдатып!!!

Құдай жазған  
     таңдайда  
         нәсібіне —  
     қара ежелгі  
     халқымның  
         кәсібіне!  
 «Жалқау ел», — деп,  
     бұдан соң  
         дәлелдеп көрш! —  
 Женсең, тіктім  
     басымды!  
         Бәсім — міне!!!

## ӨМІРДЕН ӨТТІ ЖАҚСЫ АДАМ

*Алаштың асыл азаматы Алтынбек Сәрсенбайұлының  
анасының жоктауы*

Қырық күн –  
Алтынбекті көрмегелі!  
Қырық күн –  
өзекті өксік кернегелі!  
Қырық күн –  
қамалымды жауға алдырып,  
намысты кеудемдегі  
жерлегелі!

Қырық күн –  
үлдан хабар алмагалы!  
Қырық күн –  
ол да ат ізін салмагалы!  
Қырық күн –  
ботасы өлген саулы інгендей,  
аңырап, ана жүрек  
зарлағалы!

Қырық күн –  
азайтқалы ақылымды!  
Қазандай,  
баста сұрақ сапырылды!

Қазасын арысымның көтере алмай,  
қогадай, бойда қуат  
жапырылды!

Көңіл - күй құл - талқан боп күймедегі,  
қырық күн -  
ел - жұртым зар илегелі!

Қырық күн -  
бор кеміктей уатылып,  
санамды шарасыздық  
билегелі!

Тыя алмай мұң мен зарды ағытылған,  
қырық күн -  
адасқалы бағытымнан!

Қапияда көз жазып бүкіл қазақ  
бүктетіліп әзер жүр,  
сағы сынған!

Жалп етіп шырағданым шағбанымнан,  
жаңылдым  
бара жатқан бағдарымнан!

Қырық күн -  
жалаңғалы алтынымның  
жанына иман бер деп Жаббарымнан!

Қалтылдап тоқсандагы қарияңның  
қырық күн -  
кешкеніне дария мұң!

Қырық күн -  
шайқалғалы шаңырағы  
айрандай үйып отқан жанұяның!

Қырық күн -  
қатар жүзген айдындағы  
қос аққу сыңарынан айрылғалы!


Кырық күн –  
самғап үшқан қос балапан  
қанаты топшысынан қайрылғалы!

Шағылған, тасқа шауып, тауы мына  
айтамын не деп басу бауырына!  
Ия, Аллаh!

«Алтынбек!» – деп, аһылаған  
бір өзің дем бере гөр қауымына!

Қақ жарып қара тұнді,  
жарқылдаған  
Алтынбек – алдаспаным, алтын балам!  
Кырық күн –  
аза тұтқан ел-жүртүңның  
құлағында даусың тұр саңқылдаған!

*2006 жыл, наурыз*



## ИМАНЫМ – ҰЖДАНЫМ

Бір гана Алла – әр мұмін  
акылында!  
Бағыт-бағдар –  
Құранның «Нақылында!»  
Ал, «Нақылым» –  
тақтайдай өмір жолы! –

Бір жүз дағы жиырма сегіз аят –  
мына фәни дүниеде,  
соны адамның  
санасына сіңірмек ақырындалап!!!

Жан кепілі – Құрани «Насырменен!» –  
Шын мұсылман, ендеше,  
жасыр неден?!

Хақ-Тәңірім бұйрығы нұсқаулы түр  
сүресінде Құранның «Ғасыр» деген!  
Көтерілген төбемде Иман-Тұым –  
ол да – Құдай шешімі, –  
жасылменен!!!

Өрнектеулі аяты төсемінде  
кәлимадай алтын сөз – асылменен! –  
«Лә илләһә ил Аллаh!  
Мұхаммадан – Расул Аллаh!!!»

Жан тәсілім бүгінгі қысылған күн –  
Хақ Тағалам

мүмкіндік ұсынған күн!

Арашалап пәктігін ғұсыл жанын,  
Тұын көтер  
галами мұсылманның!!!

Ақіретте Аллаға берер жауап –  
«Әлhәмдуилади мұсылмандын!  
Әлhәмдуилади  
мұсылмандын!!!»

## **АУҒАН БАУЫРЛАРГА**

Жасымандар!  
О! Аугандық бауырлар!  
Жасымандар!!!  
Біз сендермен біргеміз!  
Элмиссахтан  
Құдай қосқан  
ажырамас іргеміз!  
Біз екеуміз жаралғанбыз  
бір қап пенен бір саптан!  
Біз иленген топырақ – бір!  
Дін-діліміз –  
бір негіз!  
Біз ақиқат жолындамыз!  
Сол ақиқат жолында,  
қажет десек, қол ұстасып,  
көрге  
бірге кіргеміз!!!

Өрде де – бір!  
Төрде де – бір!  
Тас төбеде – Хақ Тәңір!  
«Аллаһу акбарлап!» – жауға аттанып,  
қолға қару ілгеміз!!!

Жігер бергей,  
қуат бергей  
өздеріңе бір Алла!  
Біз сендермен біргеміз!!!

Біздің кеуде –  
«Иман» атты  
саф бұлақтың қайнары!

Ар-ұжданның  
бойымызда  
бұзылмаған қаймагы!

Жап-жасыл түс, –  
мәңгі жастық –  
дін исламым Байрағы!

Міне, біздің  
өлмейтүгін  
мүмін-ғұмыр айғағы!!!

«Құдайды – бір!  
Құранды – шын!» –  
деп білеміз, әлімдудилләһи!

Осы болмақ  
екеумізде  
қос жүректің байламы!!!

Тілек те – бір!  
Жүрек те – бір!  
Ортақ – біздің жанымыз!

Шәһид кетсек,  
жиһад жолы, –  
ол да – біздің бағымыз!!!

Лә илләһе ил Алла!

Мұхаммадан –  
расул Алла!!!

\* \* \*

О, менің  
Пүштындарым!  
Пүштындарым!  
Шатырлаған от шашып  
үшқындарым!  
Қара тұнді қақ жарып наизагайдай,  
алқымына тықтыңдар  
Буштың жанын!  
Лапылдаған намысым! —  
Иман Тұым!!!  
Гималайдың басынан сені көріп,  
мен де, міне, етекте  
құштым жалын!!!  
О, менің  
Пүштындарым!  
Пүштындарым!!!

О, менің  
Тәліптерім!  
Тәліптерім!  
«Хас батырым  
сенсің!» — деп,  
дәріптедім!

Маңдайына қондырып жатыр тарих  
қарсы атылған Тажалға

«Аллаһу акбарлап!»  
сенің «Тәліп» атыңың әріптерін!!!

О, менің  
Тәліптерім!  
Тәліптерім!!!

Ұл өсірдің секілді Омарларың!

Алтын құрсақ – ауган жұрт!

Жоқ арманың!!!

Басын имей

дүшпанга,  
тіп-тік қалпы,  
қаншама Емен, әнеки, жерге сінді?!

Ғибрат мектеп емес пе

кейінгіге,  
жер қойнында шоқ жұлдыз – олар-дағың?!!  
Талай жүрек орнына жатыр түсіп,  
бұл дүниеде

көргенде Омар барын!!!

О, менің  
Омарларым!  
Омарларым!!!

*2001 жыл*



## **ӘЛЕМДІК ЖАНДАРМҒА**

**Сен!!!**

Жаһанды жұтып, жалмаған  
үмітсізденсің Алладан!!!  
Қан қақсатып халықты,  
қарғыстан басқаны алмаған  
саяси сайқал! – Жәлеп!!!

**Нәлет саган!!!**

**Нәлет!!!**

**Ей!**

**АҚШ-тың құзғыны!!!**

Деп тепсініп:

«Құқ – соныкі, күш – кімде!» –  
Шеңгелінді салып жатсың мұскінге!  
«Көп асқанға бір тосқан бар Тәңірден!» –  
Мен байқасам, сендік тағдыр бүтінгі  
отыз миллион

«Үндіс» атты ұлыстың  
қалтылдайды  
моласының үстінде!!!

Бас сүйектен үйіп өлік қырманын! –  
Әлем алды  
масқараны қылғаның!!!

Өткен-өтсін! —

Делік оған: «Салауат!»

Бар қылмысты жүртқа аударып бүтінгі,  
тагы басты келіп тұр ма  
шырмағың?

Қайда жүрсе, салып жүрер іріткі  
Сайқал Қатын —

сенсің, көті — құлікті!

Қапқаздағы ылаң — анау! Мен — мынау!  
Берекеміз кетіп жатыр, баса алмай,  
Балқандағы сен бастаған бұлікті!

Әр әрекет, әрбір ісің  
кудікті, —  
кім көріпті дәл өзіндей жүлікті?!

Сиқыр сөзбен  
елдің есін тандырып,  
айтқаныңды екі еттірмей, Заң қылып! —  
Әбден соған дәніккенсің сен найсан:  
көрінгенді көздеп атып,  
құлқынды  
судай аққан қызыл қанмен қандырып!!!

Жауыздықтан басқа түк жоқ сананда!  
Кім жұғыспақ  
сендей арсыз харамға?!

Дүниені  
олай-бұлай үйтқытып,  
тап қылдың ба адамзатты, ақыры,  
нақ осындай  
зар қақтырған заманга?!

Әдейі арнап баскесерден топ құрып,  
ойран салдың, бірді-бірге соқтырып! —

Қайран Бағдат!!! –  
Ертегілер әлемі!!!  
Оның-дагы еңреттің ел-жұртын,  
қала, дала –  
тұтасымен жоқ қылыш!!!

Кіл қарақшы ат жалында алмасып,  
бір-біріңмен жең ұшынан жалгасып,  
мұсылманга қылмайтынды қылдыңдар, –  
аузында – Алла,  
қолда – Құран, –  
хас батыр

Саддам сынды Қолбасшысын дарға асып!!!

Салпаң-салпаң, қолда – сұңғы, сойылың!  
Тағы нең бар?! –  
Қылыш, қанжар, дойырың!  
Саган шешең  
жатырында-ақ дарытқан, –  
«Кісі өлтіру» – ата кәсіп ойының!!!

Жүргегің – мұз! Бауырың – сыз!  
Қаңсытып,  
өлік сақтар «Крематорий» – қойының!!!  
Қанды қыргын жүріп жатқан – Әлемдік  
саҳнада  
сен жасаган  
қойылым!!!

Шапқа тұртіп елтеңі мен селтеңін,  
Сендер – елдің  
сорға жығар Ертеңін!  
О, Пәлекет!!!  
Коса құры заңыңмен!!! –

Қатындарың қатындарға үйленіп,  
«Еркектері» қатын қылған  
«еркегін!!!»

Сен албасты!

Ібілістен – тұқымың!

Қара жерді басуға жоқ құқығың!!!

Сендейлерден азаймайды қатарым! –

Бес-ақ тиын бағалары бұтының!!!

Ашыққаннан – жаман болмақ Құныққан!!! –  
Жалмауызың!

Аш нәпсісін ұлытқан!!!

Қаншама елдің обалы жүр мойнында  
тұздай қырып, тұқымдарын

құрытқан?!

«Кісі өлтірген өледі, – деуші еді, – кісіден!» –  
Сірә! Сен де

құтылмассың

құрықтан!!!

Илләни әмин!!!

*11.09.2001.*

*2001-2014 жылдар*



## **АЛЛАГА АМАНАТ**

Әдеп пен салтымыз,  
имани қалпымыз  
бұзылмай, қарыштап  
алға асты халқымыз!

Қол создық күнге біз!  
Сөгілмес іргеміз!  
Ақиқат жолында  
баршамен біргеміз!

Атажұрт – айбарым!  
Тәбемде – байрағым!  
Тартады тарихым  
тереңнен қайнарын!

«Тәңіри Тұраным!» –  
ежелгі Ұраным!  
Апарар алға – біз,  
Бабалар мұрадын!

Тірілді тіліміз!  
Оралды дініміз!  
«Бағытым, бағдарым –  
Құран!» – деп біліңіз!

Ардағым – ар ғана!  
Тұстік бір арнаға!  
Келер күн тағдыры –  
аманат Аллаға!!!

## ТӨРТІНШІ БӨЛІМ


# Әдемі – сөздің латышасы

Қайран жүртый!

Азаматың түгел ме?

Ілгері бас, ерлеріңе сүйен де!

Елдің қамын ойлайтұғын ұл таппай,  
елдің өзі айналмайды ұлы елге!



## ҚАДЫР ӘЛЕМІНЕН БІР ҰЗІК СЫР

Өзінің бүкіл саналы ғұмырын тұған халқына арнап, перзенттік адал махаббат, ыстық ықыласымен оның ар-намысын поэзия көгінде Ту қылып көтеріп өткен дарабоз ақын Қадыр Мырза Әли шығармалары – халқымыздың келешегі үшін қашама ғасырлық өлшеммен қызмет етерліктей, теңдесі жоқ құндылық.

Қадыр поэзиясының ерекшелігі – тіл шұрайы, жазылу шеберлігі деген шарттылықтарды былай қойғанда, тақырып ауқымының кеңдігі мен талғамының биіктігінде, – айтар ой-өрімдерінің салмақтылығы мен саналылығында, – философиялық тұжырым өресінің биіктігінде. Жылт етпе жеңіл сезімдерге өлең құрастырып, әншайін үйқас қуалап, көңілге желік үялату – Қадыр болмысына жат нәрсе. Ол нені жазса да, алдын ала зерттеп, зерделеп, қозғағалы отырган мәселесінің бас-аяғын түгендей алып барып жазады.

Қадыр туындыларының өзге біреулердің өндеуіне, қайта жасауына көнбейтіндігі – сондықтан. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, – теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы», – деген Абай өсиеті осы Қадыр өлеңдері үшін айтылғандай болады да тұрады бізге.

Біздің бұл пікірімізді растауга Қадыр поэзиясын тұтастай алып зерттеп, болмыс-бітімін ашып, оның шығармаларының

түр-сипатына, мазмұндық тұтастығына, сұлу да әсем симфониялық ұндастікте құрылған композициялық талғамына қайран қалып, оны, яғни, Қадыр Мырза Әлиді қазақ әдебиетіне келген ерекше бір тосын құбылыс деп таныған филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Зейнолла Қабдоловтың төмендегідей пікірлерінің өзі жеткілікті болар дейміз:

Асылы, адам әдебиетке сұлу қыздың қос бұрымындағы қатар өрілген екі мақсатпен келеді: бірі – өзінен бұрын ешкім айтпағанды айту; екіншісі – ешкімге үқсамай, тек қана өзінше айту. Осы екі мақсат орындалған жағдайда ғана шын мәніндегі әдеби туынды бар деп біліңіз. Яғни, шығармашылықтағы негізгі принцип: мазмұн жағынан – жаңалық ашу, пішін жағынан – өнер табу.

Ендеше, мұбәда қазақ поэзиясына XX ғасырдың орта тұсынан өте бере келіп, соңғы отыз жылда өзіне ғана тән өзгеше мазмұн, өзіне ғана тән өзгеше пішін тапқан шын мәніндегі шынайы талант, екеу болса – бірі, біреу болса – сол біреудің өзі осы Қадыр Мырза Әли.

«Бабамыздың шоқ басқан табанымен, –  
бірдей еken жақсысы жаманымен:  
бір жаманы – тынымсыз көше берген, –  
бір жақсысы – қимаған даланы кең;  
бір жаманы – жел сөзге ерген еken, –  
бір жақсысы – тілге ерік берген еken;  
бір жаманы – кетпенге орашолақ, –  
бір жақсысы – найзагер, мерген еken;  
бір жаманы – кешігіп әліппе ашқан, –  
бір жақсысы – күйлері көбік шашқан;  
бір жаманы – қыздарын малға сатып, –  
бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан;  
бір жаманы – шаруасын мандытпаған, –  
бір жақсысы – құлықпен жанды үтпаған;

бір жаманы – үйленіп жеңгесіне, –  
 бір жақсысы – жесірін қаңғытпаған;  
 тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған,  
 бірге тоңып суықта, бір мұздаған,  
 бір жаманы – сонда да үй салмаған, –  
 бір жақсысы – абақты тұрғызбаған».

Ғажайып өлшемдер! Сырттай қарап тұрсаңыз, – бір-бірімен ғұмырда бастары тоғыспайтын қарама-қайшы параллельдер. Сол параллельдер бойында, қақ жарылып, бөлек-бөлек көгенделген жақсылы-жаманды екі түрлі қазақы мінез-құлықтар. Әрине, сөз жоқ, мінез-құлықтың жаманы жиренішті болмақ. Демек, одан жерінуің керек. Ал, жерінейін десен, алқам-салқам жаратыла салған қайран қазекемнің әлгі мінез-құлқының төркінінде баладай ашық «аңғалдық», «ақ көңілділік», «сенгіштік», «шарасыздық» секілді, иманнан әрі ұзап кете қоймайтын игілік ұшқындары жатады. Ендеше, оны осынысы үшін кінәлауга бола ма? «...Қалың мал төлеуге дәулеті жетпеген соң, сүйген қызын алып қашыпты...», – деп жазалаймыз ба? Әлде, «бауырынан айырылып, оның артында жетім қалған балаларын жат босағасында тентіретпес үшін, жеңгесіне үйленіпті», – деп жазалаймыз ба?! «Тынымсыз көшіп-қонып, салтанатты сарай салдыра алмады, соның ішінде шалқасынан түсіп жата алмады» деп пе?! Бәлкім, түрме салу дегениңің не екенін білмей өткендігі үшін шығар?! Жоқ, әлде, есеп білмей, ұтылып, әркімге бір алданғаны үшін бе?! Жоқ, әрине!!!

Ендеше, қазақ деген халқымыздың бойынан Қадыр ақынның қаламымен шүқылап жүріп тапқан жаман мінез-құлқымыз осығана болса, онда бұл қазақтың «жаман» дегенінің өзі жақсыға бергісіз болғаны гой. Ал, кемшілік кімде жоқ?! Қадыр көтеріп отырган идеяның төркіні – осы!

Қадырдың азаматтығы сол – ол бұл тақырыпты сонау 1960 жылдардың орта шенінде-ақ, яғни, осыдан аттай жар-

ты ғасыр бұрын, анықтаңқырап айтқанда, түкірігі жерге түспей ысқырынып тұрған кеңес билігінің орыс ұлтынан басқаны мадақтата бермейтін жымысқы саясаты тұсында қозғаған. Сөйтіп, «Қазақ!» деген халық «мінез-құлқында еш кесірлігі жоқ, ата-баба салтын берік тұтынған, құлық-сұмдық дегеніңіздің не екенін де білмейтін мәрт те еркін жаратылыс», — деп, ақындық тілмен қорғаныс қамалын соғып берген. Пайпай, шіркін! Поэзиядағы тақырыптық салмақ, азаматтық үн, пайым мен парасат дегеніңіз осындей-ақ болсын!

Қазақ әдебиеті көшбасшыларының бірі, академик жазушы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мұсірепов Қадыр ақынды өзімен бірге сапарларға ала шығып, барған жерде шыңға біткен шынардай шаншылып тұрып, мінберлерден өлең оқыған оған қайта-қайта қолқа салып, осы өлеңді оқытуы — еріккендіктен емес шығар, сірә. Ал, енді, сұңғыла сыншы Зейнолла Қабдолов ағамыз: «Япырмау! Расында да, ұлан-байтақ далада ғасырлар бойы ғұмыр кешкен тұтас бір қазақ деген халықтың бір ал-уан мінез-құлқы осындей-ақ еді ғой», — деп тамсанса, бірі — атақты жазушы, бірі — атақты сыншы, — агалы да інілі қос буынды Қадыр ақынның сол кездің өзінде-ақ әбден мойындастып үлгергені емес пе...

«Адалдықтың ақ жолына бұргандай,  
Алаңдаған кісіні,  
Ардың Елін қарашылдап тұргандай,  
Ақындардың мұсіні.

Құлазыған шөлмен бірдей гүл өнір,  
Құмар бұлбұл қонбаса.  
Қайтер еді, қайтер еді бұл өмір,  
Жырдың бағы болмаса?!

Осы бақтың арасынан өзіне  
Орын іздең өлеңім,

О заманның, бұ заманның сөзіне  
Ой жүгіртіп келемін.

Бирудің, Науайдің, Пушкиннің  
бағытымен келемін.

Бірақ ізін қайталамай ешкімнің,  
бой жетпекші өлеңім.

Ұлылық пен даналықтың дастаны,  
бізден үміт қүтеді.

Қайдан бірақ жырдың бағы басталып,  
қай арада біtedі?!

Ақындардың көбі көзден жас тамып,  
арманымен қоштасқан...

Жырдың бағы сұлұлықтан басталып,  
мәңгілікке үштасқан!

Иә! Бұл өлең жолдарын оқып отырып ел үшін, жер үшін қалың дүшпанымен найзаластып өткен қазақ халқының бұрын-ты тарихын былай қойғанда, ел ішіне іріткі салып, ақынның өз сөзімен айтар болсақ, «бір қошқарды бір қошқарға қарсы қойған» сонау отаршылдық заманның жымыскы саясатының небір құйтырқы әрекеттерінен ел-жүртимыздың қаншалықты зардап шеккенін өлең сөзбенен сығымдалп, тарының қауызына сыйып кетердей етіп жеткізген Қадырдан басқа кім бар екен?!» — демеске лажымыз жоқ.

Тауысып барлық амалды,  
курсініп дала дем алды.  
Мақалдың көбі сottалды,  
эпостың көбі қамалды.

Күресіп  
өлген хандармен,  
хандарға жақын жандармен.

Қалдық та бардық бір ғана  
қара қасқа атты Қамбармен.

Сақалын сипап шалдарым,  
колхозға берді малдарын.  
Қалжыңсыз және құлкісіз  
қанша жыл жүрді Алдарым?!

Ақтарып көне көрінді,  
аруақтан үрпақ жерінді.  
Алыпқа тұсау салынды,  
халыққа сөгіс берілді.

Көз алдымызда, апырмай,  
тарихым болды тақырдай!  
Сүмпііп қалды фольклор,  
сүзектен тұрган пақырдай.

Мұқағали Мақатаев, өзі дүниеден өткеннен кейінгі жарық көрген «Қош, махаббат» атты кітабында Қадыр Мырза Әли жайлы былай депті: «Тапқыр, аз сөйлеп, көп аңғарту, оқушысын өзінше ойлауға мәжбүрлеу, ашуын артқа тастаған сұыққанды сарказм, өмірдің күнгейі мен теріскейіне ашық көзben жасқанбай, жалтармай үңілу, елге, жерге, халық қанымен жаралған өнер мен дәстүрге тойымсыз құмарлық — міне, Қадыр поэзиясының дені осылар. Оның поэзиясы — тұтас, бүтін... Ол — наизағайлы ақын! Қалай да бір жалт беріп, тіліп өтпей, тыншымайды Қадыр».

Пай-пай, шіркін! Осыдан артық қандай баға берілуі мүмкін?! Өсер елдің баласы бірін-бірі тек осылай дәріптесе керек-ті!!!

Иә! Қадыр поэзиясын пір тұтқан жыр сүйер қауым, енді бір сәт ақын қаламынан өрілген мына бір жолдарға назарыңызды аударыңызшы:

«Күншілдер өледі,  
көңілін от қарып;  
батырлар өледі,  
борышын атқарып;  
бұзықтар өледі,  
пышакқа құлшынып;  
сұлулар өледі,  
құшақта тұншығып;  
арғымақ өледі,  
артында шаң қалып;  
ақындар өледі,  
бәріне таң қалып!»

«Ғажап!!! Не деген ғажап паралельдер! Не деген сұлу да сәнді салыстырулар! Мынандай поэтикалық фигуralарды асқан шебер ақыннан басқа кім жасай алады! Эпифора!!! Эпифора болғанда да, әсем құйылыс, мөп-мөлдір сезім, ақиқат пен шындыққа құрылған, кең де шалқар тынысты ғажайып эпифора!!!». Міне, кәнігі маман, сұңғыла сыншы Зейнолла Қабдоловтың берген бағасы!!! Еріксіз қостайсыз!!!

Қадыр ақынның бұл өлеңіндегі оқырманың тәнті етер тағы бір шеберлігі – құйындай үйірілген небір сиқырлы сезімдер мен қорғасын салмақты философиялық ойларды бар болғаны мосының үш бұтындағанда үш шумаққа көтертіп қойғаны. Бар болғаны – үш-ақ шумаққа!!! «Ғажап!» – демей көріңізші! Тағы да – Ғажап!!!



## ҚАДЫР ЭССЕСІ

Құдай берген бойдағы дарынды поэзия жолында қотара жұмсал, соған бүкіл ғұмырын сарп еткен Қадыр ақынның, идеялық салмақтылығы жағынан бір-бір романга арқау боларлықтай қат-қабат күрделі оқиғаларға құрылған, ал, көркемдігіне келсек, адам жанын баурап алар сиқырыңызға бергісіз, жібектей есілген биязы тілді «Иірім» атты әссеңін оқығанда, оның әдебиетіміздің проза саласына сараңдық жасағанына өкінгендей болдық.

Не жасыратыны бар, егер Қадыр ағамыз осы бір жанрда ықыластана жүріп жұмыс істегендे, оның қаламынан небір-небір салмақты шығармалардың дүниеге келері, сөйтіп, әдеби қазынамыздың керегесін бұдан да гөрі кеңейтінкіреп кетері даусыз еді.

«Қайда жүрсем де, қайда отырсам да, көңілім жазу үстінде болды... Сондай сәттерде, дүниенің бәрін талақ етіп, адам баласы тұрмайтын иесіз аралдардың біріне, тіпті болмағанда, түпкірдегі қазақ ауылдарының біріне көшіп-ақ кеткің келеді. Қайтерсің! Бұл — арманғанағой», — деп, бір сәт налыстық танытқан Қадыр ақынның өзі де, кім білсін, осы өкінішті арқалап өтті ме өмірде... Мүмкін. Ол да мүмкін!

Қалай дегенде де, молынан пішіліп, кеңінен жаратылған тума талант әдебиет өнерінің осы бір күрделі жанрында бауырын жазып шаба алмай, арманда кеткен секілді көрінеді де тұрады бізге.

Алайда, көңілге медет тұтар бір нәрсе бар, ол — Қадыр ақынға кезінде сабак беріп, ұстаздық еткен Мұхтар Омарханұлы Әуезовтен бастап, әдебиет керуеніне кейін келіп қосылып, талай-талай шүрайлы шығармалар берген қаламгерлер легінің образдарын олардың өздерінің мінез-құлық, кескін-кейіп, іс-әрекеттері арқылы сомдап берген бұл Эссе — сонау XX гасырдың орта шенінен бермен қарайғы әдеби ортаның жанды шежіресінс әсса құнды дүние. Бұл — мазмұндық

жагынан алғанда. Ал, тілдік шеберлігіне келсек, аңы айтылсын, тәтті айтылсын, көңілге дық, жүрекке жара салмайтындей етіп, үлкен тәрбиелік, интеллектуалдық деңгейде сыпайы да психологиялық өлшемде ақтарыла жазылған сезімге толы сыршыл дүние.

Автор: «Біз бәріміз де адамбыз, бәріміз де пендеміз! Менің міндетім – пайғамбардың, немесе, періштенің бейнесін жасау емес, кәдімгі өзіміздей, бірде – кісі, бірде – пендे, яғни, мына мың құбылған тіршіліктің өкілдерін еске алу», – дейді.

Дейді де, қылқалам шеберінің сырлы бояуына бергісіз, небір керемет суреттемелермен небір керемет тұлғаларды образдал береді де отырады. Қоғамдық орта, тұрмыс-тіршілік кезең-кезеңімен көз алдыңыздан, бейне, Қызы Жібектің көшіндегі, тізбектеліп өтеді де жатады, өтеді де жатады. Сіз, оқырман ретінде, Қадыр Мырза Әлидің Эссесінен басқа дүниенің барын ұмытасыз. Шым-шытырық оқиғаның ішінен шыға алмайсыз, тіпті, шыққыныз да келмейді. Кімнің кім екенін, ненің не екенін білуге ынтығасыз. Жылайтын жерде жылайсыз, күлетін жерде күлесіз. Автор нендей күйді басынан кешірсе, сіз де сол күйді санаңыздан өткересіз.

Міне, Қадыр ақынның Эссесіндегі жазушылық сиқыр осындаидай. Мұны шеберлік демей, не дейміз.

Ендеше, Қадыр Мырза Әли шығармалары қазақ әдебиетінің поэзия жанрына өзгелерден шоқтығы биік бөлек бір құбылыс есебінде қалай енсе, проза жанрының эсселік саласына да со-лай енді деп есептеңіз.



## СӨЙТІП, ҚАДЫР ЭССЕСІ БІЗГЕ НЕ БЕРДІ?

*Не жасыратыны бар, қайсыбір естелік авторының өз қара басынан аспай, әрі кетсе, төңіректеілерді түртпектеп, жүргітты әбден мезі қылады. Ал, Қадекен естелігі, тіпті, нени айттайын десе де, әңгімесін халқының тарихына, оның басынан өткөрғен небір күрделі жағдайларына қарай ниеттеп, сол кездегі ию-кию оқиғаларды өзінің кейінкерлерімен күәландағыра отырып, әп-әзір қалпында, сахналық қойылымдай етіп, көз алдыңызға тарта салады. Гажап! Енді, соның бір парасына назар аударалық.*

1950-жылдардың аяғы. Қазақстан Жазушылар одағында ашық партия жиналышы жүріп жатыр. Сталин тақтан кетіп, оның тоталитаризмінің бұгауы сәл-пәл босаңсыған кез. Залда ашына сөз сөйлеушілер. Сонау 30-жылдарда жазықсыз сотталып, айдауда болып қайтқан қаламгерлер. Сондай-ақ, сол жылдардың құрбандары – Ілияс Жансугіров, Бейімбет Майлин тәрізді аяулыларымыздың қамкөңіл жесірлері. Ортаға Ілиястың жары Фатима женгеміз шығады. Ол Мұхамеджан Қаратасевты жерден алып, жерге салып жатады. Ақын ұсталып кеткеннен кейін, Мұхамеджан Қаратасевтың оның үйіне басып кіріп, Ілиястың кейбір қолжазбаларын жыртып, туалетке ағызып жібергенін, айы-күні жетіп отырған өзін үйінен қуып шығып, баласын мұздың үстінде босанып, оның кіндігін Бейімбеттің үйіндегі жеңгейіміздің кескенін ашық жариялады.

Енді бір сәт. Хамза Есенжанов ағамыз мінберге шығады: «Ол кезде куәгерлік үшін сотқа үш-ақ адам шақырылатын. «Хамза Есенжанов ұлтшыл ма?» – деген сұраққа Қажым Жұмалиев пен оралдық казак-орыс: «Жоқ, ұлтшыл емес!» – деп жауап берді. Ал, Дихан Әблевтің олай деуге дәрмені жетпеді», – дейді. Дихан ағамыз: «Сені қаралауга мәжбүр болдым, Хамза. Әйтпесе, мені айдалап алып кететін еді. Қалай десен, олай де, болар іс болды гой», – деп ақталғансиды.

Міне, эссеңдегі сол бір кезеңдердің удаій ашы көріністері. Қадыр ақынның өз сөзімен айтсақ: «Шындықтың аты шындық! Оны ұмытуға да, бұрмалауға да болмайды!». Бұл – Тағдыр! Өмір мектебі!

«Өмір мектебі» демекші, Қадыр Мырза Әли Сәбенді, кәдімгі Сәбит Мұқановты бойлай аса бір ілтифатты сезіммен еске алып отырады. Ол: «Кейбір адамдармен ұзақ уақыт бірге жүрдім, тіптен, бірге қызмет істедім, бірақ, есімде ештеңе қалмапты. Ал, Сәбеңмен бар болғаны он шақты рет кездестім, бәрі-бәрі көкірегімде сайрап тұр», – дейді.

Одан әрі: «Сәбең мен тұгіл, менің әкемнің өзінен бірер жыл үлкен адам. Бірақ, ол ешкімнің жасын сұрамайтын. Оған мән де бермейтін. Табиғатынан демократ, табиғатынан көпшіл, алды кең жаратылған қазақ еді. Кездескен жерде қолтығынан ұстап, іліп әкете беретін... Жас кезімде мен өте ұялшақ, именшек болдым. Сәбеңнің бұл қасиетін жақсы көре тұра, пайдалана алмадым», – дейді ағынан жарыла. Әрі, Сәбең мен өзінің ішкі болмыстарын аша түскен Қадыр ақын.

Ал, Қадыр ақын Сәбит Мұқановтың азаматтық позициясы туралы не айтады десек, Сәбең, қазаққа қыргидай тиген Голошекінді «Өмір мектебінің» үшінші кітабы – «Есею жылдарында» біріншілердің біріншісі болып жазған екен. Оны айтасыз, ол ана тіліміздің басына төнген қауіп-қатерді алғашқылардың бірі боп сезініп, Қазақстан Оқу министрінің бірінші орынбасары шовинист Щербаковпен айқасқан екен. Алматы қаласындағы бірінші қазақ балалар бақшасын аштырып, қазақ мектептеріндегі қазақ тілі сағаттарының қысқартылуына қарсы тұрган екен.

Мінеки, менмендікпен көкіректерін соққан сол бір кезгі шовинистердің мысын біздің Сәбең ағамыз осылай басқанга үқсайды.

Қадыр Мырза Әли, кейіннен, бірінің қолтығында – баласы, бірінің қолтығында – немересі, ел-жүртқа үгіт-насихат айтып, қазіргі Қонаев көшесінің бойындағы № 12 қазақ орта мектебін

ашуга халқымыздың қайраткер ақыны Әбу Сәрсенбаевпен иықтаса жүріп, бірге әрекет жасасыпты. «Әбекеңің туа біткен «мамандығы» – біреуге жақсылық жасау еді», – дейді Қадыр ақын, Зейнолла Шүкіров, Жұмекен Нәжімеденов, Сайын Мұратбеков, Қанипа Бұғыбаева секілді қаншама талантты қызжігіттерді жетектеп әкеліп әдебиетке қосқан Әбу ағамыздың Құдай берген ізгілікті істерін тебірене еске алып.

«Ақынды әзілге ілдік пе,  
ақтарып салса нақ шынын.  
Өмірде сені білдік те,  
не екенін білдік жақсының!

Жыр үшін емес, бұл, тіпті,  
жүректер, Әбе, мекенің.  
Өлеңде сені білдік те,  
не екенін білдік Әкенің!

Әдемі шақта – гүл шақта  
келеміз біз тек оналмай.  
Өзіндей ақын болсақ та,  
өзіндей адам бола алмай!

Әбеке, орның бөлек қой!  
Бөлек қой орның әманда!  
Құдайдай адам керек қой,  
Құдайсыз мына заманда!» –

деп, толқи отырып жазған осы бір төрт шумақ өлең Әбу-абыздың ішкі жандүниесі мен оның өн бойындағы адамдық қасиетін таразылап беріп-ақ тұрган секілді!

Қазақ әдебиеті әлеміне өлең-жырларының от-жалынымен лапылдай енген Қасым Аманжолов атты арқалы ақынды «Мен қазақпын!» дегендердің естімегені жоқ шығар?!

«Бермесен, бермей-ақ қой баспанады,  
сонда да тастамаймын астанамды.  
Өлеңнің қызыуымен жылтытамын  
жарымды, бесіктегі жас баламды!» —

деп өлең жазған ақындарын бағалап, олардың қаламынан туған шығармаларды үлттық құндылық деп білмейтін мына тоңмойын қоғамға қолды бір-ақ сермен, сол мінезді ақын Қасым Аманжолов өзінің жан досы, яғни, соғыстың сұрапыл күндерінің бірінде: «Беріл! Берілсең, жаның қалады!» — деген неміс фашистерінің сөзіне өлең етпей, ақырғы демі қалғанша шайқасып барып, жау қолынан қаза тапқан Абдолла Жұмағалиев атты ақын жігіт жайлы тажап дастан жазған еди.

Қадыр ол жөнінде: «Ешбір ақынға мұндай поэтикалық ес-керткіш қойылған емес. Орнатыла да қоймас. «Абдолла» — теңдесі жоқ көркем туынды», — деп, баға берген екен. Абдолланың ерлігін жырга қосып, оны батыр ретінде қайта тірілткен Қасым болса, оның артында қалған өлеңдерін жинақтап, екі бірдей кітабын бастырып, ақын ретінде жарыққа шығарған иманды болғыр біздің Әбу ағамыз екенін осы Қадыр естелігінен оқыдық.

Иә! Айналага ажал шашып, дүние біткеннің апшысын қуырған сүм соғыс! Сені ойлап тапқандар Құдайдың бетін қалай көрер екен!!!

Несін айтасыз! Аждаһадай ысқырынған алапат соғыс кімді зар қақсатпады?! Сол соғыстың кесірінен, артында қазасын азалар бір тұяғы қалмай, қаншама шаңырақтың түтіні өшті!

Өмірімді ойлаймын күнімен де,  
Өмірімді ойлаймын түнімен де! —  
Мен жалғызбын — жоқ жалғыз ага менде,  
Мен жалғызбын — жоқ жалғыз іні менде!

Өмір неге тарылды тарылмасқа?!

(Балаң басқа, әрине, жарың басқа).

Мен жалғызын – жоқ жалғыз апа менде,

Мен жалғызын – жоқ менде қарындас та!

Кінәлі емес бұл үшін, тегінде, Ана.

Көкіректегі шерім бұл менің ғана!

Ағасы жоқ адамда женге де жоқ, –

Менде іні жоқ, – жоқ содан келін бала!

Жалғыз Ана – сол маган сүйеу ғана.

Ол да болса қайғыға тиеулі ана!

Апасы жоқ адамда жездे де жоқ,

Қарындас жоқ, жоқ содан күйеу бала.

Өмірдің бір қызығы туысқан ғой,

Осылайша мазалар тоғысқанда ой.

Соның бәрі, о, достар, Әке жоқтан,

Әке жоғы – кешегі соғыстан ғой!

Туудың Қаратөбеде тусам да, балдәурен балалық шағым ата-бабам мекені – Жымпітыда өтті. Сонда есейдім. Сонда бірінші рет мектеп есігін аштым. Сонда орта мектепті бітіріп, жоғары оқу орнына сол жерден аттандым.

Екінші Дүниежүзілік соғыстың басталуы менің мектепке баруыммен қатар келді.

Бір ғажабы – сол әлемдік соғыс басталар алдында, неге екенін қайдам, үлкендердің «Қой!» дегеніне қарамай, ақ-қызыл боп, атысып-шабысып, өршелене кеп соғыс ойнайтынбыз. «Үримға жаман!» – десе, болмайтынбыз.

Ақыры, не керек, сол ырымшыл қариялардың айтқаны келді, – қанды қыргын басталды да кетті.

Ауылдар ғана емес, аудан орталығының өзі қаңырап қалды. Қатарлары кетіп жатқанда, кенсе күзетіп, үйде отыруга

арланған азаматтар да, өз беттерімен, сұранып, майданга аттанды.

Кеңес халқының психологиясы мұлдем бөлек еді ғой. Әсіресе, ауыл қазақтарының адалдығы, тазалығы, имандылығы таң қалдыратындағы еді. Бүгінгілерге оны түсіну қайда!..

... Соғыс басталысымен біздің ауылды босқындар басып кетті. Азып-тозған Украинаның қойшылары алдарындағы отарларына ие бола алмай, кез келген ой-шұқырда құлап жатты.

«Бұлінгеннен бұлдіргі алма!» – деген халықтық қағидамен тәрбиеленген менің жұртым, талықсығандарын қолтықтарынан демейтін. Өздері аш-жалаңаш отыrsa да, әлгілердің тышқақ лагына тиіспей, аулаларына кіріп кеткендерінің өзін айдал апарып, қосып қайтатуғын.

«Бұрындары ән салып, күй тартып, қыз ұзатып, келін түсіріп, ырғалып-жыргалып жатушы едік», – дейтін, ауыл-ауылдың түпкір-түкпірінде қамсыз жатқан қазақ жұрты, әуелі – Алаш арпалысы, одан кейін – колхоздастыру, конфискация, аштық апаттары, репрессия лаңы, енді, міне – соғыс, әйтеуір, не керек, есенгіреп қалды. Қаңыраған қыстау. Даласы – данасыз, елі – ерлерсіз азынаған ауыл.

Соғыстың басталғанына бір жылға толар-толмас уақыт ішінде қасіретке толы қара қағаздар қардай жауды. Қүйеулерінен хат күтіп, поштабайды көргенде құстай ұшатын келіншектер, ендігі жерде, одан қашқақтайтынды шығарды. Оны айтасыз, екі-үш адам басып, үйіне қарай келе жатса, мыналар жайсыз хабар жеткізе ме деп зәрелері қалмайтын.

Жарық жоқ, ерте жатамыз. Әжем марқұм мені қанатының астына алып, бауырына басып: «О, Құдайым! Бергеніңе шүкір!» – дейді күніреніп. Сөйткен шүкіршілікті әжемнің жалғыз ұлы мен қүйеубаласын, соғыс, жалмап алған. Ал, шалынан хабар жоқ.

Сол есіме түскен мен: «Несіне шүкір дейсіз, әже?» – деймін. Ол: «Неге шүкір демейін, қалқам. Бұдан да жаман болуы

мүмкін гой!» — дейді. Мен, әжем айтқан «бұдан да жаман болуы мүмкін» күнді көзіме елестете алмай, шаршап барып үйқыға кетем...

Неге екенін, сол күндер менің есімнен әлі күнге дейін кетпейді. Қайсыбір кезде, көңілім өсіп, қеудеме кішкене желік кіре бастаса: «Аяз би, әлінді біл, құмырсқа, жолыңды біл! — деп, өзімді-өзім сабама түсіре қоям. Заман-ай десеңізші!

Эрнест Хемингуэй айтқан екен: «Нағыз ақын, нағыз жазушы жетімдерден шығады», — деп. Осы бір сөз менің көңіліме біртүрлі жұбаныш енгізгендей болады...

Көп оқыдым. Көп еңбек еттім. Көп жаздым, көп аудардым. Әдебиетте мен қалам тартпаған жанр жоқ. Соның қайқайсысында да абыройсыз болмадым. Жанкешті еңбектің арқасында біраз табысқа жеттім.

Иә, мен өз тіршілігімді шығармашылықтың қызығына байлаپ қойып, өмір сүрген адаммын. Мен де, менің отбасым да бір шоқжұлдыз — Үркердей сол Темірқазықты айналып ғұмыр кештік. Өз басым дүниенің тірегі — татулық деп білем. Кең мағынасында да, тар мағынасында да менің түсінігім — осы.

Адамдар бар  
әумесер, —  
адамдар бар  
елірме, —  
ал оларға бола сен  
өкпелеме  
Өмірге!

Түгі де жоқ жасқанар,  
түрленте бер  
өнірді!  
Саған қарап басқалар  
сүйер болсын  
Өмірді!

\* \* \*

Көніл гой – үлкен қомағай!  
Күнің жоқ, көніл толмаса!  
Таласып өту оп-оңай,  
Жарасып өту болмаса!

Түк емес сұлу тұлғаң мен  
торсиган мынау тоқ күйің!  
Адам боп оңай туганмен,  
адам боп қалу көп қиын!

\* \* \*

Кім мықты бұл дүниеде?  
Адам мықты!

Сонымен – қалам құтты, далам құтты!  
Сол ғана алатұғын нысананаға  
сүрқия зұлымдықты, жамандықты!

Кім мықты бұл дүниеде?  
Адам мықты!

Сақи жер жаңалықты содан күтті!  
Сырлы өмір! Қанша жұмбақ болғаныңмен,  
сені, тек, адам дейтін данаң үқты!

Жатса да «өсек» атты тәбет үріп,  
жолдаспен сырласады ол куле отырып.  
Апырмай! Бір ғажабы – қайғырмайды-ау,  
түбі бір өлеңтінін біле тұрып.

Кім мықты бұл дүниеде?  
Адам мықты!

Сол ғана қастерлейтін адалдықты!

Сол гана озық ойдың қолыменен  
сығатын кеңірдектен надандықты!

Қадыр ақын бір сөзінде: «Адамдардың миллионнан бірі ғана өзгермей, өз қалпын сақтап қалуы мүмкін. Сондықтан да адамды бір жақты бағалау, бір жақты суреттеу шындықпен жанаспайтын нәрсе», – депті. Біз де осы пікірге тоқтадық.

Қоғам деген үлкен көрік бар. Оның көмейіне түссе, не-бір құрыш болаттарыңды илеп жібереді. Бәлкім, сондай жағдайлардың тезіне тап болды ма, Мұхамеджан Қаратаев жөнінде жүрт әртүрлі әңгімелердің басын шалып жатады. Оны біз осы Қадыр ағамыздың эссесінде баяндалған репрес-сия құрбаны Ілияс Жансүтіровтің тағдырына тікелей қатысты сәттерден де аңғардық. Алайда, қазақта «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» деген аталы сөз бар. Сол айт-қандай, Мұхамеджан ағамыз бірде жақсылатты, бірде жама-нatty бола жүріп, кейіндері, «Ештен де кеш жақсы» дегендей, халықтың игілігіне біраз шаруалар тындырыпты. Соның бірін Қадыр Мырза Әли аса бір ырзашылық көңілмен атап өтеді.

Елуінші жылдары «Жазушы» баспасын Мұхамеджан Қара-таев басқарып тұрған кезеңде кітап басып шығару бұрын-соңды болмаған қарқын алды. Алдымен, Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың алты томдықтары, Ғабит Мұсіреповтің үш томдығы, Ғабиден Мұстафин, Тайыр Жароков, Әбділдә Тәжібаев, Сабыр Шәріповтердің екі томдықтары, басқа да ақын-жазушылардың өмірде шықпаган бір-бір томдықтары жарық көрді. Одан әріде Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин-дердің томдықтары 40-45 мың данамен басылды. Қысқасы, қазақ қарық болды да қалды.

Ең басты айтатын мәселе – сол кездегі кітап шыгарып, оны таратуда Қазақстан Ресейден басқа республикаларды алдына салмайтын. Осыған байланысты кітапханалардың саны өсті, оқырман көбейді, қазақ кітапты іздең жүріп оқитын дәрежеге жетті.

Қазақстан үшін бұл – шын дәуірлеу кезеңі еді. Бұл орайда академик Мұхамеджан Қаратаевтың сінірген еңбегі орасан зор болды.

Көңіл ғой – үлкен қомағай!  
Күнің жоқ, көңіл толмаса!  
Таласып өту оп-оңай,  
Жарасып өту болмаса!

Тұқ емес сұлу тұлғаң мен  
торсиган мынау тоқ күйің!  
Адам боп оңай туганмен,  
адам боп өлу көп қиын!

Аргы-бергі тарихқа көз жіберсеңіз, қазақ тағдыры, қашанда, қалтылдап қыл үстінде тұрады. Халқымыздың багы мен соры – ұлан-байтақ кең дала, оның қойны-қонышындағы көрінгеннің көзінің құртына айналған қазына-байлық. Атысу да шабысу, айтысу да тартысу. Әртүрлі құйтүрқы әрекеттермен халықты іштей ірітіп, оның ұлттық бет-бедерін адам танымастай етіп өзгерту, бұлдіру.

Міне, осындай ішкі-сыртқы зұлматтардың салмағынан белі бүгіліп барып жазылған, үміті үзіліп барып жалғанған қазақ халқын өзгелермен терезесі тең мықты мемлекеттердің қатарына қоссақ, іргелі ел етсек деген перзенттік ұлы мақсат не бір марғасқаларымыздың үйқысын қашырып, мазасын алғаны ақиқат. Ал, мұндайда ақын қайтіп жайбарақат қалар?!

Ол:

«Туган жердің тылсым сырын ұғып көр! –  
Туган елдің үдесінен шығып көр!  
Қарап тұрып мынау биік Тауларға,  
қалай төмен боламыз, ей,  
Жігіттер?!

Туган жердің тылсым сырын ұғып көр! –  
 Тұма бұлақ дариядан үміткер!  
 Қарап тұрып мынау тұпсіз Тереңге,  
 қалай тайыз боламыз, ей,  
 Жігіттер?!

Туган жердің тылсым сырын ұғып көр! –  
 Шыңға өрмелеп құз басына шығып көр!  
 Қарап тұрып мынау байтақ Даңға,  
 қалай кіші боламыз, ей,  
 Жігіттер?!» –

деп ұрандатса, онысы:

«Еділдің бойы – ен тогай, –  
 ел қондырсам деп едім.  
 Жағалай жатқан сол елге  
 мал толтырсам деп едім!» –

деген Махамбет арманының заңды жалғасы болмақ-ты!

Міне, қазақ тарихының ең бір күрделі кезеңдерінде басшылық қызметтерде жүріп, көрегендікпен іс қылған, халқымыздың асыл да ардақты азаматы Ілияс Омаровтарды елең еткізген Қадыр қаламынан туган осындай рухтагы жырлары еді.

Сол себепті де Ілияс Омаров өзі республикалық Жоспарлау комитеті тәрағасының орынбасарлығы лауазымында жүріп, үлкен басын кішірейтіп, Қадыр ақынды арнайы үйіне шашырып, қонақ қылышп, ұзақ сырласқан, ақ жол тілеп, батасын берген екен.

Сөзіміз құргақ болмасын, бұдан әрі қарай Ілияс ағамыздың мына бір сөздеріне құлақ түрелік.

## «Айналайын Қадыр!

Жасымыз бар, жасамысымыз бар, – өнер адамымыз бар, шаруа адамымыз бар – бәріміздің илек жатқанымыз бір тери. Жүректе – бір махаббат, көнілде – бір арман. Қолымыздан келгенінше халқымызға қызмет етуіміз керек. Өйткені, түрлі-түрлі себептеріге байланысты біздің қазақ өңгө туысқандармен салыстырында, біраз қалыс қалған сияктымыз.

Елді алдыңы қатафлы өркениетті мемлекетке айналдыру – кез келген саналы қазақтың парызы. Сенің «Дала дидарынды» оқып отырып, мен өзінде тап осылай ойлайтын азамат деп үқтym... Өмірде де, өлеңде де жолың болсын, айнам!

Өзің алашордашылар отанынан болдың үой. Шыдай түр. Заман ақырын болса да, өзгөріп келеді. Аз ғана қалды. Алашорда азаматтарына да басқаша қарайтын уақыт болады, әлі... Біздің бойымыз тұнған дерпт. Сол дерпт, шыққанда, қай кезде шынып бітпек? ! Жаңа қазақ, үлттын сүйген ұлы қазақ қашан қалыптасып болмақ? ! Қалай дегенде де, ерте ме, кеш не, халқының қамын ойлайтын ақылды азамат шықпай қоймайды».

Бойдагы Құдай берген жазушылық қасиет – дарын ғана. Ал, сол дарынды әрі қарай дамытып, ұштап, талмай жұмыс істеген адам, яғни жазуды кәсіпке айналдырган адам – шын жазушы – сол. Бұл орайда, оза шауып, Қадыр Мырза Әлидің алдына түсетін қаламгер аз болар, сірә.

Ол: «Елу жыл үзбей жазып келемін. Бейне, мәңгілік двигатель секілді жұмыс істеппін. Бір күн, бір апта, бірер ай қағаз-қаламнан қол үзген кездерім болған шыгар, ал, енді, он екі ай, яғни, бір жыл жазбай кеткен кезім болған емес», – дейді. Бұл – жазушылықты еңбек деп бағалаған, оны шын сүйген адамның сөзі. Бұл орайда да ол – кімге де болса, үлгіөнеге.

Әсіресе, Құдай Тағала тас төбесінен үрып, «Жаз!» – деп бүйірганда ғана, жаны қысылғаннан қолына қалам алатын біз секілді дәйексіздер мен делқұлылар үшін! Жазушының басты парызы «Айту!» болса, сол киелі үгымды, өзге емес, тек шын кәсіби жазушылар ғана көтеріп жүре алады. Бұл ретте Қадырға халықтың өкпесі жоқ деп есептейміз.

Қадыр ақын әдебиет әлеміне өзімен бірге еніп, сол әлемде жүптарын жазбай, үркердей бол бірге жүрген қаламдас достары жөнінде көп толғанады. Әсіресе, өмірден ертерек озып, іздеусіз жатқан Жұмекен Нәжімеденов, Жайсаңбек Молдагалиев, Сайымжан Еркебаевтарды қатты уайымдайды. «Өлдің, Мамай! Қор болдың!» – деп күрсінеді. Күрсінеді де, кезінде дуниені дүркіретіп өткен Мамай батырдың тағдырын Жұмекендер қайталап, бейне бір ертегілік кейіпкерлердей, көмескіленіп, тылсымға сініп, біртін-біртін жогалып бара жатқандай үрейленеді.

«Өлерсің! Өлгеніңнен кейін, жерлер! Қырқынды берер, жылынды берер! Содан соң ұмытыла бастарсың! Қайтсін, әйел, бала-шагаң шырылдан бағар! Ақыр аяғы олар да тынар», – деп таусылады. Таусыла отырып: «Әр жазушының өзіне лайықты орны бар. Туган әдебиетіне қосқан үлесі бар. Қай-қайсысына да лайықты құрмет көрсетілуі тиіс. Елдің елдігі содан танылса керек... «Елім!», «Жерім!» деп, ішken асын жерге қойып, тек сол ұлы мақсатпен өткен ер азаматтарды ең алдымен жүрты, одан кейін мемлекеті іздеуі керек!» – деп, артындағыларга аманат айтып, арыз қалдырғандай болады.

Иә! Артында бүйра-бүйра шаң созылтып, қазақтың кең даласының төсінде көсіле шапқан аргымақтайын-ақ, бүркыратта өлең жазып, соңында будақ-будақ жыр қалдырған Қадыр ақын да өтті дүниеден!

Алайда, көңілге медет тұтар бір нәрсе бар: Қадыр шығармалары – қай замандық қогамға болмасын, баға жетпес қорек. Ол егіп кеткен мәуелі ағаштың жемісін теріп, қызығын

көрер күн әлі алда! Қадыр жырларының рухын бойына  
сіңірген үрпақ қандай соққының астында жүрмесін, азбайды!  
Ол, қандай қиыншылық кезікпесін, қалай да жеңіп шыгады!  
Қадырдың, Қадыр поэзиясының мықтылығы — міне, осыны-  
сында!



БЕСІНШІ БӨЛІМ


# Фіз бетке перде ұсташаадың

Көз жүгіртсек Тарихқа, тегінде, біз  
ғұмыр бойы майданның шебіндеміз.  
Ақиқаттың жолында ұмтылдың ба, –  
жарты қадам кейінге шегінбеңіз!  
Шегінбеңіз!

Біз Майдан шебіндеміз!

Шегінбеңіз!

Шегінбеңіз!



## **ТІЛ ЖӘНЕ САЯСАТ**

Біздің облысымызда «Қазақ тілі» қоғамының шаңырақ көтергеніне, міне, жылга жуық уақыт өткен екен. Сырт қараланда, бұл аз уақыт емес. Алайда, «Қазақ тілі» қоғамын құрмақ түргай, қазақ халқының жер бетінде бар екендігін мойындаудан бас тарта бастаған біздің Орал өнірі жағдайында, жоғарыдағы айтқан бір жылдық мерзім «Қазақ тілі» қоғамына 30 000-дай мүше тартып, жер-жерде бастауыш ұйымдарын құрып қана үлгеретіндей, болымсыз дүние болып шықты. Дәлдеп айтсақ, «тіл төңкерісіндегі» бұл кезең күрмеуімізге де жетпей қалды.

«Жетпеді» деп өкінбес те ме едік, егер былтырғы жылы Қазақ КСР «Тіл туралы» заңының қабылданған күнінен бастап, сол заңды жузеге асыру бағытында алынып жатқан түрлі қаулы-қарарлар мен құжаттарды «Мынау менің ұлтымның иғлілігі үшін» — деп, қөпшілік болып жұмыла көтерісіп кетіп жатсақ. Өкініштің сол, — біздегі ахуал олай болмай түр, — құлақ бекітулі, қаннен-қаперсіз, қалың үйқының құшағында тас бүркеніп жатырмыз. Ал, мұндайда «Ел!» — деп, «Жер!» — деп аттандаган бірлі-жарымды айғайшының қолынан келер не бар?!

Иә, жасыратын ештеңесі жоқ, Тіл заңы күшіне енген тамыз айының 1-ші жүлдізындағы барша республика жүртшылығының ұлы дүбіріне айналған қуанышты күн — ол да елең сткізбеді гой біздің аймақты. Осындаida, эй, эттең, бойыңа бар

қаһарыңды жиып: «Ей, жалпы жүртшылықтың жан-дүниесіне қозғау тастап, санасын оятуға үкімет міндеттеген бүгінгі Орал идеологиялық майданның реєсми «сарбаздары», қайдасыздар?! Қане, айта қойыңыздаршы! Сіздер жұмыс күнделіктеріңіздің бетіне, атап өту шаралары былай тұрсын, осы бір ТАРИХИ мезетті, ең болмаса, қаперлеріңізге алып, халықта қарата бір ауыз жылы лебіз арнау жөнінде жарты белгі соқтыңыздар ма екен?! Ал, енді, үкімет тарапынан қауымен бекітіліп, арнайы заңдастырылған қазан айының 22-ші жүлдэзындағы Тіл мерекесі ше?! Оған қандай үлес қостыңыздар?!» – деп, айғай салғың-ақ келеді. Алайда, онымыздың да «Баяғы жартас – бір жартас!» болмасына кім кепіл?!

Халқының алдына шығып: «Бауырлар! Жақсылықтарыңыз ұзағынан болғайға!» жарамаған басшылық алдағы күндерде қазақ тілін дамытуға байланысты істі шұғыл қолға алып, бірден жүргізіп кете қояды деу қындау. Амал не, бізге қандай тандау қалды. Алыса жүріп, жұлыса жүріп, осы басшылықпен қапталдаса жұмыс істеуімізге тұра келеді бізге.

Жаратылыстағы мына бір әділетсіздікке қараңыз: атақ, данқ, билік – бәрі-бәрі – осы «такта» отырғандардың қолында. Ал, осынау дәреженің барлығын бұлар халықтың үйқысын құзеткеннен басқа нендей нәрсеге пайдаланып отыр? Қайран қаласың! Әрине, малдың күндізгі баққанынан гөрі, оның тұнгі құзеті оңайырақ болмақ. Алайда, қойға қасқыр шаппай ма?.. «Қойын алдырып, қорасын сосын барып бекітетін құзетші» неменеге керек?!

Иә, басшы ағайындар! Ендігі сөзді өздеріңізге қарата айтсак, сол қойға қасқырдың шапқаны емес пе? Өскемен мен Оралда Қазақ КСР «Тіл туралы» заңының аяқасты тапталынып, аты аталған қалалар үшін «реєсми тіл – орыс тілі деп есептелінсін» деген басбұзар қаулылардың шыгарылып отырғандығы. Оны аз десеніз, жер-жерде «Возрождение» атты халықтық майдан құрылып, оның үйітқытушысы – осы Орал жеріндегі казактар болып отыр. Республика көлеміндегі «Жамбыл. Шым-

кент, Қызылорда, Жезқазған облыстарындағы терриориялардан басқаның барлығы тұтастай, немесе, жартылай кезінде Россиядан зорлықпенен тартып алынған орыстың жері» деген қауесетті халық ішінде жаппай таратып, ұлт араздығын қолдан қоздырып жүрген соларды тәртіпке шақырып, соларға тыйым салудың орнына, «анау жерде ананы, мынау жерде мынаны айттымен» «Қазақ тілі» қоғамының басқан ізін аңдисыздар.

Ал, шын мәнінде, мәртебелі идеология қызметкерлері, Сіздер, біздіңше, осындай қыыншылықтарға қарамай, сана майданындағы атқарып жатқан азды-көпті істері үшін, қайта, «Қазақ тілі» қоғамына раҳметтеріңізді жаудырып, алғыстарыңызды айтуға мүдделісіздер ме деймін. Есептеп қарасаңыз — облыстық «Қазақ тілі» қоғамы өз басын құрап үлгермей жатып, Ақсай қаласындағы аштық жариялаган азамат Зұлқарнай Тәпешевтің тағдырына ара түсіп, оны абыроймен қорғап шықты. Одан әрі қарайғы ақпарда біз сіздердің естеріңізге мынаны және саламыз: тамыз айының ішінде Алматы қаласында өткен республикалық «Қазақ тілі» қоғамының пленумында Орал өнірінде құрылыш жатқан «Комитет возрождения» туралы түңғыш болып мәселе көтеріп, халықты оның «Декларациясымен» таныстырып, келешекте одан туар зардалты талдап тұрып жеткізген де осы «Қазақ тілі» қоғамы болатын. Сәтіне қарай, біздің бұл әрекетіміз Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінен қолдау тапты. Нәтижесінде, Қазақ КСР Ғылым Академиясы жанынан құрамында ірі-ірі ғалымдары бар комиссиялық топ құрылды. Ол, өздеріңіздің қатысуларыныңбен, Орал өнірінде, кейін, республика көлемінде айтулы шаралар атқарды.

Ал, олай болса, қыркүйек айының 4-ші жүлдізындағы «Орал қаласы үшін ресми тіл – орыс тілі» деп қаулы шығарған қалалық Совет пен «Возрождение» атты халықтық майданың үстінен жоғары орындарға хабарлама айтып, шағым тастағаны үшін гана, «Қазақ тілі» қоғамының соңына түсу қандай саясатқа жатады? Тагы айтарымыз, егер де үстіміздегі күндері

өткізіліп жатқан Қазақ КСР Жоғарғы Советінің екінші сессиясында Қазақстан президенті Н.Назарбаев жолдастан бастап, қатардағы депутаттарға дейін Водолазовтардың бұзақылық әрекеттерін ашықтан-ашық айыптап, беттеріне салық қылышп, соғып жатса, онда да облыстық «Қазақ тілі» қоғамы атқарған істердің үлесі жатыр деп есептерсіздер.

Біз: «Ұлт араздығын қоздырып, ел ішіне іріткі салушыларды жауапқа жүгіндірер ЗАҢ шықты!» – деп, төбеміз қекке жетердей қуанышп жүр едік! Ендігі жерде сол заңымыз өз мойнымызга бұғалық болып түскелі тұрмаса, нағылсын?.. Қайтеміз?! Бас – біреу! Ол – Алланікі! Алла Тағалам оны ажалға алдыра ма, тажалға алдыра ма, өзі біледі! Тек, арызымыз болса – айта алмай, – қарызымыз болса – қайтара алмай, арманда кеткеннен сақтасын Құдайым!!!

Иә, сонымен, «Қазақ тілі» қоғамы дегеніміздің өзі не болды?! Жоғарыда аты аталған істердің бәріне «Қазақ тілі» қоғамы неге араласады? Бұл мәселелердің оған қатыстыры қанша?! Жауап мынау: «Қазақ тілі» қоғамы тілдің қайдан шығып, қайдан қоятынын тәптіштеп зерттеп отыратын «Тіл ғылымы» институты, яки университеті емес. Сондай-ақ, ол әрбір атқарар ісіне жоғарыдан ұрықсат сұрап, нұсқау қүтер «Мәдениет» немесе «Оқу-ағарту ісі жөніндегі» басқарма да бола алмайды. «Қазақ тілі» қоғамы уақыттың айдауы, заманың байлауымен, халықтың мұрат-мұдде, арман-тілек, ягни бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухани қажеттіліктен туған ТАРИХИ ҚҰБЫЛЫС, ҰЛЫ МАЙДАН! Оның формасы мен структурасының жоқтығы да осыдан. Қазақ тілінің талқыға түсken бүгінгі тағдыры ойдағыдай шешілген күні «Қазақ тілі» қоғамының атқарар қызметі де аяқталуға тиіс. Ал, оған дейінгі аралықта ол қанды шенгелдің құрсауында қансырап жатқан қазақ тілін аждаха ажал аузынан аман алып қалу үшін, қай амал, қай айла, қандай әдіс-тәсілмен күресемін десе де – ерікті! Оның ең басты жауы – мәңгүрттік! Ал, мәңгүрттікпен күрес – саяси күрес. Сондықтан да «Қазақ тілі» қоғамын «Сен

саясатқа араласпа!» – деп, сирақтан соға беруге қақтарыңыз жоқ! Қазақ КСР «Тіл туралы» заңының өзі саясаттың жемісі! Саясатта ісі жоқ, бас көтерер күші жоқ, сұқ саусақтың сілтеген жағына қарай мәңгіріп тарта беретін меніреу қогам кімге қажет?! Әрине, ешкімге!!!

*Айсұлу Қадырбаева,  
Орал облыстық  
«Қазақ тілі» қоғамының төрағайымы.  
1990 жыл, қараша.*



Сол жақтан бірінші – Орал Сәулебай, «Аттанаібық Ақжайыққа!» штабының бастығы, екінші – Айсұлу Қадырбаева, үшінші – Нұрлыйбай Сейсенбаев

(Жергілікті басылымдағдың біріне әзірленген сұхбаттан үзінді.  
 Материалды бізге табыс еткен журналист Гани қажы) –  
 Нұрлышбай Сисенбай.  
 «1991, қыркүйек – «Орал оқиғасы» кітабынан.  
 2001 жыл

## БІЗ БЕТКЕ ПЕРДЕ ҰСТАМАДЫҚ!!!

Иә, ол 1991 жылдың қыркүйек айы еді. Оралдың қазагы мен казагы айқасып, бір-біріне қарсы кетіскең рас. Алайда, қарапайым халық үшін, құнделікті өмірдегі тыныс-тіршіліктен басқаның қажеттігі жоқ-ты. Ал, соған қарамай, ахуалдың аса шиеленісті жағдайға жеткені, әрине, сыртқы айтақтың мықтылығынан болды. Осыған ілескен жекелеген пысықайлар Кеңес үкіметі заңдастырган «Жер декретін» көктей өтіп, бұрын-ғы патшалық Ресей ізімен, Жайық өңірін бөліп әкетуге, сөйтіп, өз сөздерімен айтқанда, «Казак автономиясын» құруға біраз әрекеттенді.

Және оған әзірлікті олар ерте бастады. Ерте бастағаны сол, өздерінің сенімді-сенімді деген өкілдерін, мәселе көтерілместен неше жыл бұрын, саты-сатысымен өкіметтің басқару органдарының шешуші орындарына шегедей сіңіріп қадап тастанды. Мысалға айтсақ, «демократия» дегенді желеу етіп, өмірде «тәртіп» дегеннің иісі мұрнына жақындаған «ерікті журналист» В.Водолазов секілділерден бастап, Орал қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып Ю.Баев, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, кейін, казактар дауының қызып жатқан кезінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына өткен В.Сидоровалар – осының айғағы. Олардың әрқайсысы саласы бойынша, жалпы облыс көлемімен есепте-

генде, қаншама жерде қаншама тұтқаны қаншама жандайшаптарына ұстатьп қойды. Және бұл саясатты олар республика көлемінде, шотқа қаққандай етіп есептеп, рет-ретімен шебер жүргізіп отырды. Әйтпесе, еш жерде аты-заты белгісіз П.Своик Ақтөбе асып, Оралға қайдан тап бола қалды? Келгеніне бір жыл болмай жатып, ол Орал жүртшылығы атынан Жоғарғы Қеңестің депутаттығына сайланды. Қай еңбек, қай маңдай терімен?! Ал, жергілікті басшылық болса, жергілікті халқының еткен еңбек, төккен терінде шаруасы жоқ, кімді қай жерге көтеру, кімді қай қеңеске «халық қалаулысы» етіп тықпалауда солардың шылауында жүрді. Мінекей, осы әрекеттердің бәрі, тіпті, казактарды кінәлаған күннің өзінде, оралдық қарапайым казак-орыстардың бастиранан шығып жатқан ақыл ма еді? Әрине, жоқ! Бұл, әлгінде ғана айтқан, Одақтың іргесі сөгітіліп, шаңырағы шайқатыла бастаған мынадай аласапыран кезеңде Қазақстан территориясының бір шалгайына шеңгелді салып, жырып әкеткісі келген Ресей сепаратистерінің жоспары-тұғын. Қалың нөкерін мұздай қаруландырып, Қазақстан жеріне сіле-кейін шұбырта екпіндей жеткен генерал Мартынов, шетелде шіреніп жатып, Қазақстанның Ресеймен шектес шеткі аймақтарын картага сызып, Ресейге қарай «ытқытып жатқан» жа-зуши Солженицын – бәрі-бәрі – сол жоспарды жүзеге асыру-шылар-тұғын.

1990 жылы ел ішінде Волков, Баев, Водолазовтар аяқтай жүріп таратқан «Атырау, Маңғыстау, Орал, Ақтөбе, Қостанай, Торғай, Жезқазған, Қекшетау, Петропавл, Павлодар, Алматы, Талдықорған, Семей, Өскемен облыстарының бәрі – орыстың атақонысы есебінде Ресей құрамына кіруі керек», – деген Орал казак-орыстарының Манифесі – ол да көктен түспеген нәрсе еді. Ол – сол кездегі Қеңестер Одағының бас хатшысы М.Горбачевтың аузынан сан қайталанған Қазақстанды бұтар-лап бөліп әкетуге саятын саясаттың жаңғырығы болатын. Сонда, ойлап қараңыз, қазақ халқының үлесіне қалатыны – Қызылорда, Шымкент, Жамбыл облыстары ғана екен.

Жергілікті ресми органдардағы халық жанашырларының көмегімен қолымызға тиген бұл құжатты республика жүртшылығына жеткізуді облыстық «Азат» қозғалысы мен «Қазақ тілі» қоғамы маган жүктеді. Мен оны «Қазақстан тәуелсіздігін талап ету» мақсатымен ресми түрде арнайы ұйымдастырылған Алматы қаласындағы он төрт күндік үлкен митингіде халыққа ашық жария еттім (1990 жыл, қазан, 10-25 күндері). Әрине, жоғарыдағыдан мазмұндағы «Манифесттің» көшірмесі көкірекінде иманы бар қай-қай азаматты да бей-жай қалдырма-ды. Көтерілген мәселені дұрыс деп тауып, қолдап сөйлеген азаматтар әлгі құжатты табан астында көбейтіп, таратып әкетіп жатты. Осы орайда, мені «Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының тәрағасы саясат қуып, мұнда нағып жүр?» – деп қыспақтамай, жер тұтастығынсыз ұлт тұтастығы, ұлт тұтастығынсыз тіл тұтастығы болмайтындығын түсініп, қолдау көрсеткен Республикалық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Ә.Қайдаров пен вице-президенті Ә.Айтбаев секілді азаматтарға жүртшылықтың атынан зор ризашылығымды білдірем. Ол кезде біз бастаған бұл күресті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков те теріс көрмеді. Ал, Мырзатай Жолдасбеков біз тарапымыздан қойылған талап-тілектерді мұқият зерттеп, ахуалды жоғарғы жаққа дұрыс жеткізуде – істің өз ішімізде шиеленісіп кетпеуіне септігін мықтап тигізді.

Сонымен, қазан айында болып өткен сол жолғы митингінің шешімі бойынша, оған қатысқан бір топ азаматты Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президиумы тәрағасының орынбасары С.Әбділдин қабылдады. Мен Жайық жағдайының жәй-күйі жазылған ресми құжатты сол кісінің қолына тапсырдым. 1991 жылғы қыркүйек оқиғасы алдындағы казак пен қазақ арасындағы екіжақты тартыс осылай жалпыхалықтық ашық сипатқа көшті. Орайы келгенде айта кетейін, ағымдағы осы мәселемен мен бұл кісіде, қыркүйек оқиғасы басталғанға дейін, төрт рет болдым. Мәселені асықпай тыңдал, зерттей сөйлеседі екен. Қезекті қабылдауы 19 тамыз күнгі «ГКЧП»-дан кейін болды.

Әрине, маған маза бермейтіні Оралдағы межелі күннің жақын-дап қалғаны. Өздеріне нешеме рет келгенім, алайда, біз қойып отырған мәселе әлі шешімін таптай жатқандығы, жоғарғы жақтан қолдау, бақылау болмаса, істің, сөз жоқ, насырға ша-уып кету қаупінің бар екендігі түгел-түгел айттылды. Ол кісі сәл ойланып отырды да: «Ал, қарындасым, ендеше, осы тойды мұлдем болдырмасақ қайтеді?» – деді кесімді дауыспен.

Шынымды айтсам, мен ол кісіден мұндай жауапты құтке-нім жоқ еді. Біздегі қол жеткізсек деген басты мақсат – той болды деген күннің өзінде, сол тойды өткізуге байланысты Облыстық Қеңес шығарған солақай шешімнің күшін жойғызу-ды. Әйткені, ол шешім патшалық өкімет құлап, кеңестік өкімет келгеннен кейін, Ленин декретімен Қазақстанға қайтарылған қазақтың жерін Орал облыстық Қеңесінің шешімімен Ресей-ге қайтадан қайтарып берумен тепе-тең түсіп тұрды. Ондай жағдайда, Орал казактарының құрғалы жүрген автономия-сы Орал облыстық Қеңесі заңдастырып берген табанының астындағы жерімен қоса, күндердің күнінде Ресей құрамынан бірақ шығар еді. Қеңес төрагасы Есқалиев мұндай қауіпті қадамға не себептен барды, ол біз үшін беймәлім. Бірақ, байқаға-nym – С.Әбділдин бұдан бейхабар. Бейхабар болмаса, әлгінде айтқанындей, тойды болдырмау жөнінде әңгіме де болмас еді. Мен қуанғанымды жасыра алмай: «Ағасы, біз үшін бұдан артық бақыт болмас еді!» – дедім.

Ол кісі С.Тоқпақбаевты, С.Қасымовты, М.Әуезовті ша-қыртып, бесеуміз отырып, қайта кеңестік. Анықталғаны – біз-дің кейінгі арыздарымыз С.Қасымовтың тартпасында қозга-лыссыз жатып қалған екен. Оның олай болуына себепкер – осы казактарға қатысты тапсырмамен Оралға арнайы барып қайт-қан М.Әуезовтің теріс ақпараты болып шықты. Іссапары «ГКЧП»-мен тұспа-тұс келген М.Әуезовті Н.Есқалиев «Бә-рі дұрыс, өзіміз реттеймізбен» арқадан қагып шыгарып сал-ған. Серікболсын ағамыз, бөтен адам отыр демеді, Мұрат бауырымызға қатты шүйлікті.

Өкінішке қарай, көрігі қызып тұрған Орал жағдайын тоқтату мүмкін болмағанға үқсайды. Алайда, сақтық жағдай қаралғаны даусыз. Айтальық, Алматыдан арнайы келген генерал Исабаев Әбдіқайым Нұрқайұлының, Орал қаласындағы казактардың тойы белгіленген 15 қыркүйек күні таңертең казактар жиналып, салтанат құрапардың алдында шіркеуде жасалғалы жатқан арандатушылықтың бетін қайтарып, шиеленісті жағдайды дер кезінде тізгіндеғені одан арғы ахуалдың дұрыс арнада болуына, сөз жоқ, септігін тигізді. Ал, генералдардың жоғарғы жақтың келісімінсіз қай жерде де, ауа жайылып, бекер жүрмейтіні белгілі. Сондай-ақ, республикалық «Қазақ тілі» қоғамының заңгері полковник Р.Балмақаевтың Орал оқиғасына байланысты ірілі-ұсақты істердің баршасына дерлік кеңесшілік етіп, бағыт-бағдар беріп отыруы Орал жағдайының әр облыста жүргізіліп жатқан «Қазақ тілі» қоғамының көшпелі пленумдарының бірде-бірінің назарынан тысқары қалмауына тікелей ықпал етті. Жер тағдыры мен Тіл тағдырының баршага ортақ екендігін паш еткен осы күрес екпіні қазақ жерін Оралдағыдай жолмен бөлшектеудің арнасын бұзды деуге болады. Демек, сол жылдары республикалық «Қазақ тілі» қоғамы өзін нағыз күрескерлік деңгейге көтерді. Осы оқиғаны басынан аяғына дейін қадағалап, нағыз шиеленісті тұстарда қолтығымыздан демеп, қолдау көрсеткен бірден-бір басылым – «Егеменді Қазақстан» газеті. Бұл екі ортаға дәнекерлік еткен «елшіміз» Қазақстан Елшілігінің белді қызметкери Сайлау Батыршаұлы. Әйтеуір, кімнің қолында қандай мүмкіншілік бар, соның барлығы ортаға салынды.

Сөз жоқ, «Орал казак әскерінің Патшалық Ресейге қызмет еткенінің 400 жылдық мерейтойы» деп басталған құйтырқы әрекеттің бетін қайтару, қанша қауқарлы болсын, қанша сұңғыла болсын, бір кісінің қолынан келе қоятын іс емес-ті. Құдайдың қарасқанда, дәл сол жолы бүткіл Қазақстан халқы қаһарына мықтап мінді! Ниет те кіршіксіз болатын! Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген әрбір азамат

бір кісідей жұмылып күш қылды! Және онысы үшін ешкім ешкімнен ақы-пұл дәметпеді! «Орал – сенікі, Орал – менікі» деген пигыл ешкімде болмады!!! Өйткені, артымызда жалпақ Қазақстан жатқан-ды! Қатердің, жеме-жемге келгенде, сол Қазақстаннымыздың басына төнгенін қай құрескер де жақсы түсінді! Екінші дүниежүзілік соғыстағы «Шегінерге жер жоқ! Артымызда – Москва!» деген жандауысты біз де сол жолы бастан өткөрдік!!! Сондықтан, айтар алғысымыз – Халыққа! Халыққа! Тағы да Халыққа!!!

Қайсыбір кезде, құреске тұспек тұргай, оның көлеңкесіне де жақындаپ көрмеген кейбір «саяси шолушылар» біз бір Орал оқиғасын ақ жаулықпен тұншықтыра салғандай лепіріседі. Ниет дұрыс болар. Алайда, жан алып, жан беріскен ол жолғы құрес ондай өлшемге сия қоймайтын еді. Мұздай қаруланып, зәрін төге келген қаһарлы топтың алдына бір емес, миллион жаулық таста, шұлғау құрлы көрмей, таптап өтер еді!

Әрине, сөз жоқ! Халықтың көнілі қабарып, нағыз бір ширыққан шағында, жиылған жүрттың аptyғын басып, көнілді сабага тұсіруде, әуелі, үш күн бойы үздіксіз оқылып тұрган Құранның, сосын, топ алдына жайылған Ақ жаулықтың септігі мықтап тиді! Бірақ, ол ата жолын ұстана білген өзіміздің көргенді қазақтарымыз үшін еді. Яғни, солардың қызды-қызды сәттерде артықшылыққа барып қалмауы үшін! Қолында үш жасар немересі, оралдықтарға қалқан боламын деп, жүрегін қолына алып жеткен Ақ Қадишаның Ақ жаулығы мен сол жерде тұрган жеңіл машинаның төбесін жапыра, қарғып мініп, «Аллаһу акбарлаған!» облыстық имам Зинолланың жан дауысы тоғанынан ағытылған топан судай лап қойған қалың топты ірікпегенде, халықтың қаһарынан үріккен мартыновшылардың жиылып, сауық құрып жатқан «Зенит» зауытының Мәдениет сарайынан қашып шығуға мұршалары болмас еді!.. Одан арғы жағдай түсінікті, әрине.

Қайтеміз, амал жоқ, екі елдің ортасында от тұтанып кетпес үшін, кеудемізді кернеген кекті әзер тежей жүріп, намысымызды

таптай келген казактарды, «Казаки, вон!» «Казаки вон!» – деп, оларға қарсы атылған қазағымыздың қолынан өзіміз құтқаруга мүдделі болдық. Былай қарасаңыз, парадокс!

«Біз Оралдың тамырын босатып қойдық, тек, суырып алатыны ғана қалды», – деп, ресейліктерді желіктіріп әкеліп, жер жастандыра жаздаған атаман Качалин осы оқиғадан кейін, олардың алдында – бір, өзі дүниеге келіп, өсіп-өніп, үрпағын жайған Оралының алдында – екі өліп, күйінштеп, табандап жатып екі ай ішіпті деп естідім. Оқиға болғанға дейін айтқанына көндіре алмай, ата қаздай қоқиленып біткен баласын, әкесі де, оқиғадан кейін әбден жер-жебіріне жетіп, біраз жерге апарыпты дейді.

Міне, сөйтіп, 1991 жылдың 15 қыркүйегі қазақ халқының тарихына осылай енген-ді. Дүние біткен астан-кестені шығып жатқан бүтінгідей күнді көріп отырып, «согыс» деген аты өшкірдің Орал өніріне туралап келіп, Алланың әмірімен, оны айналып өтіп кеткеніне әлі күнге дейін мың шүкірлік етеміз.

Біздер, Орал оқиғасына қатысушылар, бұл қауіпті сезбедік емес, сездік! Бірақ, бізге басқаша таңдау қалмады! Жанды шүберекке түйдік те, «Тәуекел!» етіп, осы майданға кірдік. Елге деген, жерге деген махабbat бізді осыған мәжбүр етті. «Шаһид кетсек, соның өзі халыққа неше есе серпіліс береді» деп шын сендік. Дәл осы сезім Орал оқиғасына қатысқан әрбір азаматтың көкірегінде болды. Мен бұған имандай сенем. Біз бетке перде ұстамадық, ашық күрестік. Осыған тоқтагандар біздің қасымызда қалды, тоқтамағандарды біз қыстамадық!

Бірі бірінен озып, бір-бірінің алдына шықпай, ортақ жарғымен, мақсатты түрде бірегей қимылдау – үлкен тәрбиенің жемісі еді!!! Сол тәрбие бізде болды! Бізді Оралдың қатерлі оқиғасы мен биліктің құйындағы үйірген ішкі-сыртқы саясатының ирімінен аман алыш шыққан да – сол! Ол болмаса, біздің Қазақстанның түкпір-түкпірінен адам жиып, неше мындаған халықты қөтеріп әкету жауапкершілігін мойнымызга алуға тәуекеліміз жетпес еді.

Үй-күй, дүние біткеннің бәрінен баз кешіп, құрестің басынан аяғына дейін бар ынта-жігерін осы мақсатқа ғана жұмсаған Аманжол Зинуллин, Орынбай Жәкібаев, Нұрлыбай Сисембаев, Әспен Әбуталипов, Алтай Зинуллин, Өтегенов Дәрібек, Сұлейменов Сайлау, Төлежанов Құсым, Тұрсын Жолманов, Төлебай Сатқұлиев, Балмолдин Мұңайдар, Ағила Керейқызы, Бәтима Бұркітова секілді азаматтардың соңында қаншама жүздеген жастар жүрді. Ал, жастарының жетпіске таянғанына қарамай, құрескерлердің жел жағында – пана, ық жағында – сая болған қайран Мәтжан Тілеужанов пен Қуаныш Сұлейменов агаларымыздың еңбектерін біз екі дүниеде ақтай алмайтын шығармыз. Ал, нағыз шешуші кезеңде Қазақстанның түкпір-түкпірінен сау ете түскен Орал Сәулебаевтың басқаруындағы «Аттанайық Жайыққа!» штабы құрамындағы Шоқай ата, Амантай Асылбеков, Жасарал Қуанышәлин, Хадиша Кәрібаева, Нұрзипа Жармұханбетова, Бикеш Дұрманова, Дәурен Сатыбалдиев, Көшкімбай Ахметов, Айтқали Италиев, Сейілхан Мұстафин, Сұлтанбек Тәшкенбаев, Серік Ергалиев, Кәрімхан Қиженбаев, Бақытжан Әділев, Мұқтархан Атаканов, Құлмахан Маханов, Мақсот Қалиев, Жайлай Әлиев, Абдолла Бақбергенов, Қалиолла Матжан және басқа азаматтардың сапында да нешеме жүздеген белсенділер болды. Мінекей, осындай тас-түйін құрамның айбыны, жан-жақтан сатырлап құйылып жатқан казактарды көріп, имене бастаған халықтың рухын дүр көтерді. Елдің санасында «Өлеміз-тірілеміз» деген есеп болған жоқ, тек, «Жеңеміз!» деген ғана сенім болды! Құдай жазып, сол тілек орындалып, біз женіске жеттік! Және бұл женіс жай женіс емес еді! Бұл жеңіс – Қазақстан тәуелсіздігін 86 жылғы Желтоқсаннан кейін тағы да біртабан жақыннатқан соған жалғасты жеңіс еді!!!

Мен 1985 жылы Қазақ радиосының Орал облыстық меншікті тілшісі болып жұмысқа келдім. Әрине, бұган дейінгі тіршілігім де жаман емес еді. Отырған жерім – арман қала Алматы, жұмысым – Қазақ радиосы әдебиет бөлімінің

редакторлығы. Ондай жерде екі қолды жылы суга малып, өле-өлгенше отыра берем деуге болады. Жасаган хабарларымды эфирден бүркүратып беріп жатам. Нобайы өз даусыммен өтеді. Әсіреле, өзімнің төл бағдарламам «Жазушы – баспа – оқырман» атты хабарым абыройымды көкке көтерген кез. Қойылған мәселе – «Жазушы кітапты жазады, баспа оны басып шығарады, оқырман қайда?!». Жағдайды індеп, зерттей келе, Қазақстан қолеміндегі қазақ балабақшаларының жоқтың қасы екендігі, ал, қазақ мектептерінің біртіндеп жабылып жатқандығы, мұндай ахуалда келешекте қазақ тілінің өрісінің тарылатындығы, тарылмақ түргай, жоғалатындығы анықталды. Мен осы хабарым арқылы дабылды қақтым да отырдым! «Тілсіз ұлт – тұл!» деген сөзді естіген есті халық шу ете түсті. Ұлтшыл атанып, өмір бойы қудалауда болған Іслэм Жарылғапов, жарғақ құлағы жастыққа тимей, Алматыдағы барды-жоқты мектептерге, қаппен тезек тергендей етіп, ерінбей-жалақпай бала жинайтын Шона Смаханұлы ағаларымыз байланысқа шығып, мені қатарларына тартып әкетті. Ортамызда Қазақстанның халық әртісі, атақты биши Шара Жиенқұлова апайымыз бар, Алматының іші-сыртын қалдырмай араладық. Сол сапарлардың үстіндегі Шона ағамыздың: «Айсұлу, ендігі жерде Алматы төңірегіне біз де жетеміз. Жассыңдар, елді көтеріңдер!» деген бір ауыз сөзі маған бүйрықтай естілді. Аға тілегін Құдай Тағала қабыл етті ме, көп ұзамай мен Орал облысы бойынша Қазақ радиосының меншікті тілшілігіне бекітілді. «Бекітілдім», – деймін-ау, оның өзі үлкен айқас тұгызды. Радионың саяси бөлімін басқаратын Мулин, соңғы хабарлар редакциясының жетекшісі Солдатенко дегендер: «Ол жақтың ұлттық құрамына қарай, онда орыстілді адам баруы керек», – деп, менің алдыма көлденең түсіп жатып алды. Республикалық Телерадио комитетінің төрағасы Камал Сейтжанұлы Смайлов болатын. Жұмысым жағы бар, басқа да тексерістерден мұдірмей өткем. Камал ағамыз екі оттың ортасында қатты қиналды. Қайыра

берілген тапсырмадан тағы да ілдірмей өткеннен кейін, Камал ағамыз күш алып, менің тілшілік жұмысымды бекітті. Сөйтіп, бір жағы журналистік қызметім, екінші жағы ақындығым бар, мен де, Шона ағамның салып берген ізімен, сатырлатып жүріп, облысымның бүкіл ауыл-аймағын қалдырмай араладым. Сонда Орал жүртшылығының аузында «Мұстаним Біләлұлы ІІқсанов келгелі (Алла Тағала марқұмның жатқан жерін жарық, жанын жаңнұтта қылғай!) қаладағы қазақ саны 11 пайыздан 21 пайызға дейін өсті, басшылықта қазақ кадрлары көбейе бастады» деген сөз жүретін. Міне, осы өсімнің өзі бұқара көкірегіндегі намыс сезімін арттырды, сөз жоқ. Эйтеур, қалай дегенде де, 1991 жылғы қыркүйектегі дүшпандық әрекеттердің бетін қайырған қаһарлы қазақ аспаннан түскен жоқ! Сондықтан, жоғарыда айтылған Женіс – ұлттымыздың ондаған жылдарғы еңбегінің жемісі! Оны әрқайсымыздың жекелеген еңбегімізге шағып, арзандатудың керегі жоқ!

Дүние біткеннің билігін уысында ұстап, «былқыған байлықтан басы айналған» орыс империясының «қойдай момақан» деп есептеген қазақ халқынан беті қайтқан арманды тұсы 1986 жылғы желтоқсан еді. Қайталап айтайын, Орал оқиғасы – соның занды жалғасы десек, еш қателеспейміз. Ал, тарихи-тағылымдық жағынан ұлғі тұтарлықтай болды.

Жер дауы! Бұл – қай ғасырлардан да қазақ үшін бірінші кезекте келе жатқан нәрсе. Айтулы оқиғалардың екеуінің де түйіні, айналып келгенде, осы мәселеге келіп тірелген-ді. Қызыл ала қырғын сала келген 1986 жыл, әуелі, Колбинді басшылыққа әкеліп, сосын біртіндең сөгітіп әкетпекші болған Қазақстанның Батыс өнірі, ягни, газды, мұнайлы Орал – Атырау алқабы Мәскеу басшыларының өзегіндегі өрт-ті. Ендеше, 86-да болсын, 91-де болсын, әйтеур, сол атақоның жарықшактанудан аман-есен қалды. Жалғыз батыс өнірі ғана емес, Ресеймен шекаралас отырған басқа облыстардың да басында бар қауіп бұлты бір шама сейілді. Алайда, біз, бұл мәселеде қашанда қырағы отыруға тиіспіз!!! Бұл – менің өзімнен кейінгі үрпаққа айтар аналық өсиетім!!!

## ҚАНТӨГІССІЗ ЖЕТКЕН ЖЕНДІС

### Жалынды сөздің иесі

«Айсұлу – 1990 жылдардың басында әйгілі Орал оқиғалары кезінде көзге түскен саясаткер қызы. Ол кезде Айсұлу Орал облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы болатын. 1990 жылдың 14 қазанында Алматы қаласында өткен митингіде Орал казак-орыстарының автономия құру қаупі туралы ең алғаш дабыл қағып, басшылық орындарға арыз айттып, содан тура бір жыл кейін, қыркүйектің 15-і күні болып өткен қазақтар мен казактар текетіресінің алдын алуға зор үлес қосты. Бұдан соң «Азат» қозғалысында бірге жұмыс істедік. Сайлау науқаны кезінде Арапта келіп, қолғабыс етуін сұрағанымда, көп ойланбай, келісімін берді. Бір жеті Арап ауданының теңіз беті мен құм жағын аралап, орасан зор жұмыс істеді. Айсұлу барған жерлер түгел маған дауыс берді. Оның жалынды сөзі мен отты өлеңдері Арап халқын түгел баурап алды. Сайлаудың екінші кезінде Айсұлу Ақтөбеден екінші рет келіп, бұл жолы Қармақшы ауданын аралады. Ең соңында, 24 қазан күні Арап аудандық сайлау комиссиясында байқаушылық жасап, барлық заңсыздықты өз көзімен көрді».

*Батырхан Дәрімбет*



1991 жыл. Қазан айындағы 14 күндік митинг

## Қайраткер ақын

Орал оқигасы – саяси һәм тарихи маңыздылығы жағынан алып қарағанда, жеме-жемге келгенде, елі мен жерін, ұлттық нағызы мен халқының мұддесін қорғауға қай уақытта да дайын ҚАЗАҚ деген халықтың бар екенін барша әлемге паш еткен Қазақстан тарихындағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасымен бара-бара аса бір елеулі оқиға. Екеуінің де туындауының себеп-салдары бірдей. Ол біріншіден, бұрынғы Кеңес империясының біздің елімізге қатысты жүргізген отаршылдық саясатына қарсы жалпыхалықтық көтеріліс, екіншіден, жер мәселесі (1986 жылы – бүркемелі, 1991 жылы – ашық түрде), яғни териториялық тұтастықты сақтап қалу.

Осы орайда, нақты тарихи оқиғалар шеңберінде айтарлықтай еңбек сінірген жеке тұлғаларды атап өтуіміз керек. Менің пікірімше, Орал оқиғасына қатысты ең алдымен ауызға алуға лайықты тұлғалардың бірі, тіпті, бірегейі деуге де болатын замандасымыз – Айсұлу Қадырбаева.

Қазақ радиосының Орал облысындағы меншікті тілшілігі кезінде де, кейін, Орал облыстық «Қазақ тілі» қоғамының тәрайымы және «Азат» қозғалысы басқармасының белсенді мүшесі кезінде де, қоғам өміріндегі пісуі жеткен ең өзекті проблемаларды көтеріп, дабыл қағып жүрген ол, 1990 жылы Орал казактарының қауіпті сипат ала бастаған сепаратистік-автономистік іс-әрекеттері тұсында да қарап қала алмады. Қауіптің алдын алу мақсатымен, осы күреске белсене араласқан жергілікті азаматтармен иықтаса жүріп, бұл мәселені республикамыздың ең жоғары басшылық орындары – үкімет пен парламенттің, сондай-ақ, қоғамдық үйымдар мен қалың жүртшылықтың алдына қоюда, облыс басшыларының түрлі қысымы мен қудалауына қарамастан, көп жұмыс атқарды.

Алайда, өкіметтің шешімді шараларға дайын емес екендігі салдарынан, негізгі салмақ қоғамдық үйымдарға салынды. Соның нәтижесінде, Қазақстанның азаматтық «Азат» қозғалысы жанынан «Орал казак әскерінің патшалық Рे-

сейге қызмет етуінің 400 жылдық мерейтойы» деп аталатын империялық-арандатушылық шараны өткізуге қарсы «Аттанийық Ақжайыққа!» штабы құрылып, бүкіл республикамыздан 300-ден астам азаматтың Оралға жиналудына, мыңдаған жергілікті азаматтардың митингіге шыгуына мүмкіндік туды. Нәтижесінде, 1991 жылдың 15 қыркүйегінде өткен бейбіт наразылық акциясының қантөгіссіз жеңіске жетіп, еліміздің мұнай мен газга бай батыс өнірін Ресейге қосып алу жөніндегі Кремль жоспарының іске аспай қалғаны баршага аян.

Айсұлу Алматыда қазан айының 15-сі күні 11 күндік саяси аштықта отырды. Оны Орал қаласында 8 күн құрғақ аштықпен Мұңайдар Балмолда, Қайрат Ибатов деген азаматтар қолдады. Нәтижесінде, Орал оқиғасына саяси және заңдық баға беру жөніндегі президенттік комиссия құрылып, ол үлкен жұмыс атқарды және көлемді анықтама түзіп, оны баспасөзде жариялады. Қорыта айтқанда, «Барып қайт, балам, ауылға» өлеңі Айсұлуды бүкіл елімізге ақын ретінде танытқан оның поэтикалық «паспорты» болса, Орал оқиғасы — оны қоғам қайраткері ретінде жүртшылыққа кеңінен мойыннатқан саяси «паспорты» болды деуге, менінше, толық негіз бар...

*Жасарал Қуанышәлі*

### Ашынғаннан аштыққа бардық

«Халқымның қаһарман қыздарының бірі де бірегейі, ақын Айсұлу апама Алла-Тагала қашан да жар болсын! Ата Тарихымызда аты бар ару ана Айсұлу апамды қолдап, бір кездері азамат, ер атанғаныма Құдайға мың да бір шүкір деймін. Ер Махамбеттің: «Атақты ермен бірге өлсе, жігіттің болмас арманы!..» деген жорық жырының бір ауыз сөзі сол кезгі, яғни, тоқсан бірінші жылғы біз барған жанқиярлыққа да қаратып айтуға болар баға деп үқтыйм».

*Мұңайдар*

## Мінезді саясаткер

Өз басым Айсұлудың «Барып қайт, балам, ауылға» деген өлеңін керемет дүние деп білем. Егер Айсұлу бір ғана осы өлеңді жазған болса да, бәрібір ол қазақтың тарихи төрінен орын алар мықты ақын болар еді. Ал, Айсұлудың саяси қайратерлігі – халқымызға оны екінші қырынан және кеңінен танымал еткен ерекше бір құбылыс-ты. Менің бұл сөзімнің айғагы – Айсұлудың 1991 жылғы Орал оқиғасы кезіндегі қазақ қыздарының батырлығын еске салар қимыл-әрекеті екендігі даусыз. Ендеше, Айсұлу қылған бұл істің де тарих бетінен ерекше орын алары хақ

Айсұлудың мінезі ақындықтан да гөрі саясаткерлікке жақын. Әрине, менің бұл пікірім ақындықты оған қимағандықтан емес, керісінше, қогамдық-саяси жұмыстардың оның мінезіне орасан зор әсер еткендігін, шиratқанын айтайын дегенім. Ақын жаны әсершіл келеді, ал, саясаткерлерде тосыннан соғар қауіп пен қатер барышылық. Оған бас байлау, немесе, төтеп беру кез келген адамның қолынан келе бермейтін шаруа. Ендеше, оның, қай нәрсені болмасын, барынша ұстамдылықпен, салмақтылықпен, байыптылықпен шешуге тырысатындығы – жоғарыда айтқанымдай, ақындықтан гөрі, не бір қындықтарды кеше жүріп қалыптасқан мінезіндегі саясаткерлік қасиеттен. Ал, енді, «Оны саясатқа алып келген қандай күш?» дейік. Olsen, сөз жоқ, оның шын ақындық болмысы. Айсұлу бойындағы, бірі – туа, ал, бірі келе қалыптасқан осы екі қасиет оның толыққанды азаматтық бейнесін сомдал шықты. Демек, адам өміріндегі ең қымбат нәрсе уақыт деп біліп, оны ғұмырға шағып қарағанда, оны біздің Айсұлу босқа өткізбеген екен. Бұл – кімге де болса үлгі.

*Сағат Жүсін*

## ҚЫРАН ҚЫЗ

*(Айсұлу ханымға)*

Шайқалып басыңдағы дария бақ,  
жауды саған биліктен бар қиянат!  
Кетті езіліп бауыр ет, естігенде,  
жатқаныңды сен аштық жариялап!

Дөп басқан ел тынысын, дәуір демін,  
мен сені партиялас бауыр дедім.  
Көтерген Туғып көкке ар-намысты,  
қыз да болсаң, жігіттей жауынгерім!

Ең батыл жүрсің қойып талаптарды.  
Ісіңе ел сүйсініп, ғажап қалды!  
Келесің сен құрестің көш басында,  
«Оятам, — деп, — қалғыған қазақтарды!»

Шешенімсің!  
Тілі өткір қылыштан да!  
Жігерімсің!  
Болмысың құрыштан ба?!

Дәл өзіндей қыз-жігіт мыңдал туса,  
Қазақстан айналар Гүлстанга!!!

Бұлтылдауын заманның бұлғындайын!  
Құзырыңдан табылсам, — тұрмын дайын!  
Жүргегің жолбарыстың жүрегіндей,  
тұлғаң кіші болғанмен, түйгындайын!

Бер бүйрықты! —  
Мен несін таңданайын!  
Тас түйіліп, куреске қамданайын!  
Көл қорыған қызғыш құс сендей болар, —  
жан толқытқан даусыңдан айналайын!

Құйтақандай құнтиған қаршыға қыз —  
ағып түрған ақында жаршы нағыз!  
Ұлы мұрат ұлт үшін арқалаған  
біз, түбі, арамдардан аршыламыз!

Сатқындар! Садаға кет Айсұлудан!  
Айсұлу артық бүгін қай сұлудан!  
Қыран қыз жүр шақырып жолды нұсқап,  
құтылар қорлық пенен жаншылудан!!!

Ерлікпен ер қызынды қорға, қазақ!  
Өзгеге ез атанып болма мазақ!  
Айырып ой-сананаңдан, сені бүгін  
жүрген көп түсіре алмай орға, қазақ!

Қорғасын жүк арқаңда батпан, қазақ!  
Тағдырың — шыт-шытырман! Сақтан, қазақ!  
«Аттандал!» жауға шабар батыр қыз — бұл!  
Мақтансаң,

Айсұлумен мақтан, қазақ!!!

*Жұмаш Сомжүрек*  
18.10.1991 жыл

**«Қазақия» республикалық ұлттық-патриоттық, қоғамдық-саяси ғазетінің жауапты қызметкері Өмірзак Ақжігіттің Айсұлу Қадырбаевамен жүргізген сұхбаты**

— Айсұлу апай! Редакциямызға қош келдіңіз. Өзіңізді жазған өлеңдеріңіз арқылы, әртүрлі атқарған азаматтық істеріңіз арқылы жақсы білеміз. Басқаны былай қойғанда, қазақтың белді актерлерінің бірі Тұңғышбай Жаманқұловтың орындаудыңдағы сіздің сөзіңізге жазылған «Барып қайт, балам, ауылға» атты қазағымыздың салт-дәстүрінің иманындай болып кеткен әннің өзі отыз жылдың үстінде өнер сахнасынан бір түспей, халқымыздың рухын көтерумен келеді. Сол үшін де сізге риза. Оның үстіне, ел басына қыншылық туып, Қазақстанның батыс өнірі дауга түскен сонау 1991 жылғы қыркүйек оқиғасы үстінде өзіңіздің өжеттігінізben, алғырлығыңызben жүртшылық құрметіне бөленіп, сенімінен шыққан едіңіз. Өзіңізге деген осындаі ілтифатымызды білдіре отырып, сізге бір ауыз сұрақ қойғымыз келеді. Соңғы кездері көпшіліктің аузынан «Халықтың рухы жоғалып барады» деген сөз жиі естіледі. Осыған байланысты өзіңіз біраз жыл қызмет атқарып, ұлттық бетбұрыс майданын бірге қыздырысқан сіз тұган өнір – Батыс Қазақстандағы ахуал жөнінде не айтасыз?

— Төрткүл дүниені от шарпып, айналамыздың астан-кестені шығып жатқан мынандай заманда, елдің тыныштығы мен халықтың амандығынан қымбат ешнэрсе жоқ. Бұл түргыдан алғанда Орал өнірі, Құдайга шүкір, татулығы жарасып, бір үйдің баласындаі, ымыралы жағдайда өмір сүріп отыр екен. Осы келісімде Орал қаласының біраз жерін аралап, аракідік әртүрлі мәдени шараларға қатысып, ағайын-жүрт ахуалымен біршама танысқандай болдым. Бұқара қабагы ашыңқы сезілді. Қанша дегенмен, тұган топырақ сагындырады, аңсайсың. «Ел

қадірін елден шеткөрек жүрген біледі» демей ме, сол айтқандай, жырақта жүргенмен, құлағымыз осы жаққа түрулі отырамыз. Қалай дегенде де, тілекшіміз елге.

Қысқа ғана сапармен Қаратөбеме барып қайттым, өз тұған ауданыма. Біраз уақыттан бері соға алмай жүргем, үлкен-үлкен өзгерістер бар еken. Зыңғыраған тас жол, газ, су, – мұның бәрі кешегі күндер үшін арман болатын. Сапарымыз тұспа-тұс келіп, Қазақстанның халық әншісі Сұлушаш Нұрмамбетованаң өнерін Қалдыгайты ауылындағы қала үлгісінде салынған зәулім сарайда тамашалаудың сәті тұсті. Аудан орталығындағы бүтінгі жетістіктер, ертеңгі жоба, сол жердің төл перзенті есебінде мені қатты толқытты.

Аудан басшысынан ең соңғы көріп, тілдескенім марқұм Амангелді Әділев деген азамат еді. Бізден, әрі кетсе, екі-үш жас кішілігі болар, жүзінде иманы төгіліп түрған ғажап бір келісті кісі. Бар ынта-жігерін халықтық іске салған аса бір еңбекқор адам дейтін. Ауданды жеті-сегіз жыл басқарған Арман Өтегұлов деген әкім жігітті де ел жақсы айтты. Жуаның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілуіне таялған мынандай заманда бұқара жағдайын ойлай келген азамат болса, оны неге елі шет көрсін.

Құдайға мың шүкір, менің Қаратөбемнің талайына тағы да бір келісті әкім жазылыпты. Өзі самбо деген күрес түрінің үш дүркін әлемдік дәрежедегі чемпионы еken. Қөпшілігіміздің түсінігімізде спортшы дегеніңіз мінезі шұғыл, сөйлер сөзге ебедейсіздеу көрінеді ғой. Ілкі естігенде менің де көңілімде осындай бір түйткілдің болғаны рас. Қөрісіп, сөйлесе келе, ол райдан қайттым. Оның үстіне, алғашқы кездесуіміз өте бір сәтті жағдайда болды. Орал қаласында едім. Орталық кітапхана басшысы Рая деген қызы бала телефон согып: «Апа, бізде Қаратөбе күндері өтіп жатыр еді. Келе аласыз ба?» – деді. Бардым. Үлкен зал. Керемет қазақы үй тігілген. Сахнасында жестандай әнші атақты Мұхит Мералыұлының өмірінен музикалық қойылым қойылды. Шараны Облыстық Мәдениет

басқармасының бастығы Дәuletкерей Құсайынов деген азаматымыз ашты. Сөздері шегедей мығым, шешен сөйлейтін жігіт екен. Істелген істен де гөрі, істелер істі қадаңқырап айтып, алдағы күннің жоспарын сзып бергендей етіп, сөзін нық аяқтады. «Барып қайт, балам, ауылғаның» сазын жазған талантты композитор марқұм Темірәлі Бақтыгереевті қойысуға келгенде атусті танысқанымыз болмаса, араласпаған адамым еді, сөйлеу өнерін көріп, Ақ Жайық өнірі мәдениетінің багы ашылған екен деп, іштей толқулы отырдым. Әлбетте, мұндай мәдени шараларға аудан басшылары келе бермейтін-ді. Қуанышқа қарай, мен аудан басшысымен осы жерде ұшырастым. Сахналық қойылымның әр әрекет, әр қимылын бағып, үстіне түсіп кетердей боп отырган қасымдағы жас жігітті, ілкіде, әрі кетсе – ауданның мәдени бөлімінің басшысы шыгар деп, іштей ғана сүйсініп қойып отыргам. Шара соңында амандалса кеп таныстым, қасымдағы өнер жанқүйері сол ауданның әкімі Асхат Шаһаров деген азамат болып шықты.

Көп ұзамай, Қаратөбеме барып, жүртшылықпен кездесіп, ауданның ішкі-сыртқы жағдайларынан хабардар бола келе, әкім баланың үлкен жүкті иығына арта қелген мықты азамат екенине көзім жеткендей болды. Ендігі жерде Құдайым сол сенімізден айырмагай. «Бала» дегенде де, тастай отыз жеті жаста екен, нағыз орда бұзар шақ. Қаратөбе қазыналы өлке. Жерінің асты – телегей теңіз түщы су. Егіндігөл деген жерде көзі бітеулі демесе, керемет бұлақ бар. Халық тұрмысына байланысты шаруашылықтан өзге, жүзеге асырсақ деген жоспарлардың ішінде әлгі байлықтарды ел игілігіне асыру мақсаты жатыр екен. Іске сәт дейміз, әрине!

Мен сонау 1985 жылдан бастап нобайы оншақты жыл, әуелі Қазақ радиосының Орал облысындағы меншікті тілшілігі, кейін Республикалық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық бөлімінің басшысы қызметінде осы Батыс Қазақстан өнірде он жылға тарта қызмет еттім. Ол кездегі ахуал мұлдем бөлек еді. Қалада қазақша балабақша атымен болмады. Қазақ мектебі

дегенде, ауылдың таңдаулы балаларын 5-сыныптан оқытатын, 1923 жылы қазақтың майталман азаматы, классик ақын Сәкен Сейфуллин тағдырын қауіп пен қатерге тіге жүріп, ашып беріп кеткен жалғыз №11 мектеп. Орыс балабақшасы қазақ балаларын, әйтеуір бір сылтау тауып, қабылдамайды. Қалалық оқу бөлімінің бастығы Раиса Селезнева деген апамыз болатын, үстінен арыз борайды да жатады, бірақ, былқ етпейді.

Әлі есімде, осы кісінің мәселеісі бойынша мен радиодан 7-ақ минуттық бір хабар жасадым. Оны Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков естиді. Естіген бойда сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Есқалиевке телефон соғады. Бар болғаны сол. Сол күні төтенше шақырылған бюорода мәселе қаралып, Селезнева орнынан алынды.

Ондай қыншылықтар, Аллаға шүкір, бүгінгі күнде жоқ көрінеді. Қайта қазақ мектептері мен балабақшалары кеңінен ашылып, оларға басқа үлт өкілдерінің балалары бара бастапты. Осы барысында жоғарыда айтып өткен Сәкен Сейфуллин атындағы №11 мектепте кездесуде болдым. Сонау 1987 жылы 18 баланы әзер дегенде жинап алып барып, 1-сыныпты зордың күшімен әзер ашқан мектебіміз қазір республикамыздың ең озық үлгідегі Қазақ мектеп-гимназиясына айналышты. Және бұрынғы интернаттық жүйесін де жоғалтпай, қатар алып келе жатыр екен. Екі жүздің үстінде бала осында жатып оқиды дейді. Ал, қаладан келетін балалармен қосып есептегендеге, жеті жүздей бала мектепте тамақтанады екен. Оқу-тәрбие жұмыстары өте жоғары деңгейде. Оны балалардың үлкен-кішіге деген ілтифатының өзі-ақ көрсетіп түр.

Әрине, мектептің осындай дәрежелі деңгейге көтерілуі осы мектептің Ерсайын Сапарұлы басшылық етіп отырган мұғалімдер үжымының арқасы деп білем. Ол кісі білімді үстаз, білікті басшы гана емес, күрескер адам-ды.

Бізді үлтшыл атандырып, көпшілікке жеккөрінішті қылуға тырысып бақсан сол кезгі биліктегілердің ығына жығылып, біз-

ден сырт айналған талайлар болды. Алапес ауруын көргендей, «Азат келе жатыр» деп, студенттерге сабақ беріп жатқан аудиторияларының есігін тарс бекіткен жаны тәттілерді де байқағанбыз. Ал, Есахаңа «Қазаққа қатысты еді», – десе жеткілікті, қай іс, қай шаруаға болмасын, қолұшын беруге да яр түратын-ды. Жалғыз бұл кісінің ғана емес, басшылық қызметтің тұтқасы қолында отырып, одан айрылып қаламын-ау деп жасқанбай, ашықтан-ашық, тіл, жер, мемлекеттілік мәселелеріне байланысты біз араласқан іске оң көзімен қарап, ықылас танытқан, тіпті, басымыз шырғалаңға түскенде, жантәнін салып, бізді қорғаган, еңбектері ерін ұшымен айта салуга келмейтін біраз азаматтар бар-ды. Құдай сәтін салса, олардың да аттары хатталар сәт туар.

Қалай дегенде де, сол бір күндері басымызға қара бұлтты үйі-ре келген қауіпті кезең артта қалды. Соған шүкіршілік! Ендігі жерде, от пен судың ортасына қатар түсіп, жақсылық-жамандығы аралас бүкіл жауапкершілік мойнына ілінген жергілікті басшылықты да сөге беруге болмас. Олардың ортасында да уақыттың бейбіт шақтарында жарғақ құлақтары жастыққа тимей, ел үшін қызмет қылғандар бар. Дәл сол Орал оқиғасының үстінде дүние төңкеріле қалсын деген жоқ олар да. Олардың да басты мақсаты – ширығып келген жағдайдан аман-есен өту, жер тұтастығын сақтау еді. Екі жақтың айырмашылығы – біздің жанайқайымыз ашық, олардың жанайқайы іште тұншығып жатты. Билік басында болу дегеннің қасіреті де осы гой деймін. Алайда, қай басшының қасында да, ар-иманы таза, құйтүркісіз мықты кеңесшілер болса, сол – арман. Оған Нәжімеден Есқалиев ағамыз тапшы көрінді.

Осы мектептің директорлығына басқа емес, осы кісіні тағайындағандары жоғарғы жақтың бір біліп істеген шаруасы болды. Ерсайын Сапаров аталмыш жұмысқа дер кезінде келді. Ол кісі басқарып отырган бұл мектеп әуелден де Құдай қарасқан мектеп. Талай рет жабылып қала жаздал, қалт-құлт тәуелсіз күнге ілікті. Бүгін өзі сол тәуелсіздіктің жарқыраған айнасы бо-

лып отыр. Жоғарыда атап өткен 1987 жылы ата-аналарының жетегінде мектепке баса-көктеп кірген 18 баланы қолынан жетектеп апарып, еш жасақталмаған, қаражаты қаралмаған жағдайда, пионерлер бөлмесіне кіргізіп отырғызған мектептің сол кезгі директоры, оқу-агарту ісіне еңбегі әбден сіңген кәнігі үстаз Мәриям Мамаева мен оған сырттай ықпал етіп, сол 18 баланың әрі қарай оқып кетуінің жағдайын үйлестірген Облыстық оқу бөлімінің бастығы Ұлықпан Есеевтердің тіршілік-әрекеттері, оралдық ахуал өлшемімен алғанда, үлкен қайраткерлік еді.

Әрине, бес жыл өтер, он жыл өтер, – әйтеуір, бір қазақ мектебінің ашылары даусыз. Алайда, кейінгі жылдарға қалдырмай, ұмтылған бойда, бір сынып та болса, соны штурммен басып алудың халыққа тастаған серпілісі есепсіз болды. «Күресуге болады» деген сенім пайда болды. Перзенттерінің келешектегі қазақы келбеті үшін куреске шыққан ата-аналар Жеңістің дәмін татты. Мектепке де абырай жамалды.

Міне, осындай игілікті істердің қазіргі таңғы нәтижесі – бұл мектептен оқып бітірген жасөспірім кез келген жоғары оқуорнына мұдірместен өтеді еken. Республика бойынша білім деңгейі өте жоғары. Мектеп қабыргасын біраз кеңейткен, соның өзінде мектепке бала сыймайтын көрінеді. Қолөнер, ұлттық оркестр, тіпті, мектептің ішкі өз жеке телестудиясына дейін бар. Ал, енді, аргы-бергі тарихында талай-талай шиеленісті жағдайларды басынан өткере жүріп, әупіріммен қабыргасын бекіткен осы қазақ мектебінде басқа ұлт өкілдерінің балалары, соның ішінде, орыс балалары білім-тәрбие алғанды былай қойып, бір кездері қазақ ұлттық оркестріне қосылып, күмбірлетіп күй тартып отырады дегенді ойлаппыз ба?! Ұлт пен ұлттың жарастығы, өзара сыйластық – біздің қол жеткізе алмай жүргеніміз осы емес пе еді?! Және бұл қогам келешегі үшін гажап үлгі ғой!!!

Несін жасырам, арага біраз жылдар салып барып көрген бұл өзгерістер мен үшін тосын болды. Қазақ: «Куанған мен

қорыққан бірдей» демей ме, мен көзімнің жасын тоқтата алмадым. Арасында ойналған Құрмангазының «Адай» күйі мені басынан аяғына дейін егілтті.

Туган жерге көніл қашан да алаңдаулы жүреді. Бір күн облыстың қазіргі басшысы Нұрлан Ногаевпен болып жатқан телесұхбатты көрдім. Мені тәнті еткені – істеліп жатқан иғлікті істердің баяны үстінде қасындағы журналист жігітті оқорап отырган оның ой үшқырлығы мен тіл шешендігі болды. Сөйтсем, Батыс Қазақстан облысы бүкіл іс-қағаздарын қазатіліне көшіріп алған алғашқылардың бірі еken. Енді, бұған қайтіп қуанбайсыз! Мұндай жағдайда әңгіме барысында өзіңде алаңдаушылық білдірген үлттық рух енді төмендей қоймас дейміз, иншаалан!

– Айсұлу апай жүртшылықта аты мәлім 1991 жылғы Орал қаласында болып өткен «Орал оқиғасының» саяси бағасын беріп, оның тарихымыздан алар орнын белгілеу жөнінде кезекті басылым беттерінде оқтын-оқтын әңгіме қозғалып, бірлі-жарым азаматтардың авторлығымен кітаптар да жарық көріп жатыр еken. Соның ішінде осы жетіспейді-ау дейтіндей не мәселе бар?

– Иә, бұл бағытта сол оқиғаның тікелей басы-қасында жүрген Нұрлыбай Сисембаев пен марқұм Орынбай Жәкібаев секілді азаматтар біраз еңбектенді. Жазылған еңбектердің қай-қайсысы да ақиқатқа құрылған биік талғам, тастай берік саяс түжырымымен қымбат.

«Игіліктің ерте-кеші жоқ», – деген, Құдай өмір берсе менің де бұл жағдайға байланысты жазарым жеткілікті.

Ең басты қаперге алынатыны – «Орал оқиғасының» саяси бағасы беріліп, оның тарихи орны белгіленсін десек, қай-қайсымыз да бұған терен философиялық өлшеммен қарауымы керек. Бұл бірлі-жарым адамның қатысуымен біткен шаруемес, бұған жалпы халық атсалысты. Ал, көпшілік бар жerde, істі үйымдастыру, алып жүру және жағдайдан халықтың басын тауға-тасқа соктырмай аман алып шығу онайлықке

түспейді. Біз сол қыншылықты көрдік. Алайда, алға қойған мақсатымыздың айқындығы, пейіліміздің тазалығы, ауызбіршілігіміздің мықтылығы бізді осы қыншылықтан алып шықты. Біздің бірде-біреуімізде бір тындық жеке бас есебі болған жоқ. Бізде біріміз-біріміздің алдымызды кесіп өтпейтіндей, біріміз-біріміzsіз аяғымызды қия баспайтында, белгісіз адамдармен бейсауат байланысқа түспейтіндей, ауа жайылып сөйлемейтіндей, бет-бетімізben шешім қабылдамайтында, әскериге бергісіз, ішкі тәртіп мықты болды. Қадымымыздың шалыс басылмауының басты себебі — осы.

Бар шаруасын, айналысып жүрген гылымымен қоса, жиып тастап, қөвшіліктің қалауымен, Азаматтық «Азат» қозғалысын басқаруды қолға алып, тек осы мәселе мен ғана айналысқан, Батыс Қазақстан Ауылшаруашылық институтының білгір маманы, ғалым Аманжол Зинуллин бойдалы бар күш-қуатын мұнда да салды. Оның жары жез таңдай әнші Марғұбага дейін, бізben бірге қолтықтасып жүріп, Ақжайық өнірінің талай жерін аралап шыққан. Ортамызда Жандарбек деген ғажап суретшіміз бар-ды. Әл-Фарабиден бастап, не бір ғұламалардың бейнесін бастарындағы сәлделерімен қатырып тұрып салып беретін. Біз, «Қазақ тілі» қоғамы мен азаттықтар, онимен 1-ші Май мерекесінің парадына да қосылғанбыз. Төңірегіміздегі жігіттер де қоғамымыздагы саяси ахуалдың тынысын қалт жібермей, қадағалап, мәселе қып көтеріп, ортаға салып отыратын кілең сауатты азаматтардан болды. Баршамыз жабылып жүріп, әуелі, «Қазақ тілі» қоғамын, одан кейін «Азат» қозғалысын құрдық. Халықта «Азат» дегеніміз — «Қазақ тілі» дегеніміз, — «Қазақ тілі» дегеніміз — «Азат» дегеніміз» дейтін үгым қалыптасты. Екі үйымның басқару органдарына дейін ортақ еді. Осы екі үйымның ел ішіндегі жаршысындағы боп, жастары жетпіске таянғанына қарамай гылым докторы, профессор Мәтжан Тілеужанов ағамыз бер атақты мұнайшы Қуаныш Сүлейменов ағамыз жүрді. Біз өткізген шараларлың қай-қайсысы да санаға төңкөріс ала келетін.

Қазақстан халқының тұтастығы мен үлт күрескерлерінің бірлігін тастай қып үйымдастыра білген Қазақстанның азаматтық «Азат» қозғалысы мен оның арнаулы басылымы «Азат» газетінің тынымсыз еңбегінің нәтижесінде, Оралдағы саяси ахуал тұтастай қазақ елінің жан жарасына айналды. Әр азамат «Батыс Қазақстан өнірін казактар автономиялағалы жатыр» дегенді етінен ет кесіп алғып жатқандай сезінді. Бұл орайда, біз сол жауапкершілікті мойындарына тікелей алған марқұм бауырларымыз Михаил Есенәлиев, Сәбетқазы Ақатаев, Батырхан Дәрімбеттердің еңбегін еш ұмытпаймыз. Отанға деген осындай шынайы сүйіспеншілік болмаса, мұндай істер қолға алынбас та еді. Соны бізге Құдай бұйыртты!!! Қазақстанның түкпір-түкпірінен Оралға қаншама жүздеген азаматтар келді. Олардың әр қайсысы әбден сыннан өтіп, шындалған мықтылар еді. Қауіп пен қатерін үйіре келген сол бір күндері ақиқат жолынан еш қайсысының табаны тайған емес! Республика басшылығының назарын аударту үшін, қып-қызыл тартыс үстінде, әрбір талапты шұғыл түрде тиісті орындарға жеткізіп отыруда Жасарал Құанышәлиннің жазу ыждағаттығы бізге өлшеусіз көмек болды. Азаматтарға Орал жүртшылығының раҳметтен басқа айтары жоқ!

Не жасыратыны бар, бұл оқиғага біз де екіжақты қысыммен кірдік, бір жағымыздан – казактар, екінші жағымыздан – жергілікті билік. Әлбетте, дәл біздің жағдай биліктің де басында жоқ емес еді. Айырмашылығымыз – биліктің мінез-құлық, әс-әрекеті бір бөлек, біздің мінез-құлық, іс-әрекетіміз бір бөлек. Дей тұрганмен, Құдайдан басқа қорғаушысы жоқ біз үшін ол жолғы күрес, курделілігін былай қойғанда, бейне бір, пышақтың жүзінде тұргандай, қауіп-қатерлі жағдайда өтті. Оқиға басталғанға дейін де төбемізден тоқпақ айырмаған билік, жағдай олай-булай болып кетсе, бізді аямайтын-ақ еді. Олар қашанда отты біреудің қолымен көсеп үйренгендер гой, қолдары күйіп бара жатса, бізді көсеу ретінде отқа тастай салатын еді. Біз осыны біле тұра, басқа амал қалмаған соң, бұл іске белді

бекем буганбыз. Сондықтан да, айтулы оқиғадан кейін, мені – сыртымнан, Аманжол бастаған жігіттерді сотқа шақырып сottап жатқанда, мәселенің оңынан шешілгеніне қуанып, төбеміз көкке екі елі жетпей жүрген біз биліктің онысын шыбынның шаққанында да көрген жоқпыз. Нәжімеден ағамыз, одан кейін де, жоғарыда айтып кеткенімдей, әртүрлі айла-шарғымен, қыр соңымнан қалмай, тұра тоғыз ай бойы қудалаған. Бауырымдағы балаларымды «Шын берсе, өлтірмес!» деп, бір Аллаға аманат еттім де, мен де қорғанып бақтым. Аллаға шүкір, онда да маған қорғаушылар табылды. Республикалық «Қазақ тілі» қогамының басшылары Әбдуәлі Қайдаров, Өмірзақ Айтбаев ағаларымыз, Шерхан Мұртаза ағамыздың «Егеменді Қазақстан», Батырхан Дәрімбеттің «Азат» газеттері, тағы да басқа әртүрлі басылым, теле-радио торабы, Рысбек Сәрсенбаев, Жасарал Қуанышәлі секілді жекелеген журналистер, Асылбек ағамыздың «Аттаны», «Аттанайық Жайыққа!» штабының басшысы Орал Сәулебай – қай-қайсысы да, маған қарсы бағытталған бүкіл қимыл-әрекетті бағып отырды. Мен өзіме көрсетілген ол қамқорлықтарды айтып ауызben жеткізе алмаспын, сірә. Ақыр аяғында, ресми заң орындарының қолдауы мен Үлкен үйден Оралбай Әбдікәрімов ағамыздың тікелей араласуы арқылы, мен жергілікті биліктің «тырнағынан құтылдым».

Ал, одан кейінгі мен басқарып отырған «Қазақ тілі» қогамы төңірегіндегі маған байланысты тіміскілік әрекеттер, тіпті, бухгалтериямды тұтасымен көтертіп алғып кетіп, мені қаржылық жағынан шырмағылары келген жоспарлы жұмыстары оларға еш жеміс әкелмеді. Өйткені, тексеру барысында, Қогамға бергенім бар да, алған сыңар тыныным жоқ бол шықты. Мені тексере келген орыс әйелі еді, басында осқырыныңқырап келген ол, істі жүргізе келе, қабағы жазылып, жайдарылана бастады. Ол мені шақырып, әлденелерді сұрайтын, мен оған жауап беретіндей жағдайға жеттік. Бір күні: «Сіз қобалжымаңыз, бухгалтеріңіздің салақтығы болмаса, жұмы-

сыңыз таза», – деді. Жылы қоштастық. Кейінірек естідім, әлгі келіншек «Қадырбаеваның жағдайын біз қалағандай етіп бер» деген жогарының тапсырмасына көнбей, біздегі есепті аяқтағаннан кейін, босатылып, басқа жұмысқа кетіпті. Бір қызығы – біз үшін, орыстың казагымен құрес көппен бірге бұрқ-сарқ етіп тез өте шықты да, ал, қазақтың «казагымен» құрес ішектей созылып ұзаққа кетті. Осы уақыттың ішінде жергілікті билік, ойдағыны-қырдағыны жиып, түу Алматыдан арнайы жақтас адам алдырып, мені «Қазақ тілі» қоғамының төрагалығынан тайдыру үшін, бір емес, төрт дүркін жиналыс ашқан екен. Қара халықтың қысымыменен, ол жиналыстар төрт дүркін қайта таратылған. Сөйтіп, әуелі сепаратистерден Оралды қорғап, одан соң, аппаратистерден өзімізді қорғап, ызы-қиқы жыл жарымдай уақытты өткізіппіз.

Қазір ортаға қаншама жылдар түсті. Әрнәрсені өз орнына қойып, елеп-екшеуге, саралауға, саралтауға толық мұмкіншілік бар. Басқа ұсақ-түйекті ысырып қойғанда, мемлекеттілігіміздің баяндылығы жолында саяси да тарихи маңызы бар жалпыхалықтық мұндай оқиғалардың қоғамда елеусіз, ескерусіз қалуы мүмкін емес, әрине. Ерте ме, кеш пе, әйтеуір, түбі бір бағасын алар. Ол баға біз үшін де емес, ел үшін, мемлекет үшін, келер үрпақ үшін, соларды рухтандыру үшін керек. Ол, енді, Алла бүйиртып жатса, алдағы күндердің еншісінде.

Иә, сейтіп, бүкіл Қазақстан халқының, қала берді, тұтас батыс өнірі жүртшылығының тағдырына тікелей қатысты, елдігіміздің ар-ұжданының айғағы – бұл оқиға да ширек гасырды артқа тастап, тарих қойнауына біртін-біртін сіңіп бара жатыр. Қарап отырсақ, ол жылы тұган бала биыл жиырма үш жасқа толады екен. Уақытқа шаққанға бұл біраз жыл, әрине... Оның үстіне, кешегі «Бәріміз – біріміз үшін, біріміз – бәріміз үшін» деген көпшіл заман көзімізден бұлбұл ұшып, бұрындары, мұрынға иісі мұхиттың арғы жағынан талып жететін, апарар жері беймәлімдеу, жекешіл қоғамға бет бұрдық. Дегенмен де, бұрын-соңды жүріп көрмеген соқпағымен өз тауқыметі

өз иығында, алды-артына қарауга мұршасы жоқ, қу тіршілік жетегінде дедектеп келе жатқан бүгінгі қогам, қаншама қынышылықтарды бастарынан өткеріп жатса да, «Кеудені ыза мен кек кернеп», қазақтың ұлтарақтай жері мен Жайық үшін жандасқан сонау бір сұрапыл құндерді ұмыта қоймаган секілді. Бір сөзбен айтқанда, «Қыркүйек оқиғасы» іздеусіз емес. Жоғарыда айтқанымыздай, шыгарылып жатқан кітаптар бар, мерзімді баспасөз беттерінде де біраз материалдар жарияланды, Қазақ энциклопедиясында да сол кезде болып өткен маңызды оқиғалар ретінде қысқаша мағлұмат берілді, тіпті, бәрін былай қойғанда, халықтың жады бар, әйтеуір, қалай десек те, ол еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігі жолындағы салмақты да салиқалы құрестерінің озық бір үлгісіндей бол, тарихымызда орныгады. Және мұның негізін сол жағдайдан кейін Орал оқиғасының саяси бағасын беруді талап етуге байланысты арнайы құрылып, жұмыс істеген президенттік комиссияның ресми анықтамасы қалап кетті деуге болады.

